III. F –балық аулау (to fish, fishing – балық аулау)	Fb – қайықтан балық аулау (boat – қайық) Fs – жағадан балық аулау (shore – жаға) Fi – мұз үстінде балық аулау (ice – мұз)
IV. H – аңшылық (to hunt – аңшылық, аң аулау)	Hw – суда жүзетін құстарды аулау (waterfowl –суда жүзетін құс)
V. E – экстрималды спорт түрлері	Ew – виндсерфинг (windsurfing) Ed – дайвинг (diving) Ek – кайтинг (kiting) Es – скейтрейсинг (skateracing)

Көлдердің рекреациялық жарамдылық коэффициенті келесі формула бойынша анықталды:

$$\sum_{ржк} = \sum_{түрі} + \sum_{ск} / 3 \quad (1)$$

$\sum_{ржк}$  – рекреациялық жарамдылықтың жалпы коэффициенті

$\sum_{түрі}$  – алынып отырған су объектісіндегі рекреациялық іс-әрекеттің саны

$\sum_{ск}$  – рекреациялық іс-әрекет түрлерінің сапасындағы коэффициент соммасы;

3 – рекреациялық шарттың сапасының ең жоғарғы баллы.

Көлдердің рекреациялық жарамдылық коэффициенті  $\sum_{ржк}$  7 – ден төмен болса рекреациялық әлеуеті төмен,  $\sum_{ржк}$  7 мен 14 аралығында болса рекреациялық әлеуеті орташа, ал еге  $\sum_{ржк}$  14-тен жоғары болса су объектілерінің жағдайы жоғары деп есептеледі. Барлық рекреациялық іс-әрекеттің 12 түріде өте жақсы коэффициентпен бағаланса, максималды рекреациялық коэффициент  $\sum_{ржк}$ -23 болады.

Рекреациялық демалыс түрлеріне беріліп отырған индекстер 3 баллдық шкала бойынша бағаланды.

Алакөл көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\sum_{ржк}(S3+Bs1+Bo2+Bm3+Fb3+Fs1+Fi3+Hw3+Ew2+Ed1+Ek2+Es1)=12+25/3 =20.3$$

Жоғарыда келтірілген (1) формуласымен есептеудің нәтижелеріне сәйкес өте жақсы жағдай Алакөл көлінің су айдынында шомылуға ( S3), моторлы қайықпен серуендеуге (Bm3), қайықтан балық аулауға (Fb3), мұз үстінде балық аулауға (Fi3), суда жүзетін құстарды аулауға (Hw3), ал жақсы жағдай еспе қайықпен серуендеуге (Bo2), виндсерфинг (Ew2) пен кайтингке (Ek2) , сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай желкенді қайықпен серуендеуге (Bs1), жағадан балық аулауға (Fs1), дайвинг( Ed1) пен скейтрейсингке (Es1) жасалғанын білуге болады.

Зайсан көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\sum_{ржк}(S2+Bo1+Bm2+Fb3+Fs3+Fi3+Hw2)=7+16/3=12,3$$

Өте жақсы жағдай Зайсан көлінде балық аулаудың барлық түрлеріне (Fb3), (Fi3), (Fs3), ал жақсы жағдай су айдынында шомылуға (S2), моторлы қайықпен серуендеуге (Bm2), суда жүзетін құстарды аулауға (Hw2), сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай еспе қайықпен серуендеуге (Bo2) жасалғанын білуге болады.

Марқакөл көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\sum_{ржк}(S1+Bo1+Bm2+Fb3+Fs3+Fi3+Hw0)=7+13/3=11,3$$

Есептеу нәтижесінде өте жақсы жағдай Марқакөл көлінде балық аулаудың барлық түрлеріне (Fb3), (Fi3), (Fs3), ал жақсы жағдай моторлы қайықпен серуендеуге (Bm2), сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай су айдынында шомылуға (S1), еспе қайықпен серуендеуге (Bo1) жасалғанын білуге болады.

Окуньки көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\sum_{ржк}(S3+ Bm2+Fb1+Fs3+Fi2+Hw2)=6+13/3=10.3$$

Окуньки көлінде өте жақсы жағдай су айдынында шомылуға ( S3), жағадан балық аулауға (Fs3), ал жақсы жағдай моторлы қайықпен серуендеуге (Bm2), мұз үстінде балық аулауға (Fi2), суда жүзетін құстарды аулауға (Hw3), сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай қайықтан балық аулауға (Fb1) жасалғанын білуге болады.

Сібе көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\sum_{ржк}(S3+Bo1+Bm2+Fb1+Fs2+Fi2+Hw2+Ed3)=8+16/3=13.3$$

Есептеу нәтижелеріне сәйкес өте жақсы жағдай Сібе көлінде су айдынында шомылуға (S3), суы мөлдір болғандықтан дайвингқа (Ed3), ал жақсы жағдай моторлы қайықпен серуендеуге (Bm2), жағадан балық аулауға (Fs2), мұз үстінде балық аулауға (Fi2), суда жүзетін құстарды аулауға (Hw2),

сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай еспе қайықпен серуендеуге (Bo1), қайықтан балық аулауға (Fb1) жасалғанын білуге болады.

Барлық көлдерде демалуға жақсы жағдай жасалған, дегенменде ең жоғары коэффициентпен Алакөл көлі бағаланды. Рекреациялық жарамдылық коэффициенті бойынша келесі Сібе көлі. Сібе көлінде маңызды рекреациялық демалыс түрлерін дамытуға болады. Олар шомылу мен экстрималды спорт түрі (дайвинг). Рекреациялық жарамдылығы жағынан келесі Зайсан көлі болып табылады. Зайсан көлінде негізінен балық аулау демалыс түрі өте жақсы дамыған. Марқакөл көлінің рекреациялық жарамдылығы төмен болып табылады. Себебі: Марқакөл көлінде де балық аулау ғана өте жақсы жағдай жасалған. Көлдерді рекреациялық тұрғыдан бағалау кезінде ең төменгі коэффициент Окуньки көлінде шықты.

Шығыс Қазақстан облысы туризм саласында өзінің әсем табиғи ерекшеліктерімен бәсекеге қабілетті болып табылады. Сондықтан да туризмнің негізгі жағажайлық, емдік-сауықтыру, экстрималды спорт түрлерін облыс аумағындағы ірі көлдерде дамытуға болады. Осы себептен біз облыс аумағындағы ірі көлдерді рекреациялық тұрғыдан бағалау арқылы, қай су айдынында туризмді дамытуға болатындығын анықтадық

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Джаналеева К.М., Мукаев Ж.Т. Эколого-геохимическая оценка почв территориально рекреационных систем бассейна озера Алаколь // Вестник КазНТУ им. К.И.Сатпаева. – 2014.-№4. С. 33-40
2. Ахматов С.В. Основные положения рекреационной лимнологии // Вестник Томского гос. универ. – 2010. – №3. – С. 169-171.

ӘӨЖ: 37:91:004

#### **Берикханов Б.Н.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі : Химия және география кафедрасының доцент м.а. Мукаев Ж.Т.

#### **ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

Қазіргі уақытта ақпарат қолданылмайтын қызмет түрінің қандай да бір саласын атау қиын. Ақпараттық технология кез келген ғылымның ажырамас бөлігі болып келеді. Оны түрлендіре отырып, шексіз жетілдіруге ұмтылуда. Жер жөніндегі ғылымдарда ақпараттық технологиялардың негізінде географиялық ақпараттық жүйелер – (ГАЖ) деген сияқты ұғымдар пайда болды.

Геоақпараттану – бұл географиялық ақпараттық жүйелерді ғылыми дәлелдеу, жобалау, құру, пайдалану және қолдану туралы ғылым, ол – технология және өндірістік әрекет. ГАЖ 1960 жылдардың басында құрылды. Қазір өнеркәсібі дамыған елдерде мыңдаған ГАЖ бар: олар геодезия және картографияда, кадастрда, ресурстарды басқаруда, табиғат пен экологияны қорғауда, экономикада, тіпті саясатта да қолданылады [1].

ГАЖ – бұл кеңістіктік-үйлестіруші деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, кіруді, бейнелеуді және таратуды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе.

ГАЖ-нің мәні – қалай болғанда да деректерді жинауға, деректер қорын құруға, оларды компьютерлік жүйелерге енгізуге, сақтауға, өңдеуге, түрлендіруге болады. Пайдаланушы сұранысы бойынша ол мәліметті көбінесе картографиялық пішінде беруге, сонымен қатар кесте, график, мәтіндер түрінде шығаруға да мүмкіндік береді. [5]

Геоақпараттық жүйелер бірнеше ғылымдардың тоғысуынан, әдетте сандық картографиялау мен автоматты басқару жүйелерінен, жоспарлау мен ғылым салалары бойынша ғылыми-зерттеулерден құрылады. ГАЖ – жалпы географиялық карталар мен экологиялық, кадастрлы және ГАЖ-нің құрылуына байланысты көптеген басқа да деректерден құралған ақпаратты біріктіреді. [2]

Геоақпараттық жүйелердегі деректер, өздерінің географиялық жағдайының негізінде біріктірілген тақырыптық қабаттардың жинағы түрінде сақталады. Геоақпараттық жүйелердің векторлы және растрлы дерек модельдерімен жұмыс істеу тәсілі мен мүмкіндігі – кеңістіктік ақпараттарға қатысты кез келген міндеттерді шешуде өте тиімді. Геоақпараттық жүйелер басқа ақпараттық жүйелермен тығыз байланысты, әрі олардың деректерін, нысаналарды талдау үшін қолданады. ГАЖ үлкен көлемді деректерді дұрыс, тез басқара алады. [4]

Геоақпараттық жүйелердің ерекшеліктері:

1. Пайдаланушыға қолайлы кеңістіктік деректердің бейнеленуі – кеңістіктік деректерді, сонымен қатар қабылдауға аса қолайлы үшөлшемді өлшеудегі деректерді картографиялау; ол сұраныстардың құрылымы мен олардың кезекті талдамасын жеңілдетеді.

2. Деректерді мекеме ішінде интеграциялау – геоақпараттық жүйелер компанияның әртүрлі бөлімдерінде немесе тіпті бір аймақтағы мекеменің түрлі қызмет салаларында жинақталған деректерді біріктіреді. Жинақталған деректер мен олардың бірыңғай ақпараттық массивке интеграциясын ұжымды түрде пайдаланудың, едәуір бәсекелестік артықшылығы бар. Ол геоақпараттық жүйелерді пайдалану тиімділігін жоғарылатады.

3. Дәлелді шешімдерді қабылдау – кеңістіктік деректермен байланысты кез келген құбылыс туралы есеп беруді талдау және құру процесін автоматтандыру, шешімді қабылдау тәртібін жеделдету мен оның тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

4. Картаны құрудың қолайлы құралы – геоақпараттық жүйелер, ғарыштық және аэрофототүсірім деректерінің мағынасын түсіндіруге тиімді және белгілі бір жердің құрылып қойған жоспарларын, сызбанұсқаларын, сызбаларын пайдаланады. ГАЖ картамен жұмыс істеу процесін автоматтандыра отырып, уақытша ресурстарды үнемдеп, жердің үшөлшемді моделін құрады. [1]

ГАЖ-нің мүмкіндіктері қазіргі кезде ұлғайып дамып келуде. ГАЖ келесі мүмкіндіктерге ие:

- Берілген территорияда қандай объектілердің бар екенін көрсету.
- Объектінің нақты орналасу жерін көрсету( кеңістік тұрғысынан)
- Берілген аумақтағы объектінің тығыздығы мен таралуыын көрсету.
- Белгілі бір уақыт аралығындағы берілген территориядағы өзгерістерге анализ жасау.
- Берілген территорияға өзгеріс енгіген жағдайдағы өзгерістің модернизациясын жасай алу.

[3]

ГАЖ-нің білім беру саласында өзінің артықшылықтары жетерлік. ГАЖ білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, ынтасын ашады. Және өз жұмыстарын жасау барысындағы, сызба немесе картамен жұмыс кезінде сапалылықты арттырады және сызба жұмыстарының жылдамдығы мен нақтылы болуына көмектеседі. Білім алушылардың ғылыми жұмыстар жасау кезінде жаңа мүмкіндіктері мен жаңа бағыттарға итермелейді. Бірақ кемшіліктерінде бар, техникалық ресурстардың компьютерлердің жетіспеушілігі, тапшылығы. ГАЖ-нің бағдарламаларын орнатудағы қыйыншылықтар мен кедергілер. Және білім беру саласындағы білікті мамандардың тапшылығы. Қазіргі кезде бұл кемшіліктердің де шешілу жолдары табылды. Компьютерлердің білім бөлімдерінде жетіспесе оларды смартфондармен ауыстыру және оларға арналған Explorer for ArcGis бағдарламасын білім беру саласында пайдалану. Бұл бағдарлама оқу процесіне қажетті барлық нормативтерге жауап беретіндігімен ерекшеленеді. Сонымен қоса бұл бағдарламаның IOS Және Android аперативті жүйелеріне де келе береді. Және білім алушылардың практикалық білімін дамыту үшін онлайн 30 күндік ArcGis програмасының кез келгенімен білімін шыңдауға болады. Осы арқылы біз жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жоя аламыз.

Геоақпараттық жүйелердің мүмкіндіктері әртүрлі қызмет салалары мен түрлі тапсырмаларды шешу үшін қолданылуы мүмкін. ГАЖ-ды пайдаланудың кейбір мысалдары: маркштірлік іс, геодезия және картография, ақпараттық жер жүйесі, халықтың тұрмыс тіршілігін бақылау, әкімшілік аумақтық басқару, телекоммуникация, инженерлік коммуникация мен желілер, көлік мұнай-газ кешені, экология , орман шаруашылығы, экология, климатология кейінгі кезде экономикалық , саяси және тағы басқалары.[6]

Сонымен қорыта келгенде ГАЖ өзінің даму сатысының басына енді келді. Қазіргі уақытта ақпаратты тез ғана емес ол ақпараттың нақтылы болуының маңызы зор. Сондықтан қазірден бастап ГАЖ нің менгерілуіне оның оқу процесінің негізгі ажырамас бөлігі болуы қажет. ГАЖ нің білім беру саласында алатын орны белгілі бір жүйеге келтірілген, және білім беру процесінің үзілмес бөлігіне айналуы міндетті. Бұл жүйе білім алушылардың өз мүмкіндіктерінде шыңдай түсуге алып келеді. Білім алу процесіндегі негізгі ерекшеліктері: ақпараттың нақтылығы, реттеліп қалыпқа келтірілген нақтылық, практикалық жұмыстардың жылдам әрі оңай жасалуы, жаңа ғылыми бағыттардың ашылуы, жаңа технологияларды пайдалану, геоақпараттарды мекеме ішінде отырып алу , қабылдау, өңдеу мен ақпараттанудың негізгі бағыттары болып табылады. Сонымен қатар қазіргі кезде бұл саланы меңгеру барысында теориялық білімді дамытуға да оқулықтар мен құралдар жеткілікті. Жаңа ақпараттық жүйелерді білім жүйесінде пайдалану көптеген дамыған мемлекеттерде бұрыннан қолданылып келеді. Біздің елімізде білім саласында ақпараттану бағытын дамытуға ГАЖ нің пайдасы орасан зор болмақ.

## ӘДЕБИЕТ:

1. Қ. Б. Рысбекова, С. Т. Солтабаева Геоақпараттық жүйе негіздері Алматы 2008. Бет 5-16.
2. Цветков В.Я. Геоинформационные системы и технологии. М.: Финансы и статистика, 1998. Бет 32-41.
3. А.А.Евдокимов, доцент, к.т.н., ХНАДУ, И.М. Патракеев, доцент, к.т.н., Национальная академия городского хозяйства ГИС-ОБРАЗОВАНИЕ. МИФ ИЛИ РЕАЛЬНОСТЬ.
4. Королев Ю.К. Общая геоинформатика. М., 1998. Бет 12-16.
5. Кошкарлов А.В., Тикунов В.С. Геоинформатика. Картгеоцентр, 1993. Бет 58-61.
6. Берлянт А.М. Геоинформатика: наука, технология, учебная дисциплина Вестник моск. ун-та. Сер. Географич.- 1992.-№2. Бет 16-23.

УДК: 625.75

### Ноян Б.Н.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Шулгаубаев Е.Қ. А. М., химия және география кафедрасының оқытушысы

## ШЫҒЫС – ҚАЗАҚСТАН АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫНЫҢ ҚЫСҚЫ МЕРЗІМДЕ ҚАР БАСУ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі заманда әлем экономикасында жаһандану процесстері қарқынды жүріп жатыр. Сол себепті экономиканың барлық салаларың бір-бірімен үзбей жұмыс атқаруың қамтамасыз ету адам алдында тұрған ең маңызды мақсаттардың бірі. Салаларды бір-бірімен байланыстырып отыратын жүйе – транспорт жүйесі. Әр сала өз мәселелерімен көзге түседі. Транспорттық жүйе ерекше емес. Осы ғылыми-зерттеу жұмысымызда біздің облысымызға тән ерекше бір мәселелердің бірі – автокөлік жолдарының қыс айларында қар басуы мәселесін қарастырдық [1].

Ғылыми-зерттеудің **мақсаты**: Шығыс-Қазақстан облысында қысқы мерзімде жолдардың қар басу мәселесін зерттеу.

Қойылған мақсатқа жету үшін, келесі **міндеттер** қойылды:

- Тақырып бойынша әдебиет көздерімен танысу;
- Шығыс Қазақстан облысы жолдарының қысқы мерзімде қар басуының негізгі себептерін анықтау;
- Жолдарды қар басуынан пайда болатын мәселелерді қарастыру;
- Мәселені шешу жолдарын қарастыру.

Статистика мәліметтеріне бағынсақ, дамыған мемлекеттердің барлығы транспорттық жолдардың биік сапасымен және үлкен ұзындылығымен ерекшеленеді. Яғни, дамыған экономика мен сапалы транспорттық жүйе тікелей байланыста. Осы себептен транспорттық жүйеге, әсіресе транспорттық жолдар жағдайына аса мән беру қажет. Зерттеу жұмысының **өзектілігі** осыдан туындайды.

Зерттеу жұмысының **объектісі** – транспорттық (автокөлік жолдары).

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың **пәні** – Шығыс Қазақстан облысының климаттық ерекшеліктері.

Автокөлік жолдарын қар басу мәселесін шешудің ең тиімді тәсілі – қар тоқтатқыш құралдарды қоладану.

Қар тоқтатқыш құралдар қызмет көрсету мерзіміне сәйкес қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді түрлеріне бөлінеді. Қысқа мерзімді құралдарға жыл сайын ауыстырылып отырылатын траншеялар, ағаштан жасалатын қозғалмалы қалқандар, полимерді материалдардан жасалған торлар. Ұзақ мерзімді құралдарға үнемі қолданылатын қардан қорғайтын екпе ағаштар, темірбетонды қорғауларды жатқызады [2].

Қардан қорғайтын құралдардың арасында ең кен қолданылатындар – қар тоқтатқыш қорғаулар мен торлы қалқандар. Олар келесі талаптарға сәйкес болу керек: тасымалдау және жөндеу жұмыстарының қарапайымдылығы, төмен температураларға шыдамдылық, бағасының арзандығы, аз салмақты, механикалық әсерлерге тұрақтылық, орнату мен жинаудың ыңғайлығы. Қар тоқтатқыш қалқандарды әр-түрлі материалдардан жасайды (көбінесе ағаштардан). Биіктігі 1,5-2 м болады. Оларды жел бағытына перпендикулярлы түрде орналастырады [2].

Жолдарды қар басу мәселесі жергілікті мәселе ғана емес, жалпы мемлекеттік деңгейде қарастырылатын сұрақтардың бірі. Өйткені аймақтар араларында жылдан жылға тауар айналымы, жолаушылар қозғалымы көбею түсінде. Сондықтан мәселені шешудің жолдары келешекте қажетті қолдау табады деген үміттеміз [2].

Ғылыми-зерттеу жұмысты атқару үстінде біз келесі мәселелермен кездестік: тақырып бойынша ғылыми дереккөздердің жетіспеушілігі, қазақ тілінде ақпараттың жоқтығы. Осы жұмысымызда біз автокөлік жолдарының экономикадағы маңыздылығын көрсеттік, қысқы мерзімде жолдардың жабылуы мен олардың себептерін анықтап шешу жолдарын ұсындық.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Н.А. Крючек, В.Н. Латчук, С.К. Миронов. Безопасность и защита населения в чрезвычайных ситуациях. М.: НЦ ЭИАС, 2000.
2. С.П. Хромов "Метеорология и климатология": - Спб, Гидрометеиздат, 1983
3. Ю.Г. Семехин. Безопасность жизнедеятельности для гуманитариев. - Ростов н/Д: Феникс, 2003.

УДК: 91:504.06 (574.42/2С)

#### **Отар Е.Б.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Нурпейсова А. М., химия және география кафедрасының аға оқытушысы

### **СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУДАҒЫ КӨГАЛДАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазіргі кезде экологиялық жағдайы тәуір деп айтарлықтай аймақ Қазақстан жерінде жоқ десе, артық айтқандық болмас. Алайда, олардың ішінде экологиялық шырғалаңның шырмауына мықтап түскен – Семей қаласы. Осы орайда экологиялық хал-ахуалды жақсартудың шұғыл шараларын ұйымдастырудың керек екенін де түсінеміз. Экологиялық мәселелерге келгенде, жастар да қарап қалмай өз үлестерін қосу керек деп есептеймін. Себебі экологиялық проблемаларды шешу бұл жаппай халықтық іс. Біз бұл баяндамада қолайлы экологиялық жағдай жасау мақсатында көгалдандыру жұмыстарының ерекшеліктерін айтқымыз келеді. Жұмысымыздың негізгі мақсаты: Семей қаласының экологиялық жағдайына баға бере отырып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын ашып көрсету.

Семей қаласы - Шығыс Қазақстан облысының батыс өңіріндегі екінші орындағы ірі қала болып табылады. Ол Ертіс өзенінің екі жағасына орналасқан. Аумағы – селолық округтерді қосқанда 27,5 мың шаршы метр. Халық саны-311 000(2011ж). Семей қаласының экологиялық жағдайына әсер ететін факторлар: 1) Семей полигоны; 2) Зауыттардың болуы (8); 3) Автокөліктің көбеюі [1].

Көгалдандыру– қала, ауыл, тағы басқа елді мекендерде ауаны тазарту, көлеңкелеу үшін ағаш, бұта, гүл, көгал өсіру. Көгалдандыру жұмыстары мекенжайларға әсем көрініс береді, шудан, күннен, шаңнан, тағы басқа қорғайды, санитарлық-гигиеналық рөл атқарады. Ғылыми деректер бойынша белгілі бір аймақтың 15%-ы көгалдандырылса, шаң-тозаңның мөлшері 20%-ға кемиді, 35%-ға өсімдік өсірілсе, шаң 50%-ға азаяды, ал 65%-ға өсірілсе, шаң 95%-ға кемиді [2]. Жол жағалауларына отырғызылған ағаш пен бұталар, гүлдер мен көгалдар ауадағы көмір қышқыл газды сіңіріп, ауаны оттегімен байытады, шуды азайтып, мекенжайды желден, күннен және шаңнан қорғайды. 1 га жасыл алқап 1 сағатта ауадан 8 кг көмір қышқыл газын бойына сіңіреді. Кейбір ағаштар өздері айналасына тарататын фитонцидтері арқылы ауадағы зиянды микроорганизмдерді жойып, оны адамның денсаулығына қолайлы иондармен байытады. Мұндай ағаштар: қылқан жапырақты қарағай, шырша, Сібір балқарағайы т. б. жатады [3].

Елбасы Н. Назарбаев 2005 жылдың 18 ақпанындағы жолдауында елімізді көркейтуге, баспана орындарын ұлғайту және студенттерді жазғы демалыстарда жұмыспен қамтуды ұйымдастыруға бағытталған «Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыру туралы алғаш рет сөз қозғаған. Елбасының бастамасын жүзеге асыру мақсатында 2005 жылдың 25 маусымында Қазақстан Республикасының Үкіметінің №632 қаулысымен «Жасыл ел» бағдарламасы кең ауқымда қарастырылып, жүзеге асырылуға бекітілген. Ағымдағы жылы Шығыс Қазақстан облысының «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жастары Семей қаласындағы «Электротехника колледжі» КМҚК базасында өз

қызметтерін бастады. Аталған бағдарлама аясында 2016 жылдың 1 маусымындағы ақпаратқа сәйкес, «Жасыл ел» еңбек жасақтарының қатарына қосылуға ТЖКББ жүйесі 19 оқу орындарынан 200 студент ниет білдірген.

Мемлекеттің немесе қаланың экологиялық жағдайын жақсарту үшін әрбір адамзаттың бойында табиғатты қастерлеу қасиетін ояту керек, яғни экологиялық мәдениетті қалыптастыру, әрбір адам қаланы тазалау, көгалдандыру бойынша жүргізіліп жатқан іс-шараларға белсенді қатысуы керек. Егер әрбір азамат, әсіресе жастар елді мекендерді тазарту және ағаш отырғызу жұмыстарына қатысатын болса, тек қана Семей қаласы ғана емес, сонымен қатар әр ауыл, аудан, қала және олармен бірге бүкіл еліміз де көркейе түседі.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Бейсенова, Р.Р. Экология және тұрақты даму.- Алматы: Эверо, 2014.- 80-85 б.
2. Қуатбаев, А.Т. Экология және қоршаған орта проблемалары.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2011.- 265-272 б.
3. Сәтімбеков, Р. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және биоалуантүрлілік.- Алматы: Эверо, 2015.- 120-125 б.

УДК: 57.28.0

#### **Кабидолдинова Н.Т.**

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Карипбаева Н.Ш. – биология ғылымдарының кандидаты. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің биология кафедрасының доценті.

### **СЕМЕЙ ҚАЛАСЫН КӨГАЛДАНДЫРУДАҒЫ ДЕКОРАТИВТІ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ, СИСТЕМАТИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Адамзат өсімдіктер байлығын пайдаланудың алғашқы кезеңінде олардың жемістерін, тұқымдарын, түйнектерін, пиязшықтарын және тамырсабақтарын жинастырып өз қажетіне жаратқан, яғни тағам ретінде пайдаланған. Кейін қоғамның тұрақты қалыптасуына байланысты олардың әсемдіктеріне де көңіл бөлініп, тұрғын орындарды әдемі гүлді, декоративті қасиеті бар өсімдіктермен безендірді. Осы уақыттан бастап, пайдалы өсімдіктердің ішінде әсемдік беретін өсімдіктер тобы пайда болды.

Әсемдік қасиеті бар өсімдіктердің пайдалылығы, олардың көркемдігімен ғана шектелмейді, олар қалалар мен ауылдарды безендіріп, ауасын тазартады, яғни көгалдандыруда пайдаланылатын өсімдіктер адамға қажетті оттегінің мөлшерін үнемі толықтырып отырады. Ауада жай көзге көрінбейтін алуан түрлі микробтар тобы болады. Олардың көпшілігі адамның денсаулығына зиян келтіреді. Қалалар мен селоларда осы микроорганизмдердің тіршілігіне кері әсер ететін, яғни эфир майлы хош иісті, фитонцидті активті заттарды бөлетін декоративті өсімдіктер пайдаланылады. Сондықтан ірі қалаларды көгалдандырудағы гүлзарларға қойылатын талап екі міндетті атқаруға тиісті: біріншіден – қалаға әсем көрік беру; екіншіден – ауа атмосферасын тазарту. Осы негізде гүлзарларды жасауда әсем қасиеті бар өсімдіктердің көптүрлілігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақстанның табиғи климаттық жағдайларының әр түрлі болуына байланысты, республика аймағын көгалдандырудың ассортименттерін таңдау және құру өте күрделі проблема болып саналады. Қазақстанда көгалдандыру жұмыстары әсем гүлді өсімдіктерді интродукциялауды, яғни басқа жерлерден әкелінген гүлді өсімдіктерді Республиканың климаттық жағдайларында өсіруге байланысты зерттеуді талап етті. Қазақстан қалаларының көпшілігі қысы аязды, жазы қуаңшылықты жерлерде орналасқан, сондай қалаларының бірі – Семей қаласы, мұнда декоративті өсімдіктердің композицияларын құру және пайдалану жұмыстары белгілі бір жүйелерге қойылмаған. Сондықтан, ғылыми жұмысының негізгі өзекті мәселесі ретінде Семей қаласы бойынша өсірілетін әсем гүлді өсімдіктердің ассортименттерін, өсу ерекшеліктерін зерттеу таңдап алынды.

Ғылыми жұмыстың мақсаты Семей қаласы бойынша өсірілетін біржылдық және көпжылдық әсем өсімдіктердің түрлерін зерттеп, олардың экологиялық, биологиялық, морфологиялық сипаттамаларын құру.

Ғылыми жұмыстың зерттеу нәтижесінде Семей қаласында 34 бір жылдық әсем гүлді өсімдіктердің өсірілетіндігі анықталды, олар систематикалық тұрғыда 16 тұқымдас өкілдері. Түр

жағынан декоративті өсімдіктерге бай күрделігүлділер мен крестгүлділер тұқымдасы болып табылады.

Гүлзарларды құруда гүлдердің мөлшері, түсі, гүлдеу уақыты сияқты ерекшеліктер зерттелді. Семей қаласында интродукцияланған бір жылдық әсем гүлді 34 өсімдіктің 10-ы ірі гүлді, 10-ы орташа, 14-і ұсақ гүлді. Бір жылдық декоративті өсімдіктердің гүлдерімен қатар әсемділігі ретінде жапырақтарының пішіні, түсі және бұтақтану ерекшеліктері айрықша орын алады.

Семей қаласының климаты қуаң әрі қатаң болғандықтан гүлзарларда өсірілетін өсімдіктердің экологиялық өсу ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінді, біз зерттеген 34 өсімдіктің 23-і ылғал сүйгіш, 11-і қуаңшылыққа төзімді.

Біздің қаламызда интродукцияланған бір жылдық әсем гүлді өсімдіктер 7 географиялық ортадан шыққан, олардың 4- еуі *Азияда*, 5- еуі *Африкада*, 5- еуі *Солтүстік Америкада*, 8-і *Оңтүстік Америкада*, 6- ауы *Орталық Америкада*, 4-еуі *Европада*, 3- еуі *Жерорта теңізі маңында* таралған.

Семей қаласының әртүрлі гүлзарларында кездескен көпжылдық әсем гүлді өсімдіктерге систематикалық сараптама жасағанда, біз зерттеген 17 өсімдіктің 8 тұқымдасқа жататындағы анықталды. Бұл тұқымдастарды өзара салыстыра келгенде көпжылдығы жағынан алғашқы орында күрделігүлділер 5-түр (29,4%), лалагүлділер 4-түр (13,5%), сарғалдақтылар 3-түр (17,65% ), қалған тұқымдастар 1,2 (29.45 %) туыстас өкілдерінен тұрады.

Семей қаласының гүлзарларындағы көпжылдық әсем гүлді өсімдіктердің гүлдеу ұзақтығы, уақыты біркелкі емес. Гүлзарларда ерте көктемде (мамыр айында), жаз айларында және күз айларында гүлдейтін түрлер кездеседі. Ерте көктемде гүлдейтін өсімдіктерге: *лалагүлділер*, *таушымылдық*, *қызғалдақтар*, *құртқашаштар*, күз айларында *нарғызгүл (георгина-dahlia)*, *хризантема* сияқты түрлер гүлдейді. Қалған өсімдіктердің жаппай гүлдеуі жаз айларында жүреді.

Семей қаласының гүлзарларында кездестірілген көпжылдық әсем өсімдіктердің экологиялық сыртқы өсу ерекшеліктері бірдей емес. Біз зерттеген 17 көпжылдық әсем гүлді өсімдіктердің 10 түрі ылғал, жарық сүйгіш өсімдіктер. Олар ашық жерлердегі гүлзарларда егілсе жиі суаруды қажет етеді. Сонымен қатар, жиі суаруды қажет етпейтін ксерофитті 7 түр бар.

Көпжылдық әсем өсімдіктерді өсіру тұқыммен қатар вегетативті жолмен жүзеге асырылады. Біз анықтаған 17 өсімдіктің 3-еуі пиязшықты, 5-еуі түйнекті таушымылдық (пион-*раeonia*), нарғызгүлдер (георгина-*dahlia*), лалагүлдер (лилейные-*lilaceae*), баршынгүлдер (гладиолус-*gladiolus*), қалғандары тамырсабақты. Бұл өсімдіктердің ішінде қызғалдақтар (тюльпан-*tulipa*), таушымылдықтар (пион-*раeonia*), құртқашаш (ирис-*iris*), шөмішгүл (водосбор-*aguilegia*), лилейник (лилейник-*heterocallis*) Семей климаттық жағдайында қыстап, өзінің жер астындағы вегетативті, әсем мүшелерін сақтайды. Сондықтан, оларды гүлзарларда қалдыруға болады. Қалған көпжылдық әсем өсімдіктерді (нарғызгүл-георгина-*dahlia*, канна-*canna*, хризантема-*chrysanthem*, баршынгүл-гладиолус-*gladiolus*) гүлзарлардан қазып алып, олардың түйнектерін немесе тамырсабақтарын төменгі температурада сақтайды. Ерте көктемде оларды қайтадан гүлзарларға отырғызады. Сондықтан бұл өсімдіктер гүлзарларды құруда егу, күтуге байланысты еңбекті қажет етеді.

Семей қаласының әртүрлі гүлзарларында ірі әрі әсем гүлшоғырлы көпжылдық өсімдіктер пайдалануда, оларға: канна (канна-*саппа*), раушан (роза-*rosadea*) жатқызуға болады. Бұл өсімдіктер арқылы қаламыздың әкімшілік алаңы безендірілген. Қаланың органғы алаңдарында ірі гүлшоғырлы: баршынгүл (гладиолус-*gladiolus*), флокс (флокс-*floks*), айдар шөп (шток роза-*alcea*), нарғызгүл (георгина-*dahlia*) сияқты көпжылдық әсем өсімдіктерді көбірек өсірсе, қала көрінісі өте әдемі болар еді.

Біз зерттеген Семей қаласының гүлзарларындағы 17 түрдің гүлдеу ұзақтығы, уақыты біркелкі емес. Гүлзарларда ерте көктемде (мамыр айында), жаз айларында және күз айларында гүлдейтін түрлер кездеседі. Ерте көктемде гүлдейтін өсімдіктерге: ландыш (ландыш-*convallaria*), лалагүл (лилия-*lilium*), таушымылдық (пион-*раeonia*), қызғалдақ (тюльпан-*tulipa*), құртқашаш (ирис-*iris*) жатқызуға болады. Күз айларында нарғызгүл (георгина-*dahlia*), хризантема (хризантема-*chrysanthemum*) сияқты түрлер гүлдейді. Қалған өсімдіктердің жаппай гүлдеуін жаз айларында байқадық.

Семей қаласының гүлзарларында кездестірілген көпжылдық әсем өсімдіктердің экологиялық сыртқы өсу ерекшеліктері бірдей емес. Біз зерттеген 17 өсімдіктің біраз түрі ылғал, жарық сүйгіш өсімдіктер. Олар ашық жерлердегі гүлзарларда егілсе жиі суаруды қажет етеді. Сонымен қатар Семей қаласында жиі суаруды қажет етпейтін ксерофитті түрлер де бар. Оларға құртқашаш (ирис-*iris*), қызғалдақ (тюльпан-*tulipa*), гайлардия (гайлардия-*gailardia*), лалагүл (лилия-*lilium*) жатады.



Семей қаласы қатаң континентальді климаттық белдеуде жатқандықтан зерттеу жұмысының бір саласы өсімдіктердің суыққа, аязға төзімділігін анықтау болды. Біз зерттеген 17 өсімдік суыққа төзімді болғанымен, аязға төзімсіз, сондықтан оларды күз кезінде гүлзарлардан қазып алып, қыста үй астындағы бөлмеде сақтау керек. Оларға: нарғызгүлдің (георгина-dahlia) түйнекшөптері, хризантема (хризантема-chrysanthemum) тамырсабақтары, раушангүлдің (роза-gosadea) тамырлары, каннаның (канна-canna) тамыр сабақтары жатады. Бұл өсімдіктердің вегетативті мүшелері топырақта қалса, -35°, -40°С үсіп кетеді. Қалған көпжылдық өсімдіктерді қыс кезінде гүлзарларда тастайды, бірақ үстін топырақпен жабу қажет.

Семей қаласын көгалдандыруда солитер, рабатка, клумба сияқты гүлзарлар типтері ғана кездеседі, оларда өсірілетін асортимент саны өте аз. Осыған байланысты мектептерде, басқа да мекемелердің айналасын көгалдандыруда гүлзарлардың әртүрлі элементтерін пайдаланумен қатар, декоративті өсімдіктердің жаңа түрлерін пайдалану қажет.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Головкин Б.Н. «Декоративные растения СССР: справ.-определитель» / Головкин Б.Н., Китаева Л.А., Немченко Э.П.: Мысль, 1986.
2. Бессчетнова М.В. «Интродукция декоративных цветочных растений». Алма-ата: Наука, 1983.
3. Бессчетнова М.В., Исаева Б.К., Уварова Е. И., Ларионова Н.И., Малдыбекова К.С., Кокорев А.А. «Интродукция многолетних и однолетних цветочных растений». Алма-Ата: Наука, 1989.
4. Плотникова Л.С. «Лучшие декоративные растения в дизайне сада». Фитон+, 2007.
5. Савва В.Г. «Интродукция однолетних декоративных растений в Молдавию», Кишинев, 1986.

УДК 592

**Елубекова Е.Б.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Қуанышбаева М.Ф.

#### ОМЫРТҚАСЫЗДАР - АДАМ МЕН ЖАНУАРЛАРДЫҢ ЗИЯНКЕСТЕРІ РЕТІНДЕ

Зиянкес жануарлар – адам мен жануарлар организмінде паразиттік тіршілік ететін организмдер, әртүрлі ауру қоздырғыштарын тарататындар немесе тіршілік әрекеттері арқылы қолайсыз жағдайлар тудырушылар. Бұл зиянкес жануарлардың адамға, ауылшаруашылық жануарларына келтіретін зияны көп. Қазіргі кезде ғылыми мәліметтер бойынша Жер шарында 60000-ға жуық зиянкес омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың түрлері белгілі. Бұларға негізінен кенелер, бауыраяқты ұлулар, жұмыр құрттар, жалпақ құрттар, кемірушілер және т.б. жатады [1].

Кейбір жануарлардың жағымсыз жақтары олардың улы болуынан да көрінеді. Жануарлардың улы болуы - эволюция барысында дамыған, тіршілік үшін күресте пайда болған маңызды механизмдердің бірі. Омыртқасыздар улы заттарды (зоотоксиндерді) қорғану және шабуыл жасау мақсатында қолданады.

Бунақденелілердің арасында адам мен омыртқалы жануарлар үшін қан соратын гематофагтардың да орны ерекше. Қансорғыш омыртқасыздар үй жануарларының қанын сорып, олардың жалпы өнімділігіне, түсіміне әсер етіп, ауыл шаруашылығына көп кедергі келтіреді. Ал, адамдардың болса жазғы уақыттарда дұрыс тынығуына әсер етіп, қолайсыз жағдайлар тудырады.

Зиянкестердің адам мен жануарлар өміріне деген қауіптілігіне қарамастан, олардың өздері де қорғауды қажет етеді. Шаруашылық қызметінің нәтижесінде біздің ғаламшарымызды мекендейтін жануарлардың түрлері азайып барады және бұл үрдіс басқаларға қарағанда, зиянкестерге де тікелей қатысы бар. Оларды қорғау, кем дегенде, екі аспектіден тұрады: адамға пайдасы бар, улы заттардың иесі болып табылатын түрлерді (мысалы, шағатын аппараттары бар жарғаққанаттылар); өсімдік тозандандырушылар түрлерін (мысалы, бал арасы, түкті ара); зиянкестердің санын реттейтін жыртқыш паразит түрлерін қорғау (мысалы, қазғыш аралар) және осы биоценозға жататын, сыртқы ортаға бейімделу қабілеттіліктері бар түрлерді қорғауға алу [2]. Осыған байланысты, адам мен жануарлардың зиянкес омыртқасыз жануарларымен күрес жолдары да дұрыс жолға қойылуы тиіс.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Абай ауданы өңірінің адам мен жануарлардың зиянкес омыртқасыздарының түрлік құрамын, экологиясын анықтау және олармен күрес жолдарын қарастыру.

Зерттеу материалдарды 2016 жылдың көктем, жаз және күз мезгілдерінде Шыңғыстау өңірінің Қарауыл, Медеу, Саржал, Сүлеймен жайлауы елді мекендерінде маңайында жинастырылды. Зерттеуге алынған омыртқасыздарды анықтау үшін әртүрлі анықтағыштар пайдаланылды [3] [4].

Шыңғыстау өңірінде кездесетін адам мен жануарлар зиянкес омыртқасыздарының түрлік құрамы бойынша мәліметтер 1 - кестеде көрсетілген. Осы кестеге сәйкес, бірінші топ жануарлары, жирен тарақан, көк ет шыбыны, ет жасыл шыбыны, кәдімгі жасыл өлексе шыбыны, бөлме шыбыны, үй шыбыны, күздік күйдіргі шыбын әртүрлі аурулардың қоздырғыштарын тасымалдаушылар болып табылатындықтан, олардың эпидемиологиялық маңызы бар.

Келесі топтызылдауық маса, кәдімгі безгек масасы, дақты маса, жайылым кенесі, кәдімгі жауын сонасы, кәдімгі алтынкөз сонасы, нағыз шіркейлер – қансорғыштар тобын құрайды. Олар, сонымен қатар, тек қан сорып қана қоймай, адам мен жануарлардың әртүрлі қауіпті ауруларын тасымалдауы да мүмкін.

Ал, үшінші топқа өздері белгілі бір аурулардың қоздырғыштары болып табылатын паразиттер - қой таспа құрты, жылқы аскардасы, жылқы қарын бөгелегі, ірі қара терісінің бөгелегі, бас биті, мысық бүргесі, вольфарт шыбыны, төсек қандаласы жатады. Олар өз алдына әртүрлі деңгейде зиян келтіреді.

Ең соңғы топ – әртүрлі аллергиялық әсер тудырушылар. Яғни, олардың шаққанынан адамдар көп зардап шегеді. Бұған тарантул, бақша арасы, бізгек ара, ағаш тескіш ара, жер арасы, кәдімгі ара, кәдімгі шершень жатқызуға болады.

### Шыңғыстау өңірінде кездесетін адам мен жануарлар зиянкес омыртқасыздары

Кесте 1

Ауруды тасымалдаушылар	Қансорғыштар	Паразиттік омыртқасыз жануарлар	Аллергиялық әсер тудырушылар
Жирен тарақан <i>Blattella germanica</i>	Ызылдауық маса * <i>Culex pipiens</i>	Жылқы аскардасы <i>Parascaris equorum</i>	Тарантул <i>Lycosa</i>
Күздік күйдіргі шыбын*** <i>Stomoxys calcitrans</i>	Кәдімгі безгек масасы * <i>Anopheles maculipennis</i>	Таспа құрт <i>Moniezia expansa</i>	Ағаш арасы <i>Xylocopa valga</i>
Көк ет шыбыны <i>Calliphoravicina</i>	Дақты маса * <i>Aedes cantans</i>	Бас биті** <i>Pediculus humanus capitis</i>	Кәдімгі шершень <i>Vespa crabro</i>
Ет жасыл шыбыны <i>Lucilia sericata</i>	Жайылым кенесі* <i>Dermacentor marginatus</i>	Киім биті** <i>Pediculus humanus</i>	Кәдімгі ара <i>Vespula vulgaris</i>
Кәдімгі жасыл өлексе шыбыны <i>Lucilia caesar</i>	Кәдімгі алтынкөз сонасы * <i>Chrysops relictus</i>	Мысық бүргесі** <i>Ctenocephalides felis</i>	Бізгек ара <i>Eumenssp.</i>
Үй шыбыны <i>Muscina stabulans</i>	Кәдімгі жауын сонасы* <i>Haematopota pluvialis</i>	Төсек қандаласы** <i>Cimex lectularius</i>	Жер арасы <i>Bombus terrestris</i>
Бөлме шыбыны <i>Musca domestica</i>	<i>Hybomitra acuminata</i> *	Вольфарт шыбыны <i>Wohlfahrtia magnifica</i>	Бақша арасы <i>Bombus hortorum</i>
	<i>Tabanus sabuletorum</i> *	Ірі қара терісінің бөгелегі <i>Hypoderma bovis</i>	
	Нағыз шіркей * <i>Simulium ornata</i>	Жылқы қарын бөгелегі <i>Gasterophilus equorum</i>	

Ескертпе: \* ауруды тасымалдаушы және қансорғыш зиянкес омыртқасыз жануарлар

\*\* қансорғыш және паразиттік зиянкес омыртқасыз жануарлар

\*\*\* ауруды тасымалдаушы және аллергиялық әсер тудырушы зиянкес омыртқасыз жануарлар

Қорытынды. Шыңғыстау өңірінде кездесетін адам мен жануарлардың зиянкес омыртқасыздардың 32 түрі жинастырылды, олар 17 тұқымдас, 10 отряд, 4 класс, 3 типке біріктірілді: Жалпақ құрттар, Жұмыр құрттар және Буынаяқтылар.

Зерттеу нәтижелері бойынша, қосқанаттылар (Diptera) отрядының түр жағынан және сан жағынан басым екендігі көрінеді. Зерттелген түрлердің арасында бұл отрядтың түрлері зиянкес омыртқасыздардың 50 пайызын құрайды.

Ауылшаруашылық жануарларына, олардың ішінде қой малына қауіпті жалпақ құрттардың өкілі мониезия *Moniezia expansa* басқа түрлерден қарағанда көп мөлшерде кездестірілді. Дене тұрқы 6 м-ге жететін таспа құрт өкілі, негізгі иесі қой болып табылады. Бір отардың 5 қойынан гельминттердің бірнеше экземплярлары табылған. Отардағы қой санының басы 1000-нан 2000-ға дейін барады. Бұл паразитпен барлық қойлар зақымдалуы мүмкін болғандықтан, қой шаруашылығына үлкен зардап әкеледі. Мониезияның аралық иесі – топырақ кенесі (орибатидтер). Үй жануарлары қоректенген кезде шөппен бірге орибатидтер асқазан, ішек жолдарына түсіп, мониезия ауруын тудырады. Сонымен қатар, зерттелген өңірде жылқы қарын бөгелегі, ірі қара терісінің бөгелектерінің жылқы және ірі қара малдарына тигізетін зардабы өте жоғары.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Орлов Б.Н., Гелашвили Д.Б., Ибрагимов А.К. «Ядовитые животные и растения СССР» М: Высшая школа 1990 г
2. Дәуітбаева К.Ә., Есенжанов Б.Е., Сапарғалиева Н.С., Нұртазин С.Т. «Жануарлар алуантүрлілігі» – Алматы: ЖШС 2011
3. Мамаев В.А., Медведев Л.Н., Правдин Ф.Н., «Определитель насекомых Европейской части СССР» 1976 г
4. Горностаев Г.Н., «Насекомые СССР» 1970 г

УДК 594.382

**Есмағамбетова А.Қ.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Қуанышбаева М. Г.

### ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖАҒДАЙДА АХАТИНАНЫ ӨСІРУ ЖӘНЕ КӨБЕЙТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алып ахатина (лат. *Achatina fulica* - отаны Африка, кейінірек оңтүстік-шығыс азияға әкелінген. Қазіргі таңда ахатина ұлуының таралу аймағы шектелінген) – Өкпелі ұлулар класс тармағына жататын, құрылық бауыраяқты ұлу. Тропикалық климат елдерінде кең таралған, жоғары инвазиялық түр. Басқа ұлуларда кездесетін инвазиялық аурулардың алдын алу жұмыстарын осы ахатиналарда жүргізеді. Олар табиғи жағдайда жақсы көбейе алады, кейде бақшаларға, құрылыс нысандарына зиян келтіреді, сондықтан кейбір мемлекеттерде оларды табиғатқа еркін жібермей, үй жануары есебінде ұстайды. Жас ахатиналар, негізінен шіріген өсімдіктермен қоректенсе, ал ересек ұлулар өсімдік шаруашылығына зиян келтіріп, өсімдіктің жас өсімдіктерін жеп, зақымдайды [1].

Зерттеу жұмысының мақсаты: зертханалық жағдайда ахатинаны өсіру және көбейту жұмыстарын жүргізу.

Зерттеу объектісі - алып ахатина *Achatina fulica*. Зертханалық жағдайда өсіру үшін 16 ахатина 2016 жылдың тамыз айында террариумға орналастырылды. Ұлуларға террариумді таңдауда, оның құрамында уландырғыш материалдар болмауы қажет, ол шыны материалдан жасалғаны дұрыс.

Ахатинаны өсіру барысын бақылап отыру және көбейту жұмыстары 2016 жылдың күз, қыс және 2017 жылдардың көктем, қыс айларында жүргізілді.

Ахатина ұлуларын зерттеу барысында бақылау күнделігі басталынды. Бұған бір жылда болған өзгерістерді белгіленіп отырды. Күнделікке ұлулардың дене ұзындығын, салмағын, тіршілік процесіндегі өзгерістері тіркелінді. Бұл мәліметтер 1- кестеде көрсетілген.

#### *Ахатинаның өсу барысында дене мөлшерінің өзгерістері*

Кесте – 1

Есепке алу күні	Денесінің ұзындығы (см)		Салмағы (гр)		Жасы (айлар)
05.08.16	1 см		2,2 гр.		1 ай
05.09.16	2,2 см	+1,2*	4,5гр.	+2,3гр**	2 ай
05.10.16	3,4 см	+1,2*	6,9 гр.	+2,4 гр**	3 ай
05.11.16	4 см	+0,6*	8,1 гр.	+1,2 гр**	4 ай
05.12.16	5,1 см	+1,2*	10,9 гр.	+2 гр**	5 ай
05.01.17	5,9 см	+0,8*	13,4гр.	+2,5гр**	6 ай

05.02.17	6,5 см	+1,1*	15,5 гр.	+2,1 гр**	7 ай
05.03.17	7,9 см	+1,4*	16,9 гр.	+2,1гр**	8 ай
05.04.17	9,3см	+1,4*	19 гр.	+2,1 гр**	9 ай
05.05.17					10 ай
		1,1		2,08	

Ескертпе: \* ай сайын денесінің ұзындығының өлшемі (см);

\*\* ай сайынғы дене салмағының мөлшері (гр).

Ахатиналарға жүргізілген бақылау нәтижелері бойынша, олардың бірқалыпты өскенін байқауға болады, дене ұзындығын ахатина айына 1 см-ге дейін қосатыны, ал дене салмағын 2 гр-ға көтеріп отырғаны байқалды.

Ахатина ұлуын зертханалық жағдайда ұстап отырудың негізгі бір маңызды жағы - оның қоректендірілуі. Оның дұрыс өсіп, көбеюі үшін өсімдіктекті қорекпен, жануартекті ақуыздармен және минералды қоректермен үстемелеу жұмыстары жүргізілді, оның нәтижелері 2-3 кестелерде көрсетілген.

#### *Ахатина ұлуларына қажетті өсімдік түрлері*

Кесте – 2

№	Өсімдік түрлері	Массасы	Ахатина азық еткені	Ахатинаның азық етпегені
1.	Сәбіз	40 гр	28 гр	12 гр
2.	Қияр	40 гр	35 гр	5 гр
3.	Қызанақ	40 гр	20 гр	20 гр
4.	Банан	40 гр	10 гр	30 гр
5.	Тәтті бұрыш	40 гр	17 гр	23 гр
6.	Орамжапырақ	40 гр	28 гр	12 гр
7.	Асқабақ	40 гр	25 гр	15 гр
8.	Салат жапырақтары	40 гр	40 гр	0 гр

2-ші кестеге сәйкес, ахатина ұлуларының ең сүйсініп қорек ететін өсімдік түрлері салат жапырағы мен қияр екенін көруге болады. Одан кейінгі орындарда сәбіз, орамжапырақ, асқабақ көкөністері.

#### *Ахатина ұлуларына қажетті жануартекті ақуыздар*

Кесте – 3

№№	Қорек түрлері	Массасы	Ахатиналардың қорек еткені	Ахатиналардың қорек етпегені
11.	Гаммарус	100 гр	100 гр	0 гр
22.	Тауық еті	100 гр	20 гр	80 гр
33.	Ұнтақталған сүйек ұны	100 гр	50 гр	50 гр

3-ші кестеге сәйкес, ахатина ұлуларына жануартекті ақуыздардың ішінде ұнамдысы кептірілген өзен шаяндары екені байқалады. Тауық етін аса жарата қоймайды.

Табиғи жағдайда өмір сүретін ахатиналар жарты жылда көбеюін бастайды, бір ахатина барлық өмірінде 100 мың жұмыртқаға дейін салады, 10 жылға дейін өмір сүреді. Ал, зертханалық жағдайда мұндай былқылдақденелілер 6 мың-ға дейін жұмыртқа салатынын байқадық.

Қорытынды. Ахатина адам өмірінде басқа да тірі нысандар сияқты әртүрлі мақсатта қолданылады:

- ахатинаны адамдар үйлерінде тірі объект ретінде террариумда ұстайды;
- кейбір елдерде ахатина маңызды ақуызды азық көзі болғандықтан, оны адам тағамға пайдаланады;
- медицинада ахатинаны тері ауруларын емдеу үшін қолданады (мысалы, псориаз, күйіктерді емдеу, бронхит, көкжөтел, силикоз сияқты тыныс алу жүйелерінің ауруларын емдеу және т.б.):

- косметологияда ахатинаны терінің құрылымын жақсарту, тыртықтарды кетіру үшін қолданады. Жалпы, ахатина адам үшін қолда ұстап, өсіруге қолайлы объект.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Краснов И. С. Гигантские улитки – ахатины. Опыт успешного содержания и разведения в домашних условиях. – М.: ООО «Аквариум Принт», 2006. – 100 с.
2. Иванов А.В., Класс брюхоногих моллюсков // Руководство по зоологии. Т.2. Беспозвоночные. – М: Наука, 1988. –436 с.
3. Юный зоолог-сборник, - Красноярск: РИМП «Вита», 1996. – 338с.

УДК: 594

#### Қасен Ж.М.

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Карипбаева Н.Ш. – биология ғылымдарының кандидаты. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің биология кафедрасының доценті.

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЭНДЕМДІ ӨСІМДІКТЕРІ

Қазақстан флорасының өзіндік ерекшеліктері бар, солардың бірі эндемді өсімдік түрлерінің кездесуі. Эндемді өсімдіктер дегеніміз - белгілі бір географиялық аймақта ғана кездесетін өсімдік түрлері. Бұл ұғым түр, туыс, тұқымдас түрлер бір флоралық аймақта ғана таралады дегенді білдіреді.

Эндемді түрлер белгілі бір аймақтың шектеулі ғана ареалына таралады, сонымен қатар бір флоралық аймақты бірнеше геоботаникалық аудандарда таралуы мүмкін. Осыған байланысты эндемизмнің 2 түрі болады:

1. Тар эндемизм
2. Кең эндемизм

Эндемизмнің табиғаты екі жақты болады: 1 - ші ареалдың шектеулігі, бұрынғы кең ареалдың қысқаруымен сипатталады, 2 - ші түрдің біртіндеп эндемизм ареалының шектелуі, түрдің бұл геоботаникалық ауданда жақында ғана пайда болуымен сипатталады, яғни эндемді түр кеңірек таралуға үлгермеген.

Бірінші жағдайда өте ертеде пайда болған түрлер туралы айтылады, оны палеоэндемизм деп атап, оған жататын түрлерді полеоэндемді түрлер деп атайды. Палеоэндемді түрлер реликті түрлер болып табылады. Эндемді түрлердің сақталуы олардың таралу аймағы мен бірлестігіне тікелей байланысты, себебі флора құрамының әртүрлі болуына тіршілік ету жағдайларының әртүрлілігі әсер етеді. Қазақстан бойынша эндемді өсімдіктердің таралуын алғашқы рет зерттеген ботаник Н.В.Павлов, ол батыс Тянь-Шяньда жүргізген ғылыми флоралық зерттеулері бойынша 17-18 % өсімдіктер эндемді түрлер тобын құрайды [1].

Эндемді өсімдіктерді зерттеуде В.П.Голоскоков зерттеулері бойынша «Қазақстан флорасында» 760 эндемді түрлер бар және осы түрлер 47 (барлығы 126) тұқымдасқа, 199 (барлығы 1022) туысқа біріккен. Эндемизмнің жалпы салыстырмалы проценті жоғары емес және ол 14%-тен аспайды (13,9%). Бұл Н.В.Павловтың зерттеулер нәтижесінен төмен болып шықты [2, 3].

Б.А.Быков Қазақстан флорасында кездесетін 17 реликтілі эндемді өсімдіктердің морфологиялық сипаттамасын жасаған және географиялық таралу ареалдарын анықтаған.

Қазақстан флорасында эндемді тұқымдастар, яғни тек қана республика территориясында кездесетін тұқымдастар жоқ. Туыс деңгейіндегі эндемизм көне реликтілік, түрлік деңгейдегі эндемділік жас, яғни кейіннен пайда болған [4].

Қазақстан флорасында эндемді түрлерді ғылыми тұрғыда зерттеу жұмыстары басталды. Олар Қазақстанның 29 барлық флоралық аудандарында кездеседі, бұл туралы «Қазақстан флорасында» ақпараттар бар, бірақ эндемді өсімдіктердің геоботаникалық аудандарда таралуы туралы мәліметтер жоқ. Осыған байланысты «Қазақстан флорасын» және басқада ғылыми еңбектерді пайдалана отырып Шығыс Қазақстан облысының 6 геоботаникалық аудандарында таралған эндемді өсімдік түрлерінің кадастрын құрып, оларды систематикалық, экологиялық, биологиялық тұрғыда зерттедік. Зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстан облысындағы эндемді өсімдік түрлерінің санын, таксономиялық дәрежесін, өсу ортасын, маңызын т.б. ғылыми деректерді берді. Сонымен қатар эндемді түрлер Қазақстан бойынша қорғауға алынған өсімдік топтарына жатады. Эндемді өсімдіктерді зерттеу

келешекте «Қазақстанның Қызыл Кітабына» кіретін өсімдіктердің жаңа түрлерін анықтауға мүмкіншілік береді.

Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты: Шығыс Қазақстан флорасында кездесетін эндемді өсімдіктерді зерттеу. Зерттеу жұмысының мақсатына байланысты бірнеше міндеттер қойылды, солардың бірі Қазақстан флорасы бойынша Шығыс Қазақстан облысында эндемді өсімдіктердің кадастрын құру. Біздің зерттеуіміз бойынша Шығыс Қазақстан облысының 6 геоботаникалық ауданында 181 эндемді өсімдік түрлері таралған, олар 28 тұқымдасқа жататын, 79 туыстас өкілдері. Эндемдерге бай тұқымдастарға бұршақ, астық, тарандар, алаботалылар, крестгүлділер тұқымдастары т.б жатады.

Шығыс Қазақстан облысының эндемді өсімдіктеріне экологиялық өсу ерекшеліктері зерттелді, біз анықтаған 181 өсімдіктің 102 түрі ксерофитті, қалған 79 түр мезофитті немесе аралық ксеромезофитті түрлерді құрайды. Ксерофитті түрлердің көпшілігі Балқаш-Алакөл, Қазақтың Шығыс шоқылы геоботаникалық аудандарында таралған, көптеген түрлердің таралу ареалдары шектелген.

Мезофитті және ксеромезофитті эндемді түрлердің көпшілігі Ертіс өңірінде, Алтай және Тарбағатай таулы аймақтарындағы ылғалды жерлердегі өсімдік бірлестіктерінде кездеседі.

Эндемдерге бай тұқымдастарға бұршақ, астық, тарандар, алаботалылар, крестгүлділер тұқымдастары т.б жатады. Солардың ішінде бұршақ тұқымдастарында 39 эндемді өсімдік түрлері бар, ол біз зерттеген геоботаникалық аудандардағы эндемді өсімдіктердің 22%-ін алып жатыр. Бұршақ тұқымдастарының ішінде астрагалдарда эндемді түрлер өте көп, олар бұршақ тұқымдас эндемдердің 61%-ін құрайды.

Шығыс Қазақстан облысының әртүрлі геоботаникалық аудандарындағы, әртүрлі өсімдік типтерінде эндемді өсімдіктердің түрлері жиналып, анықталды. Эндемді өсімдіктердің геоботаникалық аудандарда таралуына салыстырмалы сараптама жасалды. Зерттеу нәтижесі Балқаш - Алакөл ауданында (18) 87 түрдің, Тарбағатай ауданында (23) 50 түрдің, Қазақстан Шығыс шоқылы ауданында (11) 46 түрдің, Оңтүстік Алтайда (22) 27 түрдің, Ертіс өңірінде (3) 18 түрдің, тізбекті қарағайлы орманда (4) 12 түрдің кездесетінін көрсетті, яғни Шығыс Қазақстан облысының көптеген геоботаникалық аудандарында эндемді өсімдіктер белгілі бір деңгейде таралған, солардың ішінде кейбір түрлер бірнеше геоботаникалық аудандарда кездеседі.

Эндемді өсімдіктердің геоботаникалық аудандарда таралу ареалдарын зерттеу нәтижелеріне сараптама жасалынды, зерттеу қорытындысы эндемдерге бай геоботаникалық аудан ретінде Балқаш - Алакөл және Тарбағатай аудандарын көрсетіп отыр. Эндем түрлері аз кездесетін ауданға Еріс бойында орналасқан тізбекті қарағайлы орман жатады.

Ғылыми жұмыстың мақсатына байланысты анықталған эндемді өсімдіктер облыс аймағында 5 түрлі өсімдік типтерінің құрамында таралған. Біз анықтаған 181 эндемді өсімдіктердің 62 түрін (34%) дала өсімдік типінде, 45 түр (25%) шалғын, 44 түрін (24%) таулы өсімдік типтерінде, 15 (8%) орманды өсімдік типтерінде кездеседі.

Шығыс Қазақстан облысының эндемді өсімдіктеріне экологиялық өсу ерекшеліктері зерттелді, біз анықтаған 181 өсімдіктің 102 түрі ксерофитті, қалған 79 түр мезофитті немесе аралық ксеромезофитті түрлерді құрайды. Ксерофитті түрлердің көпшілігі Балқаш-Алакөл, Қазақтың Шығыс шоқылы геоботаникалық аудандарында таралған, көптеген түрлердің таралу ареалдары шектелген.

Мезофитті және ксеромезофитті эндемді түрлердің көпшілігі Ертіс өңірінде, Алтай және Тарбағатай таулы аймақтарындағы ылғалды жерлердегі өсімдік бірлестіктерінде кездеседі.

Шығыс Қазақстан облысының әртүрлі геоботаникалық аудандарында жиналған эндемді өсімдіктердің гүлдеу уақыты бірдей емес, олардың ішінде 89 түр (49,2%) ерте көктемде гүлдейді, яғни эфемер-эфемероидтар, 91 түр (50,3%) жаз айларында 1 түр (0,5%) күз айында гүлдейді, ол алабұталар тұқымдасына жататын аз гүлді бұйырғын (*Anabasis pauciflora*).

Эндемді өсімдіктердің көпшілігінің табиғатта және адам өмірінде маңызы өте зор. Олардың ішінде тағамдық, малазықтық, дәрілік, декоративті, техникалық түрлер көптеп кездеседі. Шығыс Қазақстан облысының эндемді өсімдіктерінің ішінде 62 түр (34,2%) дәрілік, 55 түр (30,4%) малазықтық, 47 түр (26%) әсемдік, 10 түр (5,6%) техникалық, 7 түр (3,8%) тағамдық маңыз атқарады.

Зерттеу жұмысы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің биология кафедрасы жүргізіп отырған «Шығыс Қазақстан облысының эндемді өсімдіктері» тақырыбындағы ғылыми жұмыстың құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан, зерттеу нәтижелерін кафедраның ғылыми және практикалық жұмыстарында пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу жұмысындағы кадастр, гербарий жинақтамасы ботаника курсын оқытуда көрнекті құрал ретінде пайдалануға болады.

## ӘДЕБИЕТ:

1. Быков Б.А. Ареалы некоторых эндемов Казахстана. В кн.: Ботанические материалы гербария института ботаники АН КазССР. 1966. Вып. 4.
2. Голоскоков В.П. Эндемичные растения Казахстана и их охрана. В кн.: Материалы совещания по охране объектов растительного мира республик Средней Азии и Казахстана. Ташкент. 1971.
3. Голоскоков В.П. Особенности видового эндемизма во «Флоре Казахстана». В книге.: Ботанические материалы гербария института ботаники АН КазССР. 1969. Вып. 6.
4. Павлов Н.В. Эндемизм флоры Западного Тянь-Шаня. // Ботанический журнал. 1970. Т. 55 - № 9.

УДК 57.28.0

**Степ-аэробика** – это еще один способ компенсировать дефицит движения, также широко используемый нами в физкультурно-оздоровительной работе с детьми. Аэробные циклические упражнения, направлены, прежде всего, на коррекцию плоскостопия, а также на развития общей выносливости и оздоровления организма ребенка. Кроме того, такие индивидуальные снаряды как степы делают занятия по физической культуре более интересными и насыщенными и доставляют детям большое удовольствие. Бодрая, ритмическая музыка, которой сопровождаются занятия степ-аэробикой, создает у детей хорошее настроение и повышает эмоциональность деятельности.

Очень важно, чтобы каждая из рассмотренных современных технологий имела оздоровительную направленность, а используемая в комплексе здоровьесберегающая деятельность в итоге сформировала бы у ребенка стойкую мотивацию на здоровый образ жизни, полноценное и полноценное развитие. Эффективность оздоровительной деятельности во многом зависит от знания педагогами условий и образа жизни семей их воспитанников, а также от комплексного подхода к ее организации с учетом имеющихся условий и профессиональных навыков коллектива. Лучше делать меньше, но профессионально, чем много, но некачественно.

Все знают, что заставить ребенка заниматься физическими упражнениями очень трудно. Но не все понимают, как это необходимо, поскольку наши дети, как было сказано выше, постоянно испытывают дефицит движения.

ӘЖК 796. 817 (=512.122)

**Хаметова М.Ж.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет  
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Уразбаев М. Т.

## **ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ОҚУ – ЖАТТЫҒУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Күрес – жаттығушылардың денсаулығын нығайтып, олардың жан – жақты дамуына ықпал жасайтын спорт түрі. Бұл міндет күреспен айналысушылардың жаттығу кезінде және күнделікті өмірлерінде белгілі бір талаптарды сақтаған жағдайда ғана жақсы шешіледі. Жаттығулардың жүйелілігін, гигиеналық талаптарды, еңбек және демалыс тәртібін сақтама, жаттығулар пайда орнына зиянын келтіреді.

Күрестің негізгі мақсаты (еркін, грек – рим, қазақ күресі) – дене тәрбиесі және спорттың түрлі құрылымында өздік жұмыстарына керекті кәсіби – педагогтық білімді, дағды мен шеберлікті қалыптастыру. Қазақ күресінің тарихы ұлтымыздың өмір тарихымен тығыз байланысты. Балуандардың күш сынасуы ат жарысы, ақындар айтысы сияқты қазақ халқы өнерінің ажырамас бір бөлігі болып саналады. Қазақтар күш иесін «алып», «толағай», «балуан» деп атап, оларды ерекше қасиет қонған адамдар ретінде таныған.

Күрес – үлкен өнер. Оны жалықпай үйренген адам ғана менгеріп сан қилы құпияларына қаныға алады. Күресте күштің ролі ерекше. Дегенмен, сол бір күш қайнарын аялай біліп, әрдайым көзін ашып, шырықтырып тұрмаса, күндердің күнінде ол саркылып қалуы да мүмкін. Бірақ бұдан күреспен тек қана күштілер ғана айналысуы керек деген ұғым тумаса керек. Күшті палуан деген сөзде көп мағына жатыр. Ол – күштілік, төзімділік, батылдық және басқа да сан түрлі тамаша қасиеттерді бойына жинақтаған нағыз сайып – қыран. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл қасиеттерді бір арнаға түсіруге, бойға жинақтап, тас – түйін зор күшке айналдыруға ерекше ықылас, ізденіс керек. Ол ізденіс сан түрлі жаттығудан тұрады. Бір жолғы жекпе – жекке он минут уақыт беріледі. Бар болғаны он минут алайда жекпе – жек кезінде осы бір аз ғана уақыттың өзі палуанға үлкен сын. Өйткені сенің жаттығу кезіндегі төккен терің, жинаған тәжірибенің нәтижесі осында көрінеді, осы белдесуде сынға түседі. Сондықтан да жаттығулар кезінде осы уақытқа өзіңді – өзің іштей дайындағаның дұрыс. Бойдағы бар қасиетін, күш жігерін осы 10 минут уақытқа еркін жететіндей болуы керек.

Тұңғыш рет қазақ күресі 1938 жылы Алматыда өткізілген колхозшылардың республикалық спартакиадасының бағдарламасына енгізілді. Ұлттық күрестен сайысқа түсушілердің қарасы көп болғандықтан, оларды үш топқа бөліп тастады. Жеңіл салмақтағылар – 65 келіге дейінгі, орта

салмақтағылар – 76 келіге дейінгі, аса ауыр салмақтағылар – 76 келіден жоғары салмақ дәрежелерінде белдесті. Бұл спартакиадада Семей облысының балуандары: С.Адасқанов, К.Алтыбасаров және И.Түменов республика жеңімпаздары атанды. Бұл спартакиада Ел мықтыларының есімін көпке танытумен бірге, ұлттық күрес өнерінің өрісін кеңейтуге жол ашты.

Бүгінгі таңда қазақ күресінен үш Әлем, екі Еуропа, алты Азия біріншіліктері болып өтті.

Қазақ күресінің негізгі әдістері:

1. Шалу түрлері: алдынан, артынан, жанынан, қырқа шалу, іштен шалу.
2. Аяқтан қағу (тобықтан қағу): сыртынан, артынан, алдынан, ішімен.
3. Ілу – өкшемен, аяқ ұшымен.
4. Орау (іштен шалу).
5. Арқадан асыра лақтыру.
6. Иықтан асыра лақтыру.
7. Кеудеден асыра лақтыру.
8. Өңгеріп лақтыру.
9. «Диірмен» әдісі.
10. Жамбастан отырып әдіс жасау.

Қазақ күресінде ХХ ғасырдың басына дейін балуандарды салмақ дәрежесіне немесе жас ерекшеліктеріне қарай бөлу болмаған. «Күш атасын танымас» деген қағидамен күрескен.

Буыны қатып, күші толған әр адам өзінің күш – жігерін сынау үшін күреске еркін қатысуына мүмкіндігі болған. Күреске шығушы күрес алаңына келіп, өзімен кімнің белдесуге шығатынын күтіп отырады. Онымен күреске шықпақ адамдар қанша болса, бәрімен күреседі.

Салмақ дәрежесіне, жас ерекшеліктеріне қарай бөлу ХХ ғасырдың 20 – жылдарынан бастап ене бастады.

Палуан жарыс кезінде өзіне тән салмаққа ғана сайысқа түсуге үйренеді. Алайда жаттығу кезінде әр қилы салмақтағы жігіттермен жиі күресу де аса пайдалы. Ал жаттықтырушы көбінесе өзінің шәкірттерін қай салмақ дәрежесіне күресетіндігін жарыс алдында хабарлауға тиіс.

Жарысқа қатысушылар жас ерекшеліктері бойынша төмендегідей топтарға бөлінеді:

- Жеткіншектер (12 – 13 жас);
- Кіші жастағы жасөспірімдер (14 – 15 жас);
- Ересек жастағы жасөспірімдер (16 – 17 жас);
- Жасөспірімдер (18 – 19 жас);
- Ересектер (20 жастан жоғары).

Жарыс басталғанда бір салмақ дәрежесінде бәсекеге түскен палуандар жарыс аяқталғанша осы салмақ дәрежесі бойынша белдесулер өткізуі керек. Жарысқа қатысушы палуандардың салмағы әр күн сайын өлшеніп тұрады. Палуан өлшенуге белгіленге уақыттан кешігіп қалса, ол жарысқа жіберілмейді. Егер палуанның салмағы келесі күні көрсетілетін салмақ дәрежесінен асып жатса, палуан жарыстан шығып қалады және оның жекелік немесе командалық орны есептелінбейді.

Сонымен қатар қазақша күресте палуанның палуаны анықталады. Халқымыз мұндай палуандарды «Түйе палуан» деп атайды. Бұл құрметті атақты жарыс жарыстың соңғы күні өткізіледі. Бұған салмақ дәрежесіне қарамастан барлығы қатыса алады. Ескертуге тиісті бір жағдай, палуанның дәрігерден медициналық анықтамасы болуы керек. Онсыз палуан күресіне жіберілмейді.

Бүгінгі күнде қазақ күресінің оқушылардың арасында жаппай дамытылуы және ересектердің спорттық шеберлігін арттырудың маңызды шаттарының бірі болып табылатынын білеміз. Қазақ күресі жөнінде жасөспірімдер арасында спорт мектептері және еріктілер арасында ұйымдастырылатын көптеген қоғамдық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоғарыда зерттеу жүргізген «Қазақ күресінің оқу – жаттығу процесін ұйымдастыру және жүргізу» тақырыбындағы баяндамалық жұмысымда төмендегідей қорытынды шығардым:

1. Қазақ күресінің бүгінгі күндегі көрсеткіштеріне қарай отырып ертеңгі күніне болжам жасалынып, спортшыларды іріктеу басшылыққа алынуда.

2. Қазақ күресі бойынша жасөспірімдерді тәрбиелеу, жаттығу кезінде жоғарғы жетістікке жетелейтін спортшыларды даярлау жүйесі жасалынып әрі нәтижелі болуы үшін қажетті шарттар анықталды. Олар ұйымдастырушылық – педагогикалық, әдістемелік, техникалық – экономикалық, педагогикалық – психологиялық әрбір шартқа қатысты құраушылардың болуы, орындалуы толық мәнді балуан даярлаудың негізін қалайтыны теориялық тұрғыдан сипатталды.

3. Халықаралық деңгейге жеткен спорт түрі қатарындағы қазақ күресін оқытудың техникалық әдістерін оқытуды жетілдіру. Оның негізгі теориялық және әдістемелік негізін дамыту бағытында жұмыстар жүргізіліп зерттелді.

Баяндамалық жұмыста зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша мынадай ұсыныстар берілді:

- жалпы орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыруда оқу – тәрбие жұмыстарының маңызын жүйелі, мақсатты, кешенді жетілдіру тұрғысынан қарау, қазақ күресінің әдістерін оқыту барысында заманға сай бейнекөріністер мен суреттерді қолдану;

- күресте ойыншыларға техника – тактикалық әдістерді оқытумен қатар физика – психологиялық дайындықтарын жетілдіру.

- қазақ күресін оқытуға арналған нұсқаулықтар дайындап, дамытуға арнайы бағдарлама қабылдап, күрес мектептерін ашу.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Байдосов К.Р. Казахская национальная борьба. Алматы: Мектеп, 2007.
2. Матушак П. Ф., Мухиддинов Е. М. Казахша күрес. Алматы: Рауан, 2005.
3. Таникеев М.Т. Казахские национальные виды спорта. Современные проблемы. Алматы. 2001.
4. Матушак П.Ф. Наследники Кажымукана. Алматы: Казахстан, 2009.
5. Матушак П.Ф., Жолымбетов О. и др. Казахша күрес: Методическое пособие. Алматы: Казахстан, 2003.
6. Мухиддинов Е.М. Казахша күрес. Алматы: Казахстан, 2004.
7. Матушак П.Ф. Батыры на ковче. Алматы: Рауан, 2002.
8. Рахимкулов М.Р. Казахша күрес: Правила соревнований. Алматы: Каз. гос. Изд – во, 2007.
9. Қазақша күрес. Жарыс ережесі. Алматы: Туран. 2002.

# ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

## ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 372.851.2

**Ерқанат Әлихан**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің  
«5В010900» - математика мамандығының студенті, Семей, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Тайболдина Қ.Р.

### 8 СЫНЫП АЛГЕБРА ОҚУЛЫҒЫНА ТАЛДАУ

Қазіргі кезде барлығымыз білетіндей мектеп курсына арналған алгебра және геометрия оқулықтары жеткілікті. Бірақ осы оқулықтардың саны көбейгенімен спасының да жоғалып бара жатқаны жасырын емес.

Мектеп қабырғасында жүрген оқушылар қай оқулықтан оқитынын біле алмай шаршаса, ұстаздар оқушыларыма кімнің жазған оқулығынан оқытсам тиімді? Қай оқулықтағы мысалдармен берілген тақырыпты жылдам әрі тиянақты түсіндіре алам?- деп шаршауда. Жалпылама айтқанда мектептерде оқулықтың бір негізділігі қалыптаспауда. Сондықтан да мектеп оқулықтарына зерттеу жасап, қай автордың жазған оқулығы мектеп курсына оқуға тиімді, мемлекеттік жалпы білім стандартына сай?- деген сұраққа жауап іздеп көрдік.

Зерттеу нысаны ретінде 8 сыныпқа арналған екі оқулықты қарастырдық.

1.А.Н. Шыныбеков. 2012 жыл, «Атамұра» баспасы.

2.А.Абылқасымова, И.Бекбаев, А.Абдиев, З.Жұмағұлова, 2012жыл, «Мектеп» баспасы.

**Шыныбеков:**

**Бұл оқулық IV тараудан және математиканы тереңдетіп оқытуға арналған есептерден тұрады.**

**I.Квадрат түбірлер.**

§1.2 тақырыпшадан, 2 мысал, «Қайталау жаттығуларына» - 3 есеп, «А» - 10, «В» - 9, «С» - 7. §2. 2 тақырыпша, 2 мысал, 3 - қайталау есептері, «А» - 9, «В» - 9, «С» - 8 есеп (2 есеп \*-мен берілген, бұл қабілеті ерекше оқушыларға арналған тапсырма). §3. 3 тақырыпша 3 мысал, «А» - 9, «В» - 10, «С» - 7 (3 есеп ерекше қабілетті оқушыларға арналған) есеп, қайталау есептеріне - 5 есеп. §4. 2 тақырыпша, 9 мысал, «А» - 10, «В» - 16, «С» - 10 (2 есеп \*), қайталау тапсырмаларының - 3 есеп. §5. 2 тақырыпша, 2 мысал, «А» - 7, «В» - 10, «С» - 5 (2\*-лы) және қайталау есептеріне - 4 (1 қабілетті оқушыларға арналған). Тарауға қосымша есептерге жалпы - 20 есеп берілген.

**Әбілқасымова: V тараудан тұрады.**

§1. 2 анықтама, теорема және оның дәлелдеуі, «А» - 4, «В» - 6, «С» - 3. §2. 4 мысал, 2 анықтама берілген. «А» - 10, «В» - 8, «С» - 5. §3. Теорема берілген, оның 2-еуі дәлелдеумен. 6 мысал берілген. «А» - 8, «В» - 6, «С» - 7. §4. 5 мысал берілген. «А» - 14, «В» - 10, «С» - 4. §5 «А» - 4, «В» - 4, «С» - 7. Тарауды қайталауға арналған тест 29 есеп.

**Шыныбеков:**

**II.Квадрат теңдеулер.**

§1. 2 тақырыпша, 3 мысал, «А» - 8, «В» - 9, «С» - 8 (оның 4-уі \*), қайталау есептеріне 3-есеп берілген. §2. 2 тақырыпша, 6 мысал, «А» - 18, «С» - 12, қайталау есептеріне арналған-3 есеп. «В» тобына арналған деңгейлік тапсырма берілмеген. §3. 2 тақырыпша, 4 мысал. «А» - 7, «В» - 11, «С» - 9 (оның екеуі \*), қайталау есептеріне - 3 есеп. §4. 2 тақырыпша, 2 мысал, «А» - 6, «В» - 4, «С» - 8, қайталау есептеріне - 3. §5. 2 тақырыпша 3 мысал, «А» - 7, «В» - 9, «С» - 11, қайталау есептері-2. §6. 2 тақырыпша, 5 мысал, «А» - 4, «В» - 4, «С» - 6 (1 \*). II тарауға арналған қосымша есептерге-16 есеп берілген.

**Әбілқасымова:**

**Квадрат теңдеулер.**

§1. 4 мысал, «А» - 6, «В» - 5, «С» - 4. §2. 3 мысал, «А» - 6, «В» - 7, «С» - 6. §3. 2 теорема дәлелдеуімен, 2 мысал. «А» - 6, «В» - 7, «С» - 10. §4. 2 мысал, «А» - 5, «В» - 6, «С» - 5. §5. 2 мысал, «А» - 4, «В» - 4, «С» - 5. §6. 3 мысал, «А» - 6, «В» - 12, «С» - 8.

Тарауды қайталауға арналған тест тапсырмасында 25 есеп.

**Шыныбеков:**

**III.Квадраттық функция тарауы.**

§1. 3 тақырыпша, 2 мысал, «А» - 6, «В» - 6, «С» - 6 (1 есеп \*), қайталау тапсырмаларының -2 есебімен қамтылған. §2. 3 тақырыпша 3 мысал, «А» - 10, «В» - 12, «С» - 7. қайталау есептеріне тапсырма берілмеген. §3. 4 тақырыпша, 6 мысал, «А» -10, «В» -14, «С» -9 (6\*) есеп берілген. §4. 2 тақырыпша, 6 мысал, «А» - 4, «В» - 5, «С» - 6. (3 есеп қабілетті оқушыларға арналған), қайталау есептеріне-2 есеп. III тарауға қосымша есептерге- 14 есеп.

**Әбілқасымова:**

**Квадраттық функция.**

§1. 4 мысал. «А» - 6, «В» - 5, «С» - 6. §2. 2 мысал. «А» -7, «В» - 5, «С» - 7. §3. 2 мысал. «А» - 6, «В» - 6, «С» - 2. Тарауды қайталауға арналған тест тапсырмасында 25 есеп.

**Шыныбеков:**

**IV.Квадраттық теңсіздіктер.**

§1- тақырыпшасы қабілеті жоғары оқушыларға арналған, тақырып-30 есепті қамтиды, 8 мысал, «А» - 8, «В» -10, «С» - 10, қайталау есептеріне-2. §2. 4 тақырыпша, 6 мысал, «А» - 7, «В» - 10, «С» -11, қайталау есептеріне- 3 есеп берілген. §3. 2 тақырыпша, 2 мысал, «А» - 8, «В» - 8, «С» - 8. қайталау есептеріне -2. §4. 2 тақырыпша, 2 мысал, «А» - 5, «В» - 6, «С» - 5. (1 есеп \*), 2- қайталау есептеріне берілген. §5. 2 тақырыпша, 1 мысал. «А» - 6, «В» - 7, «С» -3. қайталау есептеріне- 4 тапсырма берілген. IV тарауға қосымша есептер саны - 36.[1]

**Әбілқасымова:**

**Квадраттық теңсіздіктер.**

§1. 6 мысал, «А» - 6, «В» - 6, «С» - 5. §2. 3 мысал. «А» - 7, «В» -13, «С» -5. Тарауды қайталауға арналған тест тапсырмасында 25 есеп берілген

**Әбілқасымова:**

**V-тарау. Ықтималдық теориясы және математикалық статистика туралы алғашқы мағұлматтар:** 2 тақырып, 12 жаттығу бар.

**Математиканы тереңдетіп оқытуға арналған қосымша материалдар тарауында:** жалпы- 57 мысал, оның 19- I тарауына, 38- II тарауына берілген: I тарау: §1-ге мысал берілмеген, §2 және § 4-ке 1 мысалдан, §3, §5, §8-ге 4 мысалдан, §6-ға 2, §7-ге 3 мысал; II тарау: §1-ге мысал берілмеген, §2 және §10-ға 3 мысал, §3, §4, §5, §7, §8-ге 4 мысалдан, §6-ға 5, §9-ға 7 мысал берілген.[2]

Қорыта келе, жалпы зерттеу бойынша: Шыныбековтің оқулығында 264 бет, 1005 есеп, 38 тақырып, 56 тақырыпша, 15 анықтама мен 132 мысал берілген.

Әбілқасымованың оқулығында 143 бет, 432 есеп, 38 тақырып, 7 анықтама, 46 мысал берілген.

Екі оқулықты салыстыра отырып, мектеп курсына екі оқулықты бірдей пайдалану керек деген тұжырымға келдім. Өйткені Әбілқасымова жазған оқулық өте ықшамды және есептер саны өте аз. Бұл оқушылардың тақырыпты жеткілікті түсінуіне мүмкіндік жасай алмайды. Және мектеп курсын жақсы білетін кейбір қабілетті оқушылар үшін есептер өте жеңіл. Осы мәселенің шешімін Шыныбековтың оқулығынан табуға болады. Шыныбековтың оқулығының басты ерекшелігі, есептердің күрделілігі, әрі көп есеп шығару арқылы тақырыпты жеткілікті түсінуге болатындығы. Егер мектеп курсынан Әбілқасымова оқулығы алып тасталынып, тек Шыныбековпен оқытылса, ол оқушыларға ауырлық тудырады. Есептердің қиындығы математика пәніне қызығушылығы аз оқушыларды жалықтырып, тақырыпты түсіне алмай қалуына себепші болуы әбден мүмкін. Сондықтан да мектеп курсына екі оқулықты да немесе олардан бір оқулық құрап шығарылса, оқушылардың деңгейіне, білім алуына байланысты салыстырып оқытуға тиімді болады.

**ӘДЕБИЕТ:**

1. А.Н. Шыныбеков. 2012 жыл, «Атамұра» баспасы.
2. А.Абылқасымова, И.Бекбаев, А.Абдиев, З.Жұмағұлова. 2012 жыл. «Мектеп» баспасы  
Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі [Текст] / А. Әбілқасымова, А. К. Көбесов, Д. Р. Рахымбек, Ә. С. Кенеш. - Алматы: Білім, 1998. - 208 б. - ISBN 5-7667-2354-7 : 200 т.
3. Бидосов Ә. Орта мектепте математиканы оқыту методикасы. (Жалпы методика). Алматы, «Мектеп», 1989.



**Молдабаева А.А.**


Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
 Ғылыми жетекші: Ш.Г.Сагитова, математика және МОӘ кафедрасының аға оқытушысы

**ӨНДІРІСТІК ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ  
 ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде өзгерістер болып жатыр. Әсіресе, математиканы оқыту мақсаты мен міндетіне ерекше назар аударылуда. Мектеп оқушылары үшін мемлекеттік стандарт бойынша тек білім алып қана қоймай, сондай-ақ олардан математиканың күнделікті өмірдегі қолданысын да білу талап етіліп отыр. Себебі, табиғаттың рухани және материалдық байлықтарын ұқыпты игеруде өлшеп, есептеп, саралап алмай мәселені шешуге тіптен болмайтыны өзінен-өзі белгілі. Осыған орай, біз математикалық анализ элементтерінің қолданысын көрсету өзекті деп ойлаймыз.

Төменде шынайы өмірде кездесетін өндірістік бірнеше есептер келтірілген.

*1-мысал. Ағаш кесетін жақтауларда* (олар ағашты түзу кесуге арналған) дөңгелек ағашты әдетте шаршы брус және 4 тақтайшаны көлденең қимасының ауданы ең үлкен болатындай етіп кеседі (1 – сурет ). Диаметрі  $d$  болатын дөңгелек ағашты кескенде тақтайшалардың қалыңдықтары қандай болады? [1]



1 – сурет

Шешуі: Суретте көрсетілгендей координат жүйесін аламыз.  $M$  нүктесі тақтайшаның қабырғасында орналасқан. Егер  $\angle MOL = \alpha$ , онда  $M$  нүктесінің координаталары:  $x = r \cos \alpha, y = r \sin \alpha, r = \frac{d}{2}$  болады. Тақтай ені  $MN = 2y$ , қалыңдығы  $PN = x - OL = x - \frac{r}{\sqrt{2}}$ , демек, тақтайдың көлденең қимасының ауданы  $S(\alpha) = 2r^2 \sin \alpha \left( \cos \alpha - \frac{1}{\sqrt{2}} \right) \left( 0 \leq \alpha < \frac{\pi}{4} \right)$ .

Туындысын табамыз:

$$S'(\alpha) = 2r^2 \sin \alpha \left( 2 \cos^2 \alpha - \frac{1}{\sqrt{2}} \cos \alpha - 1 \right).$$


Туынды  $\left[ 0; \frac{\pi}{4} \right]$  аралығында тек  $\alpha_0$  нүктесінде нольге тең болады. Мұндағы,  $\cos \alpha_0 = 0,906$  және  $S(\alpha_0) > 0, S(0) = S\left(\frac{\pi}{4}\right) = 0$ . Демек,  $S$  функциясы  $\alpha_0$  нүктесінде ең үлкен мәнге ие болады, сондықтан тақтайдың қалыңдығы бұл кесуде

$$PN = r \left( \cos \alpha_0 - \frac{\sqrt{2}}{2} \right) = 0,10d.$$

Табылған қатынастар тәжірибе үшін маңызды болып табылады. Ол ағашты кеспес бұрын, алынған тақтайлар стандартқа сәйкес келетіндігін, яғни берілген дөңгелек ағашты осылай кесу қолайлылығын анықтайды.

*2-мысал. Дөңестегі көрініс.* 2 – суретте  $AOB$  сынық сызығы  $\alpha$  сыну бұрышымен автокөлік жолының қисық бетін бейнелейді.  $C$  нүктесіндегі автомобиль жүргізушісі ( $C'$  – жүргізуші көзінің көру деңгейі),  $OB$  аймағында ұзындығы бойынша  $POB$  бұрышының сыртында болатын кедергілерді

ғана көре алады. Жеңіл көліктердің жүргізушілері жолдың осыаймағында бір-бірінен қандай қысқа қашықтықта қарсы келе жатқан көлікті көре алмайды?[2,3]



2-сурет

Шешуі: Қарсы келе жатқан көліктердің бір-біріне көріне басталу мезеті  $C'OD'$  сызығы түзу болатындай  $C$  мен  $D$  нүктенің орналасуымен сипатталады.  $C$  нүктесінің орнының өзгеруі  $D$  нүктенің де орнының өзгеруіне әкеледі, демек,  $r=OC+OD$  көліктердің көріне басталу мезетіндегі арақашықтық та өзгереді. Ал біз  $C$  нүктенің қандай орналасу жағдайында  $r$  ең кіші мән қабылдайтыны қызықты.

$C$  нүктесінің орналасуы  $\angle C'OC'$  бұрышының шамасымен анықталады.

Айталық,  $\angle C'OC' = x$  болсын.  $CC' = DD' = d$ . Онда

$$r(x) = \frac{d}{\operatorname{tg} x} + \frac{d}{\operatorname{tg}(\alpha - x)}.$$

$\alpha$  және  $x$  ақырсыз аз болса,  $\operatorname{tg} x \approx x$ ,  $\operatorname{tg}(\alpha - x) \approx \alpha - x$  ( $\alpha$  және  $x$  бұрыштардың радиандық өлшеуі). Сондықтан  $r(x)$  үшін жол мамандары қарапайым формуланы қолданады:

$$r(x) = \frac{d}{x} + \frac{d}{\alpha - x}$$

$r$  функциясы  $(0; \alpha)$  интервалында анықталған.  $r$  функциясының туындысын тауып, оны жалғыз сындық  $x = \frac{\alpha}{2}$  нүктесінің оң жағынан және сол жағынан таңбасын зерттеу керек.  $r$  функциясы  $x = \frac{\alpha}{2}$  нүктесінде ең кіші мән қабылдайтынын анықтаймыз және ол мынаған тең:  $\frac{4d}{\alpha}$ .

Сонымен, қарсы бағытта кездескен жеңіл көлік жүргізушілері  $\alpha$  сыну бұрышымен дөңесте  $\frac{4d}{\alpha}$  қашықтыққа жақындамайынша бір – бірін көрмейді, мұндағы  $d=1,2$  м. Бұл табылған нәтиже жолдарды жобалау тәжірибесінде ескеріледі. Егер  $r < \frac{4d}{\alpha}$  болса, онда жолдың дөңестігін төмендетеді.

Жалпы, жоғары оқу орындарында математикалық анализ курсы бойынша оның кейбір элементтерінің, атап айтқанда, туынды, анықталған интеграл, еселі интеграл, сандық және функциялық қатарлардың т.с.с. қолданысы оқу бағдарламасына сай оқытылады. Аталған мақалада математикалық анализ элементтерінің өндірістік есептердегі қолданысын қарастырдық. Мұндай есептерді қарастыру және оларды шешу жолдарын оқып-үйрену білім алушылар үшін маңызды болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Петров В.А. Математический анализ в производственных задачах: Учеб. пособие для студентов заоч. отд-ний физ.-мат. фак. пединститутов / Моск. гос. заоч. пед. ин-т. – М.: Просвещение, 1990. – С. 19-20
2. Бируля А.К. Проектирование автомобильных дорог. – М., 1961. – С. 31-32
3. Моргунов В.И. Эффект обучения на производстве: Экономический и математический анализ. Москва, Моск.гос.университет.– М., 2012. – С. 25-26

### ПРИМЕНЕНИЕ ПРОИЗВОДНОЙ ПРИ РЕШЕНИИ ПРОИЗВОДСТВЕННО-ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Исторически понятие производной возникло из практики. Скорость неравномерного движения, плотность неоднородной материальной линии, а также тангенс угла наклона касательной к кривой и другие величины явились прообразом понятия производной. Возникнув из практики, понятие производной получило обобщаемый, абстрактный смысл, что еще более усилило его прикладное значение. Создание дифференциального исчисления чрезвычайно расширило возможности применения математических методов в естествознании и технике. [1]

В настоящее время понятие производной находит большое применение в различных областях науки и техники.

Производная относится к числу математических понятий, которые носят межпредметный характер и широко применяются в физике, химии, биологии и так далее. Приведем несколько наиболее интересных на наш взгляд задач. [2, 3]

*Пример 1.* Предприятие производит  $X$  единиц продукции. Установлено, что зависимость финансовых накоплений от объема выпуска задается формулой:

$$f(x) = -0,02x^3 + 600x - 1000.$$

Определить максимально возможную величину финансовых накоплений. [4]

*Решение:*

1) Из экономического смысла переменной определяем, что она должна быть неотрицательной, т.е.  $x \in (0, \infty)$

2)  $f'(x) = -0,06x^2 + 600$

3)  $f'(x) = 0$  при  $x = 100$  и  $x = -100$ , критическая точка  $x = -100$  не удовлетворяет экономическому смыслу задачи, и в дальнейшем рассматриваться не будет.

4)  $f(x) = f(100) = 39000$  максимум

*Вывод:* финансовые накопления предприятия растут при увеличении объема производства до 100 единиц, достигая суммы 39000 ден. единиц. При этом дальнейший рост производства нецелесообразен, т.к. он приведёт к сокращению финансовых накоплений.

*Пример 2.* Цементный завод производит  $X$  тонн цемента в день. По договору он должен ежедневно поставлять строительной фирме не менее 20 тонн цемента. Производственные мощности завода таковы, что выпуск не может превышать 90 тонн в день. Определить:

1) при каком объеме производства удельные затраты производства будут наибольшими (наименьшими);

2) выгодно ли строительной фирме быть единственным партнёром завода. [3]

Функция суммарных затрат имеет вид:  $K = -x^3 + 98x^2 + 200x$ .

*Решение:*

1. При данном объеме производства удельные затраты составят:

$$f(x) = \frac{K}{x} = -x^2 + 98x + 200$$

2. Наша задача сводится к отысканию наибольшего и наименьшего значений функции на промежутке  $[20, 90]$

3.  $f'(x) = -2x + 98$  Критические точки:  $f'(x) = 0$

$$f'(x) = -2x + 98 = 0, \quad x = 49, \quad 49 \in [20, 90]$$

4.  $f(20) = 1760, \quad f(49) = 2601, \quad f(90) = 920,$

*Вывод:* 1) наибольшая величина затрат на единицу продукции составит 2601 ден. единицу при выпуске 49 тонн цемента в день, а наименьшая 920 ден. единиц при выпуске 90 тонн цемента в день.

2) фирме не выгодно быть единственным потребителем цемента, т.к. она переплачивает за товар.

Вопрос: каковы должны быть ближайшие шаги руководства заводом?

Ответ: срочный поиск новых потребителей, иначе завод рискует потерять и тех клиентов, которых имеет.

Таким образом, при выпуске 49 тонн цемента в день удельные издержки максимальны, это экономически не выгодно, а при выпуске 90 тонн в день минимально, следовательно, можно посоветовать работать заводу на предельной мощности и находить возможности усовершенствовать технологию, так как дальше будет действовать закон убывающей доходности. И без реконструкции нельзя будет увеличить выпуск продукции.

В физике производная применяется в основном для вычисления наибольших или наименьших значений каких-либо величин.

*Пример 3.* Тело массой 8 кг движется прямолинейно по закону  $S = 2t^2 + 3t - 1$ . Найти кинетическую энергию тела ( $\frac{mv^2}{2}$ ) через 3 секунды после начала движения. [5]

*Решение:* Найдем скорость движения тела в любой момент времени:

$$v(t) = S'(t) = (2t^2 + 3t - 1)' = 4t + 3$$

Вычислим скорость тела в момент времени  $t = 3$ :

$$v(t = 3) = 4 \cdot 3 + 3 = 15 \text{ (м/с)}.$$

Определим кинетическую энергию тела в момент времени  $t = 3$ :

$$\frac{mv^2}{2} = 8 \cdot \frac{15^2}{2} = 900 \text{ (Дж)}.$$

*Пример 4.* Автомобиль приближается к мосту со скоростью 72 км/ч. У моста висит дорожный знак «36км/ч». За 7 сек до въезда на мост, водитель нажал на тормозную педаль. С разрешаемой ли скоростью автомобиль въехал на мост, если тормозной путь определяется формулой [6]

$$S = 20t - t^2.$$

*Решение.* Найдем производную  $s'(t) = 20 - 2t$ , а так как нам нужно найти скорость за  $t = 7$  сек до моста, т.е. скорость в момент времени  $t = 7$  сек.

$$\text{Находим } s'(7) = 20 - 2 \cdot 7 = 6.$$

Зная, что  $v(t) = s'(t)$ , т.е.  $v(7) = s'(7) = 6$  м/с.

*Ответ:* Да, т.к. скорость через 7 сек. будет равна 6 м/с.

Рассмотренные выше примеры практических задач, дают нам ясное представление значимости производной для их разрешимости.

Трудно назвать научную область, в которой бы не применялись методы дифференциального исчисления, в общем, и задачи с использованием производной, в частности.

#### ЛИТЕРАТУРА:

- 1 Крамор В.С. Повторяем и систематизируем школьный курс алгебры и начала анализа. Учебное пособие. – Москва: Просвещение, 2008. – С. 269-310
- 2 Терешин, Н. А. 2000 задач по алгебре и началам анализа 10 класс. – Москва: Просвещение, 1998. – С. 213
- 3 Ивлев Б.М. Дидактические материалы по алгебре и началам анализа для 11 класса – Москва: Просвещение, 2009.- С.113
- 4 Солодовников А.С. Математика в экономике. – Москва: Финансы и статистика, 2005. –С.463-464
- 5 Дорофеев, Г. В. Сборник заданий для подготовки и проведения письменного экзамена по алгебре и началам анализа за курс средней школы. 11 класс. – Москва: Дрофа, 2007.–С. 157
- 6 Абылкасымова, А. Е. Алгебра и начала анализа. Учеб. Для 11 кл. естеств.-мат.напр. общеобразоват. шк. – Алматы: «Мектеп», 2007. –С. 205-207

Тоқтасынова Қ.Т.

Семей қаласының Шәкірім атындағы мемлекеттік университетінің  
«5В010900» - математика мамандығының студенті  
Ғылыми жетекшісі – Ерденова А.Қ.,

### ЛОГАРИФМДІК ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Теңсіздіктерді шешудің көптеген әдістері бар. Олар: тепе-тең көшу, теңсіздіктерді аралықта шешу, алмастыру, интервалдардың жалпылама әдісі және т.б. Сонымен қатар, теңсіздіктерді шешу үшін бірқатар стандартты емес әдістерді қолдануға болады: рационалдан құтылу әдісі, бағалау әдісі, атап айтқанда, классикалық теңсіздіктерді пайдаланып шығару.

Енді осы әдістерге тоқталайық, алдымен тепе-тең көшу әдісін қарастырайық. Теңсіздіктерді шешу кезінде түрлендіруді пайдаланса, теңсіздіктің шешімдер жиыны не өзгермейді, не кеңейеді. Сондықтан да, теңсіздікті түрлендірудің қайсысы тепе-тең және қандай жағдайда олардың болатындығын білу маңызды.

Негіздері тұрақты логарифмдер қолданылатын мысалдардан бастайық. Айталық, логарифмдік теңсіздікті

$$\log_a f(x) \leq \log_a g(x)$$

түріне келтірдік делік. Бұл теңсіздікті шешу үшін төмендегі схемалардың біреуін қолданамыз. Егер  $a > 1$ , онда

$$\log_a f(x) \leq \log_a g(x) \Leftrightarrow \begin{cases} f(x) \leq g(x) \\ f(x) > 0 \end{cases} \quad (1)$$

Егер  $0 < a < 1$ , онда

$$\log_a f(x) \leq \log_a g(x) \Leftrightarrow \begin{cases} f(x) \geq g(x) \\ g(x) > 0 \end{cases} \quad (2)$$

Логарифмдік теңсіздікті (1)-(2) схеманы қолданып шешудің негізінде  $(0; +\infty)$  жиынында  $y = \log_a t$  функциясының монотондылық қасиеті жатыр:  $a > 1$  болғанда функция өспелі, ал  $0 < a < 1$  болғанда функция кемімелі болады. Теңсіздіктегі белгісіздің анықталу облысын аралықтарға бөліктеу кейбір теңсіздіктерді ықшамдауға көмектеседі. Бұл жағдайда теңсіздіктер әрбір аралықта жеке жеке есептелінеді.

Мысал 1. Теңсіздікті шешіңіз

$$\frac{\log_4(2-x) - \log_{14}(2-x)}{\log_{14}x - \log_{49}x} \leq \log_4 49.$$

Шешімі. Теңсіздіктің екі жағы да анықталатын  $x$  мәні келесі шарттармен беріледі:

$$\begin{cases} 2-x > 0 \\ x > 0 \\ \log_{14}x - \log_{49}x \neq 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x < 2 \\ x > 0 \\ \log_{14}x \neq \log_{49}x \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x < 2 \\ x > 0 \\ x \neq 1 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} 0 < x < 1 \\ 1 < x < 2. \end{cases}$$

Осындай  $x$ -тар үшін берілген теңсіздіктің сол жағын түрлендіреміз:

$$\begin{aligned} \frac{\frac{1}{2} \log_2(2-x) - \frac{\log_2(2-x)}{\log_2 14}}{\frac{\log_2 x}{\log_2 14} - \frac{\log_2 x}{\log_2 49}} &= \frac{\log_2(2-x) \cdot \left(\frac{1}{2} - \frac{1}{\log_2 14}\right)}{\log_2 x \cdot \left(\frac{1}{\log_2 14} - \frac{1}{\log_2 49}\right)} = \frac{\log_2(2-x) \cdot \left(\frac{\log_2 14 - 2}{2 \cdot \log_2 14}\right)}{\log_2 x \cdot \left(\frac{\log_2 49 - \log_2 14}{\log_2 14 \cdot \log_2 49}\right)} \\ &= \frac{\log_2(2-x) \cdot (\log_2 14 - 2) \cdot \log_2 7^2}{\log_2 x \cdot 2 \cdot (\log_2 7^2 - \log_2 14)} = \frac{\log_2(2-x) \cdot (\log_2 7 - 1) \cdot \log_2 7}{\log_2 x \cdot (\log_2 7 - 1)} \\ &= \frac{\log_2(2-x)}{\log_2 x} \cdot \log_2 7. \\ \frac{\log_2(2-x)}{\log_2 x} \cdot \log_2 7 &\leq \log_4 49 \Leftrightarrow \frac{\log_2(2-x)}{\log_2 x} \leq 1 \end{aligned}$$



Екі жағдайды қарастырамыз. 1.  $0 < x < 1$  болсын. Онда  $\log_2 x < 0$ , сондықтан соңғы теңсіздік  $\log_2(2-x) \leq \log_2 x$  теңсіздігіне тең. Бұл жерден  $2-x \geq x \Leftrightarrow x \leq 1$ . Қарастырылып отырған аралықта мынаны аламыз:  $0 < x < 1$ .

2.  $1 < x < 2$  болсын. Онда  $\log_2 x > 0$ , сондықтан соңғы теңсіздік  $\log_2(2-x) \geq \log_2 x$  теңсіздігіне тең. Бұл жерден  $2-x \leq x \Leftrightarrow x \geq 1$ . Қарастырылып отырған аралықта мынаны аламыз:  $1 < x < 2$ . Алынған екі жауапты біріктіріп, мына жауапты  $x \in (0; 1) \cup (1; 2)$  аламыз. Енді негізінде айнымалысы бар логарифмдік теңсіздікті шешуді қарастырайық, яғни  $\log_{h(x)} f(x) \leq \log_{h(x)} g(x)$

түріндегі теңсіздік. Алдында айтып өткеніміздей, берілген теңсіздік тепе-тең теңсіздік жүйесімен бірдей.

$$\log_{h(x)} f(x) \leq \log_{h(x)} g(x) \Leftrightarrow \begin{cases} h(x) > 1 \\ 0 < f(x) \leq g(x) \\ 0 < h(x) < 1 \\ 0 < g(x) \leq f(x) \end{cases} \quad (3)$$

Мысал 2. Теңсіздікті шешіңіз:  $\log_{|x+2|}(4 + 7x - 2x^2) \leq 2$ . Бұл мысалды тепе-тең көшу мен рационалды шешу әдісімен салыстырып шешейік:

Тепе-тең көшу	Рационалды
$\log_{ x+2 }(4 + 7x - 2x^2) \leq 2$ $\log_{ x+2 }(4 + 7x - 2x^2) \leq \log_{ x+2 }(x + 2)^2$ $\begin{cases} 0 <  x + 2  < 1 \\ 4 + 7x - 2x^2 \geq (x + 2)^2 \\ (x + 2)^2 > 0 \end{cases}$ $\begin{cases}  x + 2  > 1 \\ 4 + 7x - 2x^2 \leq (x + 2)^2 \\ 4 + 7x - 2x^2 > 0 \end{cases}$ $\left[ \begin{cases} [0 < x + 2 < 1,] \\ [-1 < x + 2 < 0] \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} 4 + 7x - 2x^2 - x^2 - 4x - 4 \geq 0, \\ x + 2 \neq 0, \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} [x + 2 > 1,] \\ [x + 2 < -1,] \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} 4 + 7x - 2x^2 - x^2 - 4x - 4 \leq 0, \\ 4 + 7x - 2x^2 > 0 \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} [-2 < x < -1,] \\ [-3 < x < -2] \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} 3x - 3x^2 \geq 0, \\ x \neq -2 \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} [x > -1,] \\ [x < -3,] \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} 3x - 3x^2 \leq 0, \\ (4 + 7x - 2x^2 > 0,) \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} [-2 < x < -1,] \\ [-3 < x < -2] \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} x(x - 1) \leq 0, \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} [x > -1,] \\ [x < -3,] \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} x(x - 1) \geq 0 \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} 2 \left(x + \frac{1}{2}\right)(x - 4) < 0 \end{cases} \right]$	$\log_{ x+2 }(4 + 7x - 2x^2) \leq 2$ $\log_{ x+2 }(4 + 7x - 2x^2) \leq \log_{ x+2 }(x + 2)^2$ $\begin{cases}  x + 2  > 0, \\  x + 2  \neq 1, \\ 4 + 7x - 2x^2 > 0, \\ ( x + 2  - 1)(4 + 7x - 2x^2 - x^2 - 4x - 4) \leq 0 \\ x + 2 \neq 0, \\ x \neq -1, \\ x \neq -3, \\ 2 \left(x + \frac{1}{2}\right)(x - 4) < 0, \\ (x + 2 - 1)(x + 2 + 1)(-3x^2 + 3x) \leq 0 \end{cases}$ $\left[ \begin{cases} x \neq -3 \\ x \neq -1 \\ x \neq -2 \\ -\frac{1}{2} < x < 4 \end{cases} \right]$ $\left[ \begin{cases} x(x + 1)(x + 3)(x - 1) \geq 0 \\ -\frac{1}{2} < x \leq 0 \\ 1 \leq x < 4 \end{cases} \right]$
<p>Бірінші жүйенің шешімі жоқ. Екінші жүйенің шешімі төменде көрсетілген:</p> $\left[ \begin{cases} -\frac{1}{2} < x \leq 0 \\ 1 \leq x < 4 \end{cases} \right]$  <p>Жауабы: <math>\left(-\frac{1}{2}; 0\right] \cup [1; 4)</math></p>	 <p>Жауабы:  <math>\left(-\frac{1}{2}; 0\right] \cup [1; 4)</math></p>

## ӘДЕБИЕТ:

1. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / А.Е. Әбілқасымова, және т.б.– Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007.-160 бет
2. Методика преподавания математики в средней школе: Общая методика: Уч. пос. для студ. пед. инст-в по спец. 2014 «Математика» и 2105 «Физика» / А. Блох, Е.С. Канин и др. Сост. Е.С. Черкасов, А.А. Столяр.-М.:Просвещение, 1985.-336 с
3. МАТЕМАТИКА ЕГЭ 2011 (типовые задания С3) Методы решения неравенств с одной переменной Корянов А.Г., г. Брянск, Прокофьев А.А., г. Москва

УДК 372.8

### Жамбулатова Ә.Ж.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: И.С.Мусатаева, п.ғ.к., Информатика ж/е АТ кафедрасының доценті м.а.

## РОБОТТЕХНИКАСЫН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Роботтар – қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғарғы технологияларының бірі. Робот техникасы – роботтарды әзірлеу мен оларды қолданумен, сонымен қатар, оларды басқару үшін компьютер жүйелерімен, сенсорлық кері байланыс және ақпаратты өңдеумен байланысты техника саласы. Қазіргі кезде роботтар өміріміздің көптеген саласына, атап айтқанда, ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа да салаларға еніп үлгерді.

Жаңа ҚР мемлекеттік орта білім стандарттарына сай Роботтехникасын оқыту мектеп информатикасы курсының мазмұнына енгізілген. Сондықтан, берілген курстың ролін қарастырған өте актуалды болады. Қазақстан Республикасында өнеркәсіптің жеделдетіле индустрияландырылуы, жаңа технологиялардың қарқынды дамуы өскелең ұрпақты жоғарғы білікті техникалық сала мамандары ретінде даярлауды талап етеді. Роботтехника элементтерін мектеп пәніне кірістіру арқылы оқушыларды қызықтыруға, оқу қызметін түрлендіруге, топтық оқытудың белсенді әдістерін қолдануға, тапсырмаларды практикаға бағыттап шешуге мүмкіндік береді. Нақты роботтарды бағдарламалау арқылы оқушылар математика заңдылықтарын оқулықтың беттерінен ғана емес, қоршаған әлемде де көре алады. Lego Mindstorms NXT конструкторларын қолдану арқылы мектеп пәндеріне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Роботтарды бағдарламалау, кибернетика, физиология мен психология саласынан мұғалімнің арнайы дайындығы және әдістемелік материалдардың бар болуымен, информатиканың математика және физикамен пәнаралық қатынастарын оңай ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде роботтехникасының конструкторлары химия, физика, биология, математика, физика, тіршілік қауіпсіздігі негіздері пәндерінен демонстрациялық оқу эксперименттерін өткізуде қолданылады. Бұның барлығы баланы нақты әлем заңдарымен таныстыруға мүмкіндік береді.

Бірақ, роботтехниканы білім беру үрдісіне енгізуде бірқатар кедергілер бар. Роботтехниканы оқытуда жүзеге асыру үшін қосымша сабақтарды ұйымдастыруға уақыт қажет, және сабаққа жаңа технологияны енгізу үшін уақыт қажет болғандықтан, оқу бағдарламасын қайта құруды қажет етеді.

Қазіргі кезде бұл мәселелерді ішінара түзетуге келеді. Соңғы кездерде жаңа технологияны жекелей түрде үйренуге болатын және роботтармен жұмыс істеуді үйрететін көптеген қашықтықтан оқыту курстары құрылған. Мұндай курстар қолжетімді теориялық материалдар, практикалық тапсырмалар, туындаған мәселелер бойынша кеңес беруді ұсынады. Оларды оқушылар сабақ кезінен бос уақытта оқи алады.

Сонымен қатар, роботтехникасының білім берудің әр сатыларында әртүрлі мақсаты болады. Сондықтан, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі типті конструкторлар қолданылу, әртүрлі іс-шаралар өткізу, түрлі тақырыптарды зерттеу ұсынылады. Бүгінде, бұл роботтехникасы бойынша арнайы үйірмелер, факультатив және элективті курстар ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Бастауыш сыныптарға құрастыруды және бастапқы техникалық модельдеуді қарастыруға болады. Ол үшін Lego конструкторларның кез келген модификациясын және нұсқаулық бойынша 12

модельді құрастыруға мүмкіндік беретін «WeDo» конструкторын қолдануға болады. Компьютермен бағдарламалау арқылы оқушы өз модельдеріне парасат бере алады.

Орта буын сыныптарында роботтардың модельдеу және бағдарламалау деңгейі жоғарылай түседі. Негізгі құрал ретінде ЛЕГО-ның Mindstorms NXT конструкторлары ұсынуға болады. Vernier датчиктерін қолдану арқылы әртүрлі заттарға түрлі эксперименттер жасауға болады.

Жоғары буын сыныптарында бағдарламалауды зерттеу тереңдетіледі және роботтехникасының кешенді жобалауының қиындық деңгейі өседі. Робототехниканың кешенді дамуының бір нұсқасы болып сандық бағдарламалармен басқарылатын станоктар саналады. Жоғары сынып оқушылары үйрене алатын бағдарламалау тілі болып LabVIEW табылады. [1].

Роботтехникасын оқыту үшін оқытушылар жаратылыстану-ғылыми бағыттағы математика, физика, информатика және т.б. пәндер бойынша робот техникасы, инженерлік дизайн және технология негіздерін зерттеуі қажет.

Практикалық жобаларды орындау принципіне негізделіп құрастырылатын курста робот техникасы және инженерлік жүйелерді жобалау саласы бойынша білім негіздері мен дағдылары меңгертілуі керек. Оқушылар курс барысында әртүрлі есептерді шығару үшін роботтардың үлгілерін әзірлейді, оларды жасау техникасын бағдарламалайды және роботтар құрастырады. Курстың теориялық материалдары практикалық бөлігімен сәйкестендірілетін болады. Оқушылар 2 немесе 3 адамнан тұратын топта жұмыс жасай, күрделі роботтарды жинақтай және тестілеуден өткізе алады. Курс жұмысын роботтар жарысымен аяқтауға болады. [2]

Оқытушылар өз сабақтарында білім алушылардың инженерлік, конструкторлық, шығармашылық қабілеті мен әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін алдыңғы деңгейлі LEGO® MINDSTORMS® EV3 оқу конструкторлары пайдалануына болады.

#### **Курс соңында оқушылар:**

- робот техникасы дамуының тарихы және білім негіздері туралы;
- роботтардың қабылдау, жоспарлау, жауап берулеріне қатысты негізгі тәсілдерін *білуі қажет.*

#### **Роботтехникасы сабағында оқушылар:**

- түрлі мақсаттағы міндеттерді жүзеге асыру үшін роботтарды жобалай;
- робот техникасы жүйелеріндегі датчиктер мен моторларды қолдана;
- қарапайым роботтарды басқара;
- жоспарланған концепцияларды сипаттай және таныстыра;
- LEGO® MINDSTORMS® Education EV3 және LEGO® Digital Designer бағдарламаларында жұмыс жасай ала;
- математика, физика, геометрия және информатика пәндерінде алған теориялық білімдерін робот техникасы жүйелерінде қолдана;
- алған білімдерін топтық және жобалық тапсырмалар кезінде қолдана;
- бірнеше дереккөзден алынған ақпараттарды синтездей т.б. жұмыстарды *жүзеге асыра алуы керек.*

#### **Оқушылар курс соңында:**

- білім алуға арналған конструкторларды пайдалану арқылы роботтарды жинастыруға, модельдеуге және құрастыруға;
- роботтарды визуалды графикалық ортада бағдарламалауға;
- топтық, зерттеушілік және эксперименталды жұмыстарды жасауға *дағдыланылады.*

#### **Оқушылар курс соңында:**

- алгоритмдеу және бағдарламалау арқылы роботтар секілді күрделі жүйелерді модельдеуге болатынын;
- робот техникасы курсы бойынша алған білімі ғылым, техника, медицина, білім беру және мәдениет салаларының дамуына ықпал ететінін;
- робот техникасы курсына алған есептеу және ойлау дағдыларын әртүрлі жағдайда туындаған күрделі жайттарға талдау жасау кезінде қолдануға болатынын;
- құрастыру, модельдеу және бағдарламалау дағдыларын пайдалану адамның түрлі салалардағы қызметін жеңілдету және жақсарға қажетті құрал-жабдықтар жасауға және тың ойлардың пайда болуына ықпал ететінін *түсінеді.*

Мектепте робототехника оқушыларға 21 ғасыр технологияларын көрсетеді, олардың коммуникативті қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, өзара қарым-қатынасты дамытады, өздік шешім



кабылдай білу, олардың шығармашылық потенциалын ашады. Оқушылар өздігінен құрып немесе ойлап тапқанда жақсы түсіне бастайды. Робототехника бойынша іс-шараларды ұйымдастыруда бұл факт жай ғана есепке алынбайды, расымен де қолданылады.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Ершов М.Г. Роль образовательной робототехники в формировании инженерного мышления школьников. - электрондық ресурс – URL:<http://confer.cschool.perm.ru/tezis/Ershov.doc>
2. Никитин К.Д. Основы робототехники. -электрондық ресурс - URL:<http://www.bibliotekar.ru/7-robot/1.htm>

УДК:371.13

#### Жарылқасын А.Б.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Рысжанова А.С. Информатика және ИТ кафедрасының аға оқытушысы

### ИНТЕРАКТИВТІ ПРЕЗЕНТАЦИЯ ЖАСАУ

**Интерактивті презентация** - бұл , экрандағы объектіні таңдауға тәуелді презентация болып табылады. Слайдтағы әрбір объекті ол мәтін болсың, кескін немесе графикалық форма болсың іс-әрекет жасайтындай жасауға болады. Ол іс-әрекет презентацияны көрсетілім жасағанда әрекет ете алады.


Интерактивті презентацияны жасаудың әртүрлі жолдары бар. Соның ішінде мен интерактивті презентацияны Microsoft PowerPoint және Visual Basic-тің ықшамдалған нұсқасы Microsoft Visual for Application (қолданбалы Визуал Бейсик) арқылы жасауды қарастырдым.

Интерактивті презентация жайлы айтпас бұрын алдымен Microsoft PowerPoint және Visual Basic жайлы тоқталайық.

**Microsoft PowerPoint** – Microsoft Office-тің құрамындағы, көрмелік мәліметтер дайындауға арналған программа. Программа қарапайым болғандықтан, онымен жұмыс жасаған өте жеңіл қолайлы болып табылады. PowerPoint бағдарламасы арқылы мәтіні, кескіндері, суреттері, сызбалары, анимациясы, диаграммалары, бейнелері мен т.б. бар слайдтарды жасауға, қарап шығуға және көрсетуге болады.

Ал, Visual Basic-ке келетін болсақ. Қазіргі уақытта программалаудың кең тараған программалау тілі - **VISUAL BASIC**. Visual Basic - Microsoft компаниясының өнімі. Ол шағын бағдарламалар жасауға арналған бағдарлама және бағдарламалау тілінің ең оңайы. WINDOWS ортасында визуальды графикалық интерфейсті пайдаланып жұмыс істейтін программалау тілі. Visual Basic-тің ықшамдалған нұсқасы Microsoft Word, PowerPoint, Excel, Access және т.б. қолданбалар құрамына енгізіледі. Microsoft Visual Basic арқылы Microsoft Office –тің әрі қарай жетілуіне сенім арттыруға болады және ол Клиент-Сервер технологиялары арқылы құрылып мәліметтер қорын басқарады. Visual Basic пакеті қолданбалы интерфейстер құру үшін стандартты ортаны ғана емес сонымен қатар есептерді шешуге де өзінің қолайлы ортасын ұсынады. Visual Basic –тің бір жақсысы, ол дайын кітапханалардан процедураны шақырып ала-алады.


Енді, интерактивті жасалу жолдарын қарастырайық. Кез келген PowerPoint бағдарламасында Visual Basic бағдарламасы жоғарғы меню тақтасында шығып тұрмайды. Бағдарламаны жоғарғы менюға іске қосы үшін белгілі бір баптаулар жасауды қажет етеді. Ол үшін **ПАРАМЕТРЫ - НАСТРОИТЬ ЛЕНТУ - РАЗРАБОТЧИК** батырмалары арқылы баптауларын жүргіземіз.



(1-сурет)

Барлық баптауларды жасағаннан кейін жоғарғы меню тақтасында **РАЗРАБОТЧИК** бөлімі пайда болады. (1-сурет)

Разработчик бөліміндегі БАСҚАРУ ЭЛЕМЕНТІНДЕГІ кез келген объектіні қойып тышқан батырмасын екі рет шертсек, **Microsoft Visual Basic for Applications** терезесі ашылады. (2- сурет)



(2-сурет)

Слайд бетіне объектілер қойлағаннан кейін жанама менюда да өзгерістер пайда болады. Мысалы, Сохранить как рисунок, Страница свойства т.б.

Интерактивті презентация жасау барысында кез келген объектіге команда жазу арқылы әрекет жасатуға болады.

Мысалы, ақпарат өлшем бірліктерін шығару үшін 2 мәтін жолы, 1 батырма қажет. Батырмаға жазылатын команда төмендегідей.


```
Private Sub CommandButton1_Click()
бит = Val(TextBox1.Text)
байт = бит / 8
TextBox2.Text = байт & "байт"
TextBox1.Text = Val(TextBox1.Text)
End Sub
```



### Интерактивті презентация жасауда есте сақтау қажет:

Интерактивті презентацияның барлық батырмалары басқа компьютерде ашқан кезде жұмыс істеу үшін макростардың орындалуын қосу қажет. Меню жолындағы РАЗРАБОТЧИК бөлімінде БЕЗОПАСНОСТЬ МАКРОСОВ арқылы қарай ВКЛЮЧИТЬ ВСЕ МАКРОСЫ

Және интерактивті презентацияны жасап болғаннан кейін файл түрін *Презентация PowerPoint с поддержкой макросов (\*.pptm)* тандау қажет. (4-сурет)



(4-сурет)

Қортындылайтын болсам, интерактивті презентация– бұл , экрандағы объектіні тандауға тәуелді презентация болып табылады. Слайдтағы әрбір объекті ол мәтін болсын, кескін немесе

графикалық форма болсын іс–әрекет жасайтындай жасауға болады. Ол іс–әрекет презентацияны көрсетілім жасағанда әрекет ете алады.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Информатика :оқу құралы / Н.В. Королёва, Н.В. Кайдаш. - Алматы : Бастау, 2012. - 504 б.
2. Информатика Оқу құралы / Е.А. Нысанов, П.А. Қожабекова.- Алматы: Эверо, 2015.- 204б.
3. КоксД.,ЛамбертД. Microsoft PowerPoint 2013. Шаг за шагом. - Москва: Эком, 2014 ж – 496 б
4. Уоллес Вонг Microsoft Office 2013 для чайников – Москва : Диалектика, 2014 ж. – 400 б
5. В. Леонтьев «Office 2016. Новейший самоучитель» Эксмо, 2015 год, 368 бет.

УДК:371.13

**Төлеуханова А.С.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Сембаев Т.М. Информатика және ИТ кафедрасының оқытушысы

### **КОМПЬЮТЕРЛІК АРХИТЕКТУРА ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР**

Қазіргі кезде мектептегі оқу процесіне сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерінен басқа, дәстүрлі емес түрлері де пайда болуда. Ол, әрине қоғамның жаңару, жетілдіру жағдайында білім беру саласын реформалаумен тығыз байланысты іске асуда. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың мұндай дәстүрлі емес түрлері көбіне оның жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат әрбір сабақтың оқу тәрбиелілік мүмкіндіктерінің мол екенін көрсете отыра, оны жаңа сапалық сатыға көтеру.

**КОМПЬЮТЕР АРХИТЕКТУРАСЫ** – дербес компьютерді құрастырудың жалпы принципі; командалар жүйесі мен мәлімет сақтауды ұйымдастыру, басқа жерге ақпарат жөнелту, енгізу-шығару, басқару құрылғыларын, пайдаланылатын интерфейс құралдарын сипаттау жүйелерінен тұрады.[3]

**Әдіс** (метод) дегеніз –әр ғылымның тек өзіне ғана тән арнаулы зерттеу жолы, амалы. Яғни ол –әр ғылымның өз нысанын теориялық тұрғыдан зерттеуде қолданылатын амал-тәсілдердің жиынтығы.[2]

#### **Джигсо әдісі**

Джигсо әдісі 1971 жылы америкалық ғалым Эллиот Аронсон ойлап тапқан. «Джигсо» әдісі арқылы оқушының логикалық қабілетін дамыту.Джигсо – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады.

Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл “жанұя” топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 өз алдына “жұмыс” тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға “жұмыс тобында” мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті “жанұя топ” оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет.[2]

Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді.

ДЖИГСО стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ, мұғалімді, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйренеді.

Бұл әдісті қолдануға тақырып ретінде «Компьютердің енгізу-шығару құрылғылары » тақырыбын алайық. Бұл әдісті қолдану арқылы сабақ өткізу біршама оңайлайды. Сабақ барысында уақыт тиімді пайдаланылып, оқушылар бір-бірлеріне түсіндіргеннен кейін тақырып мазмұны оңай түсіндіріледі.[2]

Бұл әдістің артықшылығы

- Уақыттың тиімді пайдаланылуы
- Тақырыптың оңай жеткіз білулік

- Білім алушыларды топтық жұмысқа баулу
- Бұл әдістің кемшілігі:
- Білім алушылардың білімнің толығымен бағалай алмауда
- Білім алушылардың барлығының тақырыпты меңгеруін біле алмауда

#### **«Кубизм» әдісі**

Мысалы өз сабағымда жие пайдаланатын «Кубизм» әдісі мен үшін өте тиімді болып саналады. Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызады. «Кубизм» әдісі тақырыпты ашудың жолкөрсеткішін, алгоритімін бейнелейді.[1]

- 1-қыр Сипаттаңыз
- 2-қыр Салыстырыңыз
- 3-қыр Ассоциация құрыңыз
- 4-қыр Талдау жасаңыз
- 5-қыр Ұсынысыңыз
- 6-қыр Дәлелдеңіз

Мұғалім оқушыларға белгілі бір тақырыпты ашу үшін, мәселені шешуде бірігіп топқа қарай кубиктің әр қырын таңдап алады. Өтілетін тақырып әр қырынан ашылады, жан-жақты сипатталады.

Кубик қырлары бойынша жұмыс ауызша, жазбаша, аралас түрде жүруі мүмкін.

Бұл әдісті қолдану үшін «Компьютер архитектура » бір бөлімі пәнінің Жүйелік болк құрылғысың алайық.

1-қыр Сипаттаңыз: Бұл бөлімде біз Жүйелік болк жалпы сипаттамаларын айтамыз. Яғни оның қызметін, мүмкіндіктерін және т.с.с..

2-қыр Салыстырыңыз: Бұл бөлімде Жүйелік болктардың айырмашылықтарын және түрлеріне шолу жасалады.

3-қыр Ассоциация құрыңыз: Бұл бөлім ең қызық бөлімдердің бірі. Бұл бөлімде білім алушы ассоциация жасау арқылы барлық тақырыпқа қатысты мәліметтері естеріне сақтайды. Мысалы : Жүйелік блокпен Адам миының ұқсастығы.

4-қыр Талдау жасаңыз: Бұл бөлімде білім алушылар сабақ барысында алған білімдер сарайды, алған білімдерін бекітеді, топпен жұмыс жасалады.

5-қыр Ұсынысыңыз: Бұл бөлімде білім алушылар жүйелік блок тақырыбының құрылысы туралы ой қозғайды, оның кемшіліктері туралы пікірлерің айтады және оны түзету жолдарын ұсынады.

6-қыр Дәлелдеңіз: Бұл бөлімде білім алушылар мен мұғалім сабақты бекітіп, білім алушылардың білімдерің толықтырады.

Бұл әдістің артықшылығы

Тақырыпты өту барысында жаңа тақырып материалдары толығымен қамтылады. Білім алушыларды толығымен тақырыпты түсінуге мүмкіндік берілген.

Қорыта айтқанда, бұл екі әдіс компьютер архитектурасы пәнінің оқытуда тиімді. Бұл әдістер арқылы тек уақыт үнемдеп қана қоймай, оқышулардың сабақ тақырыбын толық меңгеру мүмкіндігі болады. Сабақ өткізген мұрағалімге де тиімді әдіс болып табылады және компьютер архитектурасы пәнінің оқытуда жетекші әдістердің бірі .

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар Алматы – 2014. 78-80 б.
2. Полот Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В. Новые педагогические и информационные технологии в системе образование –М. : Издательский центр «Академия», 2013. – 272б.
3. Халықова К.З. , Информатиканы оқыту әдістемесі Алматы – 2012. 156-159 б.

**Абеу А.А.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: С.Т. Умирбаева., старший преподаватель кафедры информатики и ИТ

**СОЗДАНИЕ ВИДЕОУРОКОВ ПО РАЗДЕЛУ «ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»**

Современное образование требует от учителя знания не только традиционных методик и форм обучения, но и новых образовательных технологий, направленных на активное включение учащихся в процесс «добывания» знаний. Если раньше инструментом преподавателя были указка, мел и голос, то сейчас это дистанционное образование, интерактивные доски, компьютеры, планшеты, фото - и видео-аппаратура и многое другое. Как здесь не потеряться среди многообразия новых методов, форм и средств обучения? Ответ прост - осваивать и внедрять новые современные методики в области компьютерных технологий.

Многие учителя используют современные компьютерные технологии, но, как правило, это существует на уровне простейших мультимедийных технологий: презентаций. Презентация – день вчерашний. Любой ученик средней школы умеет обращаться с презентациями. Да и без объяснений учителя презентация является простым набором материала. На сегодняшний день это всего лишь стандартный инструмент, облегчающий труд учителя на уроке, но никак не подспорье в при изучении или повторении нового материала отстающими, дистанционщиками, либо лицами с ограниченными возможностями здоровья.

Как подать теоретический учебный материал всем обучающимся на равных условиях? Одним из возможных выходов может являться использование на уроках информатики такого современного средства обучения как видеорок. Их активное распространение во всемирных телекоммуникационных сетях дает возможность учителю свободно и легко вносить изменения, дополнения в содержание учебного материала в зависимости от потребностей учащихся. Актуальность проблемы связана с тем, что в условиях информатизации и глобальной коммуникации абсолютно всех сфер жизни общества, требуется внести изменения в систему организации и проведения учебного процесса [1].

Видеороки облегчают работу учителя, освобождают его от ненужной лишней информации при объяснении материала, так как можно воспользоваться демонстрацией прикладных программ. А ученикам не нужно записывать в конспект прикладную информацию (например: команды, закреплённые за инструментами приложения, диалоговые окна настройки параметров), которую можно запомнить, просмотрев видеорок несколько раз, к тому же ими можно пользоваться дома при работе с заданиями. У учителя нет необходимости многократно повторять материал, т.к. он может использовать видеороки для персонального объяснения отстающим ученикам или ученикам пропустившим занятия. Видеороки решают также проблему с подготовкой домашней работы при отсутствии учебников [2].

Достоинствами видеороков, являются: во-первых, их мобильность, во-вторых, доступность в связи с развитием компьютерных сетей, в-третьих, адекватность уровню развития современных научных знаний. С другой стороны недостатком является то что, создание видеороков требует постоянного обновления материала, особенно от учителей информатики, связанного с бурно развитием современных информационных технологий [3].

Видеороки позволяют более успешно решать следующие задачи:

- развивать образное мышление учащихся, благодаря представлению визуальной информации;
- развивать творческое мышление учащихся за счёт использования динамичных методов обработки и предоставления информации;
- выявлять познавательный интерес учащихся, опираясь на естественную тягу школьников к компьютерной технике и новым технологиям;
- разрабатывать новые методы обучения, ориентированные на индивидуальные познавательные потребности личности, давая шанс каждому ученику освоить учебную информацию [4].

Во время прохождения педагогической практики мы совместно с учителем информатики СОШ № 9 Войновой О.Б. использовали видеороки как нестандартную форму обучения. Из этого

небольшого опыта можно отметить, что использование видеоролков повышает интерес обучающихся к предмету, снижает рутинность восприятия и обработки учебной информации.


Как у будущих учителей информатики у нас была возможность на занятиях сформировать практические умения разрабатывать презентации и видеоролки образовательного назначения, что способствует созданию предпосылок для эффективного использования образовательных возможностей мультимедиа технологий в учебном процессе.

Эффективность видеоролков зависит от того, каким образом и в сочетании с каким инструментарием их будет использовать учитель. Все зависит от применяемых способов и форм применения этой технологии. При методически грамотном подходе к реализации видеоролков в учебном процессе учащиеся приобретут умение находить и использовать информацию самостоятельно, анализировать полученные знания.

Новейшие информационные технологии, в частности видеоролки являются перспективным направлением в обучении учащихся. Особенно можно выделить, что применение видеоролков в учебном процессе позволяет не только сообщать фактическую информацию, снабженную иллюстративным материалом, но и наглядно демонстрировать те или иные процессы, которые невозможно показать при использовании стандартных методов обучения; видеоролки дают больше возможностей обучающемуся для самостоятельной работы, позволяют выбирать глубину изучения темы.

Видеоролки, мы разрабатывали с помощью программы Camtasia Studio

Camtasia Studio является самой эффективной и приемлемой программой для создания видеоролков. Так как это одна из лучших программ для создания презентаций и видеоролков. Первое впечатление при ее изучении — очень сложная! Но с первых шагов понимаешь, что это не так, что все достаточно просто и самое главное — очень надежно. Суть программы заключается в захвате действий на экране. Вы готовите презентацию, демонстрируете ее на экране своего компьютера, сопровождаете голосом. При необходимости переходите на показ «живого» экрана. И возвращаетесь к презентации. При чем, если Вы случайно оговоритесь, или ошибетесь, или закашляете — то ничего страшного не произойдет. Просто при редакции видео все огрехи можно убрать. Опытные пользователи просто еще раз повторяют ошибочную фразу правильно. При редакции, Вы можете оживить свое видео наложением музыки, которая есть в библиотеке программы. Вам также предложат выбор заставок и написание титров. Еще очень интересны возможности по приближению, и выделению особых зон экрана. Вы можете встроить динамические переходы между частями видео или слайдами презентаций. А так же при демонстрации экрана можете использовать различные указки и выделения. Примеры создания видеоролков с помощью Camtasia Studio: «Создание таблицы в MS Excel», «Ключевое поле. Схема данных» приведены ниже.



#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Ахмедова А.М., Хабибуллина Г.З. Подготовка учителей физики и информатики к использованию электронных средств обучения // Ученые записки ИСГЗ. 2014. №1-2(12). С.130-134.
2. Гончарова М. И. Видеоролки на уроках информатики. URL: <http://multiurok.ru/marikursk/blog/vidieouroki-na-urokakh-informatiki.html>
3. Марченко В. А. Применение компьютерных технологий на уроках физики в школе URL: [https://infourok.ru/primenenie\\_kompyuternyh\\_tehnologiy\\_na\\_urokah\\_fiziki\\_v\\_shkole-371008.htm](https://infourok.ru/primenenie_kompyuternyh_tehnologiy_na_urokah_fiziki_v_shkole-371008.htm)
4. Чеченкова М. В. Использование информационно- коммуникационных технологий на уроках иностранного языка URL: [https://infourok.ru/ispolzovanie\\_informacionno-kompyuternyh\\_tehnologiy\\_na\\_urokah\\_inostrannogo\\_yazyka-132555.htm](https://infourok.ru/ispolzovanie_informacionno-kompyuternyh_tehnologiy_na_urokah_inostrannogo_yazyka-132555.htm)



Сарғызова А.М.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
 Ғылыми жетекші: Г.Е. Берікханова, «Информатика және ақпараттық технологиялар»  
 кафедрасының доценті

### ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА MOODLE БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Электронды курс құру – студенттердің өздік жұмысын оқып, белгілі бір жаттығуларды орындауды және бұл материалдың басқа да оқу материалын түсінуге бағытталған тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруды және материалды түсінуді бақылау іс-шараларын орындауды ұйымдастыруға арналған процесс.

Оқытушы Moodle жүйесінде материалдың қандай түрде берілу керектігін, білім алушылардың қызметін қалай ұйымдастыру керектігін шешеді. Оқытушы білім алушылардың қызметін ұйымдастыруға педагогикалық курс құру үшін және дұрыс жоспарлануы жауап береді.

Moodle электронды ортасында оқытушы курс орналастыруы үшін жүйеде тіркелу процедурасынан өтуі керек. Кейін Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің қашықтықтан оқыту сайтына авторизация жасауы қажет. Ол үшін <http://cdo.semgu.kz/login/index.php> сайтына кіріп, жоғарғы жақтағы «Кіру» сілтемесін басып, администратор берген логин мен парольді клавиатура көмегімен енгізеді. Сайтқа кіргеннен кейін оқытушы оқу курстарын құру және өңдеу мүмкіндігіне ие болады.

Moodle электронды оқу ортасында барлық қатысушылардың рөлдерінің градациясы қарастырылады. Жүйеде тіркелген және авторизация жасаған оқытушы оқу модулінің материалдарын орналастыруы, өңдеуі, оқу процесін бақылауда ұстау үшін администратор оған «Teacher» «Non-editing teacher» рөлін меншіктейді. Оқытушыға автоматты түрде студент рөлінде уақытша қосылуға мүмкіндік беретін «Student» рөлі меншіктеледі.

Рөлдерді алмастыру экранның жоғарғы бұрышында рөлдерді алмастыру панелінде жүзеге асады. Moodle жүйесінде жұмыс істейтін оқытушы сайтта қандай рөлде кіріп отырғанын білуі тиіс. Оқытушы «Teacher» рөлін «Student» рөліне алмастырып, студент көзқарасымен орналасқан материалдарды тексеруі керек.

Курс құрудың іс-әрекетінің алгоритмі:

1. Жаңа курс құру үшін «Администрирование» → «Курсы» → «Добавить/Редактировать курсы» тандап, төменгі жағындағы «Добавить курс» батырмасын шерту керек.

2. Пайда болған «Редактировать настройки курса» формасын толтыру керек. Ол келесі баптаулардан тұрады:

- «Негізгі» параметрлер блогы:

Категория – құрылатын курсқа сәйкес келетін категорияны көрсетеді. Бұл студенттерге курсты оңай табу үшін курс рубрикасының қандай тематикаға жататынына әсер етеді.

Толық аты – экранның жоғарғы көрініп тұратын атауы.

Қысқа аты – курстың қысқартылған атауы.

Курс ID-нөмері – тек сыртқы жүйеде қолдануға керекті курстың идентификациялық нөмері. Бұл өрісті бос қалдыруға болады.

Қысқаша сипаттамасы – курс туралы ақпарат, оның мақсаты, құрылымы, ұзақтығы.

Курс форматы – сабақты ұйымдастыру формасын және курстың парағындағы материалдың орналасуын анықтайды. Курс форматта заңдастырылуы мүмкін:

1) «Құрылым» - белгілі бір сабақ кестесіне байланыспаған курстың тематикалық модульдердің тізбегі ретінде ұйымдастырылған форма.

2) «Күнтізбе» - курстың нақты басталу және аяқталу уақыты белгіленген жұмыс кестесі негізінде ұйымдастырылған форма. Курс парағының әрбір аптада пайда болған секциясында берілген уақыт айналымында оқуға берілетін материалдар орналастырылады.

3) «Форум» - үлкен форум негізінде ұйымдастырылған форма. Курс ретінде ғана емес, үлкен хабарламалар тақтасы ретінде пайдалануға болады.

Апта/тақырып саны – курс модулінің санын анықтайды. Құрастырушы белгілеген курс форматына байланысты бұл цифр апта санын («Күнтізбе»), содан кейін («Құрылым») форум бөлімдерін («Форум») білдіреді.



Курстың басталу мерзімі – курсты оқудың басталу уақытын белгілейді. Егер «Күнтізбе» форматы қолданылса, онда алғашқы апта блогында осы өріске бапталған күн көрініп тұрады.

Көрінбейтін секцияларды көрсету – «Толығымен көрінбейтін», «Сығылған түрде» селекторлары. «Күнтізбе» форматында өткен және кейінгі апталар көрініп тұруы керек.

Жаңалықтар – барлық студенттер көруі тиіс хабарламаларды орналастыру үшін мүмкіндік беретін арнайы форум. Курстың басты парағында қанша жаңалық көрсетілетінін көрсету керек. Егер «0» мәнін берсе, жаңалығы бар жақтау көрінбейді.

Бағалауды көрсету – «Иә», «Жоқ» селекторлары. Көптеген модульдер бағалау жүргізуге мүмкіндік береді. Үнсіз келісім бойынша бағалау нәтижелері «Оценки» бөлімінде қарастырылуы мүмкін.

Әрекеттер туралы есепті көрсету – «Иә», «Жоқ» селекторлары. сссс курстың алғашқы бетінде студенттердің барлық әрекеттері автоматты түрде көрініп тұрады.

Жүктелетін файлдың максималды өлшемі – курс шеңберінде жүктеуге болатын файлдың максималды өлшемін көрсетеді.

Бұл МЕТАКУРС па? - «Иә», «Жоқ» селекторлары. Егер «Иә» селекторын таңдасақ, онда белгілі бір басқа курс қатысушыларына рұқсат беретін жалпы облыс ретінде пайдаланылуы мүмкін.

- «Жазылым» блог параметрі:

Жазба әдісі – «Үнсіз келісім бойынша сайт» (Internal Enrolment) селекторы. Бұл ішкі тіркелуді білдіреді.

Үнсіз келісім бойынша рөл – оқушыға (үнсіз келісім бойынша «Student») бөлінетін таңдалған рөл.

Өзін жазуға болатын курс – студенттердің курсқа өздігімен жазылу мүмкіндігін анықтайды.

Басталу уақыты – оқудың басталу уақытын орнатады. Бұл опцияны өшіруге болады.

Аяқталу уақыты – оқудың аяқталу уақытын орнатады. Бұл опцияны өшіруге болады.

Оқу ұзақтығы – кусты оқу ұзақтығын анықтайды. «Шектеусіз» немесе 1-ден 365-ке дейінгі нақты күндер саны.

- «Топтар» блог параметрі:

Топтық әдіс – селектор:

- «Топ жоқ» - оқушылар топқа бөлінбейді, әрбір оқушы үлкен қоғамдастық мүшесі болып табылады;

- «Бөлек топтар» - әрбір топ оқушыларына олардың топтары жалғыз сияқты болып, басқа топтың оқушыларының жұмысы көрінбей тұрады;

- «Қолжетімді топтар» - әрбір топ оқушылары тек өздерінің тобының шеңберінде жұмыс істейді, бірақ, басқа топтардың да жұмысын көре алады.

Шамамен – «Иә», «Жоқ» селекторлары. Егер «Иә» селекторын таңдасақ, таңдалған топтық режим осы курстың барлық элементтеріне тағайындалады. Бөлек курс үшін режимді өзгерту мүмкін болмайды.

- «Қолжетімділік» блог параметрі:

Қолжетімділік – «Курс қол жетімді», «Курс қол жетімді емес» селекторлары. Курсты өңдеу кезінде жасыруға мүмкіндік береді, яғни курстар тізімінде бұл курс көрінбейді. Тек оқытушы мен администратордың ғана кіруге рұқсаты бар.

Кілттік сөз – курс қатысушыларының құрамын бақылайтын орта. Егер құрастырушы бұл опцияны пайдаланбаса, сайтта есептік жазба құрған әрбір пайдаланушы курсқа жазылу құқығына ие. Егер құрастырушы бұл өрісті енгізсе, курсқа жазылу үшін әрбір пайдаланушы құпия сөз болып табылатын сандар тізбегі немесе фразаны енгізуі тиіс.

Қонақ үшін қолжетімді – құрастырушы қонаққа курсқа жазылуға мүмкіндік бере алады.

- «Аударым» блог параметрі:

Үнсіз келісім бойынша тілі – курс оқытудың жүргізу тілін көрсетеді: «Қазақша», «Русский», «English».

Ережеге сәйкес, электронды курс құру бірнеше бөлімдерден тұрады. Әрбір бөлімі теориялық және практикалық бөлімдерден құралуы керек. Бұл мақалада курсты жасауға дайындық ретінде көптеген блок параметрлерінің қысқаша сипаттамасы келтірілген.

## ӘДЕБИЕТ:

1. Кравченко Г.В., Волженина Н.В. Работа в системе Moodle: руководство пользователя: [http://phys.bspu.by/newmoodle/pluginfile.php/806/mod\\_resource/content/2/Пособие\\_Moodle.pdf](http://phys.bspu.by/newmoodle/pluginfile.php/806/mod_resource/content/2/Пособие_Moodle.pdf).
2. Белозубов, А.В. Система дистанционного обучения Moodle [Текст]: учебно-методическое пособие/ А.В. Белозубов, Д.Г. Николаев. – СПб., 2007. – 108 с.

УДК: 536.1

**Өкенова А.Е., Бақытжанова Р.Б.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Абдухитова О.Т., физика кафедрасының аға оқытушысы

### **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАСЫ – КИІЗ ҮЙДЕ ФИЗИКА ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ**

Физика пәні - табиғатты, табиғат құрылыстар мен заңдарын пайдалануды зерттейтін ғылым. Ғұламалар айтып кеткендей, киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, физикалық заңдылықтарына, табиғат заңдылықтарын біліп, олармен тұрмыс-тіршілікте санасу жолдарын білу, экономикалық біліктілігіне, мәдениет пен өнердегі талғамы-жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Басқа елдердегідей емес, бұл ағаш, киіз, ши, әрі көшпелі (жылжымалы) құрылыс түріне жатады. Киіз үй әлемге белгілі, яғни әлемдегі ең тез құрастырылып, тез жығылатын үй. Ол ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы, ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасу талапқа сай, жел-дауылға шайқалмайды, берік, төбесі жадағай емес, күмбез болып келеді. Осының бәрінің себебін физика тұрғысынан қарастырсақ.

#### **Киіз үй материалдарының физикалық қасиеттері.**

Киіз үй қаңқасы түгел ағаштан – берік ағаштан (қайыңнан, талдан) жасалады. Киіз үйдің ағаштарын (уық, кереге, шаңырақ, күлдіреуіш) деформациялайды. (Деформация – дене пішінін немесе көлемінің өзгеруі.) Қайың мен тал басқа ағаштармен салыстырғанда деформациялауға, яғни июге, бұруға, қысуға, созуға ыңғайлы, бір жағынан берік, қатты жақсы материал болып табылады. [1]

Үйшілер кептірілген ағаштарды алып қидың малмасына (диффузия процессі жүреді) немесе ыстық шоқ араластырылған күлге (жұмсарту, балқыту) салып балқытады, яғни ағаштарды пластикалық деформацияға ұшыратады. [1; 2]

Пластикалық деформация – сыртқы күштердің әсері тоқтағаннан кейін жойылмайтын деформация, яғни ағаш берген қалыпты сақтап қалады. Үйшілер ағаштарды тезге салып түзетіп алады, кейін морға салып кереге, уыққа, күлдіреушке лайықтап ырғаққа салынып, белгілі бір үлгі, жобаға келтіреді. Кейін ағаштарды қызыл түсті жосамен бояйды және өсімдік майымен майлайды. Ағаш – кеуек дене, суды, ылғалды жақсы сіңіреді. Ылғалданған ағаш беріктік қасиетін жоғалтады. Судың жұғу қасиеті ағашқа зиян, ал май қабаты ағашты судың ылғалдықтың сіңіуінен сақтайды. Сол заманнан қазақ бабаларымыз судың майлы беттерге жұқпайтынын біле отырып, ағашты майлаған. Судың майлы бетке жұқпау себебін ғылыми түрде дәлел келтірсек: сұйықтың молекулалары бір-біріне майдың молекулаларынан гөрі күштірек тартылады. [1]

#### **Киіздің жылу өткізгіштігі.**

Киіз үйдің негізгі құрылыс материалы – киіз болып табылады. Синтетикалық материал айналасына оң зарядталған өріс тудырады. Ол өріс адамның ағзасына қолайсыз әсер етеді. Ал киіз – табиғи материал. Киізді қой жүнін сабалап, біріктіріп жасайды. Жүннің бір талшығын микроскоп арқылы қарастырғанда, қылдың қуыс каналы бар екенін анықтауға болады. Жүнге ыстық су құйып және механикалық әрекет нәтижесінде ширатады, көлемі  $V$  кішірейеді, тығыздығы артады. Киіз басудың ең жоғарғы тығыздығы  $\rho=0,55 \text{ г/см}^3$ . [3]

Жүннің жылу өткізгіштігі нашар, өйткені қалай сабаласа да, жүн талшықтарының арасында бірталай ауа болады. Ауаның жылу өткізгіштігі нашар болады, өйткені ауа молекулалары бір-бірінен алыс орналасады да, энергияның бір молекуладан екіншісіне берілуі қиынға соғады. Сондықтан киіз үй аптап шілдеде сая, ызғырықта жылы баспана болады.

Киіздердің, баулардың жиектерінің беріктік шегін арттыруға шүберекпен, түйенің шұйда жібімен арнайы әдіптейді. Жылқының қылы, түйенің шұйдасы ең беріктік шегі максимал материалдар. Металл материалдардан жасалған арқандар ат қылынан жасалған арқандардан беріктік шегінен кем болып жатады. Баулар қысыммен киіздерді ұстап тұратын болған. [1]

Үй киіздерін әзірлеп болғаннан оны ақ бормен немесе күйген сүйекпен борлайды. Бұл әдемі ақ түс береді, әрі киіздердің берік болуына, су, жылу, суық өтпеуіне едәуір әсер етеді. Киіз үй ақ түсті болуы – жарық шағылдыру қабілеті өте жоғары болатынын бабаларымыз білген. Ақ түс қара түстен 13 есе, сары, көгілдір түстерден – 2,5 есе артық. Қазақ көшпелі халық болғандықтан уақытының көбін ашық аспан астында өткізеді. Ал, күн сәулесінің ультракүлгін бөлігі атмосфераның жоғарғы қабаттарында нашар жұтылатындығынан адам ағзасына елеулі әсер етеді. Мөлшері нормадан асса әсері денсаулыққа қауіпті. Ал ақ киіз атмосферадағы түрлі сәулелердің, магнит, электр өрістердің, жылу алмасуының т.с.с. зиянды әсерінен қорғайды. [3]

Қандай ыстық болса да киіз үйдің ауасы таза, салқын болуы конвекцияға байланысты. Конвекция – (латын сөзі конвекцио – тасымалдау деген сөзінен) жылудың газдың ағыны арқылы тасымалдануы. Бауымен керіліп туырлық көтерілсе сырттан үйге кірген ауа қайтадан жоғары өрлейді, өйткені жылы ауа ұлғаяды. Ұлғайған ауаның тығыздығы суық ауаның тығыздығынан кем болады, сондықтан жылы ауа қабаты өрлей жоғары көтеріледі. Жылы ауаға суық ауа тарапынан жоғары қарай әсер ететін архимедтік күш жылы ауаға төмен қарай әсер ететін ауырлық күшінен артық болады. Сонымен конвекцияда жылы ауа ағыны жоғары көтеріліп, салқын ауа оның орнын басады. Ошақтың дәл үйдің центріне орналасатының түтін тарту күші сол центрде көп болатындығымен түсіндіріледі. [3]

Механикада дене орнықты болу үшін ауырлық центрінен жүргізілген тік сызық тіреу бетін қиып өтуі тиіс және ауырлық центрі неғұрлым төмен болған сайын дененің орнықтылығы арта түседі. Киіз орнықтылығы біріншіден киіз үйдің тіреу беті өте үлкен, екіншіден ауырлық центрінен жүргізілетін тік сызықты ұзындығы тіреу бетінің радиусынан әлдеқайда кіші болғандықтан киіз үй төбесі уықтармен сырғауылдар жоғары сақина шаңыраққа бекітілгенде, күмбезденіп жасалады. Киіз үйдің басқа елдің баспанасымен салыстырғанда төбесі жадағай емес, аққыш пішінді етіп жасалған, яғни ата–бабаларымыз күмбездің аэродинамикалық қасиеті жоғары екенін білген. Дауылды күндері үй шайқалмас үшін оған салмағы бар зат байланады. Желбауға диірмен тастары, бөшке байлаған. Шаңыраққа салмақты зат ілулі тұрғасын бүкіл үй сүйектеріне қосымша салмақпен әсер етеді. Дауылда үйдің орнықтылығы, мықтылығы артады.[2]

Сыздан қорғану үшін еденді жеңіл ағаш қалқандардан құрастырады, оның үстіне киіз кілемдер - текеметтер мен сырмақтар төселеді. Жер қыртысында қисапсыз көп каппиларлар болуының нәтижесінде су жоғары көтеріліп, интенсивті түрде буланады.[3] Сондықтан үйлердің табанын дымқылдануынан изоляциялаған. Қазіргі кезде целлофан, линолиум сияқты заттар төсеп барып, текеметтер жаяды. Үй іргесін шөппен бітеп, айналасын қамыспен шалылап қоралайды. Көбінесе қопалы, қамысты жерді паналайтындықтан жел де көп болмайды. Әрқашан қоныс аударғанда таза жерге тігілген үйдің саф ауасы аспан, жер, сумен астасып, қасиетті қара шаңырақтың киесі адамның көкірегіне нұрлы сәулесін құйған.

**Қорытынды:** Киіз үй – көшпенділер үшін табиғаттай сұлу, кеңістікке үйлесімді шағын әлем. Бұл ретте киіз үйді адамзат баласының ұзақ тарихында жасалған материалдық мұраларының ішіндегі бірдей айғақтарының бірі деп қарауға болады. Киіз үйдің ішіне кіргенде іргесі төңіректегі көкжиекті, уық – шаңырағы аспан күмбезін елестетсе, ішкі – сыртқы безенген көркі әсем табиғатты жоқтатпайтындай әсерге бөлейді. Киіз үй сан мен сапаны қамтыған тағылымы биік, танымы терең, табиғи көркем туынды.

Қорыта айтсақ, ата–бабаларымыз табиғатпен келісе отырып, ойын физика ғылымымен ұштастыра білген. Физика ілімімен танысқаннан кейін, қызыға келе, қазақтың қасиетті шаңырағы – киіз үйдің физикалық заңдылықтарын қарастырып өттік. Осылайша, біздер, дәстүрлі қазақ көшпелі қоғамының материалдық мәдениет және физика-математика саласындағы үлкен жетістігі – киіз үй деп анық айта аламыз.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Әбдіқас Тәжімұратов «Шебердің қолы ортақ».-Алматы: «Қазақстан», 1977
- 2.«Шеберлердің сиқырлы қаласы», 2004.
- 3.Физика: учеб. для 9 кл./ Буховцев Б.Б., Климонтович Ю.Л., Мякишев Г.Я.-М.: Просвещение, 1982. - 272 с.

## Мәдениет Қ.

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
 Научный руководитель: А.Т. Рахимбердина, старший преподаватель кафедры физики

### ЖАРТЫЛАЙ ӨТКІЗГІШТЕРДЕГІ ОПТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФОТОЭЛЕКТРЛІК ҚҰБЫЛЫСТАР

**Жартылай өткізгіштер** деп өзінің меншікті электрлік кедергісінің шамасы бойынша металлдар мен изоляторлардың ортасында орын алатын заттардың тобын айтады. Жартылай өткізгіштерге германий, кремний, селен элементтері жатады. Қазіргі заттың құрылысы туралы теория бойынша әрбір атом электрондар бұлтына оранған ядродан тұрады. Бұл көзге көрінбейтін атомды қатпар – қатпар қабаттардан тұратын пияздай құрылысы бар деп ойша көзге елестетуге болады. Әрбір энергиясының шамасы белгілі қабат *энергетикалық деңгей* немесе *энергия* деп аталады.

Атомдардың бір – бірімен байланысының арқасында көрші атомдардың электрондарының рұқсат етілген энергетикалық деңгейлері бұрынғы орындарынан жылжып, өте жақын орналасқан жылысқан энергия деңгейлерін құрады. Атомдардың бір – бірімен байланысынан туған осындай тығыз оранласқан энергия деңгейлерінің тобын *рұқсат етілген зона* деп атайды. Рұқсат етілген зоналар тыйым салынған зоналармен, яғни электрондар болмайтын энергия деңгейлері бөлініп тұрады. Температура  $1 - 273\text{K}$  тең болғанда электрондары жоқ рұқсат етілген зона *бос зона* деп аталады. Сыртқы әсердің арқасында атомның электрондары бір деңгейден екінші деңгейге өтуі мүмкін, бұл атомның қозу процесі. Қозу процесі кезінде энергия деңгейлерінде электрондар тұрақтай алатын бос зона *өткізгіштік зонасы* деп аталады. Қорыта айтқанда, қатты заттың энергетикалық спектрінде негізінен үш түрлі зоналар болды: рұқсат етілген зоналар, тыйым салынған және өткізгіштік зоналар. [1]

Рұқсат етілген зоналарда  $0^0\text{K}$  температурасында барлық энергия деңгейлері электрондармен толығымен толықтырылған зонаны *валенттік зона* деп атайды. Тыйым салынған зонаның қасиеті оның ішінде электрондар орналаса алатын ешқандай энергия деңгейі жоқ. Өткізгіштік зона – жартылай толған немесе біртұтас толмаған зона – оның ішінде орын алған электрондардың энергиясының мәні сондай, олар мысалға сыртқы электр өрісінің әсерінен одан да жоғары энергетикалық деңгейге көшіп кетуге, немесе тіпті атомдық байланыстан босанып кетуге және қатты заттың ішінде қозғалып жүруге де шамалары келеді.

Қатты заттардың ішкі құрылысын энергетикалық зоналармен сипаттау *зоналық теория* деп аталады.

$1\text{ см}^3$  қатты денеде  $10^{22} - 10^{23}$  атом болады, олардың барлығы бір-бірімен өзара әсерлеседі, ендеше олардың зона ішіндегі энергетикалық деңгейлері де соншама болады. Зоналардың ені шамамен  $1\text{ эВ}$ , олай болса зоналар ішіндегі деңгейлер арасындағы ара қашықтық  $\Delta E \cong \frac{1}{10^{22}} \cong 10^{-22}\text{эВ}$ .

Мұны тұтас спектр деуге болады, сондықтан электрондар бір деңгейден екінші деңгейге зона ішінде еркін өте алады.

Валенттік зонаның электрондармен толтырылу дәрежесі мен тыйым салынған зона еніне байланысты үш түрлі жағдай болуы мүмкін: ( $T = 0\text{ K}$  болған кезде).

1. Валенттік зона электрондармен толығымен толтырылмаған немесе валенттік зона келесі бос зонамен жабылады. Егер зона ішінде бос деңгейлер болса, ондай зона өткізгіштік зона деп аталады. Бұл металдарға тән.

2. Валенттік зона толығымен толтырылған. Электрон кристалда орын ауыстыру үшін оған  $\Delta E$  -ден кем энергия бермеу керек. Бұл да металдар.

3.  $\Delta E \cong 0,01 - 2\text{ эВ}$ . Мұндай заттар жартылай өткізгіштер деп аталады.

4.  $\Delta E = 3 - 10\text{ эВ}$  ондай заттар диэлектриктер деп аталады. [2]


ЖӨ техникада қолданылуы  $n$  және  $p$  – типті кристалдардан тұратын құрылымды қолданумен байланысты.

#### $p - n$ ауысудағы фотоэлектрлік құбылыстар

Қарастырылған  $p - n$  ауысуда алғашқы фототоктың пайда болу эффектісі фотогальваникалық эффект деп, ығысуы әрқашан теріс болатын режимде жұмыс істейтін диод - фотодиод деп аталады.

Егер фотоқабылдағыш сыртқы сыртқы ығысусыз жұмыс істесе, онда ол фотоэлемент режимінде жұмыс істейді деп атайды. Бірқатар  $p-n$  ауысулар кері ығысулар кезінде жұмыс істемейді, сондықтан оларды тек фотоэлементтер ретінде ғана қолданылады.

2- сурет. Фотоэлемент құрылысы (схема түрінде) және оны қосу сызбанұсқасы



2-суретте фотоэлементтің жұмыс істеу принципі көрсетілген.  $p$ -типті жартылай өткізгіштің бетіне диффузия әдісі арқылы  $n$ -типті өткізгіштікке ие жұқа қабат жағады.  $p$  және  $n$  қабаттар арасында  $p-n$  ауысу пайда болады. Жарық болмаған кезде, ол тепе-теңдік күйде болады және онда биіктігі  $e|U_k|$  тепе-теңдік потенциалық тосқауылы қалыптасады. Ауысуды жарықтандырған кезде  $p$ -типті бөлікте электронды - кемтіктік жұп генерацияланады.  $p$ - типті бөлікте пайда болған электрондар  $p-n$  ауысуға диффузияланады. Нәтижесінде  $n$ - бөлік теріс, ал  $p$ - бөлік оң зарядталады.  $p-n$  ауысуда қосымша потенциалдар айырмасының жарықталынуы деп алынған  $U_\phi$  фото электр қозғаушы күш деп аталады. Егер  $p-n$  ауысуға контактілердің көмегімен ішкі тізбек қоссақ, онда фото электр қозғаушы күш электр тоғын тудырады. Сонымен, фотоэлементте жарық энергиясының электр энергиясына айналуы тікелей жүреді. [3]

Фотоэлементтер жарық энергиясынан электр энергиясын алатын құрылғы ретінде немесе жарық ағындарының интенсивтігін өлшеуге қолданылады.

#### **Фотоөткізгіштік**

Фотоөткізгіштік — электрмагниттік сәуле әсерінен заттың электр өткізгіштігінің өзгеруі.

Фотоөткізгіштік электрмагниттік сәуленің жұтылуы нәтижесінде жартылай өткізгіштердегі немесе диэлектриктердегі электрондардың энергетикалық деңгейлерге тарала орналасуының өзгеруі салдарынан болады. Оның концентрациялық фотоөткізгіштік және қозғалғыштық фотоөткізгіштік деп аталатын түрлері бар.

Фоторезисторлардың жұмыс әрекеті фотоөткізгіштік құбылысына негізделген. Техникада кеңінен қолданылыс тапқан Фотоөткізгіштік жартылай өткізгіштер:  $CTe$ ,  $Si$ ,  $Se$ ,  $CdS$ ,  $CdSe$ ,  $KnSb$ ,  $CTaAs$ ,  $PbS$ , т.б[4]

**Қорытынды:** Металдармен салыстырғанда жартылай өткізгіштер электр тоғын аз өткізеді, ол сәулелену кезінде жарық энергиясының ағымымен өзгере алады. Радиолампалармен салыстырғанда жартылай өткізгіштер құралдардың көлемі мен салмағы аз, электрлік және механикалық беріктігі жоғары болады, олар ұзақ уақыт қызмет ете алады және электр энергиясын аз пайдаланады. Осындай қолайлы қасиеттеріне орай жартылай өткізгіштерді қазіргі кезде, радиотехникалық аппаратураларда және заманауи нанотехнологияларды жасауда қолданылады.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Епифанов Г.И. Физика твердого тела. –М: ВШ, 1977.-С.248-259
2. Пәрімбеков З.А., Рахимбердина А.Т. Қатты денелер физикасы.-Семей:Тенгри, 2013.С.99-128
3. Ансельм А.И. Введение в теорию полупроводников.-М.:Наука, 1978.-С.336-394

**Бейсекенов Р.Е., Карымсаков А.**Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научные руководители: Н.А. Дюсюпова, учитель физики средней школы №7,  
Б.С. Желдыбаева, к.п.н., и.о.доцента кафедры физики**МОДЕЛИРОВАНИЕ ПЕТЛЕОБРАЗНОГО ДВИЖЕНИЯ ВНЕШНИХ ПЛАНЕТ**

В настоящее время на основании последних научных достижений в астрономии, становится возможным проверить истинность гелиоцентрической системы и законов Кеплера. Теперь возможно сделать третий шаг на пути к Истине. Напомним, что согласно «гелиоцентрической концепции» все планеты Солнечной системы обращаются по замкнутым эллиптическим орбитам [1], и первый закон Кеплера гласит: «Каждая планета обращается вокруг Солнца по эллипсу, в одном из фокусов которого находится Солнце». Второй закон Кеплера утверждает: «Радиус-вектор планеты за одинаковые промежутки времени описывает равные площади», т.е. закон количественно определяет скорости движения планет по эллипсу. Идентичные определения движений планет можно найти и в любом современном учебнике, пособии и справочнике по астрономии, а также во всех научных статьях, посвящённых данной тематике.

Рассмотрим планету Земля в качестве объекта исследования. Известно, что астрономический (тропический) год начинается тогда, когда проекция Солнца приходит в определённую точку созвездия Овна и заканчивается через (округлённо) 31556926 секунд, когда проекция Солнца вновь приходит в ту же самую точку. Из последних данных, полученных в результате наблюдений спутника COBE (USA), известно, что Солнечная система движется в пространстве относительно «фоновое, реликтового» излучения со скоростью примерно 366 км/сек. Считая скорость движения Солнца равной 366 км/сек, можно рассчитать длину пути Солнца за год. Эта длина равна 11549834920 км. Понятно, что Земля и все другие тела, входящие в поле притяжения Солнца, тоже двигаются в пространстве вместе с ним. Но в своём движении вперёд они одновременно и обращаются вокруг Солнца (точнее, вокруг его траектории). А это значит, что Земля, планеты и все тела солнечной системы двигаются в пространстве вращательно-поступательно, то есть по винтовым траекториям. Но винтовую линию не следует смешивать со спиралью, это совершенно различные кривые. Первая представляет собой линию точки, движущейся по поверхности цилиндра, линия, описывающая объём, а вторая - это линия, описываемая точкой, движущейся с равномерно увеличивающимся радиусом вокруг центра вращения, линия плоская!

Возникает вопрос: «Можно ли называть орбиту Земли «замкнутым эллипсом», если годовой отрезок её траектории представляет собой винтовую линию, конец которой отстоит от начала более чем на 11,5 млрд. километров?». Среднее расстояние от Земли до Солнца равно 149,6 млн. километрам. Из этого получается диаметр обращения Земли, который равен 299,2 млн. километрам. Теперь можно легко построить (в соответствующем масштабе) модель движения Земли в пространстве за период, равный одному году. Для этого нужно разделить длину пути Солнца за год (при скорости движения равной 366 км/сек) на диаметр обращения Земли. Это отношение 38,6. Т.е., взяв цилиндр диаметром 1 см и длиной 38,6 см и нанеся на его поверхность винтовую линию, получим наглядную модель траектории Земли за год. Вместо цилиндра можно изготовить подобную винтовую модель-линию из подходящего материала, например, проволоки. Солнце проходит за год при скорости движения, равной 366 км/сек, расстояние в 11549834920 км, но Земля проходит больший путь, т.к. движется по огибающей. Земля должна двигаться быстрее Солнца, чтобы «успеть» прийти в плоскость проекции Солнца в точку Овна. Далее выполним расчёты и получим: 1. Винтовая линия, развёрнутая на плоскость, становится гипотенузой, длина которой равна квадратному корню суммы квадратов катетов, где катеты – это длина годового пути Солнца и длина обращения Земли, равная 939964522 км. Тогда длина годовой траектории Земли равна 11588020540 км. Значит, Земля проделывает в пространстве путь длиннее Солнца на 38185620 км;

2. Скорость движения Земли составляет величину 367,21 км/сек. Земля движется на 1,21 км/сек быстрее Солнца. Из этих расчётов и рассуждений вытекает вывод, что «эллипсоидная (замкнутая!) орбита» Земли есть воображаемая проекция винтового движения Земли на условную плоскость, перпендикулярную траектории Солнца. Далее можно выполнить расчёты моделей движений других планет солнечной системы в пространстве. Возьмём сидерические периоды обращений планет в долях к земному тропическому году, принятому за единицу, и разделим их на усреднённые диаметры их обращений. Из полученных отношений становится возможным построить

наглядную модель годового отрезка движения в пространстве любой планеты Солнечной системы, например, Юпитера.

Возьмём цилиндр диаметром 1 см и длиной 88,01 см, нанесём на его поверхность винтовую линию. Полученная линия будет приблизительной траекторией годового движения Юпитера в пространстве. Для сравнения годовых траекторий Земли и, например, Юпитера необходимо сделать соответствующий пересчёт. Приняв диаметр обращения Земли за 1 см, длину цилиндра нужно делать равной 38,6 см. Тогда диаметр цилиндра Юпитера следует сделать равным 5,2 см, а длину цилиндра (шага) Юпитера - равной 457,652 см. Таковы масштабные соотношения траекторий Земли и Юпитера.

Поскольку стало ясно, что движения тел солнечной системы не представляют собой «замкнутые эллиптические» линии, значит, соответственно, необходимо пересмотреть и истинность «секторов равного обмётывания» Кеплера. Вообще, в винтовых движениях планет их существование просто невозможно, винтовая линия не есть плоскость. Однако «сектора равного обмётывания» иногда полезны при практических расчётах.

Планеты не строго равномерно двигаются по своим орбитам [2]. Из этого можно сделать вывод, что годовые отрезки винтовых траекторий планет не являются равномерными, симметричными линиями. Земля, например, после прохождения точки «осеннего равноденствия» начинает «заходить» вперёд Солнца и оно тогда «подбегает» к Земле. Кульминация (перигелий) «забегания» Земли вперёд Солнца приходится на период «зимнего солнцестояния». После этого Земля выходит на позицию, перпендикулярную траектории Солнца. Эта позиция приходится на период «весеннего равноденствия». После прохождения точки «весеннего равноденствия» Земля начинает «отставать» от Солнца и оно «убегает» от Земли до периода «летнего солнцестояния» (кульминация-апогелий). Затем Солнце своим притяжением «начинает подтягивать» Землю к себе и она, в период «осеннего равноденствия», вновь выходит на позицию, перпендикулярную траектории Солнца. Далее, двигаясь по инерции, вновь опережает Солнце. Такие «забегания и отставания» Земли приводят к тому, что зимы в её северном полушарии короче, а летние периоды длиннее по количеству дней.

Итак, выяснили, что планеты движутся вместе с Солнцем вперёд, в будущее гораздо быстрее, чем обращаются вокруг траектории Солнца, причём скорости движения «околосолнечных тел» в пространстве (относительно Солнца) – больше. Земля, например, имеет скорость обращения равную всего лишь 29,786 км/сек, а поступательную, вместе с Солнцем, 366 км/сек., то есть в 12,287 раза быстрее, и движется на 1.21 км/сек быстрее Солнца.

Также известно, что масса Солнца составляет 99,866% массы всей солнечной системы, всех тел, её составляющих. Зная это, возможно сомневаться в том, что именно Солнце своей гравитацией «тащит» все тела, находящиеся в поле его притяжения, и, в основном, именно оно определяет скорости их движений. Совершенно ясно, что если бы Солнце имело другую скорость движения в пространстве, то и планеты тоже имели бы другие скорости своих движений. И если бы не притяжение Солнца, то «солнечная система» давно бы уже перестала существовать. Исходя из этого, теперь появляется полное основание называть структуру рассмотренного крошечного объёма Вселенной, «гелиодинамическая планетарная система».

Концепция «Гелиодинамической системы» позволяет человечеству осознавать движения «околосолнечных тел» так, как это есть на самом деле. Структуру солнечной системы теперь можно представлять себе истинной, в динамике и объёмно. Следует понять, что все «эллипсы и плоскости» движений планет не соответствуют «тому, что мы наблюдаем» (Н.Коперник) и являются устаревшими представлениями либо упрощениями, удобными для практических расчётов. На самом деле, все объекты, входящие в солнечную систему, и, конечно же, все её планеты, двигаются по траекториям, представляющим разнообразные винтовые линии. К такому выводу подводят современные данные астрономии и их логическое осмысление.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Рябов Ю. А. Движение небесных тел. — М.: Наука, 1988
2. Нугаев Р. М. Коперниканская революция: интертеоретический контекст // Вопросы философии. — 2012., № 3. С. 110-120.

**Ақылбекова Р.Қ.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Желдыбаева Б.С., п.ғ.к., физика кафедрасының доцент м.а.

## **ФИЗИКАНЫ ОҚИТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Оқу жоспарынан тыс үйде немесе зертханада, сабақтан тыс уақытта мұғалімнің жетекшілігімен, бірақ оқушының өз ынта еркімен әрі олардың қалаулары бойынша орындалатын дербес оқу жұмысы сыныптан тыс жұмыс деп аталады.

Сыныптан тыс сабақтың міндеттері ішінен педагогикалық маңызы бар, мынадай түрлерін бөліп алуға болады:

1. Оқушылардың жұмыс істеуге бейімділігін анықтау және осыған байланысты олардың теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуі.

2. Физикалық экспериментті қолдана білу және оқулықпен, ғылыми кітаптармен өз бетімен жұмыс істей білуді оқушылардың бойына сіңіру.

3. Физика сабағында оқушылардың алған білімдерінің беріктілігін нығайту, кеңейту және тереңдету.

4. Өз еркімен қабылданған міндеттемелерін орындауда оқушылардың жауапкершілік сезімін нығайту, мектеп мүлкіне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

5. Мұғалімнің оқушыларға өз ықпалын нығайту.

Физика ғылымының өз ерекшеліктеріне байланысты сыныптан тыс жұмыстар тәлімдік және практикалық сабақтар түрінде жүргізілуі мүмкін. Мектеп тәжірибесінде кең орын алған жалпы физикалық заттың құрылысы теориясын тереңірек оқып үйренуден, ғылыми-физиктердің өмірбаянымен, физикалық жаңалықтармен, т.б. танысуға мүмкіндік бар. Физикалық конференцияларда, физикалық оқуларда оқушылардың өздері дайындаған көрнекті құралдарын көрсете отырып, баяндамалар жасауын құба-құп қабылдау қажет. Оқушылар жазған баяндамалары мен дайындаған көрнекті құралдарын сыныпта оқу жұмысында және сыныптан тыс сабақтарда қолдануды ойластыру қажет.

Сыныптан тыс тәлімдік сабақтар оқытылатын курспен мазмұндас болуы тиіс. Енді, олардың негізгі сабақтармен байланысын қарастырайық.

1. Сыныптан тыс сабақта оқушылар бағдарламада қарастырылған түсініктер шеңберін кеңейтпейді, ол тек осы түсініктердің қалыптасуына мүмкіндік жасайтын бақылаулар санын көбейтеді, қосымша фактілермен танысады. Сыныптан тыс сабақтарда (оның қандай түрі болмасын) тақырыпты оқып үйренуге байланысты оқушыларда жаңа қосымша түсініктер қалыптасуы мүмкін, олар дәл осы уақытта өтіп жатқан бағдарлама материалын жақсырақ меңгеруге көмектеседі.

2. Сыныптан тыс сабақтарда әрине, орта мектеп бағдарламасында қарастырылған кейбір теориялық мәселелерді де оқып үйренуге болады және оқушылардың оқығандарын іс жүзінде қолдану мақсатында, мысалы, физикалық құралдардың жұмыс істеу принципімен танысуда іске асыруға болады.

3. Сыныптан тыс сабақтар бағдарламалық сабақтарды тереңдетуді жүзеге асыруы тиіс.

4. Негізінен, өткенді қайталайтын сыныптан тыс сабақтар жалпы шолу түрінде жүруі мүмкін.

Сыныптан тыс сабақтарды ұйымдастыру формаларының әр алуандылығын мынадан көруге болады: а) жеке сабақтар; ә) арнайы сабақтар; б) үйірмелер; в) әртүрлі физикалық қоғамдардағы сабақтар; г) физикалық олимпиадалар; д) физикалық кештер.

Оқушыларды сыныптан тыс жұмысқа тарту әдістерінің бірі оқушыларға теориялық және іс-жүзілік жұмыстарды орындаумен байланысты тапсырмалар беру. Айталық, қандай да бір физикалық құбылыстың немесе заңдылықтың ашылуы туралы баяндама жасау немесе қарапайым құрал дайындау, қайсы бір құрастырма немесе схема дайындау, т.б. Егер оқушылар физикаға деген ықыласы күшейе түссе, онда оларға сыныптан тыс сабақтардың жоспары бойынша жаңа тапсырма беруге болады. Жас техниктер үйірмесі білім беру жөнінен бірінші орында тұру керек. Бұдан басқа физикалық білімге қатысы бар конструкторлық, физикалық құралдарды дайындау, электротехникалық, радиотехникалық үйірмелерде жұмыс істеуі мүмкін.

Сыныптан тыс сабақтарды қызықты ұйымдастыру формасының бірі «Жас физиктер» қоғамы. Үйірменің өз ішінде немесе секцияда өзін-өзі басқару, оқушылардың өздері қолдап отыратын қатаң тәртіп болған жағдайда ғана бастама көрсету мүмкінділігі қамтамасыз етілуге тиіс.



Физиканы оқытуда артта қалушылықты жою мақсатында бір сыныптың оқушыларын біріктіруді мектеп тәжірибесінде кейде үйірме деп атайды. Осылай жүргізілетін сабақтар да сыныптан тыс деп аталады. Үйірмелерде оқушылар сыныптан тыс жұмысты өз еркімен, ерекше бағдарлама бойынша олардың мүдделеріне сай жүргізеді. Әдістемесі азды-көпті басқаша жасалған әдеттегі сабақтардан өзгеше болып келетін үйірмелердің жұмысын басқару да едәуір күрделірек болуы ықтимал. Үйірме мүшелерінің саны 10-12 адамнан аспауы керек. Егер мұғалім сыныптан тыс жұмыстағы оқушылар санын көбейткісі келсе, бірнеше үйірме ұйымдастыруы қажет. Үйірмені сыныптан тыс жұмысты физика әуесқойларынан құрамдаған жөн. Үйірмеде өзін-өзі басқаруға мүмкіндік берілгені және өздеріне-өздері қызмет етуді жолға қойғаны дұрыс. Осы мақсатпен үйірме мүшелері топбасы сайлайды және үйірме ұйымында кезекшілік орнатады. Егер үйірме мектепте бірінші рет ұйымдастырылса, онда үйірме мүшелері оқытушымен бірге ішкі тәртіп ережелерін және ұйымдастыру құрылымын белгілей отырып, үйірме туралы «Ереже» дайындайды. Топбасы үйірме жұмыстарын ұйымдастыруға жауап береді. Ол жұмыс уақытында кабинетте тәртіп болуын, үйірме сабақтарына оқушылардың үздіксіз келуін бақылап отырады.

Аспаптар мен құрал-жабдықтарды дайындау кезекші үйірме мүшелерінің міндетіне кіреді. Кезекшілер үйірме мүшелерінің өтініші бойынша алдын-ала мұғаліммен келісіп, сабақтардың арасындағы үзілісте, не басқа бір бос уақытында қажетті жабдықтарды, не көмекші құралдарды әзірлеп қоюға тиіс. Топбасы бақылауымен жұмсалған саймандардың, басқа да лаборатория заттарының есебі жүргізіледі. Үйірме мүшелерінің кезекшілігі мен сабақтардың кестесі жалпы жиналыста бекітіледі, ал оның қалай орындалуын топбасы бақылайды.

Экскурсия – оқушыларды нақтылы заттармен және құбылыстармен табиғи күйінде таныстыру қамтамасыз ететін оқу формасы. Олар белгілі оқу материалын өтуге байланысты, немесе сыныптан тыс жұмыс жоспары бойынша өткізіледі. Физикалық экскурсиялар оқу жұмысын жандандырады, оқушылардың оқуға деген құштарлығын арттырады, олардың білім құмарлығы мен талаптылығын күшейтеді. Оқу жылы ішінде экскурсия өткізу үшін арнаулы күндер бөлінеді. Бұл күні оқушылар мектепте оқымайды. Оқу процесінде алатын орнына байланысты экскурсиялардың үш түрі бар: алдын-ала өткізілетін, ілеспелі және қорытындылау мақсатында өткізілетін экскурсиялар.

Ауылдық жерлердегі су бөгеттері, сумен қамтамасыз етуге, немесе егістікті суғаруға арналған насос станциялары, суландыру, немесе құрғату жүйелері, жасанды жауын жаудыру қондырғылары мен жел двигательдері – мұның бәрі оқушылар үшін жасалатын экскурсиялардың тамаша объектілері. Олар физика заңдарын түсіндіруге және ауыл шаруашылығының энергетикасымен таныстырудың тамаша жолы. Мұндай экскурсияларға 1-2 сағат уақыт берілуі тиіс.

Кешенді экскурсиялар – бір-біріне байланысты пәндер бойынша (физика және химия, физика және математика, т.б.) сабақтардан өткізілетін экскурсиялар түрі. Онда оқушыларға бір объектілерден пәнге байланысты қандай мәселелерге назар аудару керектігі жөнінде тапсырмалар беріледі. Бұл экскурсиялардың қай-қайсысына да баратын объектілер алдын-ала белгіленеді. Ауылдық мектептерде ондай экскурсиялық объектілер: жылу станциялары, аудандық трактор станциясы, аудандық трактор шеберханасы, ұстахана, гараждар, электр және телефон станциялары т.с.с.

7-сыныпта өткізілуі мүмкін бір экскурсияның мысалын келтірейік. *Экскурсия тақырыбы:* Оқушылардың физикадан алғашқы теориялық білімдерін нығайту. Бұл экскурсия 7-сыныптың физикасының бағдарламалық материалдарының бірінші және екінші тарауы толық оқылғаннан кейін өткізіледі. Сөйтіп, мұнда осы екі тараудың материалдары бірдей қамтылады.

*Экскурсия мақсаты:* Оқушыларға қысымды арттыру және кеміту тәсілдерін, Паскаль заңының, қатынас ыдыстар принципінің техникада қолданылуын іс жүзінде көрсету және насостардың құрылысымен, жұмысымен, манометрлермен, т.б. аспаптармен таныстыру.

*Экскурсия нәтижесі.* Әртүрлі өндірістерге барып, оларды зерттей отырып, оқушылар ғылыми-техникалық білімдерін ұлғайтады, тереңдете түседі, түрлі бақылаулар жасайды және бірсыпыра бағалы қорытындылар тиянақтайды, екінші сөзбен айтқанда өндірістік экскурсиялардан кейін оқушылар мектепте оқытылатын оқу материалын шын ынтасымен игеріп, мағынасын түсініп, терең ұға бастайды.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Сариева А.К. Білімді бекітуде оқушылардың іс-әрекеттерін дамыту. //ИФМ.– №5 – 2001. –10-11 бб.
2. Сейітқалиева К.М. Оқушыларды шығармашылық іс-әрекеттерге үйрету мәселелері. //ИФМ. – №2. – 2008. –23-25 б.

**Алкенова Н.Ж.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Желдыбаева Б.С., п.ғ.к., физика кафедрасының доцент м.а.

### **«ӘР ТҮРЛІ ОРТАДАҒЫ ЭЛЕКТР ТОҒЫ» ТАРАУЫН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Физикалық ұғымды нақтылау сол ұғымның мазмұнын байытып, оның мәнін анықтайды, басқа ұғымдармен байланыстарын және қатынастарын толығырақ ашады. Оқушылардың физикалық ұғымдарын қалыптастыру негізінде физикалық құбылыстардың мазмұнын құрастыруда келесі критерийлер басшылыққа алынды [1]:

- физикалық құбылыстар мазмұнының оқу үдерісінде проблемалық, дамыта оқыту принциптерін жүзеге асыратындай болып құрылуы;
- физикалық құбылыстар мазмұнының оқу бағдарламасында берілген оқу материалынан асып кетпеуі;
- оқушылардың білім сапасын арттыру үшін оқу бағдарламасынан тыс жатқан ұғымдардың және заңдылықтардың қажет болмауы;
- физикалық құбылыстар мазмұнының бағдарлы болуы, яғни физикалық білімнің өндірістегі, өнеркәсіптегі, техникадағы, табиғат құбылыстарындағы, үй-тұрмысындағы орнын көрсету мен айқындау мақсатын көздеуі;
В чем секрет? Возможно, вы удивитесь, прочитав сейчас о том, как можно сделать фонтан своими руками. Ведь в этой модели используется пластмасса, а 200 лет назад ее еще не изобрели. Все просто. Мы использовали стеклянные емкости. Для начала Герон провел эксперимент. Налил воду в стеклянную бутылку, затем заткнул ее пробкой, в которой проделал отверстие. В это отверстие он вставил трубку, достигающую до дна бутылки. Поставив эту конструкцию на солнце, Герон принялся наблюдать за ней. Солнце начало нагревать бутылку, и вода устремилась по трубочке вверх. Причем, чем сильнее грело солнце, тем больше вытекало воды. Тогда Герон взял увеличительное стекло и направил его на бутылку, чтобы усилить действие солнечных лучей. Нагретая вода высокой струей вырвалась по трубке из бутылки. Это натолкнуло Герона на мысль о том, что вода может двигаться по кругу, поднимаясь из бутылки и возвращаясь в нее. Тогда он стал думать над тем, как сделать так, чтобы вода самостоятельно возвращалась обратно в емкость. Далее он придумал поместить внутрь одного сосуда еще два. Третий сосуд был пустым, а второй – наполненным водой. Вода поступает в третий сосуд, создавая давление воздуха, от которого она поднимается вверх по трубке, расположенной в середине третьего сосуда. Из второго сосуда вода начинает движение в третий, расширяясь при нагревании солнечными лучами. В итоге зрители видят бьющую струю фонтана над поверхностью чаши. Первый свой фонтан Герон разместил в храме [2].. В то время это было похоже на чудо, потому что никто не мог объяснить, как работает этот фонтан, ведь не было видно ни механических устройств, ни труб, с помощью которых могла бы закачиваться вода.

#### Особенности сборки

Итак, принцип действия фонтана Герона понятен, теперь остается разобраться с тонкостями и вариантами его сборки. Различных конструкций существует несколько. Например, закрытый фонтан Герона для помещений. Преимущество такого фонтана заключается в двух вещах: во-первых, он весьма компактный и, во-вторых, он собирается так, что вода не вступает в контакт с окружающим

воздухом. Вода не разбрызгивается, и все действие происходит в одном прозрачном корпусе, разделенном на секции, которые соединены друг с другом трубками. Мало того, еще одним из немаловажных преимуществ такой системы фонтана является элементарная «перезарядка» – все, что для этого необходимо сделать, это перевернуть установку как песочные часы, дождаться пока вода перельется в нужную емкость и перевернуть его обратно. Как только это будет выполнено, фонтан заработает снова. В технологическом плане это весьма сложная конструкция для изготовления – собрать можно, но перед этим желательно потренироваться на упрощенном варианте. Заодно и разобраться с принципом работы. Это даст возможность вносить в конструкцию свои дополнения [3].

Изобретение Герона до сих пор интересно нашим современникам. Особенно оно удивляет детей, которые еще не знакомы с законами физики. Современные изобретатели постепенно совершенствуют проект Герона. Добавляют к нему что-то новое, улучшают его свойства и, конечно же, придумывают что-то свое. Например, можно увеличить высоту струи, если соединить между собой несколько емкостей, тогда давление суммируется и выталкивает струю воды на большее расстояние. Еще придумывают различные способы «перезарядки» фонтана. Хорошо бы было сделать так, чтобы человеку не пришлось принимать участие в этом процессе. В наше время даже школьник может смастерить фонтан Герона своими руками. Можно декорировать это изобретение и установить у себя на даче или в квартире, удивляя гостей.

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. [http://virtuallab.by/publ/interesnye\\_stati/interesnye\\_stati/geronov\\_fountain with his own hands/2-1-0-92](http://virtuallab.by/publ/interesnye_stati/interesnye_stati/geronov_fountain_with_his_own_hands/2-1-0-92)
2. Техника: Энциклопедия/ Оформл. Серии Л. Яковлева.– М. ООО 2000.–399с.- (Детская энциклопедия).
3. Я. И Перельман ТРИАДА–ЛИТЕРА Москва, 1994 год.– 117с.

# ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

## ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ:528.94

**Баянбек Р.Б.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшілері: Г.С. Сейтказина, «Геодезия және құрылыс» кафедрасының аға оқытушысы, Г.Б. Тоқтағанова, Қорқыт Ата атындағы ҚызМУ жаратылыстану және аграрлық технологиялар факультетінің аға оқытушысы

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ (ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ) СУАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІГІНДЕГІ ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫН ТҰЗДАНУ ТИПІ БОЙЫНША КАРТОГРАФИЯЛАУ

Ауыл шаруашылығы Қызылорда облысы экономикасының басты саласы болып табылады. Сондықтан, облыстың шаруашылығын дамыту ауыл шаруашылығы, әсіресе суармалы егістік жерлерді пайдалану негізінде қалыптасқан. Қазіргі таңда егістік алқаптардың тиімсіз орналасуынан, оларды шектен тыс пайдалану барысында тыңайтқыштар мөлшерін арттыру салдарынан ондағы топырақ жамылғысының тұздану мөлшері күннен күнге молайып барады. Сондықтан Қызылорда облысындағы (Жаңақорған ауданындағы) суармалы егістік алқаптардағы топырақ жамылғысын экологиялық-географиялық мониторинг жүргізу арқылы зерттеп, тұздану деңгейін төмендету шараларын ұсыну бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Облыстың суармалы жерлерінің топырақ жамылғысының мелиоративтік жағдайын көпжылдық бақылаулардың нәтижелері суармалы жерлерді пайдаланудың барысында карашіріктің және қоректену элементтерінің қорларының азаюын, топырақтардың су-физикалық қасиеттерінің нашарлауын, топырақтардың эрозияға ұшырауын, тұздану және сорлану процестерінің өскендігін, топырақтардың құнарлығының төмендеп отырғандығын көрсетіп отыр. 2013 жылы Қызылорда облысының аумағы бойынша тұзданған суармалы жерлердің ауданы 225940 га, олардың ішінен әлсіз тұзданған - 87574 га, орташа тұзданған -73302 га және қатты және өте қатты тұзданған жерлер - 65064 га құрады [1].

Ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерлердегі топырақтарды бөлу үшін бірегей критерийлер белгіленген, олар мелиоративтік даярлық пен агротехникалық іс – шаралар (дренаж, шаю, химиялық өңдеу, хардпендтерді механикалық жою және т.б.) барысында ауылшаруашылық дақылдары үшін топырақтардың жарамдылығын анықтау кезінде есепке алынуы тиіс.

Тұздану деңгейі бойынша классификациялау сұрақтары топырақтардағы тұздарды анықтау тәсілімен бірге шешіледі, осы мақсаттарда толық және қысқартылған сулы ерітінді сараптамасында  $\text{CO}_3$ ,  $\text{HCO}_3$ ,  $\text{NO}_3$ ,  $\text{Cl}$ ,  $\text{SO}_4$ ,  $\text{Ca}$ ,  $\text{Mg}$ ,  $\text{Na}$  мен қатты қалдық анықталады. Қысқартылған сараптамада  $\text{HCO}_3$ ,  $\text{Cl}$ ,  $\text{Na}$  анықталады, бұл кезде тұздану деңгейі бойынша бөлу үшін 1-кестені пайдалануға болады. Мұнда алынған көрсеткіштер далалық бақылаулармен келісіледі [2].

Кесте 1 - Қысқартылған сулы ерітінді сараптама нәтижелері бойынша тұздану деңгейіне қарай топырақтар классификациясы

Тұздану деңгейі	$\text{HCO}_3$	$\text{Cl}$	$\text{Na}$	$\text{HCO}_3$	$\text{Cl}$	$\text{Na}$
	100 г топыраққа шаққанда мг. экв.			Құрғақ топыраққа шаққандағы, %		
Аз тұзданған	1-2	0,2-1	1-2	0,061-0,122	0,01-0,035	0,023-0,046
Орташа тұзданған	2-4	1-2	2-4	0,122-0,244	0,035-0,070	0,046-0,092
Қатты тұзданған	4-8	2-4	4-8	0,244-0,488	0,070-0,140	0,092-0,184
Аса қатты тұзданған	>8	>4	>8	>0,488	>0,149	>0,184

Осы тұжырымды негізге ала отырып, Жаңақорған ауданына қарасты Жаңарық және Өзгент елді мекендерінің суармалы жерінің 8 жерінен беткі және 50 см-тендіктен 16 топырақ үлгілері



алынды. Алынған топырақ үлгілері Жаңақорған аудандық санитарлық-эпидемиологиялық зертханасына жіберіліп, ол жерден алынған топырақ үлгілерінің тұздану көрсеткіші анықталды. Алынған зерттеу нәтижелері бойынша тұздану көрсеткіші төмендегі кестеде (кесте 2) бейнеленген. Жаңақорған ауданына қарасты Жаңарық және Өзгент елді мекендерінің суармалы жерлері бойынша әлсіз тұзданған жер көлемі 29%, орташа тұзданған жер көлемі 33,5 %, жоғары деңгейде тұзданған жер көлемі 37,5 % құрады. Аумақта тұзданбаған жер қалмаған.

Кесте 2 - Жаңақорған ауданы топырағының тұздану деңгейі (мг/экв)

Топырақ үлгісін алған орын	Тереңдігі, м	Өлшемі бірлігі	Катиондар			Аниондар			105° құрғақ қалып	Топырақтың тұздану деңгейі	Топырақ грунтының тұздану типі
			Ca <sup>++</sup>	Mg <sup>++</sup>	Na+K	HCO <sub>3</sub>	Cl	SO <sub>4</sub>			
Жаңарық	Беткі қабат	%	0,018	0,052	0,220	0,018	0,023	0,63	0,961	Әлсіз тұзданған	Сульфат.
	50 см тереңдік	%	0,021	0,055	0,246	0,012	0,033	0,69			
Өзгент	Беткі қабат	%	0,036	0,104	0,451	0,036	0,049	1,267	2,057	Орташа тұзданған	Сульфат.
	50 см тереңдік	%	0,042	0,110	0,492	0,024	0,067	1,334			
Жаңарық	Беткі қабат	%	0,017	0,054	0,240	0,016	0,026	0,59	0,959	жоғары тұзданған	Сульфат.
	50 см тереңдік	%	0,022	0,058	0,253	0,014	0,037	0,57			
Өзгент	Беткі қабат	%	0,034	0,106	0,454	0,039	0,045	1,259	2,045	Жоғары тұзданған	Сульфат.
	50 см тереңдік	%	0,043	0,120	0,488	0,026	0,064	1,339			

Осы алынған нәтижелер және ауданның суармалы жерлерінің бірнеше жерінен алынған топырақтың үлгісі негізінде Жаңақорған ауданының экологиялық топырақ картасы құрастырылды. Картада тұзданған топырақ үш негізгі деңгеймен бағаланған: әлсіз, орташа және жоғары деңгейде тұзданған топырақ (2-суретке сәйкес).

Зерттеу нәтижесінде Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының суармалы жерлеріне экологиялық-географиялық мониторинг жүргізіліп, топырақ жамылғысы тұздану типі бойынша топтастырылды; зерттеу жүргізілген аймақтан алынған топырақ үлгілері бойынша тұздану типіне карта құрастырылды.

Суармалы егістік жерлердегі топырақтың тұздық режимдерін жақсарту үшін төмендегідей жолдар ұсынылады:

1. Егістік жерлердің құрылымын қайта қарастыру және қайта құру;
2. Су бөлу және суды пайдалану үрдісін басқаруды жақсарту;
3. Озық технологияларды, техникалық және конструктивтік шешімдерді енгізу;
4. Коллекторлық-дренаждық суларды тазарту және ауыл шаруашылығында пайдалану.



## ӘДЕБИЕТ:

1. Нұрғызарынов А. Атыраулық экотоптардың химиялық экологиясы (Сырдың төменгі ағысы). – Қызылорда: «Тұмар», 2003. – 168 б.
2. Нұрғызарынов А., Токтамысов Ә., Айдаров О., Құрманбаев Р. Жаңа атыраулық (Қазалы оазисі) топырақ жамылғысының антропогендік өзгеруі // Жор. «Хабаршы». – 2005. – № 1. – 13-15 б.

УДК 528.9

**Исабекова К.С., Сембаев Е.Н.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Н.А.Кудеринова, к.т.н.,  
зав. кафедрой «Геодезия и строительство»

### **МЕДИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ КАРТОГРАФИРОВАНИЕ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

В настоящее время медико-географическое картографирование в Казахстане находится в стадии разработки теоретических основ и методов. Развитие данного направления взаимосвязано с медико-географическими исследованиями модели конкретного региона, что немислимо без использования картографического метода исследований, следовательно, без медико-географических карт. Разработка медико-географических карт актуальна для отображения результатов исследований, а также с целью получения новых знаний и сведений о здоровье населения. [1]

Целью нашей работы является разработка содержания и технологии создания региональных медико-географических карт, необходимых для решения вопросов организации здравоохранения и улучшения здоровья населения Восточно-Казахстанской области в конкретных геопространственно-временных координатах.

Восточно-Казахстанская область - крупнейший промышленный регион республики. Здесь функционируют мощные предприятия горнодобывающей и металлургической промышленности; крупнейшие заводы по производству цветных и редких металлов. В период интенсивного развития цветной металлургии 1940-1950 гг. в Восточном Казахстане сформировалась база строительной индустрии, которая в настоящее время представлена трестами "Алтайсвинецстрой", "Ленингорксвинецстрой", "Зыряновскстрой" с собственными базовыми предприятиями во всех промышленных зонах области. Кроме того, работают предприятия строительных материалов: цементный завод, комбинат нерудных и дорожностроительных материалов, кирпичные заводы.

Таким образом, территория области испытывает колоссальную антропогенную нагрузку: ежегодно в ее атмосферу выбрасывается более 400 тысяч тонн вредных веществ, в водоёмы и водостоки поступает около 350 млн.м<sup>3</sup> сточных вод, а в различных хранилищах скопилось около одного млрд. тонн твёрдых отходов. В перерабатываемых рудах кроме свинца, цинка, меди содержатся и другие элементы. Есть также источники поступления лития, таллия, ниобия, бериллия и др. Одним словом, в воздухе, воде и почве области зарегистрировано около 100 загрязняющих веществ. Содержание этих токсикантов превышает норму в 1,5-5 раз по таллию, бериллию, цинку, меди, в 10 и более раз по бору, свинцу, хрому, ванадию, никелю, алюминию. [1]


В ходе научно-исследовательской работы были поставлены задачи: проанализировать отечественный и зарубежный опыт создания медико-географических карт; изучить особенности природы и медико-географической обстановки картографируемого региона; провести анализ организации здравоохранения в Восточно-Казахстанской области; разработать систему медико-географических карт Восточно-Казахстанской области, их легенды и тематическое содержание.

Практическая значимость данной работы непосредственно связана с решением самых главных задач общества – укрепления и улучшения здоровья населения. Составленные нами карты представляют и уточняют современную картину заболеваемости населения ВКО онкологическими заболеваниями, показывают пути улучшения организации здравоохранения. Основой служили данные взятые из статистического сборника «Здоровье населения республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения» [2]. Была разработана серия медико-географических карт Восточно-Казахстанской области, представляющая разные аспекты медико-географической обстановки -от количества заболеваемости населения новообразованиями до состояния организации здравоохранения в программе MapInfo. В перспективе планируется созданию карты по заболеваниям с разделением по типам и обеспеченностью медицинской помощью.


Медико-географическое картографирование, как отрасль науки в Казахстане начала развиваться в конце 1990-го года. Ранее данному вопросу уделялось недостаточно внимания, тематических карт по распределению заболеваемости в источниках найдено не было. Медико-географические карты в западных странах, России произошли в 60-ых годах XX в. К ним можно отнести: «Медико-географическая оценка территории. Здравоохранение» (атлас Забайкалья, 1967 г.), «Медико-географические условия и здравоохранение» (атлас Сахалинской области, 1967 г.), карта «Ландшафтно-маляриогенные зоны» в атласе Таджикской ССР, 1968 г.и т.д.[3,4].

Медико-географическая карта Восточно-Казахстанской области заболеваемости онкологии на 100 000 чел. является картой узкой тематики. Разработка легенды карты включает такие показатели как количество случаев заболевания новообразованиями на 100 000 тыс. чел. Отбор элементов тесно увязан с назначением и спецификой содержания тематических карт. При проектировании данной карты был применен способ количественного фона. Этот способ всегда сопряжен с районированием по количественному признаку. В качестве графических средств был использован цветовой фон. Окраска выполнялась по шкале, т.е. интенсивность усиливается или уменьшается в соответствии с изменением признака. На карте можно увидеть, что наиболее подвержены новообразованием Шемонайхинский, Бескарагайский, Бородулихинский, Риддерский районы, наименее Катон-Карагайский, Кокпектинский, Курчумский, Тарбагатайски, Урджарский районы.

Карта «Обеспеченность Восточно-Казахстанской области медицинским персоналом и учреждениями здравоохранения» представляет собой карту, показывающую долю регионов в обеспеченности медицинским персоналом и учреждениями здравоохранения. На карте можно увидеть, что самая высокая обеспеченность в городах Семей, Усть-Каменогорск и Аягоском районе, а низкая обеспеченность в Бескарагайском, Абайском, Уланском, Шемонайхинском районах. [2].



**Рисунок 1.** Медико-географическая карта Восточно-Казахстанской области заболеваемости новообразованиями на 100 000 чел.



**Рисунок 2.** Карта обеспеченности Восточно-Казахстанской области медицинским персоналом и учреждениями здравоохранения

Таким образом, медико-географическое картографирование Восточно-Казахстанской области направлено на оздоровление местности, на предупреждение возникновения и распространения болезней человека, а также наиболее рациональной организации медицинского обслуживания населения на данной территории. Разработка и создание медико-географических карт вносит большой вклад в медико-географическую изученность всего мира. Данные карты могут использоваться при создании разных видов тематических карт других регионов. Также, они используются при разработке планов и целевых программ экономического и социального развития территории, а также для разработки рекомендаций по оздоровлению и сохранению здоровья населения.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Жаркинов Е.Ж. Состояние экологической ситуации в Восточном Казахстане и актуальные задачи научных исследований в этом регионе. Е.Ж. Жаркинов, В.Н. Голдобин, Ш.Д. Дюсупов, А.О.

- Балтаева // Медицина: Опыт, проблемы, перспективы: Сб. научно-практических статей.- Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 1999. – С.27-32
2. Статистический сборник «Здоровье населения республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения» // Астана, 2016: Издательство Медианформ, 2016.
  3. Степанова Н.К. Разработка содержания, методики и технологии создания региональных медико-географических карт. – Москва, 2007.
  4. Степанова Н.К. Медико-географическое картографирование: цели, задачи, практическая реализация. // Сб. научно-практических статей.– Москва, 2009: Издательство МИИГАиК, 2009.- С. 143-147

ӘОЖ: 528.92

**Меңдыбаева М.Б.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Г.С. Сейтказина, «Геодезия және құрылыс» кафедрасының аға оқытушысы

## **COREL DRAW БАҒДАРЛАМАСЫНДА СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ 1: 2 500 000 МАСШТАБТАҒЫ КАРТАСЫН ЖАҢАРТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ**

*Карта... Оған қарап, тамашалау өте оңай, ал жұмыста қиыны оны құрастыру  
(Григорий Анисимович Федосеев)*

Алғашқы рет геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ) құрудың бірінші жұмыстары 60 – жылдардың ортасында Канада және Швецарияда басталған.

ГАЖ-дің негізінде ақпараттық – бағдарламалық кешен құрылады. Бұл жүйе арқылы келесі жұмыстарды атқаруға болады: мәліметтерді қайта өңдеу, кеңістіктік – координаттық байлау, тарату және көрсету.

Қазіргі дамыған елдерде мыңдаған ГАЖ бар, олар экономикада, саясаттануда, экологияда. қоршаған ортаны қорғау және басқаруда, жер кадастрында, ғылымда, білім беруде қолданылады [1].

Әртүрлі масштабтағы карталарды жаңарту үшін жаңа технологияның енгізуіне байланысты ГАЖ-де келесі бағдарламалық қамтамасыздандырулар қолданыста: GeographicTransformer, MapInfoProfessional, EasyTrace, CorelDRAW, FramePainter және басқалары. Әр бағдарламалық қамтамасыздандырудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Жобаны жүзеге асыру үшін - Corel Draw бағдарламасы таңдап алынды.

CorelDRAW – машиналық графиканың нағыз шедеврлерін жасау үшін қолданылатын компьютерлік дизайнердің құралы. Түрлі-түсті көркемдеулерді; күрделі сызбаларды, қарапайым карта мен пландарды сызуда, кітаптар мен журналдар мұқабаларының фигуралық кітапталарын, фотографиялық шын және фантастикалық шын емес бейнелейлерді; дайын бейнелеулерді редакциялау үшін, графикалық Web-беттерді құру үшін, т.б. жасау үшін қолданылатын қолайлы игеруге қарапайым құрал [2].

Жобаның мақсаты Солтүстік Қазақстан облысының 1: 2 500 000 масштабтағы картасын жаңартудың технологиялық сызбасын құру, орыс тіліндегі елді-мекендерді қазіргі аттарына сай жаңарту болды.

Жобаны орындау барысында Corel Draw бағдарламасының мүмкіндігіне сәйкес ұсақ масштабты карталарды жаңартудың технологиялық жобасы құрылып, технологиялық жоба арқылы Солтүстік Қазақстан облысының 1: 2 500 000 масштабтағы картасы жаңартылды.

Corel Draw бағдарламасында Солтүстік Қазақстан облысының 1: 2 500 000 масштабтағы картасын жаңартудың технологиялық жобасы төмендегідей кезеңдерден тұрды (1-кесте):

– *Тапсырыс алу*




*1. Редакциялық дайындық кезеңі*

- Құрастырылатын аудан негізін сканерлеу (растрлық бейне алу)  
Бағдарламалық қамтамасыздандыруды таңдау (Corel Draw бағдарламасы).

- Жаңартылып құрастырылатын картаға қажетті материалдарды жинастыру (физикогеографиялық, экономикалық жағдайы, әкімшілік жағдайы, шекаралық ерекшеліктері, картографиялық мағынады материалдар, ғарыштық суреттер, Солтүстік Қазақстан облысының елді-мекендерінің каталогы).

– Қажетті маман саны: 1- геодезия-картография маманы.

- Берілген мерзім – 3 жұмыс аптасы.
- Құрал жабдықтану: ДК, сканер.



## II. Жаңартылатын

## карта түпнұсқасын құрастыру

Қабаттарды құрған кезде “Құралдар” – “Нысандар диспетчеры” мәзірінен таңдаймыз. Тізімнен “қабат құрастыру”. Бұл жерде қабаттарды өзгертуге, өшіруге, көшіруге, қабаттар реттілігін өзгертуге, көрінбестей жауып қоюға болады. Немесе қабаттар белгісін таңдап құрамыз.

Әрбір қабат бойынша бөліп топтастыру, қабаттарға атау беру (сурет 1):

- Елді-мекендер (пунсон, атауы).
- Жолдар. Қатынас жолдарының барлық түрлері мемлекеттің халық шаруашылығына, әскери істе ерекше маңызды. Сол себептен картада осы элементтердің мазмұны ерекше көңіл бөлінді.
- Гидрография. Негізінен карталарда бейнеленетін гидрографиялық бейнелерге: теңіз, көл, өзен, канал, әртүрлі су қоймалары, т.б. жатады. Гидрографияны карталарда дұрыс көрсету үшін картографияланатын аудан ерекшеліктерін терең зерттеу керек.

- Шекара.
- Аудандық бояу.
- Сыртқы безендірілуі.
- Өзіндік тексеру. Тексеріс барысы өзіне қосады:

а) Арақашықтық бойынша масштаб дәлдігін анықтау. Ол үшін анықталған екі елді мекен бойынша ғарыштық суреттен арақашықтық өлшемі алынады және карта бойынша дәл сол екі аралық өлшемі алынады. Кейін төмендегі формула бойынша масштаб есептелінеді:

$$M = lk / dM \quad (1)$$

б) Басшы маманның тексеруі.

## III. Басылымға дайындау

- Өзіндік тексеріске карта түпнұсқасын басылымдау.
- Корректүра жасау.
- Жаңартылған карта түпнұсқасын басылымға дайындау (формат, масштаб тексеру, дәлдікті бағалау).

## IV. Басылымдау

- Карта тиражын көбейту.

Сурет 1. Corel Draw бағдарламасында Солтүстік Қазақстан облысының 1 : 2 500 000 масштабтағы картасының елді-мекендер, жолдар, гидрография қабаттары

Кесте 1 - Corel Draw бағдарламасында Солтүстік Қазақстан облысының 1: 2 500 000 масштабтағы картасын жаңартудың технологиялық жобасы

I	Тапсырыс алу. Редакциялық дайындық кезеңі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құрастырылатын аудан негізін сканерлеу (растрлық бейне алу).</li> <li>2. Бағдарламалық қамтамасыздандыруды таңдау (Corel Draw бағдарламасы).</li> <li>3. Жаңартылып құрастырылатын картаға қажетті материалдарды жинастыру.</li> <li>4. Жұмысты ұйымдастыру (карта құрастыру өндірісін ұйымдастыру, карта жаңарту процесстерінің жүйелігі бойынша сұрақтарды зерттегеннен кейін техникалық нормалау).</li> </ol>
---	--	--



II	Жаңартылатын карта түпнұсқасын құрастыру	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әрбір қабат бойынша бөліп топтастыру, қабаттарға атау беру.</li> <li>2. Өзіндік тексеру.</li> <li>3. Басшы маманның тексеруі.</li> </ol>
III	Жаңартылған картаны басылымға дайындау	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өзіндік тексеріске карта түпнұсқасын басылымдау.</li> <li>2. Корректуралар жасау.</li> <li>3. Жаңартылған карта түпнұсқасын басылымға дайындау (формат, масштаб тексеру, дәлдікті бағалау).</li> </ol>
IV	Жаңартылған картаны басылымдау	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Карта тиражын көбейту.</li> </ol>

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Берлянт А.М. Картография: ЖОО арналған оқу құралы. – М.: Аспект Пресс, 2001. – 336 бет
2. Дунаев В.В. CorelDraw X5. - СПб.: Питер, 2011. – 239 бет

УДК: 691.544

**Мухаметжанова Ш.Ш, Кадрбекова И.Е.**

Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет  
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Г.О.Садвақасова

#### ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ СӘУЛЕТ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР

Қазіргі таңда жарық, су, ауа және түстің көмегімен ерекше, бірегей дизайн құруға болады. Сондай дизайнды құруға арналған материалдың бірі «i.light» түссіз цементі.

«i.light» түссіз цементі бұрын сонды ешкім көрмеген, мүлдем жаңа материал. Табиғи және жасанды жарық беру қабілеттілігі ғана емес, сонымен қатар бөгет сыртында орналасқан бейнелер мен объектілерді көруге мүмкіндік береді. Бұл түссіз эффекттің әсері, материалдарды шайыр, полимер және инновациялық ерітіндімен қаптау арқылы жүзеге асады. Жарықты бағыттап, басқарып, түрліше өзгертуге мүмкіндік береді. Шайыр қоспалары және цемент негізінде құралған панелдер, бөлменің интерьері мен экстерьерін байланыстырып, табиғи және жасанды жарық өткізе отырып, ғимарат ішінде ыңғайлы әрі жұмсақ климат құрып, сыртқа жарықтың нақты түсуіне жағдай жасайды. Күн батысымен қабырғалардың айқындығы байқала бастайды. Қабырғалар жарықтың кедергіден өтуіне мүмкіндік беріп, ғажайып көрініс тудырады.[1]

Жалпы бұл материалды 2010 жылы Шанхайда өткен EXPO-да итальяндық сәулетші Джанпаоло Имбригидің жобасын іске асыру барысында алғаш рет халыққа ұсынылған болатын.(1-сурет)



1-сурет. Итальяндық павильон. Шанхай, EXPO-2010

Шанхайдағы қолданылған панелдердің өлшемі 500×1000×50 мм бола тұра, айқындылық деңгейі сыртқы бетінің 18-20 % құрайды.

Келесі инновациялық материалдың түрі «i.idro DRAIN» –су өткізгіштік қабілеті жоғары инновациялық бетон қоспасы.Бұл өнім арнайы әзірленген қоспаның арқасында, бетон қабатының мықтылығына қарамастан, су өткізгіштігі табиғи топыраққа қарағанда 100 есе жоғары болады.

Бұл өнімнің артықшылықтары неде?

- Аса жоғары инертті материалдар мен арнайы іріктелініп алынған цементтің арқасында кең ауқымды түсті сәулеттік жабындарды алу мүмкіндігі бар.
- Ашық қуыстары қардың тез еруін жылдамдатады.
- Жауын-шашын суларының ағынын біршама төмендетеді.
- Қысқы уақытта жер бетінің мұздауын болдырмайды және судың жол бетінде ұзақ тұрып қалуының алдын алады.

«i.idro DRAIN» –су өткізгішілік қабілеті жоғары инновациялық бетон қоспасы негізінен автотұрақтарда, жаяу жүргіншілер жолында, гольф алаңындағы жолдарда, велосипед жолдарында, бассейн борттарында және тағы басқа көптеген жерлерде қолданылады.

«i.idro DRAIN» бетон өнімі Қазақстанда енді ғана өндіріліп, дамып келе жатқан инновациялық өнімдердің бірі.[2]

«Shymkent Build-2015» халықаралық көрмесінде 40 компания өздерінің құрылыс материалдары, терезе технологиялары, керамика және тастан жасалған өнімдерін таныстырды. Бұл көрмеге тек Қазақстаннан ғана емес, Украина, Түркия, Ресей және Италиядан мамандар келген болатын. Мұнда ЭКСПО-2017 құрылысында қолданылатын құрылыс материалдары көрсетілді. Өндірушілер өз жобасымен шетелдік инвесторларды таң қалдыра алды. Мұнда шыныдан жасалған берік арматура да, түссіз цемент те бар. «Шымкент цемент» компаниясы кәдімгі асфальтпен салыстырғанда отқа төзімді және экологиялық жоғары өткізгіш қабілетті бетонды ұсынды. Сонымен қоса мұндай жол жабындарын кез келген түсте жасауға болады.[3]

Итальяндық «Italcementi» компаниясы «TX Active» атты жаңа цементтің түрін ойлап тапты.

TX Active принциптері бойынша жұмыс істейтін өнімдер:

- Зиянды заттардың ауада таралуын азайтады,
- Фимараттардың эстетикалық қасиеттерін ұзақ уақыт бойы сақтайды.

TX Active жолдарда, тротурада, жабын ретінде, аландарда, тұрақтарда, темірбетон элементтерінде, кірпіш және бетондық блоктарда, сонымен қоса бояуларда, бітеу, тегістегіш ретінде де қолданылады.



2-сурет. Air France- штаб-пәтері. Париж

Italcementi мамандары 2000 жылдан бері TX Active цементін асфальт, үй-жайларды әрлеуге қолданып, жетілдіп айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізеді. Бұл материалды Бергамо қаласы Борго Палаццо көшесі және Париж қаласындағы Air France- штаб-пәтерін салуда қолданылған (2-сурет). Компаниясының мамандары бұл цементті қолданса, ауаның ластануының 50% төмендетілетіндігін нық сеніммен айтып отыр.[4]

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Omkar M. Innovative Transparent Cement From Italcementi. URL: <http://thedesighhome.com/2011/01/innovative-transparent-cement-from-italcementi/>
2. Прозрачный бетон — декоративный материал будущего. URL: <http://tehnobeton.ru/beton/vidy/prozrachnyj.html>.
3. «Прозрачный» цемент. URL: <http://bookplants.ru/prozrachnyj-tsement>
4. Инновационная цементная продукция Italcementi. URL: <http://ultradizz.ru/architecture/1080-innovacionnaya-cementnaya-produkciya-italcementi.html>

**Нукешова А., Ғайнуллаев Е.,**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Жұмаділов І.Т.

## **ҚАЗІРГІ ЕУРОПАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СҮЙЕНЕ ОТЫРА, ҚАЗАҚСТАН ҚҰРЫЛЫСЫНДА BIM-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Бұрын сәулетшілер тапсырыс берушілердің жобаларын сызбалар сызу арқылы көрсететін. Әрине бұл қажырлы еңбек пен уақытты талап етеді. Бүгінгі таңда бұл сала ілгерілеп, дәстүрлі сызбалардың орнын 3D моделдеу әдісі басты. BIM технологиясы 3 өлшемді кеңістікте немесе ғимараттарда ақпараттарды моделдеу арқылы көрсететін жобалар. Ғимараттарды ақпараттық модельдеу жүйесіне (Building Information Modeling) жататын бұл пәннің мақсаты – білім алушыларға ақпараттық модель құру әдістерін және тәсілдерін үйретеді. Ғимараттарды ақпараттық модельдеу жүйесі элементтер мен олардың өзара байланыстарына толық сипаттама жасайды және Revit бағдарламасында жоба интеллектуалды объектілер мен элементтердің жиынтығы ретінде ұсынылады. Білім алушы осы жүйені меңгеру арқылы жобадағы объектіні шынайы өмірдегі нұсқасына максималді жақындатылған түрде көре алады, сондай-ақ, эксплуатациялық сипаттамаларына дәл болжам жасауға мүмкіндік алады. Revit Architecture бағдарламасында жоба интеллектуалды объектілер мен элементтердің жиынтығы ретінде ұсынылады. Берілген объектілер мен элементтер параметрлік атрибуттарға ие. Revit плаформасы жобалау мен құжаттамалардан бөлек ғимаратты тұрғызу кезінде болатын күштерді есептейді. Ғимараттарды ақпараттық модельдеу концепциясы есептеуіш техниканың архитектуралық жобалаудағы рөлін түбірімен өзгертеді. Revit Architecture бағдарламасы - жобалау процесін шынайылыққа максималды жақындауға мүмкіндік беріп, ғимараттың ақпараттық моделі жоба туралы негізгі ақпаратты құрайды.

BIM технологиясы (Ғимараттарды Ақпараттық Модельдеу) сандық түрде ғимараттардың бір немесе бірнеше нақты виртуальдік модельдерін құрастыруға мүмкіндік береді. Модельдерді пайдалану мұқият талдау мен бақылауды қамтамасыз етіп, жобалау үдерісін оның барлық кезеңдерінде жеңілдетеді. Аяқталған, осы компьютерлік модельдер конструкцияның нақты геометриясын және материалдарды сатып алу, конструкцияларды жасау және құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін барлық қажетті мәліметтерді қамтиды.

BIM (Ғимараттарды Ақпараттық Модельдеу) – инженерлік-құрылыс саласында пайдаланылатын, жобалаудың ең заманауи және жетілдірілген технологиясы.

BIM технологиясының мәні: пайдаланушы ғимараттардың үш өлшемді ақпараттық моделін құрайды. Сол ақпараттық моделдегі әрбір элементтің көптеген техникалық қасиеттері бар. Осындай ақпараттық моделдің кез келген элементінің өзгеруі жобаның барлық бөлімдерінде – жоспарларда, кесінділерде, фасадтарда, 3d моделдерінде көрінеді.

Ғимараттың ақпараттық моделінде қарапайым геометриялық өлшемдерден басқа, пайдаланылатын материалдардың құрылымы, олардың тығыздығы, жылу өткізгіштігі және өзге де физикалық қасиеттері туралы мәліметтер болуы мүмкін. Ғимараттың ақпараттық моделін сауатты құрастырған соң, сызбалардың барлық түрлерін, тізімдеме кестелерін, ғимараттардың ерекшеліктері мен экспликацияларын қоса алғанда, жобаланатын ғимарат бойынша айтарлықтай барлық жобалық құжаттаманы автоматты түрде алуға болады.

«BIM технологиясы (Ғимараттарды Ақпараттық Үлгілеу) ғимараттардың сандық түрдегі бір немесе бірнеше нақты мүмкіндікті үлгілерін құрауды болжайды. Үлгілерді пайдалану жобалаудың барлық кезеңінде мұқият талдау және бақылауды қамти отырып, жобалау процесін жеңілдетеді. Аяқталғаннан кейін бұл компьютерлік үлгілер нақты геометриялық конструкцияларды және материалдарды сатып алу, конструкцияларды әзірлеу және құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін барлық қажетті деректерді қамтиды». BIM қысқармасындағы I әрпі – Information (ақпарат) сөзінің бірінші әрпі - Ғимараттарды Ақпараттық Үлгілеу технологиясының мәнін бейнелейтін өте маңызды белгі. BIM бағытындағы бағдарламалық қамтамасыз ету – үлкен көлемді ақпаратпен жұмыс істеу нақтылығын және қабілеттілігін, өзге шешімдермен үйлесімділігін талап етеді, олай болмаған жағдайда бірлескен жұмыс процесін қамтамасыз ету күрделі міндет болады.

НЕГЕ BIM? - BIM-ді пайдаланушы күнтізбелік жоспарлау, смета құру және қауіп-қатерлерді талдау, сонымен қатар құрылыс процесіне қатысушылардың өзара тығыз іс-әрекеті мен объектілерді аса жетілген басқару турасындағы тиімділіктерге қол жеткізе алады. Ғимараттың технологиялық үлгісі конструкцияның виртуалды түптұлғасын беретіндіктен, BIM сондай-ақ құрылыс басталғанға



дейін түрлі шешімдерді алдын ала бағалау және байқап көру мүмкіндігін береді. Жобаға қатысушылар конструкцияның барлық өзгешеліктерін жақсы түсінеді, ол өз кезегінде оның нақтылығына және толықтығына кепілдік беруге көмектеседі, сонымен қатар шығындылығы және өзге параметрлері турасында баламаларды байқай және бағалай алады. BIM технологиясы жобаға қатысушылар арасында ақпаратпен тиімді алмасу, жоғары сапа үшін көптеген қошеметке ие бола алады.

Ал BIM технологиясын бір мемлекетке енгізу оңай шаруа емес. Оны енгізу үшін шетел тәжірибиесі негізінде Қазақстанда ұсыныс қолдану туралы жасауға болады. Ал шетел тәжірибиесіне көз салсақ BIM Америкадан бастап дамып Европа және Қытай елдеріне дейін жалпыласқан. Бұның ішінде Қытай дүние жүзіндегі ең үлкен құрылыс нарығына айналып отыр. 2010 жылдан бастап қазірге дейін BIM-нің Қытайдағы ең тез дамыған кезеңі болды. Осы жылы "жаңалық жүлдесі" атты BIM жобалау жарысы тұңғыш рет жүргізіліп, 100 ден астам компания мен 200 ден астам BIM-жобалары қатысқан. Ал қазірге дейін 5 жыл ішінде жылдан жылға дамып көптеген нәтижелерге қол жеткізді. Бұл құрылыс саласындағы бір үлкен техникалық төңкеріс болып саналады. Ол жаңаланып өзін -өзі кемелдендіріп отыруы қажет. Сондықтанда BIM бір мемлекетте кеңінен таралып табан тіреп тұруы үшін ұзақ жылдарды қажет етеді. BIM техникасын жалпыластыруға тек ғана компаниялар ғана емес, мемлекеттегі бүкіл жоғарғы оқу орындары бірге ат салысу керек. Қытайда жоғарғы оқу орындары студенттер мен магистранттардың BIM-ға деген қызығушылығын арттыру үшін, арнайы BIM жаңалық жарату орталығы құрылған. BIM технологиясы мен айналысқан компаниялар бірлесіп қаржы шығарып, жоғары оқу орындарынан тіпті де көп BIM дарындыларын тәрбиелеуге көмек жасады, әр жылы түрлі жарыстар өткізіліп, жүлделі болғандарды марапаттап, қызығушылығын арттырған, осы арқылы компаниялар болашақта өздеріне керекті кадрлар қалыптастыру үшін осындай әрекетке барып отыр.

2015 жылы 22 қыркүйек күні "Қытайдың BIM бағдарламасы, экологиялық ортасы" атты жиналысы Пекинде болып өтті. Мұнда Қытайдың тұңғыш рет өздері жасап шыққан BIM жүйесінде қолданылатын ең жаңа бағдарламаларын жариялады. Бұл жиналыста көптеген шетел компаниялары және құрылыс саласындағы мындаған инженерлер мен мамандар қатысып, барлығы бірлесіп, BIM экологиялық ортасын құруға келісті. BIM қытайдағы құрылыс саласында көптеген қолайлылық туғызған, кірісті үнемдеткен, экономиканың дамуына өзіндік үлес қосқан бағдарлама болып отыр.

Қорыта келе ең алдымен Қазақстандағы студенттердің BIM-ді тану дәрежесімен іс- жүзіндегі қолданылу жағдайын білу үшін студенттер мен мамандар арасында сауалнама жүргізуді және осы арқылы көптеген студенттер бір немесе екі BIM технология қосымшаларын білетінін, бірақ өздерінің қолдана алмайтынын және оған қызықпайтынын, сонымен қатар студенттердің BIM-нің болашақтағы маңызын түсініп жетпегендігін білдік. Ал қатысты органдар мен компанияларға келсек, олар әлі BIM-ді қолданбаған, бірақ оның маңыздылығы және болашақта BIM арқылы жұмыс істейтініне көздері жеткен. Сауалнама нәтижелерін ескере отырып, Қазақстанның жалпы жағдайы жайлы SWOT талдауы жасалды (1 кесте):

Кесте 1

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
Мемлекеттің тиімді саясаттары	Дарындылардың жетіспеуі
Мүмкіндіктері	Қауіптері
Көптеген адамдардың жұмыспен қамтамасыз етілу орайын арттыру	Түрлі экономикалық дағдарыстар

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. «Архитектурное проектирование общественных зданий и сооружений» учебное пособие / А. Л. Гельфонд. – Москва: Архитектура-С, 2007 – 8-43стр.
2. «Жилые здания» учебное пособие / И. А. Шерешевский. – Москва: Архитектура-С, 2005 – 24-56стр.

**Жанымханова А., Тулешова К.,**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Жұмаділов І.Т.

## **СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН СӘУЛЕТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

Ертіс өзенінің екі жағасына орналасқан Семей қаламыздың негізі 1718 жылы қаланған болатын. Семей қаласы Қазақстанның солтүстік – шығысында, Сібір шекарасында орналасқан. Қала сонымен қатар Семипалатинск орыс атауымен де белгілі.

Ол Ертіс өзені бойында Алматыдан 1000 километр солтүстікте және Ресейдің Омбы қаласынан Оңтүстік – Шығыста 700 километрде орналасқан. Бүгінгі күнгі Семей – ол шамамен 400 000 адам халқымен шулы студенттік қала. Сонымен қоса Семей қаласының бірнеше көрікті, сәулетті жерлері бар:

«Өлімнен де күшті» мемориалы - 1991 жылдың 29 тамызында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. 2001 ж. 29 тамызында Семейдің «Полковничий» аралында Семей ядролық полигонның құрбандарына арналған «өлімнен де күшті» ескерткіш қойылды. Ескерткіш жобаның авторы Шота Уәлиханов..

Қос мұнарлары мешіт - сәулетші Болбатов, инженер поручик Манашев, 1856 - 1862 жж. - құрылысы және сәулет ескерткіші. XIX ғ. мұсылмандық сәулет үлгісі. Мешіт татар көпесінің қаржысына түрік жобасымен салынған. Мешіт жұмыс істеп тұр.

Ямыш қақпасы - Бекіністің үш қақпасынан сақталған батыс Ямыш қақпасы 1773ж. қақпа және оның қабырғалары инженер капитан И.Г.Андреевтың басшылығымен салынды. Ямыш қақпасы - XVIII ғ. (1776 ж.). Қала құрылысы және сәулет ескерткіші.

Семейдің аспалы көпірі, және тағы сол сияқты.

Невзоровтар отбасы атындағы мұражай - Қала құрылыс және сәулет ескерткіші (көпес Степановтың бұрынғы үйі), 1827 жыл. Революциядан кейін ғимаратқа жеке мемлекеттік мекемелер орналасқан.

Тарихи-өлкетану мұражайының ғимараты (бұрынғы губернатор үйі) - 1856 ж. қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Сәулетшінің есімі белгісіз. Революцияға дейін ғимаратта әскери

1718 жылы бірінші қоныстану болды, онда орыстар Ертіс өзенінің бойында бұзылған буддистік монастырьдің жанына қамалдың ірге тасын қалады. Монастырдан жеті ғимарат сақталып қалған, ол Семипалатинск – Семь палат деп аталған (кейіннен қаланың атауы). Қамал қардың еруінен жиі су тасқынына ұшыраған, Ертіс жағалауын су шайғандықтан 1778 жылы қамал су тасқыныны болмайтын жерлерге ағын бойымен жоғары 18 километрге ауыстырылған болатын. Орта Азияның көшпенді халқы мен дамушы Ресей империясы халықтары арасындағы негізінен өзен саудасы қызметін көрсететін қамал жан жағына кішкене қала өсті. Түркістан және Сібір темір жолы құрылысы қаланы Орта Азия мен Сібір арасындағы сауданың маңызды кешені етті.

Сол уақыттан бері әлі күнге дейін қаламыз дамып келе жатыр. Жаңадан тұрғын үйлер салынуда. Мысалы, 2016 жылы барлық қаржы көздерінен санағанда - 12 көп қабатты тұрғын үйлер берілді. 574 пәтер жалпы аумағы 82,959 мың. кв. м. Сомма = 7,353 млрд. тг

2015 жылыға (80,394 мың. кв.м.) қарағанда 3,1 % ға артқан.

• Облыстық бюджеттен 4 үй ауданы -17,198 мың. кв. м. (198 кв.) Юность, Утепбаева, Жанасемейская-Победа, Карменова көшелері бойында берілді;

• 4 үй АО «СПК «Ертіс» қаражаты есебінен ауданы 20,808 мың. кв. м. (243 кв.) Театральная, Мелькомбинат ауд., Мелькомбинат, үй.1, Утепбаева көшелері бойында;

- 1 үй АО ИО «КИК» бойынша – 5,058 мың. кв. м. (54 кв.) Новостройка көш;

- 3 үй коммерциалдық бағыт бойынша ауданы – 9,433 мың. кв. м., (79 кв.) Уранхаева -

Кабанбай батыра, Лермонтова, Уранхаева көшелері бойында;

- Жеке меншік тұрғын үй құрылысы ауданы - 26,857 мың. кв. м.;

- Әлеуметтік маңызы бар құрылыстар (Дастенова көш. аудан) – 3,605 мың. кв.м.

- 2016 жылы инженерлік коммуникациялық желілерге бөлінген қаражат – 668,218 млн. тг

Қаладағы жаңа бой көтеріп жатқан «Қарағайлы» ауданы Бас жоспары

- 21 800 адамға шақталған

- Аумағы 147 га

- 98 көп қабатты тұрғын үйлер ауданы - 653,5 мың. кв. м

- «Абай арена» ойын сауық кешені
- 120 орынға арналған аурухана
- 7 жатахана

Жалпы сомма 2,803 млрд. тенге.

Десек те, қолға алынбай бос қалып, қала көркін бұзып тұрған ғимараттар да бар. Сол себепті біз қаламыздағы проблемаларды шешу жолын іздеп жоба бастадық. Ғимараттарды аралап суретке түсіріп, қаламыздың бас архитекторынан сұхбат алып мәлімет жинадық. Біздің жобамыздың басты мақсаты Шетел архитектурасын мысалға ала отырып, ескі ғимараттарды жаңартуға көңіл аудару, бос тұрған ғимараттарды жөндеп, халық игілігіне беру (мысалы Аяқ киім фабрикасы), қала ішіндегі атмосфераға зиянды заводтарды қала сыртына шығару және жаңа өндіріс зауыттарын ашуға инвестиция тарту, қала сәулеті мен құрылысына сол арқылы қаражат көзін қамтамасыз ету, жаңа талаптарға сай көркейту, қала көркін келтіретін мосттың маңайына әсем сауықтыру орындары мен демалыс аймағын жасақтау.

Слайдтан көріп тұрғандарыңыздай бұл Шәкәрім даңғылында орналасқан, 2 рет өртенген Зоовет институт. Бұл ғимараттың бос тұрғанына ұзақ уақыт болды. Бірақ бүгінгі күнге дейін жөндеуден өтпеген. Қала орталығына жақын орналасқандықтан қала көркін бұзып тұр.

Біздің ұсынысымыз бұл ғимаратты қайта жөндеуден өткізіп, халқымыздың тарихын, дінін, салт-дәстүрін ғаріптейтін галерея немесе музей ашу тиімдірек болады.

Қаламыздағы тағы бір проблемаларының бірі қала көркі болып тұрған әдемі мостымыздың астындағы ескі үйлер.

Бұл проблеманы шешудегі біздің ұсынысымыз сол үйлердегі отбасыларды жатақхана, қонақ үйлерге көшіріп, ұзақтығы жылға созылатын жаңадан қонақ үй, тұрғын үй кешендері, демалыс орындарын салу. Құрылыс аяқталған соң сол жердегі тұрғындарға тиісінше үй беру. Және кезекте тұрған отбасыларға.

Келесі біздегі өзекті мәселе қала ішіндегі зауыттар. Олар қала тұрғындарына, атмосферамызға айтарлықтай зиянын тигізіп жатыр.

Оларды қала сыртына қарай шығару арқылы жоғарыдағы мәселені шешуге болады.

Шәкәрім даңғылы қаланың орталағында орналасқандықтан қозғалыс та, кедергі де көп болады. Бұл проблеманы жою үшін көліктер еркін қозғалатындай кеңейтуіміз қажет.

Ескі аяқ-киім фабрикасы бос тұрғанына біраз уақыт өтсе де әлі ескеріліп жөндеген жоқ.

Аяқ-киім фабрикасын жөндеуден өткізіп, аяқ-киім зауытын қайта ашу керек. Пайдасы халық жұмыспен қамтамасыз етіледі, өзімізден шығарылғандықтан халыққа тиімді бағада жеткізіледі.

Қорығылай келе, мемлекетіміздің рухани астанасы аталатын Семей қаласының қазіргі заманға сай, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы тіршілік ортасына айналады деп үміттенеміз. Жасаған зерттеулерімізбен, айтылған ұсыныстарымыз іс жүзінде қолдау табады деген ойдамыз. Қаланың құрылыс сәулет саласына алдағы уақытта жас ғалымдар, зерттеуші-студенттер ретінде, түрлі мәселелерін шешуге тырысып, үлесімізді қосамыз деген үміттеміз.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. «Архитектурное проектирование общественных зданий и сооружений» учебное пособие / А. Л. Гельфонд. – Москва: Архитектура-С, 2007 – 8-43стр.
2. «Жилые здания» учебное пособие / И. А. Шерешевский. – Москва: Архитектура-С, 2005 – 24-56стр.

ӘОЖ: 691

**Разуева Д.Т., Сәбиқан А.М., Қалиев А.А.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: Жумадилов И.Т.

### **ҚАЗАҚСТАН ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫНДА ЖАСАНДЫ МӘРМӘРДІ ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ МЕН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бетоннан жасалатын мәрмәр - әр түрлі мақсаттарда пайдалану үшін оңай болып келетін, өндірісінде қарапайым материал. Таңқаларлықтай сұлулығы бар табиғи тасқа ұқсайтын материалды не үшін өндіру қажеттілігі бар екенін барлығы түсіне бермейді, сондықтан да алдымен оның неге соншалықты бағалы екенін түсіндірген дұрыс болады.

Мәрмәр – ғимараттар мен үй-жайлардың ішін безендіру үшін қолданылатын бірегей материал. Мәрмәр тек қана сирек кездесетін материал ғана емес, сондай-ақ қаржылық жағынан өте қымбат материал, сондықтан барлығы бірдей оны әрлеу жұмыстарына қолдануға қолы жете бермейді.

Сапалы мәрмәр қоры қиын жерлерде орналасқан, ал оның алынуы тауға көтеріліп орнатылатын арнайы техникалардың көмегімен орындалады. Материалдың алынуы сияқты жеткізілуі мен өңдеуі де оның құнын арттырады [1].

Құрылыс индустриясында үнемі жанданып отыратын жаңа технологияларды қолдану арқылы, құрылысқа қажетті материалдардың әртүрлілігі айтарлықтай кеңейіп келеді. Бетоннан дайындалатын мәрмәнді қазір қымбат тұратын құрылғыларды қолданбай, үй жағдайында немесе зертханада өз қолымызбен дайындауға мүмкіндік бар.

Табиғи мәрмәнді жасанды түрін кең ауқымда қолдануға болады: тұрғын үйлердің сыртқы әрлеу жұмыстарында, ландшафт дизайнында, колонналарды тұрғызғанда, балюстрад, тротуарларда, фонтандарда, вазалар мен гүл ыдыстарының жақтауларында.

Бетоннан дайындалатын бұйымдардың көптеген өзіндік артықшылықтары бар. Ол ең алдымен тұтынушылардың кең көлеміне әр түрлі жеткізілуде қол жетімділігі.

Табиғи мәрмәр – өте қымбат. Сондықтан бетоннан дайындалатын жасанды мәрмәр таңдауы тиімді болу керек. Табиғи тасқа көбірек ұқсайтын нұсқасын алу үшін үй жағдайларында да қолдануға болатын көптеген технологиялар бар.

Ең қарапайым технология – құм мен цемент қоспасы бар формалардан аламыз. Осы технология нәтижесінде алатын үлгіміз берік, ылғал өткізбейтін, сырт көрінісі шынайы мәрмәрға ұқсас болып келеді. Бірақ, ескеретін жағдай – жұқа плиткалар сынғыш, ал қалыңырақ плиткалар ауыр болып келеді. Осы тас материалдан үстелшелер жасауымызға болады, бірақ жиһаздар плитканың салмағын көтере алатындай көлемді болуы керек. Жіңішке үлгісін алу үшін негізіне ағаш үстелшелерді аламыз [2].

Нәтижесінде табиғи тастан айырмашылығы аз болатын плита алу үшін – алдын ала жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды дайындап алған дұрыс. Бояғыштар мен пластификаторларды цемент қоспасымен араластыруға қажетті полиуретан немесе басқа материалдың формасы болуы міндетті. Құрылыстық араластырғышқа бұрғылау саптамалары мен қалақша қажет болады.

Бетоннан дайындалатын мәрмәнді дайындау үшін, мынандай материалдар қажет болады:

- Маркасы М400 немесе одан жоғары цемент;
- су;
- пластификатор С-3;
- полиуретан формасы;
- ұсақ дәнді құм;
- полиэтилен пленкасы;
- пигментті қоспа;
- толтырғыш түріндегі ұсақ малтатас;
- бұрғылау және саптама-миксер.



Сурет 1. Жасанды мәрмәнді зертханада дайындау процесі

Мәрмәнді қандай технологиямен дайындаған жақсы екенін біз оны қандай нақты жағдайларда қолданатынымызға байланысты шешеміз. Зертханалық жағдайда жасанды мәрмәнді дайындау келесі сатылардан тұрады:

1. Бірінші саты – дайындау кезеңі. Форманы немесе формаларды тазалап жуып, кептіріп алуымыз қажет. Ол кез-келген өлшемде болуы мүмкін, мысалы: ас үй қабырғасына арналған плиткаларды дайындауға болады. Қоспаны алуымыз үшін құм мен цемент сияқты құрғақ заттарды бірыңғай болғанша араластыру керек. Қажетті құрамды алғансоң барлық артық суын ағызып, пластификацияға қажетті заттарды қосамыз. Араластыру бірыңғай массаны алғанша жалғаса береді.

2. Судың қалған бөлігін құямыз, кейіннен бояғыштарды қосамыз. Оларды әрбір жерге қосамыз. Осылайша ерітінді табиғи тасқа көбірек ұқсас бейнеде болады.

3. Форманы қоспамен толтыру. Бояғыштар цемент массасы бойынша жолақтарға бөлінгенде құрамды дайын деп санауымызға болады. Енді технологиялық процесстің маңызды фазаларына көшуімізге болады. Форманы қабаттары мен түбінде майысқан жерлері болмас үшін міндетті түрде тегіс бетке қоюымыз керек. Оған қоспаны құямыз. Плитаның үсті тегіс және артық жерлері болмас үшін қалақтың көмегімен түзулейміз. Осыдан соң беті тегістеліп, полиэтиленмен жабылады.

4. Жасанды тас плитканың өлшемі үлкен болған сайын, оның ішінде бос орындар пайда болып, сынуы мүмкін. Сондықтан құрамды біркелкі қылатын виброүстелді міндетті түрде қолдануымыз керек. Ол жоқ болған жағдайда массада ауа көпіршіктері аз болуы үшін, араластыру кезінде миксерді массада алмаймыз.

5. Формаға құйылған масса 10 тәулік тұрады. Цементпен жасалатын басқа жұмыстар сияқты процеске араласуымызға болмайды. Қоспаны жиі ылғалдандырып қажеті жоқ, бетон массасының қалыңдығынан сұйықтықтың тез шығып кетуін болдырмайтындай полиэтилен пленкасымен жауып қоямыз. Плита толық қатайғаннан соң оны аударып форманы шешіп аламыз.

Бетон мықтылығын арттыру үшін, оны қосымша сыммен нығайтуға болады. Оларды құм-цемент массасы қоспасы құйылмай тұрып формаға орнатады.

Сапалы бетонды алу үшін технология аса қиын болуы керек деп ойлаудың қажеті жоқ. Барлық қажетті жұмыстарды үй жағдайында да орындауға болады.

Нәтижесінде кеуектілігі аз, химиялық жағдайларға төзімді, суға тұрақты материал пайда болады. Плитаны керек болған жағдайда жылтыратуға болады, ол үшін оның беткі жағын кезекпен бірінші спиртпен, мөлдір лакпен, қайта спиртпен өңдейміз. Спиртті тек лакталған қабат кепкеннен соң қолданамыз, ал лактың кепкенін күтпесекте болады.



Сурет 2. Бетоннан жасалған жасанды мәрмәр

Зерделей келе, жасанды мәрмәрді Қазақстан құрылыс индустриясында қолдану өте тиімді деп санаймыз. Және бұл жоба біздің теориялық білімімізді практикалық тұрғыда іске асыруымызға, болашақта шағын бизнесімізді ашуға үлкен мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. «Құрылыс материалдары» оқу құралы / С. Қ. Хамзин, Ф. Б. Әбдішүкір. – Астана: Фолиант, 2007 – 139 б.
2. Ковров Д.Д. Мрамор из бетона. (электронды ресурс) - 2015 - URL:<http://tolkobeton.ru/beton/mramor-iz-betona.html>

**Толеукадыров Е.Т., Сабырбаева М.Е.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Г.О.Садвакасова, старший преподаватель кафедры  
геодезии и строительства

## **ПРИМЕНЕНИЕ ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ ЖИЛИЩНОГО ОБЪЕКТА В ГОРОДЕ СЕМЕЙ**

13 января 2012 года Президент Казахстана Нурсултан Абишевич Назарбаев подписал закон «Об энергосбережении и повышении энергоэффективности».

Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін бірден бір негізгі фактордың бірі болып көлік құралдарының жасы мен тұтынатын отынның сапасы болып табылады. Қазақстандағы автокөлік құралдарының басым бөлігі 10 жыл мерзімнен артық пайдаланылған. Жағымды үлгі ретінде 2013 жылмен салыстырғанда 2016 жылы елде сол уақытта көлік құралдарының өскендігін ескере отырып, көліктің атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығарындыларының 20%-ға азайған Беларусь тәжірибесін алуға болады. Шығарындылардың азаюы негізінен отын сапасына қатысты біршама қатаң стандарттарды енгізу, отын сапасын жақсарту арқылы қол жеткізуге болады. Яғни қазір Беларусь дизель отындары үшін кг 10 мг аспайтын күкірт құрамы мен бензин сапасын осы стандартқа жеткізу жоспарланатын Еуро5 стандарттарын қолданады. Беларусь тек қана жолдарда кептелісті болдырмау көзқарасымен емес және бұдан әрі қоршаған орта мен халық денсаулығына автокөлік әсерін азайтуға мүмкіндік беретін сонымен қатар, жолдарда қозғалысты оңтайландыруға мүмкіндік беретін интеллектуалды көлік жүйесін енгізуді бастады.

Республиканың жер үсті көлік магистралдарының ұзындығы 106 мың км. Оның 13,5 мың км – магистралды темір жолдар, 87,4 мың км – қатты жабындылармен жалпы пайдаланудың автомобиль

магистралдары, 4 мың км – өзен жолдары. Қазіргі таңда елді мекендерді жүйелі автобустық хабарламамен қамту 75%-ды құрайды. Қазақстан Республикасында 34 автовокзал (31 жеке, 4-уі талаптарға сәйкес емес) мен 138 автобекет (100% жеке, 72-сі талаптарға сәйкес емес) қызмет жасайды.

Жолаушылар айналымы әртүрлі көлік түрлерін реттеу және дамыту үшін аса маңызды. 1990 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасында жолаушылар айналымы 2,8 есе артты. Егер 1990 жылы жолаушылар айналымы 91241 млн. жкм құраса, 2016 жылы 251251 млн. жкм құрады. Қазақстан Республикасында жолаушылар айналымының негізгі үлесін автомобиль және қалалық электр көлігі құрайды. Қазақстанда жолаушылар айналымының 86-85%-ының ең көп үлесін автомобиль жолаушылар айналымы алады.

2015 жылы 49 бензин партияларын тексергенде 12 партиясы норматив талаптарына сай шықпағандығы анықталды. Бұның өзі кәсіпкерлердің адал, таза еместігін, бір күнгі түскен табысы-өзінің балалары мен жақындарынан қымбат екендігін байқатады. Бұл тұста бізге тұрғындардың экологиялық мәдениеті мен сауаттылығы жолында жұмыс жасау керек.

Ауданда тек жеңіл автокөлік қана жүріп қоймай, жүк тасушы автокөліктер, тепловоздар, тракторлар да жүреді. Олардың бір бензинмен жүретін болса, екінші біреуі дизельді отынмен жүреді. Қазіргі кезде автокөліктер пайдаланатын жанармайлардың сапасы да әр түрлі. Сапасы төмен жанармайдың арзандығына қызығып пайдаланатын автокөлік иелері қоршаған ортаға қаншама зиян келтіріп жатқанын біле бермейді.

Автокөліктер табиғи газбен жүрсе, тиімді болар еді. Газды пайдалану саны 1985 жылы — 512 болса, 1995 жылы — 1838 — ге жетті. Біздің зерттеу жұмысымыздағы нәтижеге сүйенсек, Шығыс Қазақстан облысында соңғы 4 жылда автокөліктер ауаға бөлінген зиянды заттардың 65-75 пайызын құрайды. Бензин қозғалтқышымен қамтамасыз етілген көліктер 1500 км жүргенде 4350 кг оттекті жұмсайды. Орташа есеппен 1 автомобиль 4 кг көмірқышқыл газын бөліп шығарады.

Тек бір ғана жеңіл машина жыл сайын атмосфераға 600—800 кг көміртек оксидін, 200 кг-ға жуық жанып үлгермеген көмірсулар және 40 кг-ға жуық азот оксидін шығаратышы есептелген. Автокөліктердің пайдаланылған газында 300-ге жуық зиянды құрауыштар болады. Бұлардың кейбіреулерінің канцерогендік (қауіпті ісік туғызатын) зардаптары болады. Осы мысалдардан автокөліктердің қоршаған ортаны ластайтын негізгі себепкері екені білінеді. Франция, АҚШ, Германия тәрізді бірқатар шетелдерде атмосфераның ластануының 50—60 пайызы автокөліктің үлесіне келеді. Елбасымыздың айтуынша, 2015 жылға дейін автокөліктер газбен жүруі тиіс. Бензинге қарағанда газ таза әрі өте арзан.

Автокөліктердің адам ағзасына, қоршаған ортаға тигізетін осыншалықты зиянды әсерлерін біле тұра біздің мынадай ұсыныстарымыз бар:

- 1) Экологиялық таза жанармайлар ойлап табылса.....
- 2) Қазіргі автокөліктерден бөлінетін зиянды заттарды ұстап қалатын сүзгіштер орналастырылса.....
- 3) Салауатты өмір салтын қалыптастыруда автокөлік орнына велосипед қолданылса.....
- 4) Велосипед жүргізуге арналған жолдар және оған арналған тұрақтар салынуы қарастырылса.....
- 5) Экологиялық таза отын пайдаланатын автомобиль қозғалтқыштарын жасаса.....

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Суржинов Д.В. Гигиеническая оценка риска нарушения здоровья населения промышленного города от воздействия факторов окружающей среды-2007.-34с.
2. Газета «Караван». ВКО проблемы и тревоги/ Экологические Проблемы г.Усть-Каменогорска – 1 май 2009г
3. Вестник КАСУ №6-2011. Оценка факторов загрязнения атмосферного воздуха в городе Усть-Каменогорске
4. Экология: Учебник для студентов высш. и сред.учеб.заведений, обуч.по техн.спец.и направлениям/Л.И.Цветкова, М.И.Алексеев: Химиздат, 2008-550с.
5. Интернет ресурстары – 2016 жылғы мәліметтер.

Сахариева А.М.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Д.Н. Нурғалиев, магистр, «Техникалық физика және жылуэнергетика»  
кафедрасының аға оқытушысы

**СВИ-1 МАРКАЛЫ ВОЛЬФРАМ**

Аналитикалық таразы - бұл кез келген ғылыми-зерттеу зертханасында маңызды өлшеу құралы болып табылады. Аналитикалық таразы өнеркәсіп және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарда және басқа да көптеген салаларда қолданылады. Оны тіпті азық-түлік зерттеу, сапасын бақылау үшін пайдаланылады. Қазіргі уақытта, осы таразы фармацевтік өнімдер, қажетті ультра нақты параметрлерін қабылдау, жұқпалы аурулардың диагностикасы, биологиялық материалдарды зерттеуде, сондай-ақ фармакология медициналық зертханаларда қолданылады.



1-сурет. XA82/220/2X маркалы аналиткалық таразы.


Техно – химиялық таразыда заттың салмағын 0,01 грамға дейінгі дәлдікпен анықтауға болады. Бұл таразыда синтез жұмыстарында бастапқы алынған зат пен реакциядан шыққан заттарды өлшеу жиі қолданылады.

Үлгілердің массасын анықтау үшін XA82/220/2X маркалы аналитикалық таразымен жұмыс жасалынды (1-сурет). Бұл жұмыста вольфрамның ауадағы және судағы массасы есептелінді. Берілген масса бойынша тығыздықты табамыз [1].


$$\rho = \frac{M_{\text{ауа}} \times \rho_{\text{сy}} - M_{\text{сy}} \times \rho_{\text{ауа}}}{M_{\text{ауа}} - M_{\text{сy}}} \quad (1)$$

Зерттеу нысаны СВИ-1 маркалы вольфрам болып алынды.

Вольфрам СВИ-1 шыбығы электрэррозионды станоктың көмегімен кесіліп алынған үлгілірдің жалпы көріністері 2-суретте көрсетілген.




а-көлденең үлгі СВИ-1



б-көлбеу үлгі СВИ-1

2-сурет. Құюға дайын үлгілер

Вольфрам СВИ-1 үлгісін кесіп алған соң, үлгі эпоксидті шайырмен құйылды. Үлгі дайын болған соң, кесуден кейінгі қалған зақымдарды өшіру үшін тегістеу процесі жүргізілді. Тегістеуден кейінгі бетте қалған қисықтарды деформациясыз жою үшін жылтырату процесі жүргізілді. Вольфрам СВИ-1 үлгісін қоспасы жылтырату үшін алмаз және алюминий оксиді пасталарын қолданылды. Үлгіні жылтыратудан кейінгі жалпы көрінісі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Үлгіні жылтыратудан кейінгі жалпы көрінісі

Жылтырату процесінен кейін, үлгінің микроқұрылымын шығару үшін ерітіндімен өндеудің химиялық әдісі қолданылды.

*Үлгінің массасы мен тығыздығын анықтау.* Үлгілердің тығыздығын анықтау үшін аналитикалық таразы арқылы бірінші және екінші үлгінің ауадағы және судағы массасын өлшенді. Осы екі масса арқылы (1) формула арқылы тығыздық есептелінді. Вольфрам СВИ-1 көлденең үлгісінің орташа массасы 7,85131-ге тең болды, ал стандарттық ауытқуы 0,00033 болды. Вольфрам СВИ-1 көлбеу үлгісінің массасы 4,05134-ге тең, ал стандарттық ауытқуы 0,00023 болды.

*Микроқұрылымдық талдау.* Үлгінің массасы мен тығыздығы анықталған соң, микроқұрылымдық талдау жасалынды.

Қорытынды сынау барысында түйіршіктің көлемін анықтау үшін негізгі 2 әдіс қолданылады: есептеу әдісі; түйіршіктің қиылысу аймағын есептеу әдісі.

100× есе үлкейткендегі сызық ұзындығы 60 мм құрайды, яғни ол шлифтың 0,6 мм негізгі ұзындығына сәйкес келеді. Сонда  $\sum L = 0,6 \cdot 4 = 2,4$  мм. Әрбір түзумен түйіршіктің қиылысқан шекарасының саны  $n_1=15$ ,  $n_2=16$ ,  $n_3=19$ ,  $n_4=16$ . Қиылысқан шекарасының жиынтық саны  $\sum n = 15+16+19+15 = 65$ . Түйіршіктің шартты орташа диаметрін анықтаймыз  $d_{ysl}$ , мм [2].

$$d_{ysl} = \frac{2.4}{65} = 0.037$$

Үлгілердің тығыздығын анықтап болған соң, келесі мақсаттың бірі микроқаттылықты анықтау. Микроқаттылықты арнайы – микроқаттыметрдің көмегімен есептелді.

Заманға сай құрылымның зерттеу әдістерін және ядролық энергетикадағы қолданылатын конструкциялық материалдардың физика-механикалық қасиеттерін анықтауды оқып-меңгердім. Сондай-ақ, МЕТАМ ЛВ-41 оптикалық микроскоп пен микротвердомер ПМТ-3М, ХА82/220/2Х маркалы аналитикалық таразы, тегістеу және жылтырату станогы құрылғыларының жұмыс принципі менгердім және игердім. Берілген үлгілердің массасы мен тығыздығы анықталды. СВИ-1 маркалы вольфрам қоспасының көлденең және көлбеу қималарының металлографиялық шлифтері дайындалды. Әр түрлі микроқұрылымды талдау әдісін қолдану арқылы зерттеліп отырған үлгінің түйіршіктерінің ауданы және диаметрі анықталды. СВИ-1 маркалы вольфрам қоспасының көлденең және көлбеу қималары бойынша микроқаттылығы анықталды және анықталған статистикалық көрсеткіштер бойынша сараптама жасалды.

Осы тәжірибеден мен конструкциялық материалдарды металлографиялық зерттеу әдістерін, үлгінің микроқаттылығын анықтауды және құрылымын зерттеуді үйрендім.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Prime Chemicals Group, магазин химических реактивов и лабораторного оборудования URL: <http://www.pcgroupru/> (дата обращения: 15.06.2016).
2. ТУ 48-19-39-85 Прутки и проволока вольфрамовые

**АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ ТАЗАРТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Ағынды су– атмосфералық жауын–шашын немесе өнеркәсіптік кәсіпорындардан және елді мекендерден кәріз жүйесі арқылы жүргізілген, адамдардың өмір сүру салдарынан ластанған сулар. А.с. гетерогенді күрделі жүйе болып саналады, оның құрамында болатын органикалық және минералды қоспалар ерімейтін, коллоидті және еритін түрде кездеседі.

Құрамы мен пайда болған түріне байланысты ағынды су негізгі үш категорияға жіктеледі: шаруашылық-тұрмыстық, өндірістік және атмосфералық. Өндірістік ағынды судың құрамы технологиялық процестер мен қолданылатын материалдар түріне және шикізаттың химиялық қасиеттеріне тәуелді. Өндірістік ағынды су ластанған және нормативті таза (тазалаудан өткізіп қайта пайдалануға жататын) болып ажыратылады.

Ағынды суларды тазарту, кез келген технологиялық процесс секілді бірнеше сатыдан тұрады. Тазарту құрылысының құрамы тазартылуға түсетін ағынды сулардың сипаттамасына және мөлшеріне, оларды қажетті тазарту дәрежесіне, тазартылған ағынды суларды және тұнбаларды қолдану әдістеріне және тұрғылықты жағдайларға байланысты екендігін атап өткен жөн. Су қоймасына төгілетін өндірістік ағынды суларды тазартудың қажетті дәрежесін анықтағанда, жүзгіндердің мөлшеріне, ОБҚтолық шамасына, ағынды сулардың еріген оттегін пайдалану шамасына, су қоймасының температурасына, зиянды заттардың шектелген рұқсат етілген концентрациясына, қышқылдар мен сілтілердің су қоймасына төгілетін ағынды сулардағы рұқсат етілген мөлшеріне және де басқа да көрсеткіштеріне байланысты есептейді. Тазарту сатысының саны және түрі тазартылатын судың құрамы мен тазартылу сапасына қойылатын талаптарға тәуелді:

➤ Бірінші сатыда ағындар механикалық тазарту қондырғыларынан өтеді: торлар, құм ұстаушылар, бірінші тұндырғыштар. Бұл қондырғылардан өткен су құрамындағы бейорганикалық ластағыштардың көп бөлігінен: сынған шынылар, құрылыс қалдықтары және т.б. тазартылады.

➤ Екінші сатыда механикалық тазартылған сулар биологиялық тазартуға ұшыратылады. Мұнда аэротенкаларда белсенді балшықтағы микроағзалардың көмегімен органикалық және кейбір бейорганикалық ластағыштардың көмірқышқыл газы мен суға ыдырауы жүреді.

Ағынды суларды тазартудың флотациялық әдісі. Флотация әдісі ағынды суларды мынадай қоспалардан: беттік активті заттардан, мұнай және мұнай өнімдерінен, майлардан және әр түрлі талшықты материалдардан тазарту үшін қолданылады. Тазарту процесі «бөлшек – ауа көпіршігі» комплексі түзілуінен тұрады, бұл комплекс ластаушы заттармен бірге, сұйықтың бетіне көбік түзіп қалқып шығады, одан соң көбікті сұйықтың бетінен бөліп алып тастайды. Егер сұйық бөлшекке жұкпаса ғана, оған ауа көпіршігі жақсы жабысады. Суда диспергирленген қатты немесе газ бөлшектерінің сумен жұғысу дәрежесі жұғылудың шеткі бұрышы арқылы сипатталады.

Ағын суларды тазалау үшін физико-химиялық әдісті қолдану биохимиялық әдісті қолданумен салыстырғанда бірнеше ерекшеліктерге ие болады:

1. ағын судан биохимиялық токсинді тотықпайтын органикалық ластануды жою мүмкіндігі;
2. терең және тұрақты тазалау дәрежесі;
3. жабдықтар санын азайту;
4. күштің өзгеруіне сезімталдықты азайту;
5. толық автоматтандыруға мүмкіншілік.

Ағынды сулардың құрамында минералды және органикалық қосылыстардың әр түрлі жиынтығы барлығын атап өткен жөн. Ағынды сулар құрамындағы ластаушы заттары еріген, коллоидты және ерімеген түрде болатын күрделі системалар болып табылады. Өндірістік ағынды сулардың құрамы алуан түрлі және өндірістің түріне, қабылданған технологиялық процеске байланысты болады. Өндірістік ағынды сулардың құрамы алуан түрлі болғандықтан, оларды тазарту үшін физика- химиялық, химиялық және биологиялық әр түрлі әдістер қолданылады. Жауын-шашын сулары – атмосфералық жауын-шашындардан түзіледі. Оларға мұз және қар ерігенде түзілген сулар да жатады. Атмосфералақ ағынды сулардың ерекшелігі оның үздіктілігінде және су шығыны мен су сапасы қатты өзгеріп отырады. Көшелерді жуған сулар, фонтандардың сулары сапасы жағынан атмосфералық ағынды суларға жақын, сондықтан осы сулармен бірге шығарылады.



Ағындарды суларды тазартудың заманауи технологиясы биологиялық тазарту сатысында тек еритін және ерімейтін органикалық ластағыштар ғана емес, сонымен қатар биогенді элементтердің (азот және фосфор) жойылуын қамтамасыз етеді. Тазарту немесе алдын ала тазартуда қажетті көрсеткіштерге қол жеткізу үшін ультрасүзгіш мембраналы технологияны пайдалану перспективі бағыт болып табылады. Мембраналардың қызмет ету мерзіміне кері әсер ететін қоспалардың қатары бар. Кей жағдайларда бұл қоспалар суды алдын ала дайындау сатысында жойылады, мысалы, ионалмасу фильтрлері көмегімен, бірақ көптеген елдерде бұл тәсіл тиімділігі төмен немесе экономикалық тұрғыда тиімсіз болып табылады. Әмбебап, әрі көп жағдайда пайдаланымдық шығындары жағынан тиімді әдіс - мембраналарға арналған арнайы тұнбатүзгіш (антискалант) ингибиторларды қолдануға болады. Қазіргі кезде мембраналы технологияның айқын артықшылықтарына қарамастан, оның жобалауда және ғимараттарда орнатылуы мембраналардың қымбаттылығына және процестің толық зерттелмегендігіне байланысты салынбауда. Ал шет елдерде мембраналы технология өнімділігі 600 мың м<sup>3</sup>/тәул. жететін тазарту ғимараттарында қолданылуда.

Ағынды суларды тазартуда жаңа ғимараттардың құрылуынсыз және энергиясығымды жабдықтарды орнатуда азторенкалардағы немесе биосүзгіштердегі суды тазартудың классикалық сұлбасындағы екіншілік тұндырғыштарды қолдану ең перспективті болып табылады. Екіншілік тұндырғыштар суды тек белсенді балшық немесе биоқабықтан механикалық бөліп қана қоймай, сонымен қатар суды ластанудың қалдығынан да тазарту үшін қолданылады. Екіншілік тұндырғыштарда микроағзалардың автотрофты-гетеротрофты мүшесі - перифитонның дамуына қолайлы орта түзіледі, бұл тек тазарту ғимараттарында ғана емес, сонымен қатар тазарту ғимараттарында да органикалық заттар мен биогенді элементтердің трансформациясы бойынша қуатты кешен болып табылады. Перифитонмен ауыр металдардың жиналуы белсенді балшықтағы процестердегідей (сорбция және биоаккумуляция процестері есебінен) жүреді, дегенмен гидробионттардың әр түрлілігіне, көбіне ағзалардың- седиментаторлардың, сонымен қатар балдырлардың үлесінің жоғарылауына байланысты сорбция және аккумуляция процестері белсенді балшыққа қарағанда қарқынды жүре алады.

Ағынды суларды өндеудің инновациялық технологиясы - осы мәселені шешудің кілті, себебі ол қайта қолдану мақсатында, ағынды суларды тазартуға (қалпына келтіруге) мүмкіндік береді. Инновациялық технологияның қосымша артықшылықтарына: қалдықтардың болмауы, тазарту ғимараттарының және санитарлы- қорғау аймақтары аудандарының қысқартылуы жатады.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Волков С. В. Обеззараживание сточных вод ультрафиолетовым излучением / С. В. Волков // Водоочистка. - 2012. - № 4. - 22-27 бб.
2. Смирнов А. М. Инновационная технология доочистки стоков / Смирнов А. М. // Водоочистка. - 2011. - № 11. 8 Саблий Л.А. Использование анаэробно-аэробного биореактора для очистки сточных вод / Л.А. Саблий // Водоочистка. - 2013. - № 6. - 19-23 бб
3. Душкин С.С. Прогрессивные технологии в области очистки природных и сточных вод / С.С. Душкин // Водоочистка. - 2011. - № 11
4. Бродский В. А. Анализ перспективных физико-химических методов обработки и обезвреживания воды, содержащей высокотоксичные химические вещества и микроорганизмы / В.А. Бродский, Е.С. Кондратьева, Р.В. Якушин, А.Ю. Курбатов, Ю.М. Артёмкина // Химическая промышленность сегодня. - 2013. - № 2. - 52-56 бб.

УДК:620.91

**Саматова Б.К., Букумбаева Т.А., Зейноллаева А.А.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: А.Н. Шалаганова «Техникалық физика және жылуэнергетика»


кафедрысының аға оқытушысы, магистр

#### **ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жел энергетикасы — жел энергиясын механикалық, жылу немесе электр энергиясына түрлендірудің теориялық негіздерін, әдістері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын жаңартылатын энергетиканың саласы. Елбасы «Қазақстан – 2050, Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді

дамытуға, Күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз», - деген еді. Сондықтан энергия қорларын үнемдеу бүгінгі күннің аса маңызды міндеттерінің біріне айналды. Жел энергиясы халық шаруашылығына ұтымды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырады. Елімізде арзан электр энергия көздерін іздеу мақсатында, «Қазақстанда 2030 жылға дейін электр энергиясын өндіруді дамыту туралы» мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, жел күшімен өндіретін электр энергиясы қуатын халық шаруашылығына қолданудың тиімді жолдары қарастырылуда. Қазақстанда жел күшімен алынатын электр энергиясы қуатын кеңінен және мол өндіруге болады. Жел энергетикасы - энергетиканың негізі бола отырып және де энергетикалық дамудың басты бағытына айналып, "баламалы" категориясынан шықты [1].

Жел энергетикасы қондырғысы — жел ағынының кинетикалық энергиясын энергияның басқа түріне түрлендіретін техникалық құрылғылар жиынтығы.



Сурет 1– Жел генератор құрылысы

Барлық жел қозғалтқыштарының жұмыс істеу принципі біреу-ақ, онда желдің әсерінен қозғалатын желдоңғалағының қалақшаларының қозғалысы электр энергиясын өндіретін генераторының айналып тұратын білігіне беріледі [2].

Қазақстандағы жел электр станцияларының қолайлы жақтары: жел электр станциялары зиянды шығындыларымен қоршаған ортаны ластамайды; белгілі бір жағдайларда сарқылтын энергия көзінен қарағанда тиімді болып табылады; жел-сарқылмайтын табиғи ресурс.

Қазақстандағы жел электр станцияларының қолайлысыз жақтары: жел – табиғаттан тұрақты емес; сапалы жел генераторлары өте қымбат; жел электр станциясы тележүргізілуге және байланыс жүйелерінің жұмысына әсер етеді; 40 дБ-дан асатын дыбыстар адам организміне зиян келтіреді; құстар жел қондырғысының ең биіктігінде қонақтайды.

Жел электр станцияларының негізгі мәселесі – жел табиғатының тұрақсыз болуы. Сондықтан жел электр станцияларының қуаты әр уақытта әр түрлі болып келеді. Бір жел энергия станциясынан белгілі бір тұрақты мөлшердегі электр энергиясын алу мүмкін емес. Жел қондырғысының металл бөліктері айнағанда қуатты дыбыс тербелістерін туғызады, сол маңайдағы радиотолқындармен жұмыс істейтін телевизиялық радио және радарлық құрылғыларға кері әсерін тигізеді. Әрине телевизиялық немесе радио ретрансляторын орнату қиын емес, бірақ та бұл арзанға түспейді [3].

Қазақстан жел энергетикалық ресурстарға бай. Кейбір аудандарда желдің ағыны орташа есеппен 15 м биіктікте 27-36 м/с құрайды. Жоғары жел потенциалымен кем дегенде 10 аудан бар, олардың орташа жел жылдамдығы 8-10 м/с.


Географиялық орналасуы жағынан Қазақстанның жел энергетикалық әлеуеті де жоғары. Жел энергетикасы бойынша даму бағдарламасы аясында жүргізілген зерттеулер Қазақстанның бірқатар өңірлерінде, яғни 50 мың шаршы метрге тарта аумақта желдің жылдамдығы 6 м/с – тан асатынын дәлелдеп берді. [4] Бұл ретте Жоңғар қақпасының жел энергетикалық ресурстары мен Балқаштың климаттық жағдай ерекше маңызға ие. Балқаш өңірінде Сарыарқаның аңыздық желі үздіксіз соғып тұрады. Әсіресе жел энергиясы елімізде үлкен өнеркәсіптер мен алыс жерлерге тасымалдау үшін қолдануға ең тиімді энергия түрі.

Қазақстанның техникалық қолданылуы жел энергетикалық потенциалы жел энергетикалық құрылғыларын дәстүрлі қолдану 3 млрд кВт\*сағ бағаланады. Ең маңызды жел энергетикалық ресурстар Жоңғар Қақпасы болып табылады.

Басқа келешегі зор аудандардан Ерейментау (Ақмола обл.), Форт Шевченко (Каспий теңізі жағалауы), Қордай (Жамбыл обл.) және т.б айтуға болады. Электр энергияға және қуат

түрлендіргіштерге сұраныс жоғарылағаннан кейін тарифтер жоғарылауда және қазіргі кезде кейбір аудандарда 1 кВт\*сағ-қа 7 теңгеден асып тұр, бұл жел энергетикасын қолдану коммерциялық жағымды екенін көрсетеді, үлкен емес елді мекендерден бастап энергиямен жабдықтау.

№	Аумақтың атауы	Жел жылдамдығы, м/с (80 м жоғары)	Жел электр станция қуаты, мВт
1	Жонғар қақпасы	10,1	50-250
2	Шелек қақпасы	8,01	50-300
3	Қордай	6,06	20
4	Жүзімдік-Шаян	7,61	50-350
5	Астана	7,25	20
6	Ерейментау	8,09	50-500
7	Қарқаралы	5,91	10
8	Арқалық	7,52	10-50
9	Атырау	7,88	50-100
10	Форт-Шевченко	8,43	50



2015 жылы 61 млн. кВт\*сағ      2016 жылы 172 млн. кВт\*сағ

Сурет 2 - Жел электр станцияларын салу құрылысына зерттелген аумақтар

Сурет 3 - Ерейментау жел электр станциясының қуаты

ҚР табиғи-климаттық жағдайына жасалған анализ бойынша тек 2-3% аймақта желдің жылдық орташа жылдамдығы 5 м/с жоғары. Сәйкесінше Қазақстанның көп бөлігінде (90-95% аймақта) ЖЭҚ қолдану тиімсіз, кейбір бөліктеріне жел жылдамдығы 12-15 м/с қажет. Елдің көп бөлігіне (80-85% аймаққа) ЖЭҚ қолданған жөн, оларда өндірімді жұмыс желдің жылдамдығы 2,5-3,0% құрағанда басталар еді, ал жел жылдамдығының жұмысы 7-9 м/с-тан аспайтын еді.

Қазақстанда жаңа жел энергетикалық қондырғыларды енгізу экономикалық орындылығын жөн көреді. Сонымен қатар, бүгін Қазақстанда жел энергиясын дамуына және кенінен пайдалануына бірқатар кедергілер бар. Бұл мемлекеттік қолдаудың болмауы, жел энергиясын бағдарламасы және өнеркәсіп, инфрақұрылым мен білікті кадрлардың жетіспеушілігі инвестициялау үшін ынталандыру дамытудың болмауы.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Программа по развитию электроэнергетики Республики Казахстан на 2010 – 2014 годы.
2. Шефтер Я.И, Использование энергии ветра. 2-е изд. перераб. и доп. М.: Энергоиздат, 2013. 200 с.
3. Бетц А. Энергия ветра и её использование посредством ветряных двигателей: Пер. с нем. / Под ред. Д.М. Беленького. Харьков, 2013. 53
4. Национальная Программа развития ветроэнергетики в Республике Казахстан до 2015г. с перспективой до 2024г.

УДК: 620.91

**Тұрғара А.Н., Сералиева А.С.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: А.Н. Шалаганова «Техникалық физика және жылуэнергетика»  
кафедрасының аға оқытушысы, магистр

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАДАҒЫ САРҚЫЛМАЙТЫН ӘР ТҮРЛІ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ


Қазақстанда электр қуатының 1% жетпейтін көлемі табиғи қуат көздерінен өндіріледі. Ал дамыған елдерде әр бесінші киловатт-сағатты жасыл энергетика береді.

Елімізде «жасыл» энергетика кенжелеп қалғанымен, Астанада өтетін «Экспо – 2017» халықаралық көрмесі «Болашақ энергиясы» деп аталды.

Сарқылмайтын энергия көздері: жел, күн энергиясы, су ағынының энергиясы жатады

*Жел энергиясы.* Жел энергиясы атмосферадағы кинетикалық энергиясын электр энергиясы, жылу энергия түрлеріне айналдыру үшін қолданылады. Оның қуаттылығы генератор қалақтарының ауданына тәуелді. Жел энергиясын өндірудің ең тиімді жерлері жағалау аймақтары және биік тау шыңдары. Жел генераторлары іс жүзінде қазбалы жанар-жағар май қолданбайды, сондықтан мұнай үнемдеуге мүмкіндік береді.[1]

Желэнергетикасы дамуы, энергия жетіспейтін аудандарға қуаныш әкелгенмен, оның зиянды да әрекеті бар. Желқондырғылардың айналып тұратын қалақшалары, механизмі, айнала ортаға дыбыс шуын шығарады, 40 децибелдан асатын дыбыс толқындары, адам организміне зиянда әрекетін тигізеді.



Сурет 1 - Қазақстан Республикадағы жел энергиясын қолданатын аймақтары

ҚР жел электростанцияларының аймақтары: 2015 жылы желтоқсанында Ақмола облысы Ерейментау жел электростанциясы; 2014 жылы Жамбыл облысы Қордай жел электростанциясы.

Жел энергиясын қолдануға қолайлы аймақтар: оңтүстік аймақ - Алматы, Жамбыл, ОҚО; батыс аймақ - Маңғыстау және Атырау обл.; солтүстік аймақ - Ақмола обл. орталық аймақ - Қарағанды обл. [2]

*Күн энергиясы.* Күн – энергияның аса қуатты күші. Біздің заманымызда табиғи таза энергия қоры – күн энергиясын пайдаланудың негізгі екі бағыты бар: ішкі энергияға түрлендіру арқылы жылумен қамтамасыз ету және электр энергиясына түрлендіру.

Күн энергиясының артықшылықтары: күн энергиясы бәріне бірдей қолжетімді; ол сарқылмайды; қоршаған ортаға қауіпсіз. [3]

Күн энергиясының кемшіліктері: ауа райы мен тәуліктің уақытына тәуелді; күн энергиясын алу үшін қолданылатын құрылғылардың қымбаттылығы; оны шағылдыратын бетті периодты түрде тазалап отыру қажет; электр станциясының жанында атмосфера ысып кетеді; энергияны аккумуляциялау қажет.

Еліміздің барлық аймақтары қолайлы соның ішінде ОҚО, Қарағанды, Қызылорда, БҚО, Жамбыл обл., Ақмола және Астана.



Сурет 2 - Қазақстан Республикадағы күн энергиясын қолданылатын аймақтары

*Гидроэнергия.* Гидроэнергия – халық шаруашылығы мақсатына пайдаланылуы мүмкін ағын су мен суқойма суларының әлеуетті энергиясы. Гидроэнергия энергияның жаңартылатын көздеріне жатады, оны пайдалануда қоршаған орта айтарлықтай ластанбайды.

Су электр станциялары - су ағымының әлеуетті энергиясын электр энергиясына айналдыруға қолданылады. Су электр станциялары көбінесе өзен бойында тұрады және су қоймаларын құра отырып салынады.

Оңтүстік-шығыс Қазақстанның су энергетикасы қорлары негізінен Іле өзені және Балқаш көлі мен Алакөлдің шығыс бөлігі алаптарында орналасқан. Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Сырдария, Талас, Шу, т.б. өзендерінің қосынды энергетикалық потенциалы 23,2 млрд. кВт сағатқа тең. Солтүстік және Орталық Қазақстанда су энергетикасы қорларының негізгі үлесі Есіл өзенінде, Торғай үстіртіндегі өзендер тобында және Теңіз бен Қарасор көлдері алабында шоғырланған. Қазіргі кезде Қазақстан су электр станцияларының қуаты 2270 МВт-қа тең. Оларда жылына 8,32 млрд. кВт сағ. электр энергиясы өндіріледі.[4]

Су электр станцияларының артықшылықтары: су мен ауаның ластануы болмайды; ГЭС генераторларын қолдану өте оңай; ГЭС өнімділігін бақылау оңай; жасанды су қоймаларындағы суды жууға; жүзуге, суаруға және ауыз суы ретінде пайдалануға болады.

Су электр станцияларының кемшіліктері: ГЭС құрылысы ұзақ әрі қымбат; су қоймалары үлкен алаңдарды алады; ГЭС құрылысы жазық аймақтарда тиімсіз; ұзақ құрғақшылық ГЭСтегі электр энергиясын өндіруді азайтады, не тоқтады; қоймаларыда су деңгейі тұрақсыз; қойма суға ерітілген оттегіні төмендетеді; қойма балық уылдырық шашу циклын бұзуы мүмкін.

*Қорытынды.* Қуат жетіспеушілігі мәселесін шешудің бір амалы – қуатты үнемдеу. Қуатты үнемдеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы нағыз балама қуат көздері болып табылады.

Көмірсутегі қорларының таусылу кезеңінде бұл жел, күн, су энергиялары – құндылығы ерекше бізге табиғаттың берген сыйы десе де болады.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Большая энциклопедия знания «Эксмо». Москва, 2015г.
2. Непорожный П.С., Попков В.Н. «Әлемнің энергетикалық қорлары», 1995ж.
3. “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. Мақала: Күн батареясы. – 5-том, Алматы, 2003. - б 127.
4. “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. Мақала: Фотоэлемент. – 9-том, Алматы, 2007. – б. 227-228.

УДК: 663,8

**Асхатова М.А., Жанылханов А.Ж., Рахимжанова Н.Т.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: М.Г. Смагулова, старший преподаватель, С.С. Тoleубекова, и.о. доцента кафедры стандартизации и биотехнологии

### **РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ СОКА НА ОСНОВЕ КОРНЯ СОЛОДКИ С ДОБАВЛЕНИЕМ ФРУКТОВ**

Все продукты питания растительного происхождения являются лечебно-профилактическими и способны продлить жизнь человеку. Фрукты и овощи содержат необходимые вещества, но есть один недостаток — они содержат трудно перевариваемую клетчатку, что не всегда полезно людям с язвенной болезнью желудка, энтероколитами. В этом случае соки просто незаменимы. Важным свойством сока является отсутствие вредных химических веществ. Все вредные вещества остаются в клетчатке, а полезные вещества переходят в сок. Сок вымывает из организма токсины, шлаки, улучшает иммунитет, способствует быстрому заживлению ран, активизирует ферменты. [1]

Лечебный эффект часто бывает таким быстрым и выраженным, что человек надолго забывает о применении лекарственных препаратов.

Сок — жидкость или суспензия, естественным образом содержащаяся в фруктах, ягодах, овощах и т. п. Жидкость также часто выжимают из перечисленных продуктов, получая чистый сок. Сок — жидкий продукт, полученный из фруктов или овощей путем механического воздействия и консервированный физическими способами, кроме обработки ионизирующим излучением.

Фруктовый сок — сок, полученный из доброкачественных спелых, свежих и сохраненных свежими благодаря охлаждению фруктов, несброженный, но способный к брожению, предназначенный для непосредственного употребления в пищу или для промышленной обработки.



Овощной сок — сок, полученный из съедобной части доброкачественных овощей, несброженный или подвергнутый молочнокислому брожению, предназначенный для непосредственного употребления в пищу или для промышленной переработки. [2]

Овощные и фруктовые соки — это богатый источник сахаров: глюкозы, фруктозы, сахарозы, мальтозы, рафинозы, целобиозы, галактозы. В овощных соках меньше органических кислот, именно поэтому они более пресные на вкус, но зато богаче минеральными веществами, такими, как калий, натрий, кальций, железо и др. Помимо этого, именно овощные соки очень эффективно восстанавливают организм в кризисных ситуациях и являются низкокалорийным продуктом питания — их можно использовать для похудения и нормализации обмена веществ. Фруктовые соки, как правило, имеют более высокую калорийность, поскольку в них больше сахара, но они и великолепно очищают организм. Более того, при физических нагрузках такие соки нужно комбинировать с фруктовыми: морковь и яблоко в виде сока будут наиболее доступным и быстрым источником восстановления сил после утомительной работы. [2,3]

При разработке морковно-яблочного сока с добавлением экстракта корня солодки мы изучили полезные свойства ингредиентов входящих в него. Употребление сока положительно влияет на иммунную систему человека, способствует укреплению костей и зубов, предотвращает возможные нарушения функционирования щитовидной железы. Входящий в него бета-каротин при поступлении в организм трансформируется витамин А. Наряду с бета-каротином, который так же включает в себя витамины: С, В, Е, D, К, содержит белки, калий, фосфор, цинк, алюминий, натрий, марганец, железо, медь, селен, и много других микроэлементов. Напиток нормализует работу клеток мозга, выводит свободные радикалы, способствует обновлению и омоложению клеток, борется со склеротическими проявлениями в сосудах, участвует в окислительных процессах и защищает клетки от разрушения.

Высокое содержание органических кислот способствует улучшению пищеварения, стимулирует выработку пищеварительного сока, увеличивает его кислотность. Пектин благотворно влияет на кишечник, очищает его от токсинов, вредных веществ, шлаков, налаживает перистальтику и избавляет от задержки кала в организме. [5]

Наличия в составе экстракта коря солодки наделяет напиток отхаркивающими, противовоспалительными, противоаллергическими, обволакивающими, спазмолитическими, мочегонными и слабительными свойствами.

Разработанный нами напиток можно применять для лечения вирусных инфекций дыхательных путей: бронхита, тонзиллита, трахеита, фарингита, при воспалении легких, при коклюше, туберкулезе. Эффективен при повреждении слизистой желудочно-кишечного тракта, от язвы желудка и двенадцатиперстной кишки, при колите и гастрите с повышенной кислотностью, при заболевании печени, желчевыводящих путей, при воспалении почек, надпочечников, мочевого пузыря.

Биологически активные вещества, содержащиеся в составе сока, улучшают работу сердечно-сосудистой системы, способствуют снижению уровня вредного холестерина в крови и уменьшению холестериновых бляшек кровеносных сосудах.

При разработки этого сока мы постарались выбрать ингредиенты максимально доступные в нашем регионе, с наилучшими полезными свойствами и экономически выгодные для всех классов населения. Наш сок можно так же приготовить и в домашних условиях.

При исследовании продукта был проведен анализ органолептических показателей сока. Внешний вид продукта темно-оранжевый, однородный, с ярко-выраженным фруктово-овощным ароматом, и сладким вкусом.

Морковно-яблочный сок с добавлением экстракта корня солодки можно применять для детей дошкольного возраста и старше.

Не применять продукт людям с аллергической реакцией на любой из компонентов сока.

Корень солодки имеет чрезвычайно богатый состав. В нем содержатся минеральные соли, органические кислоты, пектины, сапонин, крахмал, камедь, слизь, глюкоза, флавоноиды, сахароза, аспарагин, глицирризин, витамины и минералы. Особую ценность растению придают уникальные соединения, оказывающие действие, сходное с действием гормонов надпочечников, которые наделены мощным противовоспалительным свойством. Кроме этого польза солодки заключается в том, что она способна оказывать ранозаживляющее, спазмолитическое, обволакивающее, противомикробное, жаропонижающее, противовирусное и отхаркивающее действие.

Однако медицина не единственная сфера, использующая солодку. Данное растение с успехом применяется еще и в пищевой промышленности. Из него готовят суррогаты сахара, маринады, всевозможные экстракты, сиропы или как мы сок. На западе огромной популярностью пользуются

изготовленные из солодки лакричные конфеты. Растение играет роль пенообразователя в слабоалкогольных и безалкогольных напитках (коле, квасе, пиве). Иногда его листья добавляют даже в салаты и супы.

Корень солодки является весьма распространенным народным средством для лечения разнообразных заболеваний. Самолечение — опасно для здоровья! Учитывая, что прием солодки может принести и пользу, и вред, перед приемом средств из нее необходимо проконсультироваться с врачом.

Отвар приготовленный из корней солодки, нормализует функционирование нервной системы, помогает в борьбе с быстрой утомляемостью и хронической усталостью, нормализует сон. Растение положительно влияет на гормональную систему и повышает устойчивость организма к дефициту кислорода.

Применять солодку можно для решения не только внутренних, а еще и наружных проблем. Она показывает хорошие результаты в борьбе со многими кожными заболеваниями – дерматитами, экземой, грибок, аллергическими дерматитами, нейродермитами, пузырьчаткой, ранами и ожогами. В подобных случаях средства из растения используются для компрессов и протираний.

В домашних условиях из солодки можно готовить настои, чай, сиропы и отвары, также из нее можно добывать целебный сок.

Сок корня солодки рекомендован при язвах и гастритах. Его готовят из свежих корней. Принимается он следующим образом – грамм сока разводится в половине стакана воды (горячей), затем получившееся средство делится на три части и выпивается в течение дня.

Отвар солодки. Такое средство подходит для лечения большинства вышеперечисленных заболеваний. Для его приготовления 10 грамм высушенного и измельченного корня положите в эмалированную емкость, туда же поместите стакан кипятка. Состав выдержите четверть часа на водяной бане, оставьте минут на сорок для настаивания, после процедите и добавьте к средству кипяченую воду, так чтобы его объем достиг 200 миллилитров. Принимать отвар следует по столовой ложке до пяти раз в день. Разовая доза может быть увеличена до двух ложек, в этом случае принимать средство нужно трижды в день. Курс полторы недели, его продолжительность может быть изменена в зависимости от вида заболевания. [4]

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Онегов А. «Искусство быть здоровым», «Лечитесь травами» -Москва: «Молодая Россия», 1992.– С. 63-65
2. Петленко В.П. «Валеология человека», -Минск, 1996г. 25-27
3. Польза и вред морковно-яблочного сока, состав, приготовление, как принимать. <http://www.rasteniya-lecarstvennie.ru/18229-morkovno-yablochnyy-sok-polza-vred-sostav-prigotovlenie-kak-prinimat.html>.
4. Солодка, или лакричник: польза и вред сладкого корня  
Подробнее: <http://www.kakprosto.ru/kak-931502-solodka-ili-lakrichnik-polza-i-vred-sladkogo-kornya#ixzz4eDJtRoee>
5. Морковно-яблочный сок - польза и вред Источник: <http://womanadvice.ru/morkovno-yablochnyy-sok-polza-i-vred>

УДК 637.5.03

**Ерболова Ж.Е., Ермекова Г.Е.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшілері: А.К. Мустафаева, т.ғ.к., ТӨМА кафедрасының доценті;  
Н. Мұратжанқызы, магистр, оқытушы.

#### ТҮШПАРА ӨНДІРУ АППАРАТТАРЫН ТАЛДАУ

Елімізде жартылай фабрикаттарды тұтыну жылдан жылға өсуде. Жартылай фабрикаттарға: фарш, котлет, түшпара, мұздатылған көкөністер мен жеміс-жидектер және т.б. жатады. Түшпара ежелден бері келе жатқан тойымды және өте дәмді тағамдардың бірі. Мұздатылған түшпараны көп уақытқа дейін сақтауға болады, соның өзінде ол өзінің сапасын жоғалтпайды. Мамандардың айтуынша мұздатылған өнімдерде консервідегі өнімдерден карағанда витаминдер мен минералдық заттар көбірек сақталады. Консервілеу кезінде өнімнің биологиялық құндылығының жоғалуы 40

пайыздан жоғары, ал мұздатылған өнімде 30 пайыздан көп емес. Мұздатылған өнімдердің сапасына оның өлшемі, формасы және мұздату кезіндегі мұз кристалдарының таралуы әсер етеді [1].


Түшпараны өндірудің технологиялық процесі келесі операциялардан тұрады (1 сұлба):

- дайындық операциясы,
- мөлшерлеу-қалыптау операциялары,
- сонымен қатарқатыру және ормадау операциялары.

Дайындық процесі келесі қондырғыларда жүргізіледі:

- ет кескіш машиналарында, араластырғыштарда және т.б.,
- ал мөлшерлеу және қалыптау операциялары қолмен (үй жағдайында) және арнайы құралмен немесе өндірісте түшпара жасайтын машиналарда (1 сурет).

Алғаш рет 1935 ж. Алексеев қолмен өндіру технологиясын тура қайталайтын түшпара жасайтын машинаны ойлап тапты. Ол көп ұялы жабылатын штамп түрінде болды. Штамп ашық тұрған кезде қамыр таспасы беріледі де, оған ет турамасының белгілі бір мөлшері түсіп тұрады.



1 сұлба – Түшпара өндіретін машина-аппараттың сұлбасы

1 – ет тартқыш, 2 – фарш араластырғыш, 3 – түшпара аппараты, 4 – дөңгелектеу барабаны, 5 – буып-түю автоматы, 6 – көтеру-лақтыру құрылғысы, 7 – таспалы тасымалдағыш, 8 – қамыр илегіш.

Штамп плитасы бір рет айналған кезде ет турамасы қамырмен жабылады, ал келесі айналымда оны штамптың қозғалмайтын бөлігі арқылы басып түшпараның қалыпталуы жүреді. Бұл машинаны қолдану қолмен қалыптаумен салыстырғанда еңбек өнімділігін айтарлықтай арттырған жоқ [2].

Қазіргі кезде түшпара өндіретін негізгі құрылғылардың алуан түрі бар. Солардың ішінде көп танымал бірнеше моделдеріне талдау жасайық.

Түшпараны дайындайтын GL120-5B моделді автомат (Қытай). Түшпараны дайындайтын машина GL120-5B типі қарапайым құрылымды және ыңғайлы функциялы: қамырдың қалыңдығы мен фарш көлемі машинаның ауыспалы басқа құрылғысымен ауыстырып отыруға болады. Негізгі техникалық параметрлер мен ерекшеліктері: Өнімділігі 108-140 кг/сағ, түшпара салмағы ~16-18 грамм, қуаттылығы 1500 Вт, салмағы нетто 160 кг, габариттік өлшемі 990x470x1150 мм. Артықшылықтары: Жөнелділігі, сапасы, электр энергисын тұтынудың үнемділігі, конструкциясының қарапайымдылығы, жуу кезінде жеңілділігі және жоғары қуаттылығы. Кемшіліктері: Ескі модель болғандықтан шығарылатын өнімнің түрлерін түрлендіру қиын. Және басқа аппараттарға қарағанда оның бөлшектерін табу оңай емес.





1 сурет – Әртүрлі түшпара қалыптайтын ауыспалы барабандар

Түшпараны дайындайтын HLT-700 XL моделді көп функционалды автомат (Қытай). Шығарылатын өнімнің көп түрлілігі (18 түрге дейін), жоғары сапалылығы, беріктігі жоғары, сенімділігі, қуаттылығы жоғары, бірақ бағасы жоғары. Өнімділігі 250 кг/сағ, түшпара салмағы 11-14 грамм, қуаттылығы 4 кВт, габариттік өлшемі 1100\*570\*1700 мм [3].

Түшпараны дайындайтын АП250(350) моделді автомат (Ресей). Өнімділігі 350 кг/сағ дейін, түшпара салмағы ~3-25 грамм, қуаттылығы 3,1 кВт, салмағы нетто 250 кг, габариттік өлшемі 840x760x1900 мм. Сенімділіктің жоғары деңгейі, барабанның ауысымдылығы, өнімділігі жоғары, құрылғыларының тот баспайтын болаттан жасалуы, қамырдан қалатын қалдықтардың минималдылығы, санитарлы өңдеу жылдам, әрі оңай. Кемшілігі: Бұл машина аппаратын өндіруге өте көп уақыт кетеді, бағасының жоғарылығы, түшпара үшін фарш біртекті және сусымалы болуы қажет.

Осы түшпара өндіру аппараттарының ішінде менің ойымша, техникалық сипаттамасы жағынан тиімдісі түшпараны дайындайтын АП250(350) моделді автоматы.

Қорыта келгенде, жергілікті жердегі шикізат көздерін пайдалана отырып күнделікті тағам ретінде түшпара жартылай фабрикасын тұтыну жолдарын қарастыру, технологиялық өңдеу жабдықтарын жетілдіру және түшпара өндіруге арналған жаңадан технологиялық жабдығын құрастыру. «Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс» деп елбасымыз өз жолдауында айтқандай, біз сол талаптарға сай жұмыс жасау жолындамыз.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Пелеев А.И. «Технологическое оборудование мясной промышленности». М.: Пищевая промышленность, 1971
2. Еренгалиев, А. Е. Технологическое оборудование мясной промышленности // учеб. пособие для студ. механических и технологических спец.: Семипалатинский государственный университет им. Шакарима, Семипалатинск - 2002. - 134 с.
3. URL: <https://agrozavod.ru/>

УДК: 371.13

#### Кабдылжар Б.К.

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научные руководители: А. Е. Еренгалиев, к.т.н., профессор,  
М.М. Акимов, к.т.н., доцент, заведующий кафедрой МАПП

#### СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КУТТЕРОВ ДЛЯ ИЗМЕЛЬЧЕНИЯ ФАРША

Куттер – очень распространенная на предприятиях мясной промышленности машина, которая служит для окончательного тонкого измельчения мяса, предназначенного для выработки вареных колбас, сосисок, сарделек. Конструктивной особенностью измельчающего механизма современных куттеров является наличие быстровращающегося ножевого устройства с комплектом серповидных ножей, которые могут быть с несколькими режущими кромками.

Основная причина низкой степени измельчения сырья - неправильно подобранный и заточенный нож. Известно, что вид ножа, его форма, правильная заточка режущей кромки, число ножей и их расположение в ножевой головке, а также расстояние между куттерными ножами очень сильно влияют на степень измельчения фарша, его температуру нагрева, функционально - технологические свойства, продолжительность куттерования, а также на длительность эксплуатации как ножевой головки, так и самого куттера.

Основным требованием к любому режущему инструменту является сохранение остроты режущей части и геометрических форм рабочего органа в течение наиболее длительного времени, то есть инструмент должен обладать достаточной жесткостью и высокой износостойкостью [1].

Как показано на рисунке 1, процесс резания в куттерах отечественного и зарубежного производств осуществляется серповидными ножами, режущая кромка которых выполнена в виде кривой, построенной по определенной спирали.

Были исследованы: спираль Архимеда с уравнением  $\rho = \alpha \cdot \varphi$  и логарифмическая спираль с уравнением  $\rho = \rho_0 \cdot e^{k\varphi}$ .




Рисунок 1. Схема куттерного ножа с серповидной режущей кромкой

**Система куттерных ножей с универсальным профилем Ножи для вареной колбасы.** Процесс измельчения при изготовлении варёной колбасы происходит на скорости до 580 км/ч (160 м/с). При такой скорости ножи должны измельчать, эмульгировать и перемешивать сырьё.

Нож для варёной колбасы обладает очень гармоничными характеристиками резки.

➤ Отогнутая часть лезвия обеспечивает высокую степень эмульгирования, наилучшее качество смеси и высокую стойкость.

➤ Вытянутая часть лезвия обеспечивает высокую степень измельчения и очень хорошее расщепление белков.

Не менее важным для осуществления технологического процесса измельчения мяса для вареных колбас является и угол заточки лезвия ножа. Ведь заточить его нужно так, чтобы с одной стороны обеспечить качественное резание, с другой - стойкость ножа в процессе работы.

Максимальную стойкость режущей кромки ножа при качественном измельчении мясного сырья обеспечивает его угол заточки  $\alpha = 27-30^\circ$ . Увеличение этого угла ( $\alpha > 30^\circ$ ) снижает качество измельчения и резко увеличивает скорость нагрева фарша, так как резко повышается лобовое сопротивление вхождения ножа в фарш. Уменьшение угла ( $\alpha < 27^\circ$ ) снижает стойкость режущей кромки ножа, на ней появляются сколы и загибы и куттерный нож очень быстро выходит из строя.

Отличительной чертой вареных колбас высших сортов является наличие в сырье в основном только мышечной ткани. Хрящи, соединительная ткань и другие более прочные включения отсутствуют. Это создает хорошие условия для обработки сырья куттерным ножом с лезвием в виде незначительно изогнутой линии, где преобладает нормальная составляющая резания, а, следовательно, создаются благоприятные условия для измельчения мышечной ткани.



Рисунок 2. Нож для вареной колбасы

Вареные колбасы, сосиски, сардельки II сорта готовят из более жесткого и имеющего много соединительной ткани мясного сырья. Поэтому для его обработки необходима нормальная составляющая силы резания - для измельчения мышечной ткани и ее касательная составляющая - для измельчения соединительной ткани. В этом случае более подходит куттерный нож с лезвием в виде ломаной линии, вписанной в кривую второго порядка (рис. 3).




Рисунок 3 Куттерный нож с линией лезвия в виде ломаной линии

**Ножи для фарша тонкого помола.** Эти ножи используются для приготовления фарша с высокой тонкостью помола.

- Вытянутая форма ножа обеспечивает быстрее измельчение.
- Это позволяет достигать очень высокой степени помола.
- Мясной белок максимально расщепляется.




Рисунок 4. Нож для фарша тонкого помола

Таким образом, система куттерных ножей с универсальным профилем обладает рядом преимуществ по сравнению с серийно выпускаемыми ножами:

- обеспечивается равномерность измельчения продукта по длине режущей кромки;
- за счет трансформации угла заточки снижается лобовое сопротивление внедрения лезвия ножа в продукт;
- уменьшение угла заточки лезвия по мере увеличения расстояния от оси вращения ножа до прямолинейного участка режущей кромки позволяет уменьшить длину режущей кромки, что приводит к уменьшению боковой поверхности ножа и снижению темпов роста температуры обрабатываемого продукта.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Груданов, В. Я. Новые куттерные ножи для измельчения мясного сырья / Груданов В.Я., Иванова И.Д., Бренч А.А. / Мяс. пром-сть. – 2003. – № 4 – С. 33-35


Қалиоллаев Д.К.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
 Ғылыми жетекшілері: А.Л. Касенов, ИТФ деканы, т.ғ. д, профессор; Ж.Х. Тохтаров, техника  
 ғылымдарының магистры, аға оқытушы.

### ҚҰРҒАҚ МАЛ ЖЕМІН ӨНДІРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫ

Қазіргі таңда ет өңдеу кәсіпорындарында көбінесе құрғақ мал жемін сусымалы ұнтақ түрінде өндіреді. Бұлай өндіру жемді сақтауда оттегімен тез байланысып, бұзылуына, сөйтіп малдың ағзасына қауіпті заттардың туындауына себепкер болса, ал тасымалдауда, арнайы қаптарға салудың қажеттілігі туындайды. Осының салдарынан өнімді мөлшерлеу, өлшеу, тігу, таңбалау, қаптарды реттеп жинау тәрізді операциялардың атқарылуы еңбек күшінің көп жұмсалуын қажет етеді. Осындай операцияларды атқаруда ұшқан шаң бір жағынан жұмысшылардың ағзасына зиян келтірсе, екінші жағынан өндірістегі жабдықтар мен қабырғаларға қонып, өздігінен тұтанатын өрттің болу қаупін тудырып, жұмыс істеу жағдайын қиындатады. Сондықтан құрғақ мал жемі өнімін түйіршік түрінде өндірген тиімді, яғни қосымша термопластикалық қалыптау (түйіршіктеу) процесінің орындалуының қажеттілігі туындайды.

Құрғақ мал жемі өндірісінің негізгі процестерінің қатарына престау процесін жатқызуға болады. Шыжықтан майды бөліп алуда престау процесін қолдану, центрифугалау және экстракциялау процестеріне қарағанда, экономикалық және меншікті энергия шығыны жағынан тиімді [1].




1 – сурет. Ет-сүйекті шыжық: 1 – ірі ет кесектері, 2 – сүйек қалдықтары.



2 – сурет. Престеліп, түйіршіктелген құрғақ мал жемі.

Бірақ белгілі пресс жабдықтарын қолдану, басқа кең көлемді өнім өндіру жабдықтарындай металл, электр мен жылу энергиясын және т.б. шығындарды көп жұмсауы сияқты ортақ кемшіліктер кездеседі. Сонымен қатар жабдықтың негізгі кемшілігіне, престауде және престелгеннен кейін шикізаттың физикалық қасиеттері мен технологиялық жағдайлары процестің және құрғақ мал жемі өнімінің талаптарын қанағаттандыра бермеуінде.




3 – сурет. Тәжірибелік пышақ. 1-майдалаушы тормен 900 -та қилысатын кесу жиегі; 2-қабылдаушы тормен қилысатын кесу жиегі; 3-престауші, сықаушы бет.

Осының салдарынан жабдықтағы өнімділіктің төмендеуі, престоуден кейін желіде қосымша өңдеу операцияларының орындалуы мен операцияаралық шикізат шығындарының және еңбек күшінің артуы. Сондықтан құрғақ мал жемі дайындау технологиясы желісіндегі пресс жабдығын талаптарға сай орта және шағын өндіріс орындарына арнап қайта жабдықтау, бүгінгі заман қажеттілігіне байланысты туындап отырған мәселелердің бірі.

Көбінесе құрғақ мал жемін сусымалы ұнтақ түрінде өндіру сақтауда, тасымалдауда өздігінен тұтанатын өрттің болу қаупін тудырып, жұмыстың санитарлық-гигиеналық жағдайын төмендетіп, қосымша операциялардың атқарылуы мен еңбек күшінің көп жұмсалуын қажет етеді. Осы тұрғысыда құрғақ мал жемі өнімін түйіршік түрінде өндірген тиімді (1, 2 сурет).

Ондай жағдайда, престоу процесінен кейін ұсақтау мен елеу процесінің қажеттілігі жоғалады. Осының арқасында біз өнімді өңдеу уақытын азайтуға және энергия шығындарын аз жұмсалуына қол жеткіземіз.



4 – сурет. Құрастырылған пресс жабдығы негізінде ұсынылатын құрғақ мал жемін өндірудің технологиялық желісінің сұлбасы.

1-шікізатты қабылдау шанағы; 2-магнитті сепаратор; 3-алдын-ала ұсақтағыш;  
4-гроизантальды қазандық; 5-сүзгі; 6-пресс; 7-сорғы; 8-сепаратор.

Престоу процесінің кезінде ЕСШ-тың майлылығының пышақтар құрылмалары тәуелділігі зерттеліп бұрамалы тәрізді пышақтың құрылмасының шикізаттың жоғарғы температурасына арналып жасалмауынан шикізаттың ұсақталуы нашарлап, кері ығысуы, энергиялық, технологиялық шығындарының артуы және өнімділіктің төмендеуі байқалды. Бұрама тәрізді пышақтың осындай кемшіліктерін ескере отырып, зерттеу объектісі ретінде құрылымы жағынан симметриялы тәжірибелік пышақ құрастырылып жасалды.

Тәжірибелік пышақтың құрылмасы, Пышақтың кесу жиегі 1 майдалаушы торға бұрышы 90° бағытта қилысатындай жасалынған. Пышақтың майдалаушы торға бұрышы 90° бағытта қилысатын кесу жиегі 1 айналыс осьтегі бойлық ұзындығы, престоу, сықау беттінің 2 айналыс осьтегі бойлық ұзындығының үштен біріне тең келетіндей жасалынған.

Тәжірибелік пышақтың құрылмасы симметриялы, яғни пышақ қабылдаушы, майдалаушы торларға қатысты екі жақ құрылмасы орын ауыстырғанымен, жұмыс істеу қабілеттілігін жоғалтпайды. Тәжірибелік пышақтың бұндай ерекшелігі пышақтың жұмыс істеу мерзімін ұзартады.

Бұндай ерекшелік ұсақтау процесінің жақсы жүруіне көмектесіп, бұрама тәрізді пышаққа қарағанда жұмыс істеу мерзімін және жүздерінің өздігінен қайралу мүмкіндігін екі есеге ұзартады.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Қабылов Б.Б. Ет өнімдері өндірісінің механикалық өңдеу жабдықтары. - Семей: Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2009. – 186 б.

**Сакенова А.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
 Ғылыми жетекшілер: Б.Б. Кабулов, т.ғ.к., доцент, ТӨМА кафедрасының профессоры  
 А.К. Мустафаева, т.ғ.к., ТӨМА кафедрасының доценті

**МАЙДА ҰСАҚТАУҒА АРНАЛҒАН ҮЗДІКСІЗ МАШИНАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ**

Ет және ет өнімдерін майда ұсақтауға арналған ұсақтағыштар ұсақтағыш механизмінің құрылысына байланысты келесі тәртіппен жіктеледі:

- роторлы,
- көп пышақты,
- көп дискілі,
- барабанды,
- аралас.

Роторлы ұсақтағыштар ұсақтағыш механизміндегі қозғалатын статордан және айналмалы ротордан тұратын машиналарды жатқызуға болады. Көп пышақты ұсақтағыштар - айналмалы барабанның немесе тұрықтың ішіндегі білікте құрастырылатын әртүрлі пішінді пышақтардан тұрады. Көп дискілі ұсақтағыштардың бұлардан айырмашылығы: олардың ұсақтағыш механизмі - көп тісті дисктер жиынтығы немесе тізбектей орнатылған көп тесікті торлар жұбы. Барабанды ұсақтағыштар үлкен жылдамдықпен айналатын перфорирленген барабаннан құралған. Ал аралас ұсақтағыштар - жазық, цилиндрлі, конусты тор түрінде орындалған жеке пышақ және пышақтардың жұбынан құралады. Не болмаса пышақты, кавитациялық, дезинтеграторлық құрылғыдан тұрады [1].

Мысалы: роторлы ұсақтағыштарға «Stephan» (Германия) фирмасының кескіш механизмдерінің құрылысы бірдей, бірақ техникалық - экономикалық көрсеткіштері және орналасуы бойынша өзгеше МСМ-Д60, МСУ-10А толассыз әрекетті микрокуттерлерді жатқызуға болады. МСН-Д60 микрокуттерлерде ұсақтағыш механизм көлденең, ал МСУ-10А микрокуттерде тік орналасқан. МСН-Д60 микрокуттерлері платформалы - арбашадан, тиегіш бункерден, ұсақтағыш механизмнен, фаршөткізгішті түсіргіштен, жетектен және электрқалқаннан тұрады.

Ұсақтағыш механизм – екі бөлшек жиынтығынан тұрады. Олардың әрқайсысы қоректендіргіш шнекті айналмалы ротордан, аралық сақина және қоғалмайтын ротордан құралған. МСУ-10А микрокуттері станинадан, электрқозғалтқыштан, ұсақтағыш механизмінен, тиегіш шанақтан және түсіргіш түтікшеден тұрады. Оның ұсақтағыш механизмі қоректі айналмалы ротордан, аралық сақина және қозғалатын статордан тұрады. Фарштың ұсақтағыш дәрежесін - арнайы аралық сақиналар көмегімен іске асатын статорлық сақиналардың тістерінің арасындағы саңылауларды өзгерту арқылы реттеуге болады.

«NAGEMA» (Германия) фирмасы материалдарды ұсақ дәрежеге дейінгі ұсақтауға, эмульгирлеуге және гомогендеуге арналған КМ 3 және КМ 4 коллоидты диірмендерін жасап шығарды.

«NAGEMA» фирмасының коллоидты диірмендерінің техникалық сипаттамасы

	КМ 3	КМ 4
Өнімділігі, кг/м <sup>3</sup>	200-500	400-1000
Қозғалтқыштың қуаты, кВт	10	22
Қозғалтқыштың айналым саны, айн/мин	2900	2900
Ауқымды өлшемдері, мм	560x530x1100	660x660x1300
Масса, кг	300	450

«МАСУКО САНГЕ КО...ЛТД» (Жапония) фирмасының «Масколлоидер» микроұсақтағыштары көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Ол шикізатты - өте пайдалы тамақ өнімі болып саналатын аса майдалауға, ұнтақтауға арналған. Микроұсақтағыш тек тамақ өнеркәсібінде емес, сонымен қатар өнеркәсіптің химия, фармацевтика және мұнай саласында да қолданылады.

Осыған қоса роторлы ұсақтағыштарға жататын «Продмаш» (Украина) Полтава зауытының К6-ФКМ коллоидты диірмендерін айта кеткен жөн. Бұл диірмен әртүрлі пісірілген шұжық өнімдері үшін фаршты дайындауға етті аса майда ұсақтауға арналған.

Коллоидты диірмен тиегіш шанақтан, винтті қалақшадан, бұрандалы гайкадан, кескіш механизмнен, түтікшеден және жетектен тұрады. Кескіш механизмнің үстіңгі, ортаңғы және астыңғы дисктері тұратын статоры және роторы бар.

Машинаның өнімділігі — ротор мен статор арасын дағы сақиналық саңылаумен реттелетін шикізатты ұсақтау дәрежесінен тәуелді. Жетек электрқозғалтқышпен жұмыс істейді. Көп пышақты ұсақтағыштың үлгісі ретінде «Karl Schnell» (Германия) фирмасының эмульситаторын айтуға болады. Ол «тор-пышақ» кесу жүйесінің көмегімен етті ұсақтауға арналған.

Эмульситатор ұсақтау сапасын, фракцияларға мүмкіндігінше аз болуды, қалыпты температуралық режимді, кескіш механизмдегі саңылауды реттеуді, пайдаланудың ыңғайлылығы мен қарапайымдылығын қамтамасыз ете алады. Эмульситатор торы тесіктерінің диаметрі 0,5-18 мм болады.

Ет және ет өнімдерін майда ұсақтауға арналған машина Қазақстанда шығарылған. Ол паштет, крем, пісірілген шұжық, тұшпара және басқа өнімдер өндірісінде алдын-ала тор тесіктерінің диаметрі 3-5 мм еттартқышта ұсақталған ет және ет өнімдерін майда ұсақтауға арналған. Машина тамақ өнімдерін дайындау жүйесімен қатар, асханаларда, ресторандарда, қоғамдық тамақтандыру орындарында және фермерлік шаруашылықтарда қолданылады. Бұл машина:

- шикізаттың біртектілігінің және дисперстілігінің жоғары болуын;
- ұсақтау дәрежесін реттеу мүмкіншілігін;
- шикізатты толық ұсақтауды қамтамасыз ете алады.

Машинаның құрылғысына: қаңқа, белдемше, пышақты басының тұрығы, ротор, бұрандалы сақина және түсіргіш.

Қаңқа жоғарғы жағында электрқозғалтқыш және ұсақтағыштың жұмысшы бөлігі орналасатын плитасы арасында орналасқан фланец болып табылады. Белдемшенің үстіңгі бөлігінде пышақты головканың тұрығын бекітуге және бұруға арналған құрылғы орналасқан.

Белдемшенің цилиндрлі бетінде қақпақпен жабылатын терезесі бар. Ол ұсақтағыш муфтасына қызмет көрсетуге арналған. Пышақты бастың тұрығы негізгі жұмысшы орган болып табылады. Оның ішінде шикізатты ұсақтап, түсіргіш канал және гусак арқылы қабылдағыш ыдысқа түсіруге болады. Пышақты бастың үстіңгі бөлігінде бұрандалы сақинаға арналған бұранда, ал бүйір бетінде гусакты бекітуге арналған фланецті түсіргіш канал орналасқан. Пышақты головканың тұрығында — шкаласы 0-ден 1 мм дейін, бөлгіш өлшемдері 0,055 мм сызғыш орнатылған. Осы шкалаға байланысты бұрандалы сақина бұрылған кезде қозғалмайтын және қозғалмайтын сақина тәрізді тісті пышақтардың арасындағы саңылауды өзгертуге болады. Ротор — пышақты головканың тұрығында орналасқан қозғалмайтын сақина тәрізді тісті пышақтарға, шнекке қозғалыс беретін білік болып табылады.

Ротор білігінің ұшына - қозғалмайтын сақина тәріздес тісті пышақтар жиынтығы, шнек, гайканың көмегімен бекітілген. Ротор білігінің екінші ұшы жалғастырғыш арқылы электр қозғалтқышқа жалғанған. Бұрандалы сақина келесі бөлшектерден тұрады: тиегіш шанақтан, қозғалмайтын пышақтар обоймасынан және бағыттағыш сақиналардан тұрады.

Тиегіш шанақ - төменгі жағында бұрандалы сақинаға орнатуға арналған фланеці бар конус болып табылады.

Қозғалмайтын пышақтар обоймасы - үстіңгі жағынан сақина обоймасымен бекітіліп, обойма тұрығына орнатылған сақина тәріздес тісті пышақтар пакеті болып табылады. Қозғалмайтын пышақтар обоймасы бұрандалы сақинаға болттардың көмегімен бекітіледі. Бағыттауыш сақина қозғалмайтын және қозғалмайтын пышақтар арасындағы саңылауды анықтауға арналған. Бағыттауыш сақина — бұрандалы сақинаға винттердің көмегімен бекітіледі.

Машинаның жұмыс істеу тәртібі келесідей: электрқозғалтқышты қосқан кезде, алдын-ала тор тесіктерінің диаметрлері 3 мм еттартқышта ұсақталған ет тиегіш шанаққа салынады. Бұл кезде шикізат айналып тұрған шнектен кескіш механизмге беріледі де, ортадан тепкіш күш әсерінен қозғалмайтын пышақтардың тістерінің арасындағы саңылаудан өтеді. Бұдан кейін шикізат екінші қозғалмайтын пышаққа өтіп, ортадан тепкіш күш әсерінен бұл пышақ тістердің арасындағы саңылаудан келесі пышаққа беріледі. Ұсақталған өнім түсіргіш дисктің көмегімен түсіру каналына лақтырылады.

Әр пышақты жұппен өнімді екі циклды өңдеу себебінен қарқынды ұсақтау және ұсақталған өнімнің қалыпты өлшемін алуға болады.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Қабылов Б.Б. Ет өнімдері өндірісінің механикалық өңдеу жабдықтары. - Семей: Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2009. – 186 б.



## **ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ САПОНИНДЕРДІ ЖӘНЕ ФЛАВОНОИДТАРДЫ ЖҰҚА ҚАБАТТЫ ХРОМАТОГРАФИЯ ӘДІСІМЕН АНЫҚТАУ**

Сапониндердің жалпы санын тазалаудың кеңінен таралғаны – хроматографиялық әдістер. Сапониндердің жалпы санын хроматографиялық тазалау алюминий оксидінде, силикагельде, белсендірілген көмірде жүргізіледі[1].

Сапониндер - өсімдік гликозидтері тобына жататын азотсыз күрделі органикалық қосылыстар. Өте активті сапониндер – сапотоксиндер деп аталады. Олар жыланның уында кездеседі, бірақ өсімдік құрамындағы сапониндер адам өміріне зиян емес. Сапониндер 2 топқа бөлінеді: үштерпенді және стероидты. Үштерпенді сапониндер аморфты заттар, анық балқу температурасы болмайды. Үштерпенді сапониндер нейтральдық және қышқыл қосылыстар болуы мүмкін. Олар төрт типке жатады: бета-амирин, гама-амирин, лупеол, фриделин және дамаран. Стероидты табиғи күрделі гликозидтердің қатарына жататын органикалық қосылыстар болып саналады. Стероидты гликозидтердің екі типті түрі болады: спиростан және фууростан. Спиростанол қатарына жататын гликозидтердің (монодесмозидтер) стероидты молекуласының алты циклді сақиналары бар[2].

Сапониндердің тритерпенді тобының болуы оның медицинада күш-жігерді қалпына келтіруге, қақырық түсіргіш, зәр айдағыш, бүйрек ауруларында қолданылады. Стероидты сапониндер қан қысымын төмендететін, жүрек қызметіне есер ететін қасиеттері пайдаланылады. Осыған орай олар қандағы холестериннің мөлшерін азайту, атеросклероз ауруын емдеу үшін, сондай - ақ стероидты гормондары синтездеу үшін де қолданады[3].

Флавоноидтар – табиғи полифенолды қосылыстардың класына жатады. Олар табиғатта жиі кездеседі. Оның құрамында көптеген әр түрлі бояушы пигменттер болады (флавоноидтар, флавонолдар, антоциондар, және т.б.). Флавоноидтарды класстарға бөлу мынадай белгілі топ бойынша жүргізіледі: пропан бөлігін тотығу дәрежесі бойынша, гетероциклдік шамасы бойынша, фенилдік орынбасардың жағдайы бойынша және т.б.[4].

Флавоноидтар – табиғи полифенолды қосылыстардың класына жатады. Олар табиғатта жиі кездеседі. Оның құрамында көптеген әр түрлі бояушы пигменттер болады (флавоноидтар, флавонолдар, антоциондар, және т.б.). Флавоноидтарды класстарға бөлу мынадай белгілі топ бойынша жүргізіледі: пропан бөлігін тотығу дәрежесі бойынша, гетероциклдік шамасы бойынша, фенилдік орынбасардың жағдайы бойынша және т.б.[5].

Медицинада флавоноидтар жүрек-қан тамырларын емдеуге, спазмолитикалық, қабынуға қарсы, микробтарға қарсы, қатерлі ісікке қарсы дәрілік заттар ретінде пайдаланылады.

**Жұмыстың өзектілігі:** Хроматография әдісімен көптекті заттардың кез келген агрегат күйдегі және кең концентрациялы диапазондағы қоспасын таңдауға болады. Хроматография әртүрлі объектілерді сандық және сапалық тұрғыдан талдауға, қосылыстың физикалық-химиялық қасиеттерін оқып-үйренуге кейбір реакциялардың кинетикасын зерттеп білуге мүмкіндік береді.

**Жұмыстың мақсаты:** Дәрілік өсімдіктер құрамындағы сапониндерді, флавоноидтарды жұқа қабатты хроматография әдісімен анықтау және сапониндердің көбік санын есептеу.

### **Жұмыстың міндеттері:**

Жұқа қабатты хроматография, сапониндер, флавоноидтар және оларды анықтау үшін қолданылатын әдістер туралы әр түрлі дереккөздерден ақпараттар жинақтап, теориялық білімді қалыптастыру.

Эксперименттік бөлімдегі әр түрлі тәжірибелерді жасап, нәтижелерін талдау.

Қорытынды жасап, дәрілік өсімдіктердегі сапониндердің және флавоноидтардың медицинадағы қолданысын қарастыру.

### **Сапониндерді анықтауда зерттелген дәрілік өсімдіктер:**

*Қызыл мия (лат. Glycyrrhiza glabra)* – бұршақ тұқымдасы, мия туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.

*Қырықбуын (лат. Equisetum)* — қырықбуындар тұқымдасына жататын мәңгі жасыл, көп жылдық шөптесін өсімдіктердің тұқымдас тармағы.

Екі дәрілік өсімдіктердегі сапониндер сапалық және сандық анализ бойынша анықталды. Сапалық анализде, көбіктүзілу реакциялары жүргізілді, қызыл мия құрамында сапониннің мөлшері



қырықбуынға қарағанда көбрек екендігі осы реакциялардан айқын көрінді[3]. Сапалық анализді жұқа кабатты хроматография әдісімен жүзеге асырдым. Айқындағыш ретінде фосфорвольфрам қышқылы қолданылды. Сонда өсімдік құрамындағы сапониндер пластинка бетінде малина түсті дақ түрінде байқалды[6]. Қызыл мия экстрактысының қозғалғыштығы 54%-ға ал қырықбуынның қозғалғыштығы 57%-ға тең болды.

Жартылай сандық анализ жүргізілді, ол бойынша құрамында сапонині бар қызыл мия мен қырықбуын өсімдіктері көбіктену санына байланысты – төмен көбіктену саны тобына жататыны анықталды[7].

**Флавоноидтарды анықтауда зерттелген дәрілік өсімдіктер:**

*Түймедақ (лат. Matricaria chamomilla)* – астралылар тұқымдасына жататын бір жылдық шөп тектес өсімдік.

*Түйетікен (лат. Carduus)* – астралылар тұқымдасына жататын екі жылдық шөптесін өсімдіктер.

*Пияз қауызы (лат. Allium cepa)* – мариллистер тұқымдасы, жуа туысының ең көп тараған түрі.

**Өсімдіктің құрамындағы флавоноидтарды ЖҚХ әдісі бойынша сапалық және сандық анықтау**

Флавоноидтарды өсімдіктердің 70% спирттегі экстрактысында ЖҚХ әдісі бойынша сапалық анықтау жүргізілді. Ол үшін Sorbfil хроматографиялық пластинасына трафарет көмегімен алған экстрактыны тамыздық. Еріткіш ретінде н-бутанол-этанол-су (5:3:2) жүйесі қолданылды. Еріткіш экстракты деңгейіне жеткенше камера ішінде тұрды. Сосын пластина бетіне пульверизатор көмегімен 3% ванилин ерітіндісі сеуіліп, 100-105°C 3 мин кептіргіш шкафта кептірілді. Соңында УК-жарық (250 – 366 нм) аппаратына пластинканы салып, өсімдік құрамында флавоноид бар екені анықталды - ақ фонда сарғыш-жасыл түсті флавоноид дағы пайда болды. [8].

Өсімдік құрамындағы флавоноид - кверцетинді сандық анықтау жүргізілді. Ол үшін кверцетиннің 70% этанолдағы 0,05 мг/мл стандартты ерітіндісі пайдаланды. Пластинаға старттық сызық ортасына трафарет арқылы экстракт, ал екі шегіне кверцетиннің стандартты ерітіндісі тамызылды. Сонан кейін тәжірибе жоғарыдағыдай жүргізілді. Пайда болған кверцетин дақтарын пластинадан қиып алып, массаларын салыстыру арқылы есептеу жүргізілді. Түймедақ құрамындағы кверцетин мөлшері 0,15%; түйетікен құрамында 0,17%; пияз қауызында 0,16% екендігі анықталды. Яғни кверцетин мөлшері түйетікен шөбінде көбірек екені көрсетілді.

**ӘДЕБИЕТ:**

1. Мансұров, З.А. Химиядағы физикалық зерттеу әдістері: оқу құралы/ З. А. Мансұров; Б.Я Колесников. – 3-бас., өнд., толықт. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 307 б
2. Бурашева, Г. Ш. Табиғи қосылыстар химиясының негіздері: оқу құралы/ Г. Ш. Бурашева, Б. Қ. Есқалиева, А. К. Умбетова: эль-Фараби атындағы ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2013. – 302 б.
3. Киселева, А. В. Биологически активные вещества лекарственных растений Южной Сибири/ А. В. Киселева, Т. А. Волхонская, В.Е. Киселев; отв. ред. А. Г. Валуцкая – Новосибирск: Наука, 1991. – 135 с.
4. Боначаева В.И., «Флавоноиды, химия растительного сырья»/ Дренин А.А., Ботиров Э.Х., 2014 г, с 195-199.
5. Семенов А.А. «Очерк химии природных соединений». / Новосибирск: Наука, 2000.-300б
6. Физико - химические основы хроматографического разделения/ Я.И. Яшин.- М.: Химия, 1976. – 216 с.
7. Есқалиева, Б. Қ. Фитопрепараттар және табиғи биологиялық белсенді заттардың химиясы: оқу-әдістемелік нұсқау/ Б.Қ. Есқалиева; эль-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті. 2013. – 93 б.
8. Мұсабаева, Б.Х. Аналитикалық химия әдістері: оқу құралы / Б.Х. Мұсабаева; Семей қ. Шәкәрім атынд. МУ; ҚР БҒМ.- Семей: Интеллект, 2015.- 157б.

Бердалинова А.Н.

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Б.Х. Мусабаева, заведующая кафедрой химии, к.х.н., доцент**ОПРЕДЕЛЕНИЕ СВИНЦА В СНЕЖНОМ ПОКРОВЕ  
ФОТОТУРБИДИМЕТРИЧЕСКИМ МЕТОДОМ****Актуальность**

Одним из основных источников загрязнения среды является автотранспорт, так как в состав выхлопных газов входят угарный газ, оксиды азота и серы, углеводороды, соединения тяжелых металлов.

В результате выбросов автомобильных двигателей атмосфера обогащается рассеянным свинцом, оседающим на поверхность почвы в придорожной зоне. Наличие свинца в выхлопных газах объясняется тем, что тетраэтилсвинец ( $Pb(C_2H_5)_4$ ) добавляется в бензин в качестве антидетонатора. В 1 л бензина может содержаться около 1 г тетраэтилсвинца, который разрушается и выбрасывается в атмосферу.

**Цель**

Определение содержания свинца в снежном покрове фототурбидиметрическим методом для определения экологической загрязненности снежного покрова на территории города Семей.

**Задачи**


1. Подобрать методику исследования.
2. Определить содержание свинца в пробах снега, собранного на различном удалении от автодороги.
3. Сравнить полученные результаты и сделать выводы.

**Методика определения свинца в снежном покрове****Приготовление исследуемого раствора:**

Пробу снега взвесили, затем оттаяли при комнатной температуре. Талую воду выпарили досуха. Сухой остаток перенесли в тигель и сожгли в муфельной печи до получения белой золы. К охлажденной золе добавили 5 мл соляной кислоты, капилляром ввели 1 каплю пероксида водорода и выпарили досуха на кипящей водяной бане. Остаток обработали 1 мл ацетатного буферного раствора, нагревали 5 мин при  $100^{\circ}C$ , добавили 1 мл дистиллированной воды и профильтровали через влажный фильтр в мерный цилиндр. Прозрачную жидкость в цилиндре разбавили водой до 10 мл, перенесли в пробирку 1 мл полученного раствора, добавили 1 мл ацетатного буферного раствора, дистиллированную воду до 10 мл, перемешали, ввели 3 капли раствора дихромата калия и вновь перемешали. Таким образом, мы получили исследуемый раствор.

**Приготовление стандартного раствора нитрата свинца:**

На аналитических весах отобрали 0.16 г препарата, растворили в дистиллированной воде, перенесли в мерную колбу вместимостью 100 мл, подкислили азотной кислотой. Добавили дихромат калия. И в исследуемом растворе, и в стандартном растворе получили хромат свинца ( $PbCrO_4$ ), суспензию желтого цвета.



В три градуированные пробирки последовательно смешали 0.5, 0.75 и 1.0 мл приготовленного раствора нитрата свинца, добавили по 1 мл ацетатного буферного раствора и разбавили водой до 10 мл. В стандартных растворах содержится соответственно 0.01, 0.015 и 0.02 мг свинца.

Прибегая к методу фототурбидиметрии, измерили помутнение всех растворов. Полученные данные записали в таблицу:

	Стандартный раствор №1	Стандартный раствор №2	Стандартный раствор №3	Исследуемый раствор №1	Исследуемый раствор №2
q, мг	0,01	0,015	0,02	0,011	0,007
D	0,36	0,58	0,82	0,37	0,30
V, мл	0,5	0,75	1,0	1,0	1,0

По данным таблицы построили градуировочный график. По графику определили содержание свинца в растворах.

### Содержание свинца в анализируемых пробах

$$Q = \frac{q * V_1 * 1000}{V_2 * m}$$

q – количество свинца в стандартном растворе, мг

V<sub>1</sub> - объем анализируемого раствора, мл

V<sub>2</sub> - объем раствора, взятый для сопоставления со стандартным раствором, мл

m – проба анализируемого продукта, г

***Содержание свинца в пробе снега, взятого у дороги, составляет 42,5 мг/кг;***

***Содержание свинца в пробе снега, взятого в парковой зоне, составляет 24 мг/кг;***

#### Выводы

В результате проведенных анализов можно сделать следующие выводы:

- Снег является накопителем загрязнений, поэтому позволяет оценить степень загрязнения атмосферы и почвы.

- Талую воду в пробе снега, взятого у дороги, можно оценить как мутную, темно-серой окраски. Анализ снега на выявление химических загрязнителей показал присутствие тяжелого металла свинца. Это может быть связано с выбросами в атмосферу выхлопных газов автомобилей. ПДК содержания свинца в почве составляет 20,0 мг/кг. В исследуемом образце снега содержание свинца составляет 42,5 мг/кг, что в 2 раза превышает ПДК.

- Талую воду в пробе снега, взятого в зоне парка (отдаленного от автотрассы), можно оценить как слабо-мутную, светло-серой окраски. Анализ снега на выявление химических загрязнителей показал присутствие свинца в количестве 24.5 мг/кг.

Так как зона парка находится в отдалении от дороги, можно предположить, что главной причиной загрязнения снежного покрова является выхлопы автотранспорта.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Бандман А.Л., Гудзовский Г.А., Дубейковская Л.С. и др. Вредные химические вещества. Неорганические соединения элементов I-IV групп; Под ред. Филова В.А. и др. Л.: Химия, 1988. - С. 71-73
2. Ляликов Ю.С. Физико-химические методы анализа. Издание 6-е, перераб. и доп. М., «Химия», 2003. – С.91-92
3. Вихарев А.А., Чемерис Н.А., Домина Н.Г. Физико-химические методы анализа. Под ред. Зуйкова С.А. и др. Л.: Химия, 1997. – С. 97-98

УДК: 541.64+678.744

**Есенбаев Н.Е.**

Научный руководитель: А.Н. Кливенко, доктор PhD

Государственный университет имени Шакарима города Семей, Республика Казахстан

### ПОЛУЧЕНИЕ ГЕЛЬ-ИММОБИЛИЗОВАННЫХ НАНОЧАСТИЦ СЕРЕБРА

Целью работы была разработка бактерицидного материала на основе наночастиц серебра и полимерного гидрогеля. Для достижения цели были поставлены следующие задачи: получение наночастиц серебра стабилизированных поливинилпирролидоном; получение иммобилизованных наночастиц серебра в матрице полиакриламидного гидрогеля.

Материалы:

Акриламид (АА), метиленбисакриламид (МБАА), AgNO<sub>3</sub> (чда), поливинилпирролидон (ПВП) марки чда, персульфат аммония (ПСА).

Методы исследования:

1) Синтез наночастиц серебра

50 мг AgNO<sub>3</sub> растворяли в 50 мл воды, в полученном растворе растворяли 50 мг ПВП. Полученный раствор нагревали с обратным холодильником в течение 20 минут. До изменения окраски раствора до темно-коричневого.

2) Получение гель - иммобилизованных наночастиц серебра

0,1025 г МБАА 4,5 мл раствора наночастиц серебра, к полученному раствору добавляем 0,8975 г АА. Затем добавляли 20 мг ПСА. После этого раствор продували аргоном в течение 15 минут. После продувания аргоном раствор нагревали на водяной бане при 70°C в течение 30 минут.

Результаты и их обсуждение:

Наночастицы серебра были получены методом полимерной стабилизации. Причем ПВП выступает в роли восстановителя и стабилизатора одновременно. На рисунке 1 изображены исходный раствор и полученный коллоидный раствор, содержащий наночастицы серебра.



Рисунок 1. Изображения исходного и конечного растворов при получении наночастиц серебра.

Как видно из рисунка 1 раствор наночастиц серебра, стабилизированных ПВП имеет характерную бурую окраску.

2) Получение геля –иммобилизованных наночастиц серебра. Полученный коллоидный раствор серебра был использован для синтеза гидрогель-иммобилизованных наночастиц серебра. Для этого был использован так называемый метод синтеза *insitu*, при котором наночастицы серебра иммобилизуются в сетку геля во время синтеза полимерной сетки. На рисунке 2 представлены фотографии гидрогелей с иммобилизованными наночастицами серебра.



Рисунок 2 – Получения геля-иммобилизованных наночастиц серебра

Как видно из рисунка 2 гидрогель с иммобилизованными наночастицами серебра имеет характерную окраску.

Полученные гидрогели с иммобилизованными наночастицами серебра планируется использовать в качестве бактерицидного материала в отношении золотистого стафилококка и кишечной палочки.

Выводы:

1. Получены стабилизированные ПВП наночастицы серебра;
2. Проведена иммобилизация полученных наночастиц в сетке полиакриламидного гидрогеля;
3. Планируется испытание на бактерицидную активность в лаборатории Агротехнопарк ГУ имени Шакарима.

## ЛИТЕРАТУРА:

1. Филиппова О. "Умные" полимерные гидрогели // Природа. – 2005. – Т. 8. – С. 7.
2. Лозинский В. И. Криогели на основе природных и синтетических полимеров: получение, свойства и области применения // Успехи химии. – 2002. – Т. 71, № 6. – С. 559-585.
3. Lozinsky V. I. A Brief History of Polymeric Cryogels // Polymeric Cryogels: Macroporous Gels with Remarkable Properties. – 2014. – Т. 263. – С. 1-48.

УДК: 541.64+678.744

**Есенаманова А.Б.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: А.Н. Кливенко, доктор PhD

### **РАЗРАБОТКА БАКТЕРИЦИДНОГО МАТЕРИАЛА НА ОСНОВЕ ПОЛИМЕРНЫХ КРИОГЕЛЕЙ**

В последнее время полимерные материалы прочно вошли во все сферы человеческой деятельности от быта до высоких технологий. Особый интерес исследователей вызывает применение полимеров в медицине. Полимерные криогели, благодаря наличию особой морфологии и механической прочности, являются перспективным материалом для применения в медицине. В связи этим, наше исследование, посвященное разработке бактерицидного материала на основе полимерного криогеля является безусловно актуальным. Целью данной работы является разработка бактерицидных материалов на основе полимерных криогелей. Исходя из этого поставлены следующие задачи: получить полимер-стабилизированные наночастицы серебра; иммобилизовать полимер-стабилизированные наночастицы серебра в матрице полимерного криогеля; иммобилизовать цефазолин в матрице полимерного криогеля.

Экспериментальная часть

Оборудование и реактивы:

1. АА – акриламид;
2. МБАА – метиленбисакриламид;
3. Раствор  $\text{AgNO}_3$ ;
4. ПВП – поливинилпирролидон;
5. ПСА – персульфат аммония;
6. ТМЭД – тетраметилэтилендиамин, 10%
7. Цефазолин;
8. Водадистиллированная;
9. Vortex V-1 plus;
10. Криостат;
11. Обратный холодильник;
12. Пробирки;
13. Плоскодонные колбы на 100 мл;
14. Стакан на 100 мл;
15. Пипетки;
16. Стеклянные колонки.

Методика выполнения работы

Синтез наночастиц серебра

50 мг  $\text{AgNO}_3$  растворяли в 50 мл воды, в полученном растворе растворяли 50 мг ПВП (поливинилпирролидон). Полученный раствор нагревали с обратным холодильником в течение 20 минут. До изменения окраски раствора до темно-коричневого цвета.

Приготовление исходного раствора

0,1025 г МБАА (метиленбисакриламид) растворили в 13,5 мл дистиллированной воды. К раствору добавили 0,8975 г АА (акриламид). Перемешали раствор в Vortex V-1 plus. После полного растворения к раствору прилили 0,1 мл 10% раствор ТМЭД (тетраметилэтилендиамин). Далее раствор продули аргоном 15 минут. В заранее приготовленные и помещенные в криостат колонки (при температуре  $-12^\circ\text{C}$ ) прилили по 1 капле ПСА (персульфат аммония), и добавили по 1 мл приготовленного раствора. Колонки с раствором должны простоять в криостате 1-2 минуты. Колонки вытащили и поместили в морозильную камеру на 2-3 дня.


#### Приготовление криогелей с цефазолином

1 г порошка цефазолина растворили в 10 мл дистиллированной воды.


0,1025 г МБАА (метиленабисакриламид) растворили в 4,5 мл дистиллированной воды. К раствору добавили 0,8975 г АА (акриламид). Перемешали раствор в Vortex V-1 plus. К раствору добавили 4,5 мл раствора цефазолина и прилили 0,1 мл 10% раствор ТМЭД (тетраметилэтилендиамин). Далее раствор продули аргоном 15 минут. В заранее приготовленные и помещенные в криостат колонки (при температуре  $-12^{\circ}\text{C}$ ) прилили по 1 капле ПСА (персульфат аммония), и добавили по 1 мл приготовленного раствора. Колонки с раствором должны простоять в криостате 1-2 минуты. Колонки вытащили и поместили в морозильную камеру на 2-3 дня.

#### Приготовление криогелей с НЧС (наночастицы серебра)


0,1025 г МБАА (метиленабисакриламид) растворили в 4,5 мл дистиллированной воды. К раствору добавили 0,8975 г АА (акриламид). Перемешали раствор в Vortex V-1 plus. К раствору добавили 4,5 мл раствора с наночастицами серебра и прилили 0,1 мл 10% раствор ТМЭД (тетраметилэтилендиамин). Далее раствор продули аргоном 15 минут. В заранее приготовленные и помещенные в криостат колонки (при температуре  $-12^{\circ}\text{C}$ ) прилили по 1 капле ПСА (персульфат аммония), и добавили по 1 мл приготовленного раствора. Колонки с раствором должны простоять в криостате 1-2 минуты. Колонки вытащили и поместили в морозильную камеру на 2-3 дня.



Акриламид



НЧС



Цефазолин

#### Выводы:

- Получены ПВП-стабилизированные наночастицы серебра;
- Наночастицы серебра иммобилизованы в матрице полиакриламидного криогеля;
- Проведена иммобилизация цефазолина в матрице ПАА-криогеля;
- Получены образцы бактерицидного материала на основе полимер-иммобилизованных наночастиц серебра и коммерческого антибиотика.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Филиппова О. "Умные" полимерные гидрогели // Природа. – 2005. – Т. 8. – С. 7.
2. Лозинский В. И. Криогели на основе природных и синтетических полимеров: получение, свойства и области применения // Успехи химии. – 2002. – Т. 71, № 6. – С. 559-585.
3. Lozinsky V. I. A Brief History of Polymeric Cryogels // Polymeric Cryogels: Macroporous Gels with Remarkable Properties. – 2014. – Т. 263. – С. 1-48.

**Кабилова А.Ф.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Б.Х. Мұсабаева, х.ғ.к., доцент, химия кафедрасының меңгерушісі

### ШҰЖЫҚТЫҚ ӨНІМДЕРІНДЕГІ КОНСЕРВАНТ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

**Мақсаты:** үш түрлі шұжықтық өнімдердің құрамындағы консервант - нитрит мөлшерін фотометрия әдісімен анықтау және стандарт талабымен салыстыру.

**Өзектілігі:** шұжықтық өнімдер балалардың және ересек адамдардың сүйікті тағамдарының бірінші тізімінде тұрады. Бірақ өнім құрамындағы консервант нитрит мөлшері шамадан тыс болса, денсаулыққа зиян келтіреді. Сондықтан, нитрит мөлшерін анықтау өзекті мәселе.

*Шұжықтық өнімдер*-ет фаршынан дайындалған, тұз дәмдеуіштер мен арнайы қоспалар қосылған, пайдаланғанға дейін жылумен өңделетін бұйымдарды айтады.

Шұжық жасау үшін негізгі шикізат ретінде сиыр және құс етінің барлық түрлері, дайындалған субөнімдер құрамында ақуызы бар жануарлар мен өсімдік тектес препараттар, жануар мен өсімдік майлары, жұмыртқа өнімдері, ұн, крахмал, балқытылған ірімшіктер қолданылады. Су, белок, майлар мен минералды заттар-еттің негізгі компоненттері болып табылады. Еттің құрамындағы ақуыздар мен майлар оның жоғарғы сапасын береді.

*Консерванттар.* Шұжықтық өнімдерге консервант ретінде түрлі дәмдеуіштер, эмульгаторлы тұз, шұжық құрамындағы майлар мен түрлі субөнімдердің тотықсыздануына қарсы қоспалар, қоюландырғыштар, бояулар, ароматизаторлар, дәм мен иісті күшейткіш модификаторлар, бояу фиксаторы және консервант ретінде нитрит қосады. Бұл қоспалар өнімнің сапасын сақтап, жарамдылық мерзімін ұлғайтады. Балғындық пен ерекше дәм береді [1].

*Нитриттер.* Нитраттар мен нитриттер ағзаға еттен жасалған тағамдармен түседі (шұжықтар, ысталған ет өнімдердері, ірімшіктер т.б.), бұл тағамдарға оларды консерванттар немесе түс (рең) беретін зат ретінде қосады.

#### Анализ объектісі:

1. «Петровские» шұжығы - ЖШС, «Рубиком» кәсіпорны, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы
2. «Халал» шұжық өнімі - ЖШС «Арай EAST-FOOD» Қазақстан Республикасы, ШҚО, Семей қаласы
3. «Сытные» шұжық өнімі - ЗАО «Микояновский мясокомбинат», Ресей, Мәскеу қаласы

Осы алынған үш түрлі шұжықтардың 5 г өлшемесі химиялық стақанға жұқа етіп турап салып, 80°C су моншасында қыздырылды. Дайын ерітінді фильтрленіп, 500 мл колбаға құйылып, 100°C температурада 2 сағат қайнатылды. Суыған соң дистильденген сумен белгісіне дейін жеткізіп толтырылды. (бұл А ерітіндісі) [1]

А ерітіндісінен құрамында 0,2 г анализденетін өнім бар 20мл түссіз фильтрат алып, 50мл өлшегіш колбаға құйылды. Оған 2мл Грисс реактивін қосылып, ерітінді көлемін колба белгісіне жеткізіп, дистильденген сумен толтырады. (Б ерітіндісі). 1 сағаттан кейін КФК-2 фотоколориметрінде 540 нм толқын ұзындығында оптикалық тығыздығы өлшенді.

Нәтижесі:

Көлемдері 50мл 5 өлшегіш колба алып, натрий нитритінің стандартты ерітінділері мен Грисс реактивінен ерітінді жасап, олардың оптикалық тығыздығы өлшенді. [1,2]. Алынған нәтижелер бойынша калибровкалық график салынып, сол графиктен зерттелетін ерітінділердегі нитрит мөлшері анықталды.

Нитрит мөлшерін мына формуламен есептелді ( $Q$ , мг/100 г өнім) [1,3]

$$Q = q * 100 / 0.2$$

q- график бойынша табылған нитрит мөлшері, мг/0,2 г өнім

1. «Петровские» шұжық өнімінде

$$q = 0,00095 \text{ мг/0,2 г ;}$$

$$Q = 0,00095 * 100 / 0,2 = 0,475 \text{ мг/100 г}$$

2. «Халал» шұжық өнімінде

$$q = 0,0014 \text{ мг/0,2 г ;}$$

$$Q = 0,0014 * 100 / 0,2 = 0,7 \text{ мг/100 г}$$

3. «Сытные» шұжық өнімінде

$$q = 0,00145 \text{ мг/0,2 г ;}$$

$$Q = 0,00145 \cdot 100 / 0,2 = 0,725 \text{ мг/100 г}$$

### Қорытынды

Шұжық өнімдерінің балғындығын және қақталған еттің түсін сақтау үшін консервант ретінде нитрит қосады. Стандартқа сай 100 г өнімде нитрит мөлшері 20 мг –нан аспауы қажет. Жұмыс фотоколориметрия әдісімен жасалды. Фотоколориметрия –көрінетін жарықтың монохроматты сәулесін сіңіруді өлшеуге негізделген әдіс. Өнімдердегі нитрит мөлшерін анықтауда үш түрлі шұжық таңдап алынды. Жасалған анализ нәтижелері бойынша үш өнімде де нитрит мөлшері стандарт талабы сәйкес екені анықталды.

### ӘДЕБИЕТ:

1. Я.Коренман , Практикум по аналитической химии, оптические методы анализа / Я.Коренман // Оқу құралы. – Санкт- Петербург. 1894 ж. – 336 б.
2. Петрухин, О.М. Аналитическая химия. Физические и физико-химические методы анализа / О.М. Петрухин //М.: Химия, 2001. - 496 с.

ӘОЖ: 543.635

### Науырызбек С.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Б.Х. Мұсабаева, х.ғ.к., доцент, химия кафедрасының меңгерушісі

### ҚАР СУЫНДАҒЫ АУЫР МЕТАЛДАРДЫ ВОЛЬТАМПЕРОМЕТРИЯЛЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

*Мақсаты:* қар суындағы кейбір ауыр металдарды ( Cd , Cu , Zn , Pb , микрограмды мөлшерде) инверсиялық вольтамперометрия әдісімен анықтау.

*Жұмыс тақырыбының өзектілігі.* Күрделі табиғи объектілер құрамындағы ауыр металдарды, экологиялық ортадағы ластағыштар мөлшерін бағалау.

*Мақсат орындалу үшін келесі міндеттер қойылды:*

- 1 . Қар суындағы ауыр металдарды анықтау әдісін таңдау.
- 2 . Ауыр металдарды вольтамперметрия әдісімен сандық анықтау.
3. Алынған нәтижелерді санитарлық норма талаптарымен салыстыру.

Электродиттік ұяшықта поляризацияланатын индикаторлы және поляризацияланбайтын салыстырмалы электродтар көмегімен поляризациялық қисықтарды, яғни вольтамперограммаларды алуға негізделген әдістерді *вольтамперомерлік әдістер* деп атайды. Вольтамперограммалар анықталатын зат, яғни микроэлектродта тотығатын немесе тотықсызданатын депполяризаторлар туралы сапалық та, сандық та мәліметтер алуға, сонымен қатар электродтық процестердің сипаты туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді [1].

*Ауыр металдарды анықтау әдістері*

Ауыр металдардың мөлшерін әртүрлі электрохимиялық әдістермен – полярографиялық, потенциометриялық, кулонометриялық, кондуктометриялық, сондай-ақ айтылған әдістердің кейбіреуінде титрлеу арқылы, анықтайды. Ауыр металдарды анықтау үшін басқа әдістер де: фотометрия, рентгенофлуоресценция, инверсиялық вольтамперометрия т.с.с. қолданылады.

*Ауыр металдарды вольтамперометрлік әдіспен анықтау*

Мырыш, кадмий, қорғасын және мыс иондарын инверсиялық вольтамперометрия әдісімен анықтау кең таралған. Индикаторлы электрод ретінде көбінесе электрткізгіштің инертті бетіне сынап қабықшасын жағу арқылы дайындалатын , қабықшалы-сынап электродын пайдаланады. Сынапты химиялық немесе электрохимиялық жолмен жағады. Қабықтың қалыптасуы алдын ала немесе *in situ* режимінде – анықталатын элементтердің бір уақытта электрлі тұнуымен жүргізіледі. Ол үшін анализденетін ерітіндіге сынаптың (II) ерітіндісін қосады. Төсеме материалы ретінде күміс, кеуекті графит модификациясы – шыныкөміртект, пирографит, сондай-ақ кеуектілікті жою мақсатымен полимерлі материалмен сіңірілген графит қолданылады. Ауыр металдар индикаторлы электродта амальгама түрінде шоғырланады, содан кейін анодты токта амальгамадағы металдар тотығады [4].

Мырыш, кадмий, қорғасын және мысты құмырсқа қышқылы немесе натрий хлоридінің тұз қышқылды ерітіндісі фондында, индикаторлы электрод ретінде күмісті, графитті және айналмалы шыныкөміртекті дискті электродты қолдана анықтайды. Сынап қабықшасын алдын ала күміс электродын қолданып және графитті немесе шыныкөміртекті электродты қолданғанда *in situ* режимінде фондық электролитке сынап нитратын қосып дайындайды. Дайындалған үлгі



ерітіндісіндегі мырыш пен мыстың төменгі анықтау шегі 0,0005 мг/л, ал кадмий мен қорғасындікі 0,0001 мг/л. Қабықшалы-сынап электродын қолданудың кемшілігі болып мұқият механикалық дайындықтың міндеттелуі және анализді міндетті метрологиялық сипаттамамен қамтамасыз ету мақсатында эксплуатация үрдісінде олардың беттерінің регенерациялануы (қайта қалпына келуі) болып табылады [2].

Қазіргі кездегі вольтамперометрия – бұл сезімталдығы өте жоғары әдіс. Оны бейорганикалық, органикалық заттарды және басқа да объектілерді геохимиялық, биохимиялық, медициналық, фармацевтикалық талдауда қолдану мүмкіншілігі бар. Вольтамперометрия заттардың өте аз мөлшерін анықтаудағы ең қолайлы әдіс болып табылады. Оның *артықшылықтарының бірі* – бір уақытта бірнеше компоненттерді анықтау. Инверсиялық-вольтамперометрия әдісінің кемшіліктері: 8-10 сағат үздіксіз жұмыс істеу кезінде электродтың шектеулі мерзімі, электрод дайындау күрделілігі, қосымша электрохимиялық дайындықтың қажеттігі, вольтамперометрлік анализатордың шекті санының қолданылуы [1-3].

#### **Тәжірибелік бөлім**

Пайдаланылған реактивтер, химиялық ыдыс, ерітінділер мен құрылғы:

- 1 Конц. азот қышқылы (HNO<sub>3</sub>);
- 2 Конц. құмырсқа қышқылы (HCOOH) ерітіндісі ;
- 3 Сиымдылығы 50, 100 мл өлшегіш колбалар;
- 4 Сиымдылығы 100 мл химиялық стақандар;
- 5 Конустық колбалар;
- 6 Көлемі 0,1-0,2 мл, 5мл, 10мл пипеткалар;
- 7 Көлемі 25мл цилиндр;
- 8 Сиымдылығы 1000 мл фарфор стақандар;
- 9 Қызыл жолақты сүзгі қағазы;
- 10 ML 204 маркалы аналитикалық таразы;
- 11 Аналитикалық вольтамперометриялық СТА кешені;
- 12 Электр пеші.

Тәжірибе әдістемесі

Қар суындағы ауыр металдарды ИВ әдісімен анықтау әдістемесі

Саябақтан, жол жиегінен, Цемент зауыты маңынан 1 литр қар суын алып, қоңыр түстес құрғақ қалдық қалғанға дейін тартқыштың астында 300<sup>0</sup>С әлсіз электр пешінде қыздырады. Фондық электролит ретінде бос фарфор стақанын да қыздырады. Құрғақ қалдық қалғаннан кейін әрқайсысына 2 рет 1 тамшыдан конц. азот қышқылын тамызып, тағы 30 минут тартқыштың астында қыздырады. Сосын, суытып, үстіне 1 мл мөлшерден артық емес конц. құмырсқа қышқылын қосып, тұнбаны шыны таяқшамен ыдыста ерітіп, 3 рет қызыл жолақты сүзгі қағазымен фильтрлейді. Ерітіндіні сыйымдылығы 50 мл колбаға ауыстырады, белгісіне дейін дистильденген сумен жеткізеді. 3 колбада үлгі, 1 колбада фондық ерітінді. 1-колбада аралдан алынған таза қар суы, 2-колбада жол жиегінен алынған қар суы, 3- колбада цем. завод маңынан алынған қар суы, 4-колбада фондық ерітінді. Вольтамперометрлік анализаторда алдымен фонды, сосын үлгіні өлшейді.

#### **Қорытынды:**

1 Саябақтан, жол жиегінен және зауыт маңынан жиналған қар суынан мырыш, мыс және қорғасын ауыр металдары сандық анализ негізінде анықталды.

2 Саябақтан жиналған қар суынан : мырыш мөлшері 0,002071 мг/л, мыс мөлшері 0,000152 мг/л, қорғасын мөлшері 0,000452 мг/л құрады.

3 Жол жиегінен алынған қар суынан: мырыш мөлшері 0,02064 мг/л, мыс мөлшері 0,000342 мг/л, қорғасын мөлшері 0,01098 мг/л құрады.

4 Завод маңынан алынған қар суынан : мырыш мөлшері 0,001345 мг/л, кадмий мөлшері 0,000308 мг/л, қорғасын мөлшері 0,01393 мг/л құрады.

5 Вольтамперометрлік әдіс – сезімталдығы жоғары әдіс. Вольтамперометрлік әдіс арқылы судағы ауыр металдарды анықтауға болады.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Будников, Г.К., Основы современного электрохимического анализа / Г.К. Будников, В.Н. Майстренко, М.Р. Вяселев – М: Мир: Бином ЛЗ, 2005.- 592 с.
2. Васильев, В.П. Аналитическая химия. Лабораторный практикум / В.П. Васильев, Р.П. Морозова, Л.А. Кочергина. – М.: Дрофа, 2004.- С. 329-331.
3. Болысбекова, С.М. Химия биогенных элементов, учебное пособие/ С.М. Болысбекова - Семей, 2012- 120 с.


Сейтжағыпарова А.Е.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
 Ғылыми жетекші: Ж.С. Қасымова, б.ғ.к., химия және химиялық технологиялар  
 кафедрасының доценті

### ЦЕМЕНТ ШАҢЫ УТИЛИЗАЦИЯСЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазіргі уақытта цемент өндірісі еліміздің экономикасын және құрылыс индустриясын дамытушы басты факторлардың бірі болып табылады. Цемент өндірісінің ғаламдық маңыздылығы портландцементпен анықталады. Соңғы 3 жылда отандық цемент өндірісі 13,2%-ға және портландцемент өндірісі 11,7 %-ға ұлғайды.

Цемент өндірісінің маңыздылығымен дамуына қарамастан, экологиялық көзқарастан келесі кемшіліктері бар: атмосфераға шығарылатын шаң және газтәрізді қалдықтар. Әлем бойынша цемент өндіру кәсіпорынынан қоршаған ортаға жылына 27 млн. т шаң бөлінеді. Цемент шаңы қоршаған ортаның барлық компоненттеріне кері әсерін тигізеді. Шаң мен бірге ауыр металдар қоршаған ортаға түседі. Көптеген ауыр металдар, олардың ішінде қорғасын, кадмий, бірінші класс - уыттылығы жоғары ластаушы металдарға жатады. Олар тірі организмдерде жинақталып, ұзақ уақыт бойы сақтала алады және аккумуляцияланған у ретінде әсер етеді [1]. Цемент өндірісінен шығарылған зиянды қалдық өндірістің технологиясында қолданылатын шикізат, жартылай өнім және өндірістен шығатын дайын өніммен тығыз байланысты. Сондықтан химик-технолог ретінде өндірістің экологиялық жағдайын, оны шешудің жолын химия - технологиялық тұрғыдан қарастыру маңызды (1-сурет).



1 – сурет. Ылғалды әдіс бойынша портландцемент клинкерін өндіруде қалдықтардың шығымы [2]

Цемент өндірісінен шығатын зиянды қалдықтарға себепті химия-технологиялық процестер:

- ізбестастың «декарбонизациясы»
- шикізат пен клинкерді қыздыруда отынның керекті температураға дейін жануы
- ауыр металдардың шикізат пен қоспалардың құрамында болуы.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: «Семей цемент зауыты» мысалында цемент өндірісін экологизациялау мәселелерін қарастыру.

Біздің қаламызда қоршаған ортаға цемент өндірісінен 378,6 мың т шаң тасталынады. Қазіргі уақытта Семей Цемент зауытында шаң ұстайтын электрофилтрлар орнатылған. Олардың көмегімен орташа есеппен 80% шаң ұсталады, 20% шаң атмосфераға бөлініп шығады. Цемент шаңы өзінің сипаттамасы бойынша ашық-қоңыр түсті, 10 мкм-ге дейін полидисперсті ұнтақ болып табылады. Қазіргі таңда көптеген елдерде қол филтрін қолдану өте тиімді болып табылады. Қол филтрі ұсақтау қондырғыларын, құрғақ шикізатты немесе цементті ұнтақтау диірмендерінде, сондай ақ қаптау машиналарында және тасымалдау қондырғысында шаңсыздандыруда қолданылады.

Цемент өндірісінде электрофилтрдан шығатын шаңды утилизациялау қалдықсыз технологияны жетілдіруде рационалды әдіс қатарына жатады. Қазіргі уақытта цемент шаңын утилизациялау бірнеше жолдармен жасалады:

1) Шаңды клинкерге тікелей қосу болып табылады. Цемент шаңын клинкерге тікелей қосу арқылы утилизациялау қалдықсыз технологияны жетілдірудің бірден-бір жолы болып табылады. Сонымен қатар оның өңделуі мен тасымалдануына электроэнергия және отын шығындарының әлдеқайда төмен болуына себепші болады. Физико-механикалық зерттеулер нәтижесі бойынша 800°C

температурада цемент шаңын клинкерге тікелей қосып күйдіру арқылы беріктілік қасиеті жоғары өнім алуға болатынын көрсетеді. Бірақ цемент шаңы құрамындағы көп мөлшердегі сілтілік оксидтер өндірістің технологиялық параметрлеріне және өнім сапасына кері әсерін тигізеді (1-кесте).

1-кесте. Цемент шаңы мен клинкердің химиялық құрамы

Материал	Оксидтердің мөлшерлері, %								
	ППП	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	R <sub>2</sub> O	Σ
Цемент шаңы	22	12	3	2	40	0,3	10,7	10	100
Клинкер	-	24	5	3	66	1	0,5	0,5	100

2) Қазіргі таңда цемент шаңын силикатты кірпіш өндірісінде тікелей шикізатқа қосу арқылы пайдалануға болады.

3) Шыны өндірісінде шынының қасиетін нақты зерттеу мақсатында шихта құрамына цемент шаңын қосу маңызды әдістердің бірі болып табылmaq. Шихта құрамына цемент шаңын қосу арқылы сода, доломит, глиноземді аз мөлшерде алуға болады. Осының арқасында сапасын өзгертпей ақ арзан шихта алуға және шынының қайнау температурасын 900 °С-қа дейін төмендетуге болады. Цемент шаңын шихта құрамына енгізу өз кезегінде қымбат синтетикалық компоненттерді қолдануда алмастырылады және электрэнергия шығынын төмендетеді.

4) Цемент шаңын ауыл шаруашылықта хлорсыз калий тыңайтқышы ретінде қолдануға болады, себебі оның құрамында 1-3% K<sub>2</sub>O бар. Цемент шаңының топырақты құнарландыруда артықшылықтары: 1) құрғақ материал; 2) шығару және қолдануға қосымша жұмыстар қажетсіз; 3) өсімдікке қажетті микроэлементтер құрамында болады.

Орташа есептегенде әртүрлі мәдени дақылдарға шамамен 714 кг Семей цемент зауытының шаңын 1 га топыраққа, әсіресе төмен сілтілі, бейтарап, қышқыл топыраққа енгізу ұсынылады. Өсімдікте кейбір витаминдердің түзілуі калий элементінің қатысында өтеді. Мысалы, аммиактан азотты органикалық заттардың пайда болуына әсер ететін тиамин витамині калий қатысында түзіледі. Калий жетіспесе плазма коллоидтарының суды ұстап тұру қабілеті төмендейді, өсімдік сола бастайды. Калий ауыл шаруашылық дақылдарының суыққа және түрлі ауруларға төзімділігін күшейтеді. Ауыл шаруашылығы дақылдары вегетациялық дәуірінде калийді түрліше дәрежеде пайдаланады.

Цемент шаңын тиімді пайдалану үшін келесі өндеу шаралары жасалу қажет:

- 1) жоғары температурада цемент шаңын калий хлоридінің сулы ерітіндісімен өндеу;
- 2) цемент шаңының өлшенген түйіршіктеріне аз мөлшерде майлы заттарды қосып, қатты фазаның түрінде көбектенуі;
- 3) қатты және сұйық фазаларды бөлу;
- 4) сілтілік металдардың мөлшерін төмендету үшін қатты фазаны жуу;
- 5) калий хлоридінің кристаллизациясы үшін ерітіндіні суыту;
- 6) алынатын кристалдық затты бөлу.
- 7) қалдық ерітінді тұзбен қосымша қанықтырылады және қыздырылған түрінде цемент шаңының жана порцияларын өндеуге жіберіледі [3-4].

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Челноков, А. А. К вопросу об эмиссии тяжелых металлов в атмосферу при производстве цемента // Цемент. -2000. -С. 45-50.
2. Беляева, В.И.Снижение выбросов пыли и вредных газов при обжиге цементного клинкера // Экология и промышленность России. - 2007. - № 2. - С. 25– 27.
3. Пыль цементного производства. Переработка и альтернативное применение [Электрон. ресурс]. – 2010. – URL: [http://forpsk.ru/index.php/stati/tematicheskaya-podborka/129-pyl-tsementnogo-proizvodstva-pererabotka-i-alternativnoe-primenenie\\_2010.htm](http://forpsk.ru/index.php/stati/tematicheskaya-podborka/129-pyl-tsementnogo-proizvodstva-pererabotka-i-alternativnoe-primenenie_2010.htm) (дата обращения: 12.03.2017).
4. Утилизация обжиговой пыли для получения цемента [Электрон. ресурс]. – 2015. – URL: [http://ua.coolreferat.com/\\_2015.htm](http://ua.coolreferat.com/_2015.htm) (дата обращения: 12.03.2017).

**СИНТЕЗ БРИКЕТНОГО ТОПЛИВА ИЗ ПРОМЫШЛЕННЫХ ОТХОДОВ**

Не одна отрасль промышленности не обходиться без отходов. Промышленные отходы или отходы производства - это остатки сырья, материалов, полуфабрикатов, образовавшихся при производстве продукции или выполнении работ и утратившие полностью или частично исходные потребительские свойства, а также попутные вещества, не находящие применения [1]. По данным Комитета экологического регулирования и контроля Республики Казахстан в 2016 г. было выброшено в окружающую среду около 43 млрд. т отходов производства и потребления, из которых лишь 5 % идет на переработку, остальное отправляется на захоронение. При размещении отходов негативное воздействие их на природную среду сопровождается нарушением ландшафта, загрязнением биосферы, истощением природных ресурсов, ухудшением здоровья и гибелью биоты. Поэтому на данный момент стоит актуальный вопрос об утилизации отходов без вреда окружающей среде.

Одним из экономичных и экологичных способов переработки промышленных отходов и отходов потребления на сегодняшний день являются получение топливных брикетов. Брикетные топливные - искусственно спрессованные куски различной топливной мелочи и слабо-структурных горючих ископаемых (антрацитовый штыб, каменноугольная мелочь, бурый уголь, торф и мелочь горючего сланца), отходов ряда отраслей промышленности и сельского хозяйства (древесные опилки, хвоя, щепка, солома, стебли подсолнуха и кукурузы). Изготавливается брикетное топливо геометрически правильной формы, различных размеров и веса. Используются брикетное топливо в быту, на промышленных предприятиях, на транспорте, в сельском хозяйстве для отопления, сжигания на электростанциях, в газогенераторных установках тракторов и др. Брикетное топливо хорошо зарекомендовало себя в странах ЕЭС, США и Канаде с 80-х гг. XX века. По данным аналитиков употребление брикетного топлива для выработки энергии вырастет в Европе с 12 млн. т и в 2020 г. уже будет составлять 21 млн. т [2, 3].

Главными преимуществами топливного брикета являются (таблица 1):

- Длительная продолжительность горения от 1 до 6 часов и постоянная теплоотдача (теплота сгорания - 420-500 ккал).
- Экологическая чистота (зольность - 0,02-0,15%).
- Экономичность (средняя стоимость - 650 тг/упак.).
- Практичность (пепел можно использовать в качестве удобрения).
Қарым-қатынастың бірлескен іс-әрекеттегі тұлғаның танымдық іс-әрекетіне әсерін С.М. Жақыпов, Н.Қ. Тоқсанбаева, қарым-қатынастың адамның творчестволық іс-әрекетінің ерекшеліктеріне байланыстылығы С.Қ. Бердібаева және шетел ғалымдары қарым-қатынасты феномен ретінде қарастырған. А.А. Леонтьев, қарым-қатынасты оқытуды жалпы әдіснамалық тұрғыдан көп деңгейлі талдаған Б.Г. Ананьев, психологиядағы қарым-қатынас мәселесін Б.Ф. Ломов, адамдардың бірлескен қарым-қатынастағы дара және топтық тәжірибелерін психикалық үдерістер ретінде Н.Н. Обозова, қарым-қатынастың вербалды емес жағын қарастырған В.А. Лабунская, А.Г. Асмолов. Сондай-ақ қарым-қатынасты әлеуметтік және педагогикалық психология тұрғысынан Е.Г. Луковская, Г.У. Солдатова, М.И. Лисина, Э. Берн қарым-қатынас психологиясы, А.М. Құдиярова, С. Елеусізова, Е.Е. Смирнова, В.А. Горянин вербалды емес қарым-қатынастың гендерлік аспектілері, З.М. Нуржанова дене тілі Аллан Пиз, Барбара Пиз және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Психологтардың жұмысы негізінен оқушының басқа оқушылармен, оқытушымен және ата-анамен қарым-қатынастардың нақты мәселелерін шешуге бағытталады. Психологиялық қызметтің басты нысанасы – психикалық денсаулық жағынан көмектесіп баланың оқуға құштарлығын ашып, қоғамдық, тұлғалық және жеке қасиеттерін қалыптастырып сондай-ақ, баланың жан-жақты дамуына әсер ету болып табылады. Сонымен қатар, педагогтың да жұмысының жүйесі бір жағынан, жүйенің күрделілігі сияқты білім алушының (оқушы, студент) тұлғалығын қарап шығуды, өзінің ие болған әр түрлі бағыттарын айқындауын, тұлғаның жеке ішкі белсенділігін қалыптастыруды, жеке даралық қабілетін дамытуды, оған жан-жақты ықпал етуді қамтамасыз етсе, ал басқа жағынан оқушының барлық қырлары мен қасиеттеріне және оның дамуына көмек үшін бағыттап жүргізіледі. Ол әрине сөз арқылы беріледі, ең бастысы білім алушыны танып білу, оның ийын толық оқи алу қабілеттінің басым болуында. Ол педагогтың вербалдық емес сигналдарды меңгеру шеберлігі болып табылады.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері бойынша біз педагогикалық іс-әрекетке қатысушы субъектілердің вербалдық емес қарым-қатынас туралы білімдерді пайдаланудың маңыздылығын мойындағанын, оның күнделікті тұрмыстық өмірде және кәсіби қызметте қолданудың тиімділігінің қаншалықты қажетті екендігін айтады. Бұл мәселені шешудің тиімді жолдарын анықтауға арнайы ұйымдастырылды. Оның мақсаты вербалдық емес қарым-қатынас туралы білімдерді дамыту мен ережелерді меңгеруді қалай қалыптастыруға болатынын анықтау. Осыдан сондай сауалнама нәтижесі мынаны көрсетті: экспериментке қатысатын тұлғалардың 22% - арнайы курстарға қатысу десе, 15% - осы тақырыпта кештер ұйымдастыру, ал 15% - телерадио-ақпарат құралдарын қолдану, 8% - күнделікті іс-әрекеттер ықпал ететіндігін жеткілікті деп санаса, 20% интернет арқылы, ал 20% басым көпшілігі педагогтар арнайы психологиялық түзету-дамыту жұмыстары қажет деген ұсыны берді. Сол себепті біз арнайы түзету-дамыту бағдарламасын жоспарлау мен ұйымдастыруды мақсат еттік. Ал тақырып пен қойылған мақсатты жүзеге асыруға арнайы негізделген түзету-дамыту жұмыстарының келесі формалары негізінде жүргізілді: психотехникалар, тесттік тапсырмалар, диагностикалық әдістемелер, топтық тренингтік жаттығулар, іскерлік-танымдық ойындар, түрлі тақырыптағы пікірталастар, психологиялық ситуациялар. Ал вербалдық емес қарым-қатынасқа бағытталған арнайы түзету-дамыту бағдарламаны сапалы әрі қолжетімді етіп жүргізу барысында тақырыпты ашу, білімді тереңдету мақсатында қысқаша теориялық түсініктеме берілді.

Бағдарламаның мазмұны педагогикалық іс-әрекетті басқару үдерісінде вербалдық қарым-қатынастың ықпалы арқылы дамыту, вербалдық емес қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін ашу негізінде жүзеге асырылды. Олар, біріншіден, педагогикалық іс-әрекеттегі тұлғааралық өзара ақпарат алмасу үдерісін дамыту:

- жалпы қарым-қатынас туралы түсініктерін қалыптастыру;
- вербалдық емес қарым-қатынас құрылымы мен құралын қарастыру;
- вербалдық емес қарым-қатынастың әр түрлі стильдерінің қолданылуы туралы түсінік беру;
- вербалдық емес қарым-қатынаста қандай да бір стильдерді тану дағдыларын дамыту өзіндік ойды жеткізу жолдарын жетілдіру;
- өзара қарым-қатынастық үйлесімді байланысын қалыптастыру, тілдік және тілдік емес қарым-қатынас құрылымдарын дамыту;
- вербалдық емес қарым-қатынаста ара-қашықтық зоналарын қарастыру.

Екіншіден, үйлесімді тұлғааралық өзара әрекеттесуді ұйымдастыру:

- педагогикалық іс-әрекетке белсенділігін арнайы дамыту мақсатқа бағытталған вербалдық емес қарым-қатынас барысында дамыту;
- вербалдық емес қарым-қатынас арқылы коммуникация процесін дұрыс құру (ақпарат беруде вербалдық емес қарым-қатынас техникаларын қолдануы);
- өзара әрекеттесу барысында өзге адамның ішкі күйін ым-ишара тілі арқылы дұрыс түсіну.

Үшіншіден, ым-ишара тілі арқылы субъектілердің бір-бірін қабылдауы және соның негізінде өзара түсінушілікті дамыту:

- қарым-қатынастың перцептивті компоненттері (қабылдау) туралы жағымды түсінік қалыптастыру;
- дене тілі арықлы тұлғааралық қабылдаудың негізгі феномендерін дамыту.

*Қысқаша диалогқа жаттығулар.* Қатысушылар бір оқушы біреуі мұғалім болып бөлінеді. Жүргізуші диалогтың тақырыбына дайындалуға 5 минут беріледі. Сосын олар ролдерін ауыстырады. Қиындатылған түрі – жүргізуші кіріспе тапсырма береді, мұғалімнің дайындалмаған әсеріне негізделеді.

*Жест тандау.* Белгілі бір ситуацияға байланысты ыммен түсіндіру тапсырылады және оны түсіну керек. Қатысушылар екіден бөлініп, бір-біріне ыммен түсіндіреді. 2-шісі не айтқанын түсіндіреді. М.О. Кнебельдің ұсынған жаттығуы «айна» деп аталады. 2 адам бір-біріне қарап тұрады, біреуі айнаға қарайды, ал 2-шісі оны қайталайды.

*Педагогикалық іс-әрекеттегі этюдтік жағдайларды ыммен көрсетеді.* Сіз жана сабақты түсіндіріп бастайсыз. Оқушылардың рөлін, әріптестерін оқиды. Тындаушылар сіздің ымдарыңызды түсініп бағалауы керек. Сөйтіп педагогқа тән ымдарды анықтайды: тақта алдындағы, оқушыны шақырғанды т.б. Сонымен қатар мимикаға байланысты жаттығулар жүргізілді. Қатысушылар екіден бөлініп, он жақты мимикалық, тапсырмалар береді. Кейіннен ролдарын ауыстырады.

*Педагогикалық қарым-қатынасты басқару.* Сіз өзіңіз сынып жетекшімен деп ойлаңыз және сізге сабақтан кейін сыныпты металалом жинауға ұйымдастыру керек.

Мектеп көлемінде IX сыныптың оқушысы өзінің сыныптасымен билеуге келіспеді және ол дөрекі жауап берді – ол қызбен сөйлесіңіз. 9-шы сынып оқушысы әдебиетті оқыдан бас тартып, берілген материалды оқымайды, сабаққа бармайды, ол техникалық маман тандадым маған әдебиеттің керегі жоқ деп айтады, - сіз онымен сөйлесіп, керек екенін түсіндіріңіз.

Үзілісте жоғарғы сынып оқушысы, 2-ші сынып оқушысын ренжітті – жоғарғы сынып оқушысымен сөйлесіңіз.

*Сыныппен сөйлесу алдында шығармашылық көңіл-күйді қалпына келтіру.*

Маяковскийдің шығармашылығы туралы сабақ өткізуіңіз керек деп ойлаңыз. Өзіңізді сабаққа дайындауыңыз керек. Ойша конспекке көз жүгіртіп өтініңіз. Егер осы тақырыпта сабақ жүргізуге көңіліңіз тартпаса, тақырыпта, тақырыптың жоспарында сізді қызықтыратын нәрсе іздеп көріңіз. Сіз сыныпқа кіріп, айта бастадыңыз... Сабақты алдын-ала ойластырып болғаннан кейін оны ойын ретінде өткізіп көру керек. Мұғалім өзінің шабытын пайдалана білу керек. Ойлап көріңіз, сіздің бүгін сабақ беруге зауқыңыз соқпай тұр. Қарым-қатынас алдында өзіңіздің шығармашылық көңіл-күйіңізді дайындаңыз.

Ситуацияға байланысты іс-әрекет жасаңыз «Егер де: менің көңіл-күйім жақсы болса мен сыныпқа асығатын едім» және т.б. Күш жігеріңізді арттыруға тырысыңыз. Тез-тез жүріңіз, сізде педагогикалық жоспарыңыз мол, қолыңыздағы портфеліңіз ауыр, оның ішінде сапалы оқулықтар бар.

Сіз коридорда келе жатырсыз, балараға күлімдеп қараңыз. Енді болатын сабақтағы қызықты көріністерді ойланыз. Сыныпқа кіріп, сабақты бастаңыз.

Бұл жаттығулардың барлығы бұлшық етке байланысты. Бұл жаттығулар басқа сабақтарда да қайталанатын және өзін-өзі жүйелі түрде дайындау болып табылады. Оқушыларға үйде конспект жазу сүйеніп отырып, творчестволық сезімін оятады және сабақты жақсы, әрі сапалы бастауға мүмкіндік туғызады.

Вербалды емес коммуникация дыбыстық сөзбен қатар адамдардың қарым-қатынасының маңызды құралы болып табылады. Вербалды емес коммуникация – бұл мәнерлі қозғалыс, ым, заттарды қолдану. Оның құралы қарым-қатынас мүмкіндігін мәнерлі етеді және ықшамдам едәуір кеңейтеді.

Қатысушылар әрекеттерінің уақыт бойынша үйлесімді болуы қарым-қатынас процесінің маңызды сипаты болып табылады. Қарым-қатынастың соңғы кезеңінде бірлескен іс-әрекет нәтижелерін сәйкестендіру, оларды бақылау және түзеу жүзеге асырылады. Ол жеке алғанда, қарым-қатынас процесінде түсініктер, шешімдер, принциптер мен бірлескен әрекет стратегияларының үйлесімді қалыптасуынан байқалады. Қарым-қатынас процесінің нақты динамикасы қарым-қатынас тақырыбы мен оған қатысушы адамдар ерекшеліктеріне байланысты.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Құдиярова А. М.. Қарым-қатынас психологиясы (оқу құралы). – А., 2006. – 40 б.
2. Лабунская В. А. Невербальное поведение. – Ростов - на - Дону: издательство Ростовского университета, 1986. – 135 с.
3. Копыленко О.М. Ступени восприятия и понимания речи. Вопросы исследования речемыслительной деятельности // «Психология». - Алма-Ата, 1977. (Выпуск VII). - 100 с.

УДК: 163

**Омиртаева А.А.**

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

#### СУИЦИД – ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

Адамзат тарихында өз-өзіне қол салудың себептері мен әдістері өзгеріп, күрделеніп отырды және өз еріктерімен өмірден өту индет сияқты тарай бастады. Өзіне-өзі қол салудың қазіргі уақытта да кең етек жая бастауы алаңдатарлық жайт.

«Өзін-өзі өлтіру» термині орыс тілінде славян-грек-латын мектебінің жетекшісі, алғашқы орыс газетінің редакторы және Мәскеу типографиясының директоры Федор Поликарпов-Орлов 1704 жылы құрастырған «Үш тілді лексикон» сөздігінде пайда болған еді [1].

Жалпы, «суицид» термині алғаш рет Thomas Brownның 1635 жылы жазылып, 1642 жылы жарыққа шыққан «Religio Medici» атты кітабында қолданылды. Бірақ D. Daube, Д. Хайд, С. Блох сияқты ғалымдардың пікірі бойынша бұл термин тек XII ғасырда пайда болды [2].

Оксфордтық сөздікте 1651 жылдан бастап болып, ұзақ уақыт қолданыста болса да, «суицид» термині іс жүзінде әдебиетте дараланбады. «Үш тілді лексикон» сөздігінде «өз-өзін өлтіру» «суицид» деп аударылмайды, «homicidium manu propria sedes manu propria» деп аударылады.

Алғашқы әдебиеттерде суицид мәселесі, Ежелгі Мысырда өз көрінісін тапты, «Көңілі қалғанның өз жанымен талқылысы» атты поэтикалық шығарманы, зерттеушілер осы кезеңге жатқызады.

Тұтастай алғанда, ежелгі дәуірде өз-өзін өлтіруге үзілді кесілді қараған жоқ. Бұл құбылыстың себебін түсінумен ғана шектелмей, өмірден өз еркімен кету мүмкіндігін заңдық және моральдық тұрғыдан қарастыра білді. Грек мемлекетінің заңы бойынша суицидқа бару ұят және үлкен күнә деп саналған. Ежелгі Фива да өзіне қол салушыларды өлім кезіндегі сияпаттарын көрсетпеген және қарғағап сілеген. Афины заңы бойынша өзіне қол салушылардың қолдарын кесіп алып, денесінен бөлек жерлеген.

Кейінірек адамның бұл өмірден өз еркімен кету құқығын Руссо, Вольтер, Монтескье қолдады. XVIII ғасырда француз энциклопедистері мен материалистерінің өз-өзін өлтіруді қолдаулары, діни дүниетанымның құрсауынан босаған адамның «табиғи құқығы» деп аталатын философиялық ұстанымның бір бөлігі болды [3].

Орта ғасырда да өзіне-өзі қол салу азайған жоқ, дегенмен көптеген авторлардың айтуынша христиандықтың таралуымен оның саны сирей түсті. Орта ғасырдағы христиандық діни нанымға сай, өзін-өзі өлтіру кісі өлтіруден де ауыр жаза деп саналған, өзін-өзі өлтірген адам тек өзінің тәніне ғана емес жанына да зиян жасайды, ал басқа біреуді өлтірсе тәніне зиян жасайды деген түсінік болған. Дәстүр бойынша, өзін өлтірген адамды шіркеулік ырымдарсыз жерлеген, тіпті ол ақылынан алжасқан адам болса да. Зайырлы заң өз-өзіне қол салуға шіркеудің ұстанымымен және каноникалық құқықтың рухымен нәрлене отыра өзін-өзі өлтіруге тіптен қатал қарай бастады. Бретаниде жергілікті заңға сәйкес өзіне-өзі қол салып өлтірушілердің аяғынан төмен қарай асып қоятын болған және түние мүлкін тәркелеген. Лиллада өзін өлтіруші әйел адамдардың денелерін аспаған, оларды өртеген. Тарихта өздерін өлтіргендердің денелерін қорлаулар туралы, олардың ерекше жерленуі туралы көптеп жазылған. Осындай ерекше бір жерлеудің түрі өзін өлтірген адамның денесін өлген малды салатын арбаға салып, оларды өлекселерді жерлейтін жерге жерлеген. Америкада ұлы депрессия кезінде, Ресей күйреген 90-шы жылдары, Берлин қабырғасы құлағанда Шығыс Германияда да өзін өлтіру көбейді. Онда не себепті өзін өлтіру жағынан ХХ ғасырда Батыстың дамыған елдері алдарына жан салмады. Батыс еуропаның ит басына іркіт төгіліп жатқан бай елдерінде өз қолынан қыршын кету қаптаған. Батыс еуропада орын алған бұл жайттарға «жағдайы болмады, сосын солай істеуге мәжбүр болды» деген тәпсір жүрмейді. Әдетте адам баласы жас кезінде – тәжірибесінің жоқтығынан дүниенің болмашы кедергісіне ұрынып, опық жегенде торығып өліп кетеді. Орта жаста өзіне көңілі толмай торығып барып бақиға еркімен аттанады, қарттық келгенде алдағы сүреңсіз өмірден қорқып барып өзіне қол салады. Бұлардың бәрі «өмірден шаршадым», «өлімнен қорқатын ештеме де қалған» жоқ деген желеулермен өледі екен.

Бұл мәселеге философтар әр түрлі қарап келген. Сократтан Ницшеге дейін өмір сүрген ойшылдар өзін-өзі өлтіруде азаттыққа жетудің жарқын жолы деп санаған. Ницше Эпиктеттің «Есіңде болсын есік әманда ашық» деген пікірін былайша қайталапты. «Өзіңді өзің өлтіріп тастау туралы ой кез келген қорқынышты түндерді мұңсыз өткізуге жұбаныш бола алады». Расында да өмір шіркін ауырлап, қызықсық боп, мұң мен қайғыға толып кетсе оны ары қарай сүре беріп не керек? Өз өмірімізге өзіміз қожа емеспіз бе? Оны қашан аяқтасақ та өзіміз білеміз. «Ешкімді де зорлап өмір сүргізбейтін болғандықтан та Құдайға мың да бір рақмет айталық», деп бір заманда Сенека пақыр өліп кеткен екен. Өзін-өзі өлтіруге қарсы болған пікірлердің де өзіндік көне тарихы бар. Жалпы мұндай қатерлі әрекетке түбегейлі қарсы шыққандар діни көзқарас иелері. Әсіресе Христиан және Ислам ойшылдары. Әулие ғұламалардың пікірінше өзіңе қол салу рұқсат етілмеген Құдайдың жұмысына араласқанмен бірдей күнәлі іс. Кімнің қашан өмірден өтерін бір Құдай ғана біледі. Р. Моуди өзіне қол салып ғайыптан тірі қалған бір келіншектің аман қалғаннан соңғы пікірін жазады. «Бұл дегеніңіз Құдайдың берген сыйлығын бетіне лақтырғанмен бірдей өрескел қылық» деп жазады. Моудидың осы келтірген дәлелі дін ғұламаларының пікірімен сәйкес келеді. Яғни өзін өзі өлтіру Құдайға жақпайтын жаман қылық. Орыстың ұлы ойшылдарының бірі Достоевский дінге қатты сенетін тақуа кісі еді. Ол ХІХ ғасырдағы орыс қауымының күйреуі кезіндегі көзі ашық сауатты орыс жастарының өзін-өзі жаппай өлтіре бастаған рухани апатқа қарап қабырғасы қайысатын. Ол өліп кеткен бейбақтарға асқан жанашырлықпен былай деп үн қататаны. «Сүйкімді де қайырымды бауырларым. Қайда бара жатсындар? Тас қараңғы, тас меңіреу мола сендерге қайдан ғана сүйкімді болып көрінеді? Көктемнің күнінде аспанға жарқырап шыққан ғажайып күнге қарасандар еді. Талдар бүршік атып гүл жайнады. Осынша ғажаптан ләззат алмай жатып өмірден шаршап, абыройсыз өліп барасындар». Бұл енді дінге сенетін тақуа адамның әсерлі сөзі. Бірақ елдің бәрі дінге сене бермейді ғой. Сонда қалай адам дінге сенбесе олардың өзін өлтіруі қалыпты нәрсе ме? Бұл жерде мәселе жақсылық пен жамандықты айыруға келіп тірелетін секілді. Людвиг Витгенштейн «Егер өзін өзі өлтіруге рұқсат болса онда барлық нәрсеге рұқсат деген сөз. Ал барлық нәрсеге рұқсат етілмеген болса, онда өзін өлтіруге де рұқсат жоқ» [4].

Атақты психотерапевт Виктор Франкл бұл мәселені түбегейлі шешу үшін кез келген адамға оның өмірінің мәні мен тағдырының өте бағалы екендігін ұқтыру арқылы шешуге болады дейді. В. Франкл өзіне-өзі қол салып тірі қалған адамдарды емдеумен айналысқан. Ол әр бір ауру пациентін ауруханадан шығарар кезде оларға мынадай сұрақ қоятын. «Сіз енді өзіңізге қол салмайсыз ба? Өлмейтін болсаңыз не үшін өмір сүретініңізді айтып береңізші» деп өтінетін. Егер адамдар расында өмірдің бағалы екендігін жан дүниесімен тебірене отырып айтып, оның құндылықтары туралы тереңірек толғайтын болса Франкл оны «жазылды» деп босататын. Ал егер олар ойдан өтіріктер құрастырып, өмірдің шындығына жанаспайтын көр-жерді құрап мәнсіз әңгімелер айта бастаса «Тағы да жата тұрыңыз» деп емдеу мерзімін соза беретін. Сондықтан да суицид проблемасын түбегейлі шешу үшін мәселені міндетті түрде «Адам өмірінің түпкі мәні неде? Адам не үшін туылады? Өмір

сүруге құлшынысты тоқтаусыз оятып тұратын қуаныштың сарқылмас қайнар көзі не нәрсе?» деген аса маңызды рухани сұрақтарға дұрыс жауап беру керек. Сонда ғана рухани оянысқа түскен пенде өмірінің әр бір минут, сағатын аса сақтықпен пайдаланып, барынша мәнді өмір сүруге ұмтылады [5].

Заман өзгеріп, ғылым мен техника жетіліп, қоғам алға қарай дамыған сайын адамзат өмірінің күннен күнге қуанышы мен рахаты арта түсудің орнына қиындығы мен қайғысы молайған көріністері қылаң беруде. Кей жағдайда адам баласының бұл өмірдегі түрлі қиындықтардан шығар жол ретінде тек өз-өзіне қол жұмсауды таңдауы байқалып отыр. Ғылым тілінде «суицид» деп аталатын бұл құбылыстың біздің қоғамымызда қарқынды түрде етек ала бастауы алаңдатпай қоймайды. Өзін-өзі мерт ету – қазіргі күннің ең басты шешімі табылмай жатқан мәселелерінің бірі болып отыр. Суицидті зерттеу объектісі етіп қарастырған ғалымдар оның шығу төркінінің психологиялық, әлеуметтік және рухани себептерге тікелей байланысты екендігін айтып, дабыл қағуда.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Рудаков В.Е. Поликарпов-Орлов, Федор Поликарпович //Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и 4 доп.). - СПб., 1890-1907.
2. Хайд Д., Блох С. Этические аспекты работы с пациентами с суицидальными наклонностями / Этика психиатрии: Сб. статей. пер. с англ. - Киев: Сфера, 1998. - С. 185-200.
3. Морлей Д. Руссо. Серия «Из наследия философской мысли: великие философы» пер. с англ. - 2-е изд. - М.: Либроком, 2012. - 480 с.
4. Витгенштейн Л. Избранные работы / Пер. с нем. и англ. В. Руднева. - М.: Издательский дом «Территория будущего», 2007. - с. 440.
5. Франкл В. Сказать жизни "Да": психолог в концлагере. Пер. с нем. - М.: Смысл, 2004. – 173 с.

УДК: 152

**Шуакбаева Ж.Р.**

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

#### **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ – ТҰЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ ТҰРАЛЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Қазіргі таңдағы білім берудің барлық сатыларындағы түбірлі өзгерістер оқыту процесіндегі жаңаша көзқарасты, білім берудің жаңа тиімді технологиясының, белсенді оқыту әдістерінің кеңінен енуін туындатып отыр. Еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мол, білімді, кәсіби біліктілігі жаңалыққа сай жоғары дәрежеде болуын қажет етіп отырғаны белгілі.

Айта кететін нәрсе, оқытушының студентпен өзара әрекеттесуі формасының жүйесі оқу үдерісінде өзгеріске ұшырайды. Өзіндік реттелу деңгейінің өзгерілуі логикасында, оқу тапсырмаларын шешуде студенттердің оқытушылардан алатын көмегінен студенттердің белсенділігінің өсуіне әкелді. Белсенділік өзіндік реттелу пәндік оқу әрекеттерінде және мұғалімдермен серіктесу бағытында пайда болады.

Қабілет дамуының ұсынылған тұжырымдамалық сұлбасы мынадай түрде болады. Белсенділіктің басым көпшілігі көбінесе үлкендер тарапынан болаиын нышандар жалған бірлескен іс-әрекетке қосылғанда, алғашқы қабілетке айналады. Соңғысының қалаптасуы бала дамуының біршама алға жылжығанын индивидуалды іс-әрекеттің қарапайым актілерін жасауға мүмкіндіктің пайда болғанын көрсетеді. Келесі сатыда мұндағы атқарушы белсенділіктер үлкендер мен бала арасында теңдей болатын алғашқы қабілет бірлескен іс-әрекетке қосылады. Бұл жерде осы процеске бұрын қосылмаған нышанның қабілетке айналуы мен алғашқыларының бірігуі негізінде қосымша қабілеттіліктің қалыптасуы жүреді. Қосымша қабілеттің пайда болуы баланың индивидуалды іс-әрекеттің одан да күрделі актілерін жүзеге асыруға мүмкіндігі бар екенін білдіреді. Ары қарай осы айналымдар бірнеше қайталанады және олар адамның әлеуметтік айқындамаларының ауысуымен сәйкес келуі мүмкін.

Өзекті мотивтер мен қажеттіліктер шегінен шыға отырып түсіндіруге болмайтын, іс-әрекет субъектісінің қосымша белсенділігіне себепкер болатын осыған ұқсас психологиялық механизмдерді біз «интеллектуалды белсенділік» құбылысын көруге бейімбіз.

«Креативтік өрістің» көмегімен әр түрлі мәселесі жағдайларды үлгілей отырып, автор ойлауды түрткісі болып табылатын мәселені бір сыналушылар өздігінен құра алып, интеллектуалды

бастамшылықты танытқанын, ал басқаларының интеллектілік бастамшылығы болмағандықтан, мұны орындай алмағанын байқайды. Соңында С.М. Жақыпов интеллектілік бастама – тұлғаның мотивациялық құрылымының және тұрақты ақыл-ой қабілетінің факторы деген қорытындыға келді [1, 198-199 б.].

Оқытушылардың жұмыстарына негіз үшін алынған үлгі, практикалық жұмыс істейтін психологтарда құрылған бейненің инварианттық (қалдық) бөлігімен толық сәйкес келмеуі мүмкін. Қателік пен бұл айырмашылық ғылым мен практиканың арасындағы өзгешелік ретінде белгіленуі мүмкін.

Кәсіби хабардарлық, авторлық ұжымның диссертациялық зерттеулеріне сәйкес, өзгешеліктердің байланысының арқасында құрылады: а) кәсіби іс-әрекеттің жақсы құрылған бағдарланған негіздері; б) субъектілік - өзінің таңдаулары мен жеке іс-әрекетінің нәтижелері үшін өзіне жауапкершілікті алумен сипатталатын тұлғалық позиция. Сол себептен маманның кәсіби қалыптасуында негізгі міндетті білімдер мен олардың тәжірибені игеруі үшін оқытудың бірінші кезеңінде жүргізетін және тұлғалық психодинамиканы қамтамасыз ететін клиенттік практика болып табылады [2, 51-52 б.].

Әрбір кәсіби іс-әрекет қызметкерден қиындықтарды жеңу қабілеттілігін, әрекеттерді орындауға байланысты іскерлікті, білімділікті, шеберлікті, еріктік қасиеттерді және өзіне белгілі қатынасты талап етеді. Кәсіби іс-әрекеттің тиімді, жемісті нәтижесіне жету үшін аталған тұлғалық қасиеттер маңызды роль атқарады.

Осы қасиеттердің негізінде жатқан мотивация кәсіби іс-әрекеттің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Адамда іс-әрекеттің әрбір түрі көп мағыналы мотивтерден тұрады. Кәсіби іс әрекеттің өзіндік ерекшелігі мотивтердің пайда болуына, олардың құрылымдық деңгейіне, өзара қатынасқа түсуіне байланысты болады.

Қазіргі қоғамда жан жақты компетенттілікті қамтитын, іс-әрекеттің әртүрлі түрлерін игерген мамандықтарға қажеттілік өсуде. Осыған байланысты жоғары білім жүйесі студенттер үшін білім мүмкіндіктері диапазонын кеңейтуде. Қосарлы мамандықтар енгізілуде, олардың ішінде ерекше орынды шет тілдері иемденеді. Мамандықтарды қосудың мұндай әйгілілігі ЖОО-ға түсушілер үшін қазіргі жағдайда шет тілін білу өмірлік маңызды екендігін куәландырады.

Қазіргі заманғы білім беру технологиялары өздерін психиканың тұрақты сипаттамаларының, әдетте жобалап түсіндірілетін, индивидуалды ерекшеліктерді есепке алусыз елестете алмайды. Сонымен қатар мұғалім әрқашан қалыптасып, дамып келе жатқан баламен жұмыс істейді және сондықтан оқыту стратегиясын сәйкес бейнеде тұрғызу үшін оның даму ерекшеліктерін білгісі келеді.

Зерттеушілердің әртүрлі себептер бойынша және ғылымда назарын өздеріне аударумен белгілі, толық индивидуалдылықты түсіну үшін орталық болып табылатын, психиканың дамуы және тұрақтылықтың қосарлану мәселесі.

Барлық теорияда анық немесе жасырын түрде өзінің негізін қалаушы геометриясы берілген теориялық құрылымның шектеулері мен мүмкіндіктері сияқты мүмкін құрылымның барлық спектрін анықтайтын аксиоматикалық фундаменті қатысатын болғандықтан, көрініс үшін геометриялық метафоралармен араластыру болып табылатын бұл мәселенің психологияда көптеген шешу нұсқалары белгілі. Даму және тұрақтылықтың кездесуі мәселесін шешудің ең көп тараған әдісі психологиялық өзгермейтін ядро және қозғалатын қабыққа мүшелеп бөліну. Бұл нұсқаны туыс парадигмалардың әртүрлі есімдері арқылы көру қиын емес: «тума және жүре пайда болған», «тұқымқуалаушылық және орта», «табиғи және әлеуметтік», «генотип және фенотип» және т.б. Икемді қозғалмалы қабық бір жағынан, жетіспеушіліктерді толықтыру, екінші жағынан, сенімді қабық ретінде қызмет ету әдісімен реттей отырып, өзгермелі амбивалентті әлемде бейімделу қызметін атқарады деп болжалады. Зерттеушінің міндеті жиі-жиі ядро мен қабық арасында шекараны мүмкіндігінше дәл жүргізуге, психиканың тұрақты параметрлеріне жататындарды орнату дегенге саяды [3, 31 б.].

Әлеуметтік психологиялық тренингтердің әр түрі–сензитивті, оқытып жаттықтырушы, өнер–би, арт (сурет) тренингтердің–мектеп жасына дейінгі балаларға тигізетін психологиялық әсері әлі де болса кеңейтіле зерттелмеген. Ал қазақ балаларымен жүргізілетін тренингтер ерекшеліктері осы күнге дейін назардан тыс қалып отыр. Осыларды ескере отырып, біздің зерттеу жұмысымыз 5-6 жастағы қазақ балаларының қарым–қатынасын тренингтік әдістермен жетілдіру жолдарын қамтиды.

Тренингте индивидке жаңа қоршаған ортаның тұлғаралық байланысты қалай құру керек, ол бөтен мәдениеттің құндылығын, нормаларын, рөлдік құрылымдарын қалай меңгере алады деген сұрақтарға жауап беруге болады. Сондай дағдыларға ие болу жетістігі бар бейімделу үшін



психологиялық стресстен шығуы, тұлғаралық қатынасты құруы және жергілікті тұрғындармен нәтижелі қарым-қатынас жасауы туралы мәселелерді қолдандық.

Сонымен танымдық белсенділік адамның өмірлік іс-әрекетінің, әсіресе білім, ғылым, өнер салаларында бөлінбейтін біртұтас бөлшегі. Топта үйлесімді қарым-қатынас орнауы үшін адамның, оқушының, маманның және т.б. іс-әрекетін сапалы ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, бағыт, бағдар беру болып табылады. Оның дәлелі ретінде психологиялық тренингтер жүргізу арқылы тұлғаның танымдық белсенділігін дамытуға тиімді қол жеткізуге болады.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Голованова А.А. Коммуникативная креативность субъекта как фактор эффективности группового решения задач. 19.00.01- к.п.н. автореф. Казань, 2003. - 24 с.
2. Доценко Е.Л., Андреева О.С., Просекова В.М., Шевцова Т.С. Проблемы профессионального и личностного развития студентов. // Психология в вузе. 2007, № 3. – С. 51.
3. Бугрименко А.Г. Внутренняя и внешняя учебная мотивация у студентов педагогического вуза. // Психология в вузе. 2006, № 3. - 131 с.

ОӘП: 7472

#### **Қабылғалиева А.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к. Кулмышева Н.А. психология кафедрасы

### **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ДЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ**

Ұстаздың деонтологиялық даярлығының компоненттері оның педагогикалық қызметіндегі дербестік іс-әрекет стилінде көрініс табады. Әрбір мұғалімнің педагогикалық қызметінің дербестік іс-әрекет стилін анықтау – оның деонтологиялық әлеуетінің, кәсіби шеберлігінің қалыптасуының маңызды шарты болып саналады. Дербестік іс-әрекет стилі ұғымына адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес табысты еңбекті қамсыздандыратын міндеттер, әдіс-тәсілдер, тактикалар жүйесі жатады. Мысалы, екі педагог бірдей жағдайда нақты бір әдісті қолданғанымен, нәтиже түрліше болады. Мұның өзі мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынас стиліне байланысты. Қарым-қатынас стилі дегенді педагог пен оқушылардың әлеуметтік-психологиялық өзара әрекетіндегі дербес-психологиялық ерекшеліктері деп түсіндіріледі.

А.К.Маркованың түсіндірмесі бойынша, ұстаздың іс-әрекет стилі педагогикалық қызметке қойылатын талаптарға оның мүмкіндіктерінің сәйкес келуіне байланысты ерекшеленеді. А.К.Маркова мен А.Я.Никонованың айқындаған оқыту іс-әрекетінің стилдерінің топтамасын келтіре кетейік: эмоционалды-импровизациялық, эмоционалды-әдістемелікті, парасатты-импровизациялық және парасатты-әдістемелікті. Бірінші мен төртінші өзара қарама-қарсы стильдер[1].

Эмоционалды-импровизациялық стильге ие ұстаздардың іс-әрекетін жоғары деңгейдегі шапшаңдық, оқытудың көп әдістерін қолдана білуі, оқушылардың шығармашылықты, белсенді әрекеттеріне дем бере алуы сипаттайды. Мұндай ұстаз қайталау, пысықтау, білімді бақылау әрекеттерін «ұсақ-түйек» санап, мән бермейді, көбіне сабақта қызықты материалмен шұғылданып, өзгесін оқушылардың өздеріне іздестіруді ұсынады. Ол өз іс-әрекетіне рефлексия жасауға, нәтиже шығаруға көп көңіл бөлмейді.

Парасатты-әдістемелікті стильде жұмыс істейтін ұстаз оқытудың нәтижесіне бағдарланады, ол педагогикалық үдерісті анық жоспарлап, басқарып отырады. Қайталауға, пысықтауға, оқушылардың білім, дағды, икемділіктерін бақылауға көп көңіл бөледі. Жұмыс темпі баяу, оқыту әдістерінің спектрі шамалы, рефлексиялық қабілеті дамып жетілген болады.

Эмоционалды-әдістемелікті және парасатты-импровизациялық стильдер жоғарыда жазған екеуінің орта аралығында болады.

Деонтологиялық даярлығын асыру үшін ұстаз өзінің жүйке жүйесінің ерекшелігін біліп соған сәйкес дербес қарым-қатынас стилін қалыптастырғаны жөн. Сонымен қатар өзін-өзі жан-жақты танып-біліп, табысты қызметке сәйкес жетілдіруі қажет. Ұстаздың дербес стилін білу мектеп әкімшілігіне де пайдалы. Табиғатына сәйкестенбейтін іс-әрекет стилін мұғалімге зорлап міндеттеу ойлаған нәтижеге жеткізбейді.

Қызметінің ерекшелігіне сәйкес ұстаз тұлғасының деонтологиялық сипаттамасын оның деонтологиялық даярлығының компоненттері арқылы ашу, педагогтың этико-деонтологиялық

сипатына сәйкес қасиеттердің, әсіресе, пайдалы дегендерінің таңдалуы, ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру мүмкін екендігін көрсетеді.

Адамзат ұстазға арналған өте көп педагогикалық «кеңестерді», «рецептерді» сақтаған. Соның ішінде, ең маңызды кеңес – мұғалімнің қоғамдағы өз орнын анықтай білу қажеттілігі.

Қорыта келгенде, оқытушы өзінің сыртқы бейнесі арқылы да, өзінің ұстаздық ісі, адамгершілігі арқылы да, балалармен достық қарым-қатынас орнатуы арқылы да, өз оқушыларына ақылшы, тәрбиеші болу арқылы да үлгі болуы керек. Сонда ғана ол оқушылардың алдында беделді болады. Мұғалім бойында мұның бәрін болдыруға жетелейтін құдіретті күш – парыздылық сана-сезімі, деонтологиялық әлеуеті.

Ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру түсінігіне негіз болатын ойшылдардың ақылдарын келтіре кетейік. Адамның ой-сезімін, мінез-құлқын тәрбиелеп, жетілдіру арқылы оны бақыт жолына салу мәселесіне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей арнаған орта ғасырдағы Шығыстың әйгілі ойшыл философы Әл-Фараби болды. Әл-Фараби «Бақытқа жету жолына меңзеу» деген тамаша еңбегінде кісінің жан дүниесін жетілдіру мәселесін философиялық тұрғыдан зор білгірлікпен жан-жақты да, терең зерттеп, талқыға салады. Мұнда Әл-Фарабидің айтуынша, бақыт – әр адамның көздейтін мақсаты, үлкен игілік. Сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін адамда үш түрлі тамаша табиғи қабілеті бар. Ол: а) ерекше жаралған дене құрылысы; ә) жан құмарлықтары; б) ой парасаты [2]. Бұл қабілеттер өзінен-өзі табиғат тудырған қалпында бақытқа жеткізбейді. Бірде түгелдей жақсылық нәтижесін берсе, енді бірде керісінше болуы мүмкін. Мұндай кездейсоқтықты жеңудің жолы – аталған үш қабілеттің әрқайсысын дұрыс жолға бағыттап тәрбиелеу, терісін оңдап, дұрысын ілгері дамыту, сол арқылы адамның мінез-құлқы мен ой-парасатын оларды саналы түрде үнемі дұрыс нәтиже тудыратын дәрежеге көтеру.

Мұны іске асыру, бір жағынан, адамның өзіне байланысты болса, екінші жағынан арнайы тәрбиеге тәуелді. Сонымен Әл-Фарабидің бұдан мың жылдан бұрын айтылған кеменгерлік ойлары бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ дей отыра, біз оларға ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру үдерісі негізделеді демекпіз.

Ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыруды жеке тұлғаның сан қырлы білім алып, тәрбиеленуі тұрғысынан қарастыруға болады. Мұндай білім алу парыздылық сана сезім, таным және ерік үдерістерінің нәтижесі болып табылатын парыздылық месел мен кәсіптік мінез-құлық тәсілдерінің синтезімен, болашақ ұстаздың мінез-құлқындағы кәсіптік деонтологияға деген тұрақты көзқарасымен; өзін-өзі икемдеу, жетілдіру көрінісімен сипатталады [3].

Осыған орай, педагогикалық мамандықтағы студенттің деонтологиялық даярлығын қалыптастыру оған болашақ кәсіби қызметіне сәйкес парызының мазмұнын игертіп, түсіндіре отырып, санасын тәрбиелеу. Яғни, осы парызға сәйкес студенттің болашақ қызметі аясында міндеттерін орындауы оның ішкі сарынының, сезімдерінің, сенімдерінің, ойларының негізінде жүреді.

Ұстаздың деонтологиялық даярлығына кәсіптік қызметін деонтологиялық талаптарға сәйкес атқаруға қажетті білім, біліктілік деңгейі, санасының дайын болу күйі жатады. Деонтологиялық даярлығы қалыптасқан жағдайда мұғалім өз мінез-құлқын, әрекеттерін парыздылық сезімге бағындыра алады. Ұстаздың деонтологиялық даярлығын жүзеге асыру үшін оның жеке тұлғалық мінез-құлқына, сана-сезіміне сәйкесті әсер ететін арнайы деонтологиялық дайындық қажет.

Ұстаздың деонтологиялық дайындығына - деонтологиялық ұстанымдарға сәйкес қызмет етуге қажетті білім, біліктілік қорын қамту, санасын жетілдіру, тәрбиелеу әрекеттері жатады. Ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру құрылымы философияның сана, сана-сезім туралы қағидаларына сүйене анықталады [4]. Осыдан, ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастырудың мақсаты: егемендігіне ие болып еңсесін көтеріп жатқан халықтың денсаулығын сақтауына әрдайым күресте болатын, өзінің кәсіптік парызына тұла бойы берік, еліміздің игілігіне ауқымды үлес қосатын ұл-қызын тәрбиелеп, өсіретін ұстаз тұлғасын дайындау. Оның бойына ұстаздық қызметтің гуманистік сипатына сәйкес адамгершілікті-психологиялық қасиеттер дарыту, ғылыми-тәжірибелік ізденіске жалықпайтын, қажымай-талмай өзінің жеке тұлғалық қасиет-қабілеттерін жетілдіруге бейімделген, кәсіптік санасын, сана сезімін қалыптастыру.

Бұл адамгершілік талаптарының және олардың өзіндік мәнін түйсіну қажеттілігін әрі қарай саралайтын құбылыс. Басқаша айтқанда, сендіру дегеніміз – білім мен сезімнің қорытпасы. Сондықтан ұстаздың сене және сендіре білуі оның мінез-құлқының тұрақты қасиеті болуы қажет. Педагогтың ішкі сенімінен, жүрек әмірінен туындайтын парыздылық санасы, сана-сезімі, яғни деонтологиялық әлеуеті оған баламен ұтымды қарым-қатынас жасауына, оның көңіл-күйін түсініп, бар күшін соның тұлғалық дамуына жұмылдыруына көмектеседі.

## ӘДЕБИЕТ:

1. Ғ.М. Кертәева Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. - Оқу әдістемесі. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002.
2. Жарықбаев Қ., Табылдыев Ә. Әдеп және жантану, Алматы, Қазақстан, 1994.
3. Философия /Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. Авторлар коллективі. Редакциясын басқарған Кішібеков Д., Алматы, Рауан, 1991
4. Асыллов Ұ., Нұсқанбайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. Оқу құралы, Алматы, Рауан, 1998

УДК: 159.3

### Мазмбаева М.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к. Кулмышева Н.А. психология кафедрасы

## ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Ойлау психологиясы – жалпы психологияның негізгі бөлімдерінің бірі. Бұл психология ғылымдарының негізгі категориялар жүйесіндегі ойлауды талдаудың қажеттілігін, соның ішінде «іс-әрекет», «психикалық бейне», «тұлға», «қарым–қатынас» категорияларын анықтайды. Ойлау кешенді пәнаралық зерттеулердің пәні болып табылады; ойлауды философия, формальды логика, социология, физиология, кибернетика, психология ғылымдары зерттейді.

Психология ойлауды танымдық іс-әрекет ретінде, оны қолданатын құралдардың деңгейіне тәуелді оны түрлерге жіктеуді, олардың субъект үшін жаңашылдығын, оның белсенділігінің деңгейін, ойлаудың шынайылығының барлығын зерттейді.

Ойлау жоғары психикалық функциялардың бірі болып табылады. Процесс ретінде пайда болып, өмірлік іс-әрекетке байланысты дами отырып, салыстырмалы түрде өзінің мотивіне, мақсатына, тәсіліне ие іс-әрекетке айналады. Ойлаудың жемісі А.Н.Леонтьев атаған «Әлем бейнесінің» интегралды құрылуына енеді және сонымен қатар оның құрылымдарының өзіндік сапалы бейнесін құрайды. Ойлау – қарым-қатынаспен бірге, басқа адамға әсер етудің қажетті құрылымын, коммуникация актілерін құрайды және тұлғааралық таным процестеріне қосылған. Ойлау бірлескен іс-әрекеттің формаларын пайдалануы мүмкін [1].

Ойлау – тұлға рефлексиясының қажетті құрылымы және өзі осы рефлексияның объектісі болып табылады. Психология ғылымдарының негізгі салаларының құрылымында ойлау психологиясы мәселелерін өңдеу арнайы талдауды қажет етеді.

Ойлауды шынайы психологиялық зерттеу тек қана оның басқа танымдық процестер мен субъектінің қажеттілік – мотивациялық саласының өзара байланыстылығы мүмкін және «интуиция», «шығармашылық», «өнімді ойлау» терминдерінің жалпылауынан тұратын шынайылықты ашып көрсетуге бағытталуы тиіс [2].

Ойлау психологиясы – психологияның қызықты, сонымен қатар күрделі салаларының бірі. Бұл пәннің күрделілігімен және оның теориялық және практикалық аспектілерін зерттеудің көпқырлылығымен байланысты.

Адамның ойлау заңдарын түсінуге деген талпынысы психологияның дербес ғылым ретінде орнауына дейін болған. Ойлау әрқашан да және бүгінгі күнге дейін гносеология мен логика, педагогика, физиология, кибернетика тәрізді әр түрлі ғылымдардың зерттеу пәні болып саналады. Ойлаудың (сана) табиғаты оның болмысқа қарым-қатынасы туралы мәселе философиясының негізгі мәселесі.

Ойлауды зерттеуде өзінің заңдарын түсінуге талпынғанда ғана ой ішкі және сонымен қатар сыртқы әлемді зерттеуге бағытталады. Сыртқы әлемді зерттеу процесінде ол туралы әр түрлі ғылымдар пайда болады. Сондықтан ойлау туралы ғылым ғылыми танымның сәйкес ережелерін жалпылау мен бөлшектеу, ойдың әдіс–тәсілдерінің нәтижесінде пайда болды. Мұнда кез келген ой процестерін бөлінген формада сипаттауға мүмкіндік беретін формальды логиканың негізгі түсініктері туралы айтылады.

Логикалық ғылымның дамуындағы сәттіліктерге байланыссыз ойлауға деген логистикалық ықпал, әсіресе ойлаудың өзіне тән ережелерін түсіндірудің ерекшеліктері психология үшін жағымсыз мәнде болады. Ойлаудың шынайы процесі, оның мазмұны, динамикасы және нақты ерекшеліктері ұзақ уақыт бойы зерттелмеді [3].

Ең алдымен, Вюрцберг мектебінде жүргізілген эксперименттік зерттеулерді атауға болады. Мұнда зерттеу пәні ретінде ойлаудың тек қана бір түрі–сөздік–логикалық ойлау, ал зерттеу әдісі ретінде тек интроспекция әдісі болғанына қарамастан, Вюрцберг мектебінің өкілдері ойлау процесінің біраз маңызды заңдылықтарын ашты. Ең алдымен бұл ойлау актісінің белсенді және мақсатқа бағытталған сипаты, оның тұтастығы жеке түсініктердің ассоциацияға жатпайтындығы, қабылдаудан айрықша ерекшелігі және т.б. мәселелер еді. Ойлауды эксперименттік зерттеу гештальт психология мектебінде сәтті жалғастырылды, мұнда творчестволық ойлау, сонымен қатар жаңа әдістемелік тәсілдер жасалды.

Ойлауды зерттеудегі келесі бағыт шынайы өмірдің фактілері мен құбылыстарын қарастыратын зерттеулер болды. Ғасырлар тоғысында психологиялық әдебиеттерде әр түрлі практикалық іс-әрекеттер барысындағы ой актілерінің жүруі туралы мәліметтер көптен шыққан. «Таза» ойлауды зерттеудегі артефактілер, атап айтқанда, ойлаудың мотивациялық сферамен байланысы психологиялық талдаудың пәні болды. Маңызды қосымша материалдар клиникалық бақылаулардың негізінде алынды.

Ойлаудың келесі философиялық және онтогенетикалық зерттеулері психикалық дамудың кез келген сатысындағы өзгермейтін және әмбебап ойлау заңдары туралы түсініктердің қайта қаралуымен байланысты. Жануарлармен тапсырмаларды шешуге арналған эксперименттік зерттеулер, алғашқы адамдардың халықтардың саналы өмірінің заңдылықтарын зерттеу, балалар ойлауының ерекшеліктерін зерттеу ой процестерінің тарихи табиғатын көрсетті, оның дамуының сапалы сатылары туралы мәселені көтерді [4].

Кеңестік психологияның ойлау теориясы мен зерттеу әдіснамасына қосқан маңызды үлесі адамның сыртқы, практикалық, ішкі, ақыл-ой іс-әрекетінің байланыстарын бөліп көрсету мен құрылымдық ұқсастығын анықтау болды.

Осылайша, қазіргі уақытта ойлау психологиясы өзі зерттейтін салаға әр түрлі критерийлер бойынша енетін феномендер мен процестерді қарастырады.

Қазіргі жана танымдық процестерді зерттеу ерекшелігіне қарай ойлауды тар және кең мағынада қарастырамыз. Кең мағынадағы адамның ойлуы, оның белсенді танымдық іс-әрекеті, сонымен қатар ішкі іс-әрекеті жоспарлау мен реттеу процесі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан біздің қалай ойлайтындығымыз туралы мәселе өзімізді қоршаған әлемді және өзімізді қалай түсінеміз, қалай елестетеміз, осы білімдерді өз мінез–құлқымызды басқаруда қалай пайдаланамыз дегенді білдіреді.

Ойлау тар мағынасында эксперименттік психологиялық зерттеулерде пайдаланылады. Ол ойлау процесінің айрықша ерекшеліктерін түсініктердің қарапайым жүруімен салыстыруға деген талпыныстан көрінеді. Осылайша, ойлау тар мағынасында шығармашылық міндеттерді шешу процесі ретінде түсіндіріледі.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. Алматы, 1996 ж.
2. Жарықбаев Қ.Б., Озғанбаев Ә. Жантануға кіріспе. А., 2000ж.
3. Мұқанов М.. Бақылау және ойлау. ҚМБ, Алматы, 1959ж.
4. Мұқанов М. Жасерекшелік және педагогикалық психология. Мектеп, Алматы, 1990ж.

УДК: 159.3

**Төлеуова А.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к. Кулмышева Н.А. психология кафедрасы

#### **ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК**

XX ғасырда әлеуметтік өмір формалары мен мәдени құндылықтардың пайда болуының негізі, қайнар көзі – іс-әрекеттің күрделенуімен жүзеге асты. Бұл ұстаным бірқатар ғылымның қалыптасып дамуына негіз болды. Күнделікті өмірде «іс-әрекет» сөзі – қозғалыс, әрекет, іс, еңбек деген қарапайым ұғымды білдіреді. Ол адамның болмысымен байланысты қарастырады, онымен ғылымның бірнеше салалары: философия, тарих, мәдениеттану, психология, педагогика және т.с.с. шұғылданады. Іс-әрекет мәселесі, көбінесе, гуманитарлық ғылымдарда зерттелген, онда іс-әрекеттің түрлерін анықтауға бірдей негіз

болмаған: бір жіктеуде – ол ойын, оқу, еңбек; екіншісінде – таным, еңбек, қарым-қатынас; ал әлеуметтанушылардың еңбектерінде – еңбек, көркем-өнер, саяси, ғылыми іс-әрекет және т.б.

Іс-әрекетке әртүрлі анықтамалар беріледі. Іс-әрекеттің философиялық анықтамасында ол «айналадағы дүниеге адамның ерекше адамгершілік түрдегі қарым-қатынасы» деп көрсетіледі [1]. Қазақ совет энциклопедиясында: «Іс-әрекет – айналадағы дүниеге, қоршаған ортаға белсенді ықпал етіп, оны белгілі мақсатқа сай өзгертудің тек адамға ғана тән формасы. Іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижесі бүкіл адамзат қоғамының тарихи қалыптасуы мен дамуы арқасында жүзеге асып отырған. Табиғаттағы өзгерістер мен өркениет, материалдық игіліктер дүниесі адамзаттың бүкіл мәдениеті мен рухани қазынасы» – делінген [2]. Педагогикалық энциклопедияда: «Іс-әрекет адамдардың қоғамдық-тарихи болмысының ерекше түрі, олардың табиғи және әлеуметтік шындықты бағытты түрде өзгертуі», – деп анықтама берілген.

Қандай да болмасын, іс-әрекеттің мақсаты, құрал-жабдығы, нәтижесі және оның орындалу үдерісі болады. Сондықтан да оған тән ерекше қасиет, ол әр уақытта саналы түрде жүзеге асырылады. Іс-әрекет – қоғамдық прогрестің нақтылы қозғаушы күші және қоғамның өмір сүруінің негізгі, қажетті жағдайы.

Әрбір жұмыста өз ісін жетік меңгерген шебері болады. Бұл іс-әрекеттің кәсіби түрі, яғни кәсіби іс-әрекет. Кәсіби іс-әрекеттің алуан түрлері бар. Кәсіби іс-әрекет осы кәсіпке байланысты функцияларды орындау үшін қажетті білім, білік, дағды жүйесін меңгеруді талап етеді. Адам іс-әрекеттің жоғары нәтижелеріне және кәсіби деңгейге қол жеткізу үшін теориялық және практикалық тәжірибе алу арқылы, өз бетімен білімін көтеру және тереңдету білігі арқылы меңгереді.

Кәсіби іс-әрекеттің бір түрі педагогикалық іс-әрекет, оның мазмұны – білім беру, оқыту, тәрбиелеу және дамытумен сипатталады. «Кәсіби іс-әрекет» ұғымының ауқымы «педагогикалық іс-әрекет» ұғымынан гөрі кеңірек, өйткені мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті осы мәселені зерттеген мамандардың пікірінше: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, әлеуметтік-мәдени, психотерапевтік және т.с.с. функционалдық элементтерден тұрады [3].

«Педагогикалық іс-әрекет, – Л.А.Беляеваның пікірінше, – педагогикалық шындық болмысының тәсілі. Педагогикалық іс-әрекеттен тыс тәрбие туралы да, педагогикалық шындықтың басқа құбылыстары туралы да айтуға болады» [4].

Педагогтың іс-әрекет объектісі – студенттің іс-әрекеті. Педагогикалық іс-әрекетті бейнелеуге, құрастыруға, бағдарлауға және басқаруға болады. Бұл тәсілдердің әрқайсысы мұғалімнің белгілі бір іс-қимылының негізі болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекет аясында оқытушы білім алушылармен қарым-қатынас үдерісінде ғылым әлемін байланыстырушы рөлін атқарады. Ендеше оқытушы білім мазмұнын бере отырып, ұжымдық субъектілердің іс-әрекетін жеке субъектілердің іс-әрекетіне айналдыру үдерісін ұйымдастырады, сөйтіп жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Педагогтың іс-әрекет жүйесі мынадай түрлердің жиынтығын құрайды (Л.К.Гребенкина):

- мақсат қою іс-әрекеті – бұл жеке тұлға мен ұжымды тәрбиелеудің, дамытудың жақын және алыс мақсаттарын анықтау;
- болжау іс-әрекеті – оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, формаларын және нәтижелерін алдын-ала қарастыру;
- диагностикалық іс-әрекет – оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мен ұжымды және жеке тұлғаны оқып-үйренуге бағытталған бағалау тәжірибесі;
- жобалау іс-әрекеті – білім беру жүйесінің тұжырымдамасын және бағдарламасын құру, баланың және балалар ұжымының келешектегі дамуын болжау, оқытудың стратегияларын анықтау;
- құрастыру іс-әрекеті – оқу-танымдық іс-әрекеттің жетілдірілген түрлері мен мазмұнын, оқу үдерісінің технологияларын, педагогикалық ықпал мен өзара ықпал ету әдістерін таңдап алу, тәрбие жұмысын жоспарлаудың негізгі бағыттарын анықтау;
- ұйымдастыру іс-әрекеті – оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған оқытушы мен жоғары педагогикалық білім алушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру
- түзету іс-әрекеті – оқу жұмысына түзетулер енгізу, жеке тұлға мен ұжымның жағымды сапаларын, құндылық бағдарын қамтамасыз ету, жағымсыз құбылыстарды болдырмау;
- рефлексиялық іс-әрекет – меншікті әрекеттер мен жағдайларды талдау;
- қарым-қатынас іс-әрекеті – тіл табысудың демократиялық стилін, ізгілікті қатынастарды қамтамасыз ету, табысты жағдайды, жағымды мотивацияны жасау [4].

А.Н.Леонтьевтің теориялық көзқарасына сүйенетін болсақ, кез-келген іс-әрекеттер пәндік және құрылымдық мазмұнын түзеді.

Іс-әрекеттің пәндік мазмұны төмендегі бөліктерден тұрады:

- 1) мотив – іс-әрекетке бағытталған қозғаушы күш немесе қажеттілік пәні;
- 2) мақсат – іс-әрекеттің нәтижесі туралы (неге қол жетізуге болады?) елестету;

3) мақсатқа жетудің маңызды тәсілдерінің бірі болып табылатын іс-әрекетті жүзеге асырудың объективті-пәндік шарттары;

4) іс-әрекет міндеттері (берілген шарттардағы мақсат). Міндеттердің орындалуы әрекеттер мен операциялардың көмегі арқылы жүзеге асады.

Іс-әрекеттің құрылымдық өлшемдері төмендегі бөліктерден тұрады:

1) мотив өлшемдері арқылы туатын жеке (ерекше) әрекет;

2) әрекет – мақсатқа бағынышты үдеріс; салыстырмалы түрде өз бетінше бола алады және іс-әрекеттің әрбір түріне енеді;

3) операциялар – әрекеттердің жүзеге асу тәсілдері, нақты мақсатқа жетудің шарттарына байланысты [4].

Іс-әрекеттің табыстылығы индивидтің оң нәтижеге қол жеткізуін көрсететін педагогикалық категория болып табылады. Іс-әрекет табыстылығының белгілері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- жаңа білімді іздеуге талпыну;

- бұрынғы білімді жаңамен байланыстыра отырып, жаңғырту;

- ұғымдар жүйесі мен белгілерін түсіну;

- жаңа жағдаяттарды шешу үшін таныс жағдаяттарға сүйене білуге дағдыландыру;

- күрделі іс-әрекет құрамында әрекеттер мен тәсілдер туралы білімді ашық және жабық күйінде пайдалана алу;

- жағдаятқа немесе тақырыпқа байланысты өз ойын жинақтай алу;

- ойын дамыта отырып, соған байланысты сөздік қорын жинақтай алу;

- шығармашылық жұмыстағы қажетті операциялардың минимумын меңгеру;

- шығармашылық іс-әрекетте белсенділік таныту;

- өзінің жетістіктерін бағалауға тырысу;

- ереже және әрекеттер жүйесі бойынша іс-әрекетті орындай алу.

Осы аталған белгілер іске асқан жағдайда студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін табысты қамтамасыз етуге мүмкіндіктер туады.

Студенттердің өзіне сенімсіздігін жою үшін дәрісханада және дәрісханадан тыс уақытта олардың өздері орындай алатын тапсырмаларды беру керек. Іс-әрекеттің табысты аймақтарын бөліп алғанда студенттер өзіне деген сенімдерін арттырып, өзінің мүмкіндіктерін көруге, өзін-өзі бағалауға мүмкіндіктер алады.

Ақыл-ой әрекеті оқытуда – жетекші, ал сөйлеу ой жеткізу құралы ғана деген пікір ғылымда қалыптасқан. Материалды әрекет болса, тек өндірістік практика кезінде білім алушыларды дайындау барысында ғана пайдаланылады. Алайда бұл жағдай кейбір кездерде ғана әділетті. Мысалы: белгілі білімді және өндірістік оқу жұмыстарындағы дағдыларды бекіту қажеттілігі туындаған уақытта ғана материалды әрекет дұрыс болып табылады. Материалды әрекет мәселесі қарапайым емес, сондықтан оның жан-жақты талдауын жасамай-ақ, шешудегі кейбір теориядағы бар амалын қарастырған жөн. Әрекеттің бұл 3 формасы объективті түрде қоғамдық, ғылыми және еңбек әрекеттерінің формалары ретінде (өндіріс, ғылыми, мәдениет және т.б.) өмір сүретіні белгілі. Ал бұл қоғамдық, ғылыми және еңбек әрекеттерінің формалары қоғамда да, оқытуда да анықталған ерекше қызметтер атқарады. Сөйтіп, әрекет оқыту үдерісінің барлық жақтарына өз ықпалын тигізеді. Бұл ықпал студенттердің практикалық даярлық сапасына қойылатын талаптар түрінде тура немесе оқу пәнінің мазмұны мен оқыту формалары арқылы жанама түрде де жүзеге аса алады. Әрекеттің қоғамдық формалары оқу үдерісіне жалпы, бір-бірімен байланысқан түрде әсер етеді. Осылайша, дәріс сабақтарында ғылыми мәселелер, әдетте өмірден, техникадан алынған осы заманғы мысалдармен түсіндіріліп, өндіріс үдерістері оқу пәндерінің теориялық ақпараттарын қолданумен баяндалады.

#### **ӘДЕБИЕТ:**

1. Гришина Н.Ю. Диагностика успешности учителя. // Педагогический поиск, – М.: 1997.
2. Лемберг Р.Г. Методы обучения в школе. – Алма-Ата, 1958. .
3. Ильин В.И. Успешность деятельности компенсации и компенсаторные отношения // Вопросы психологии. – 1983. – № 5
4. Рысбаева А.К. Интерактивное обучение как фактор успешной учебной деятельности студентов // Вестник. КазНПУ им. Абая. – 2007. – № 4(16).

**ВЛИЯНИЕ РАЗВОДА РОДИТЕЛЕЙ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ РЕБЕНКА**

Қорыта келгенде, 1965 жылы Пленум қабылдаған шаралар ауыл шаруашылығындағы экономикалық қатынастарды түбірімен өзгерте алмады және айтулы жетістіктерге жеткізбеді. Экономикалық ынталандыруды жоққа шығара отырып, қалыптасқан жүйе экономиканы экстенсивтік даму жолында ұзақ ұстап қалды. Енбекақы төлеу жүйесі еңбектің нәтижесімен байланыстырылмады. Ауыл шаруашылығына бөлінген күрделі қаржыны көбейту совхоздардың материалдық-техникалық базасын нығайтқанымен, терең экономикалық өрістеуге жеткізбей, халықтың тұрмыс дәрежесінің жақсаруын қамтамасыз ете алмады. КСРО үкіметі проблеманы шешудің жаңа жолдарын іздестіре бастады. Ауыл шаруашылығына жүргізілетін тәжірибелер жалғаса берді.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Сулейменов Б. Особенности советской аграрной политики Казахстана в период 1946-1980 гг.: экстенсивной направление и кризис (по материалам Западных областей). Автореферат дисс. к.и.н. Уральск - 2010 г.
2. Байсарина К.К. Кеңес өкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: тарихы мен тағлымы (1946-1965 жж.). Семей, 2005 ж.

3. «Нородное хозяйство Казахстана за 60 лет». А., 1980
4. Сүлейменов Б.С. 1965 ж. Аграрлық реформа негізінде Қазақстанда жаңа аграрлық саясат жолдарын қалыптастырудың көріністері // ҚазҰУ хабаршысы - №4(47)- 2007

УДК: 94 (574.42): 339.174 «18/20»

**Даутова А.Ф.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: М.Г. Ескендилов, д.и.н., профессор

### **ЗНАЧЕНИЕ ЯРМАРОК В ЭКОНОМИЧЕСКОМ РАЗВИТИИ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛО XX ВВ.**

Внутренний рынок - одно из главных условий развития экономики, его размеры определяют в целом темпы экономического развития региона. Выявление особенностей складывания местных рынков представляется актуальным на нынешний день. Формирование отечественного рынка зависит от состояния региональных торгов, объединенных в систему общей функцией: осуществление товарообмена между производителями и потребителями в масштабе всей страны, поэтому выяснение специфики ярмарочной торговли необходимо для исследования экономического развития Восточного Казахстана в XIX - начале XX вв.

В середине XIX века в Казахстане получает развитие ярмарочная торговля. На территории Семипалатинской области действовали более двадцати ярмарок. Среди них по значимости выделялись Кояндинская, Чарская и Екатерининская ярмарки. На ярмарках происходил, главным образом, обмен продуктов кочевого скотоводческого хозяйства на мануфактурный, бакалейный и прочий товар, привозимый, преимущественно, из Европейской России, за неимением в области соответствующих заводов и фабрик. Так называемые крестьянские изделия, мука, зерновой хлеб и азиатские (туркестанские) товары играли в ярмарочных оборотах, сравнительно незначительную роль [1].

Ярмарки были центрами, где обычно располагались лавки, магазины, занимавшиеся реализацией товаров фабрично-заводского производства. В документах часто встречаются сведения о том, что купцы, получая различные товары из центральных губерний, часть из них отдавали местным купцам в кредит, которые были осведомлены о потребностях кочевого населения через своих агентов и развозили нужные товары по ярмаркам, селам, приискам и по аулам инородцев [2].

Чем можно объяснить стабильность ярмарочной торговли? Во-первых, недостаточным развитием путей сообщения, что препятствовало установлению более устойчивых торговых связей между главными поставщиками – казахскими баями-скотопромышленниками и купцами; во-вторых, сложившимися традициями ярмарочной торговли; в-третьих, как указывалось и в дореволюционных источниках, кочевым образом жизни коренных жителей степи; в-четвертых, на ярмарке можно было приобрести товары широкого потребления, в которых кочевое население постоянно нуждалось [3, 62].

Для торговли на ярмарках предприниматели обзаводились соответствующими документами, анализируя динамику числа ярмарочных свидетельств, можно выявить экономическое состояние представителей торговли на периодических торгах. Обычно, основными двигателями ярмарок были купцы 2 гильдии, под руководством которых работали приказчики 2 класса.

Развитие ярмарок и ее оборотов способствовало учреждению на территории ярмарки почтово-телеграфного отделения и отделения Государственного Банка для обслуживания нужд, собирающихся на ярмарку торговых организаций. Отделение государственного банка в Семипалатинске открылось в 1887 г., а в 1888 г. здесь был учрежден филиал крупного для того времени сибирского торгового банка. Позднее ежегодно для обеспечения кредитных операций открывалось временное отделение государственного банка на Куяндинской ярмарке [4].

Обороты ярмарок зависели от количества привезенного товара, покупательной способности населения, наличия спроса на привозные и вывозимые товары. Из 25 ярмарок Семипалатинской области в 1899 году, 15 были четвертого разряда, периодичность ярмарок была от двух дней до одного месяца. Самые крупные ярмарки области Ботовская и Чарская были второго разряда.

Предметы ярмарочной торговли делились на 5 категорий: скот; животноводческое сырье; «жизненные припасы и крестьянские изделия»; азиатские товары; европейские товары. Причем первые две категории в 90 годы XIX века составляли 70% продаж, пятая категория- 20%. Перевес



суммы сбываемого из степи скота и сырья под сумму ввозимых в нее фабричных изделий составлял чистый денежный доход в степи [5, 46].

Распределение ярмарок происходило в контексте производственной проблемы взаимодействия «город-аул», «деревня - аул», на отдаленных малонаселенных территориях численность и густота ярмарок была меньше, и зависела от экономических потребностей населения.

Рыночный спрос повлиял на распределение ярмарок и сформировал новый тип производителя, настроенного на получение скорой прибыли любыми возможными способами.

Схема размещения ярмарок в кочевых и полукочевых районах зависела от близости ското-прогонных и торговых трактов, обеспеченных водой и растительностью, предметами первой необходимости. Размещение ярмарок в районах земледельческим населением, казачьих станицах, местностях, расположенных вблизи транспортных узлов отличалось большей плотностью и частотой организации торгов.

В местах сосредоточения ярмарок появлялась возможность сезонного трудоустройства местного населения для выполнения различных операций по подготовке товара к продаже. Открывались специальные пункты по сортировке товара, упаковке продукции, конторы по рекламированию изделий, для перевозки товаров требовалось большое число перевозчиков и контролирующих их приказчиков, что постоянно насыщало рынок труда дополнительными трудовыми ресурсами.

Торговля на ярмарках по степени участия купцов в торговле и объему торговых операций была многоступенчатой. Можно выделить следующие группы торговцев: мелкие коммерсанты по продаже мелкооптовых партий местным посредникам и потребителям; бизнесмены среднего звена, осуществляющие конкурентоспособную оптовую и розничную торговлю на территории ярмарки; крупные предприниматели, имеющие склады и конторы для отправки оптовых партий по перепродаже товаров в местах спроса, как в крупных городах империи, так и за рубежом. Общей проблемой для всех участников ярмарки было отсутствие информации о спросе и ценах на товары, в «Памятных книжках» и «Обзорах областей», можно почерпнуть сведения о стоимости отдельных видов товаров, но для купца важен не только спрос, но и предложение.

В начале XX века, в связи с формированием стационарной сети торговли, постепенно падает роль крупных ярмарок, уменьшаются их обороты.

В годы установления советской власти операции по купле-продаже переживали кризис. Не только сократились суммы привоза, но и постепенно падала покупательская способность, что приводило к уменьшению ассортимента продаж, в конечном счете, падению роли ярмарочной торговли. Все отрасли торговли переживали период регресса, также в некоторые годы привезенный товар не находил спроса на местах сбыта. С одной стороны это свидетельство отсутствия предложения со стороны населения, с другой невозможности купить товары, в связи создавшимся политическим положением [6].

Основное изменение в ярмарочной торговле к концу XIX в. было связано с потерей ярмарками функции распродажи промышленных товаров, которую стала выполнять быстро развивавшаяся в начале XX столетия стационарная торговая сеть.

Таким образом, ярмарочная торговля способствовала развитию торгового капитала и купечества. Благодаря участию в ярмарках купцы связывали местные рынки в единую систему и способствовали установлению между ними прочных торгово-экономических связей, что являлось составной частью процесса формирования рынка. Ярмарки приближали рынок к потребителю и создавали условия для реализации местных товаров, предлагаемых мелкими производителями, что стимулировало развитие предпринимательства как среди производителей, так и посредников. Ярмарочная торговля послужила благоприятным фактором экономической жизни в крае.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Сибирский торгово-промышленный и справочный календарь на 1900 год. – Томск, 1900.
2. ЦГА РК, ф. 391, оп. 1, д. 91, л. 315.
3. Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 г.: (социально-экономический аспект). – Алма-Ата: Гылым, 1990. – 184 с.
4. Фридман Я. Л. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане. Алма-Ата, 1974. -176 с.
5. Ахметова Г.М. История торговли и предпринимательства Казахстана в конце XIX-начале XX веков. – Усть-Каменогорск, 2012. -176 с.
6. Ахметова Г.М. Основные тенденции в развитии торговли Казахстана в конце XIX- начале XX веков // Вестник КазНУ. - Алматы, 2013.

**Магзумова Н.А.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

## **1928 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛДІ ШАРУАЛАРДЫ ТӘРКІЛЕУДІҢ МАҚСАТЫ НЕМЕСЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДЫҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК - ТАПТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТУРАЛЫ**

XX ғасырдың 30-шы жылдарының басындағы шаруаларды жаппай ұжымдастыру, түбінде бүтіндей болатын, большевиктік билік ұстанған саяси бағыт еді. Көптеген зерттеулерде кулактарды тәркілеу, көбіне сол кездегі большевиктердің өздері қолдан жасаған тап күресінің шиеленісуі мәселесіне әкелініп саяды. Ал шындығына келгенде, Кеңес өкіметі осыны іске асыру арқылы бірнеше мәселені қатар шешуді ойластырғанын байқаймыз. Біріншіден, кулактарды тәркілеу арқылы олардың қолындағы меншікті алып, индустрияландыру жағдайына пайдаланылу көзделінді. Екіншіден, кулакты меншігінен айырып, өздерін еңбекшілерге қарсы тап ретінде басқа өлкелерге жер аудару арқылы, өкімет алдағы болатын, шаруаларды жаппай ұжымдастыру бағытында ұстанатын саясатында, оған қарсылық бола қалған жағдайда, бұларды бастап шығуы мүмкін бірден-бір күш кулактарды бейтараптандыруды, залалсыздандыруды ойлағанын көреміз.

Осындай бағыт ұстанған Қазақстандағы сталиндік – голощекиндік билік тап күресін барынша шиеленістіруді, халқықтың әлеуметтік топтарын бір-біріне қарама-қарсы қойып, жау жоқ жерде жау жасап, қоғамдық өмірді жасанды түрде шиеленістіріп, «халық жауларын» қолдан туғызды. Бұны Голощекиннің 1928 жылы 4 қазанда республиканың сегіз жылдығынан кейін екі аптадан соң, өткен партия активі жиналысында айтқан: «Байлар өз жағдайы үшін бар күшімен күреседі. Конфискелеу ауылда шиеленіскен тап күресін тудырды. Бұл түсінікті. Өйткені, конфискелеу науқаны - емтихан және мен оны ұйымның қазақ бөлігін шынықтыратын таптық өрт дер едім» деген сөздерінен, оның тап күресінің шектен тыс күшейіп бара жатқандығы туралы ойды одан әрі теориялық жағынан тереңдетуге тырысқанын байқатады. Сол кезеңдердегі газет ақпараттарына қарағанда, Қазақстан бойынша бір кісінің өлімі мен уәкілдерге жасалған бірнеше шабуылды ескермегенде, 1928 жылғы кәмпеске науқаны қарсылықсыз және қантөгіссіз өткен.

Сол жылдардағы Қазақстан қоғамының ерекшелігін ескерсек, 20-шы жылдары қазақ даласында маркстік-лениндік көзқарас тұрғысындағы феодал табы әлі қалыптасып үлгермеген еді. 1928 жылы ресми құжаттар тәркіленген ең ірі қазақ байларын «ірі» немесе «жартылай-феодал» - деп сипаттады. Осы жерде, неге толық емес, жартылай ғана феодал?- деген заңды сұрақ туады. Шын мәнінде қазақ байы, крепостнойлық тәртіп жағдайындағы еуропалық түрдегі феодал болмағандықтан, қазақ малшылары орыс шаруалары тәрізді басыбайлылықтың қамытын киген жоқ. Әрине, қазақ ауылында да малсыз кедейлер аз емес еді. «Мұндай қожалықтардың саны республиканың жеті округінде 2559 (15 354 адам) болғанын кәмпескеленген малды оларға тарату кезінде белгілі болды». [1,73] Бұл, әрине, көп емес.

Қазақ ауылындағы қара шаруа, кедей, қонсы, жалшы, малшы, қойшы тәрізді әлеуметтік топтардың бір сөзбен айтқанда, қазақ кедейлерінің, негізінен бірлі-жарым болса да мал ұстап, өз күндерін өзі көргенін және өздерінің материалдық мұқтаждықтарын бай көршілерінің немесе туыстарының малын бағу, оларға өз еріктерімен жалдану есебінен толықтырып отырғанын да ескермей болмайды. Рулық қауым психологиясынан басқа бай мен кедейді өзара жақындықтыра түскен тағы бір нәрсе, ол - көшпелі өмірдің қиыншылықтары болды. Табиғаттың әртүрлі, тіптен күтпеген, кездейсоқ кедергілері көшпелілерді қиындыққа ұшырата бергендіктен, мұндай өмір оларды өзара күш біріктіруге, әрқашан тізе қосып әрекет етуге әкеліп отырды. Қауымнан тыс өз малынды жалғыз бағу мұндайда аса қауіпті еді. Оның үстіне руластарда болатын туыстық сезім адамдарды жақындастыра түскен фактор болды.

Бұдан шығатын қорытынды сол, қазақ ауылында шаруашылық ежелден-ақ бір мүддеге, яғни жалпыға бірдей ортақ іске бағыныдырылды. Мұны, өзінше кооперация деуге болады.

Бұдан әрине қазақ ауылында мүлде қанау, әлеуметтік теңсіздік болған жоқ деген қорытынды тумауы керек. Әрине, бай мен кедей бар жерде сөзсіз орын алады. Бірақ қазақ байының қазақ кедейін қанауы көшпелі тұрмыс туғызған қажеттіліктен туындады, оның себептері жоғарыдағыдай. Солай бола тұрса да, қазақ байының өзі де, оның кедей руласын қанауы да еуропадағыдай классикалық сатыға көтеріле қойған жоқ.

Кезінде, таптық тұрғыда жазылған еңбектерде көп айтылған, аяусыз сыналған бай шаруашылығы, шын мәнінде, қазақ даласының табиғи-әлеуметтік ерекшелігіне сәйкес қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын ұйымдастырудың өзіндік үлгісі еді.

Бұл туралы кезінде қазақ байлары қожалықтарын зерттеген профессор С.П.Шевцов өзінің 1927 жылы мамырдың 28-де жарық көрген «К работам экономического отряда Казахской экспедиции. Бюджетное обследование.» деген ғылыми еңбегінде нақты есептеулерге сүйеніп дәлелдеп жазды: «Шаруашылықтың даму деңгейі Якутиядағыдай немесе Қазақстандағыдай кейбір халықтар біздің көзқарасымызша, аса кең ауқымы және өзіндік пішіні бар меймандостықпен ерекшеленеді. Қазақ қожалықтарын зерттегенде ерекшелікке тоқтамауға болмайды».

Өзінің зерттеулерінде қазақ қожалықтарын бес түрлі экономикалық топқа бөліп жан-жақты қарастырған профессор: «Айтылған ерекшелікке байланысты қазақ қожалықтары неғұрлым ауқатты да бай болса, соғұрлым олардың тауарлылығы, яғни құндылығы, ақшалылығы, қор жинауы төмен болады»- деген қорытындыға келеді. Профессор ашқан тағы бір жаңалық: экономикалық топ жоғары болған ойын ондағы меймандостықтың маңызы арта түседі. Мерекелі той-томалақ, өлгенге ас беру, ат шаптырған бәйге жарыс тәрізді дәстүр салттарды өткізуде және рулық қауымдағы кедей-кепшіктің күнкөрісін қамтамасыз етуде ауқатты бай қожалықтардың рөлі үлкен. «Тағы бір қызғылықты ерекшелігі, - деп жалғастырды ойын С.П.Шевцов, - экономикалық топ жоғары болған сайын, ондағы қорлану әлсіздене түседі, ал жоғарысында тіптен кему байқалады». Осы зерттеулер негізінде орыс ғалымы онсыз да тауарлылығы, қорлануы төмен, бірақ бай делінетін ауқатты шаруашылықтарға үкіметтің салық салу тәртібінің шаруа қожалықтарының мал шаруашылығын өркендетуіне үлкен кедергі болғанын атап көрсетті.

Профессор С.П.Шевцов айтқан пікірді қостаған және мақұлдаған ғалымдар да аз болмаған. Солардың бірі - қазақ қожалықтарының қыры мен сырын жан-жақты зерттеуші ғалым, профессор К.Вернердің тұжырымы бойынша, қазіргі қазақ шаруашылығының өзін қоршаған ортамен біте қайнаскандығы соншалық, тіпті сахарада бұдан көшпелілер шаруашылығының өркендей қоюы екіталай. [2]

Әрине, мұндай көзқарастар бай шаруашылығын жоюды мақсат еткен сол кездегі Қазақстан басшылығына ұнай қойған жоқ. Ф.Голощекин осындай пікірдегі ғалымдарды байларды қорғаушылар, «буржуазиялық» оқымыстылар ретінде аяусыз сынға алды.

Тәркілеуге байланысты декретте әсіресе көшпелі аудандардағы қожалықтарға шектен тыс қатал көзқарас айқын сезілді. Осы көшпелі аудандағылардың малы кәмпескелеу мөлшерінен аз болған күннің өзінде де, егер бұл адамадар ауылда ықпалды болса, кеңестендіруге қарсы қауіпті элемент ретінде жер аударылуы тиіс болды.

Осы жерде ойландыратын бір мәселе – ауқаттылар арасында жалпы саясаттан мүлде аулақ тұрғандар, немесе кеңес үкіметі не айтса да, оны мақұлдауға бейім тұрғандар аз емес еді. Мұны кәмпеске науқанында байлар тарапынан жазылған арыздар да дәлелдейді.

Голощекин бастаған Қазақстан үкіметі «тоналғанды талау» деген ұранды басшылыққа алып, бар байлықты талан-таражға салды. Қазақ байы жасаған дәстүрлі шаруашылық бүлдіруге емес, жетілдіруге, болашақта дамытуға әбден лайық көп нәрсе беретінін ұмытқан, оның Қазақстан жағдайында тиімділігін ұмытқан, «ол тонаудан жасалған шаруашылық» деген біржақты түсінікті халықтың ойына әбден ұялатқан. Кеңес үкіметі қазақ даласын ежелден дамыған дәстүрлі экономикадан тайдырып, дамудың басқа жолын қабылдауға күштеп көндіріп, қазақ ауылын тұйыққа тіреді. Ауылда рулық қатынастардың сақталғаны да рас еді. Байларды жою арқылы жаңа өкімет мал шаруашылығын жіне мал шаруашылығының тәжірибелі ұйымдастырушыларын күйретіп қана қоймай, сонымен бірге, ағайынды ықпалды бас иесінен де айырды. Жаксы болсын, жаман болсын, шаруаға қыры бар бай өз ағайындарын қанап, қысым көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге өзінің ар-ұятына жүгініп, ағайынгершілік жақындығына байланысты, өзінің мүмкіндігіне қарай, кедей туысқа қарайласты және шаруашылықты жүргізуге үлгі болды. Қалай десек те, революция әкелген әлеуметтік астан-кестен өзгерістерге дейін, кейбір астық шықпай қалған жұт жылдарының кедейлерге ауыртыпалық артқаны болмасағ қазақ даласында дәл Кеңес үкіметінің алғашқы онжылдығындай ашаршылықтың бірде-бір қырғыны тіркелмеген. Байлардың көзі жойылғаннан кейін дәстүрлі мал шаруашылығының да берекесі кетті. [3,58]

Сонымен, қорытып айтар болсақ, сол кездері көшпенді қазақ шаруашылығы дамудың ең төменгі сатысында тұрды деген большевиктік көзқарасты қолдауға болмайды. Көшпелі шаруашылық та адамзат жасаған, айналадағы орта ерекшеліктері туғызған әлеуметтік-экономикалық дамудың бір түрі. Олай болса, осы кезге дейін тарихшылар бір жақты қарап келген көшпелі тұрмысты адамзат өркениетіне де, дауына да, озық мәдениетке де қарсы қоймай, оны балама даму жолы ретінде қараған

жөн. Көшпелі шаруашылық пен көшпенді тұрмыстың аясы мен анасы табиғат болғандықтан, көшпелі дәстүрлі қазақ шаруашылығы табиғаттың қатыгез талаптарына толық бейімделген, оларға төтеп беретін шаруашылықты ұйымдастырудың тиімді түрі еді. Солақай саясат қазақ даласында қалыптасқан, жағдайға бейімделген дәстүрлі шаруашылыққа қалпына келместей нұқсан жасағанын айтамыз. Шаруаларға өкіметтің тиісуінің басы кулактардан басталғанын көреміз.[4,86] Шаруалардың мал-мүлкін ортақтастырып, ұжымшарларға біріктіре бастағанда болуы мүмкін бас көтерулерді бастап шығатын, өзі сауатты, өзі әлді кулакты осылай залалсыздандыру тоталитарлық билікке тиімді болды.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Халықнама немесе сан мен сапа.Тәгімов М.Б., Алматы.Жазушы.1992.- 73 б.
2. Ұлтшылдық бағытын ұстанған кімдер? Құлжабаев М.//Қазақстан коммунисті.1991.№3.
3. Аграрная политика Советской власти в Казахстане в 1917-1940 гг. Халидуллин Г. Автореферат. Алматы. 2001.- с. 58
4. Страница истории Советского общества. Факты, проблемы, люди. М., Издательство политической литературы, 1989.– с. 86

ӘОЖ 94 (574)

**Шаймарданова Н.С.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

#### **КЕҢЕС НҮРПЕЙІСОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АХМЕТ БАЙТҮРСЫНОВ ТҰЛҒАСЫ**

Ахмет Байтұрсынов – халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, ақын, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері. Бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы бір сырлы» адам. Ахмет Байтұрсыновтың сан қырлы қасиеттерінің бірі оның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады. Осы күнге дейін А.Байтұрсыновтың сан қырлы қасиеттерінің бірі оның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады.

Осы күнге А.Байтұрсыновтың аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері, айлалы саясаткер ретіндегі қызметі туралы жеткіліксіз айтылып, аз жазылып келеді.Оның басты себебі Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық демократиялық Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі, Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құрудың бастау көзінде тұрған айтулы тұлғалардың бірегейі болғандығына ғана байланысты емес еді. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде Ахмет Байтұрсынов біраз бұлтарысы бар күрделі жолдан өткен адам.[1;317]

1911 жылы жазылған «Қазақтың өкпесі» атты Ахмет Байтұрсыновтың мақаласында мынандай сөздер бар: «...Ата жолдасы надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерден-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай-ақ келеміз...Жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз...» Осы «ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз...» Осы «ғылым мен өнерді керек қылатын» қазақтардың көбеюі Ахмет Байтұрсыновтың ойынша халықты тығырықтан шығаратын сара жол болып табылады.

Ахмет Байтұрсынов : «... газета-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шокытпасқа тырысады» - деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді.[2;53-54]

Қазревком төрағасының орынбасары және ішкі істер меңгерушісі болып А.Байтұрсынұлы көп кешікпей «Жизнь национальностей» газетінде (Москва) «Революция және қазақтар» (Революция и киргизы) деген мақала жариялады. Онда басқа мәселелермен қатар Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі жетекшілерінің саяси көзқарас ерекшеліктерін (ең алдымен, өзінің ) түсіндіретін тұжырымдар жасады. «Мен,-осы жолдарды жазушы –деді өз мақаласында А.Байтұрсынұлы,- патша үкіметі кезінде қазақтың ұлттық саясатын жүргізуді басқарған және патша үкіметіне қарсы күрескен қазақ интеллигенттерінің өкілімін... Алашордашылардың торғайлық тобының делегаты ретінде Орталық Советтік Россияға келіссөз жүргізуге келген мен... Россия халықтары құқығы Декларациясына сәйкес қазақ мәселесіне ықыласпен зер салғандықтан куәсі болдым. Колчак билігінен Совет өкіметін артығырақ көруіміз қате еместігін өз жолдастарыма айтып, оларды тыныштандырғым келеді.[3;6-7]

Осыдан Ахмет Байтұрсыновтың өз мүддесінен ел мүддесін жоғары қойғанын анық аңғаруымызға болады.

Кеңес Нұрпейісов өзінің «Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз, ағайын?» атты мақаласында Ахметтің тұлғасын былай ашады: «Ахмет Байтұрсынұлы азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Россия империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді. Патша үкіметі уақыт өткен сайын кең көлемді саясатын жүргізуді күшейте түсті. Қазақ халқы отарлық езгіні, Ахмет сөзімен айтсақ, жері мен «малы тоналған», жаны қамалған, белі сынуға таянған», әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес, Міржақып Дулатұлы дәл басып көрсеткендей «тілі мен діл нашаралап, хал қарам болған, рухани-мәдени салада да (тіл, діл мәселелерінде) бірдей көтерді.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің табиғат берген тума талантының, аса қажырлық пен таймас табандылықпен еткен еңбегінің, ұлт мүддесі үрдісінен шығуды өзінің перзенттік парызы деп әрдайым санауының нәтижесінде әмбебеп білімді ғұлама дәрежесіне жетіп өзінің артына бүгінгі күндері оның туған халқының қала берді, бүкіл түркі әлемінің игілігіне айналып отырған ұлы ғылыми мұра қалдырды. Ол ең алдымен қазақтың жаңа тілтану ғылымының негізін қалаған ұлы лингвист, әдебиет теоритигі, бір сөзбен айтқанда аса көрнекті тюрколог. Ахаң – XX ғасырдағы өз халқының рухани көсемі. Осынысы арқылы ол әлемдегі басқа халықтардың айтулы ғалымдарымен, қоғам қайраткерлерімен, өз халықтарының түпкілікті мақсат-мүдделері үшін сарқыла еңбек еткен ұлдарымен бір қатарда, бір деңгейде тұр». [1;204-205]

Ахмет Байтұрсынұлы азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Ресей империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді. Патша үкіметінің 1867-1868 жылы Қазақстанда жүзеге асырған көп салалық реформалары (әкімшілік, сот, салық т.б. мәселелерге байланысты) өлкеміздің империяның отарлы аймағы, ал халқымыздың отаршылдардың боданына айналғандығын заңдастырды. Мұны Байтұрсынұловтар әулеті де бастан кешірді. XIX ғасырдың сексенінші жылдарында өз ауылында жәбірлеп, қорлағаны үшін Торғай уезінің бастығы Яковлевті Ахметтің Байтұрсын соққыға жыққан. Сол үшін ол ұзақ мерзімге Сібірге жер аударылған. Бала Ахмет осындай озбырлықтың талайын көріп, тез есейген.

Азамат болып есейіп, Қарқаралы қаласында екі класты училищенің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген Ахметтің өзі де полиция тыңшыларының жаласымен 1909 жылы Семей абақтысына жабылып, 8-9 айдай түрменің дәм-тұзын татқан. Осындай оқиғалар тізбегі жігіт Ахметтің қоғмадық-саяси күреске ертерек араласуына түрткі болған. [3;4]

Кеңес Нұрпейісов Ахмет Байтұрсыновтың тұлғалық болмысын толықтай аша білді. Алаштың асыл азаматтарының бірі Байтұрсыновтың тарихи тұлғасы ешқашан ұмытылмайды.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы.-2007.-376.
2. Нұрпейіс К. Алаш хәм Алашорда. –Алматы: Ататек,1995.256 б.
3. Алаштың күрескер ұлы //Нұрпейіс К.//Қазақ тарихы.-1998. -№4-5

УДК: 941

**Смағұл Д. Б.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Мукатаева З. К.

#### «БАБЫРНАМА»

«Бабырнама» - Орта Азия халықтарының орта ғасырдағы тірлігінен ұлан-ғайыр мағлұмат беретін, ескінің көзі, жақсының сөзі сипатты тарихы – әдеби естелік шығарма. Қазақ қауымына ұсынылып отырған бұл кітап қоғамдық құрылысты, әдет – ғұрыпты зерттеуші, тарихшы, этнографтар, географтар үшін, сондай – ақ орта ғасырдағы түрік – шағатай тілінде жазылған ғылыми – әдеби еңбекті зерттеуші филологтар мен тіл мамандары үшін де, тіпті мұнан бес жүз жыл бұрынғы ата-бабаларымыздың тірлігін, кәсібін, шаруашылығын, тұрағын, қоғамдық қарым – қатынасын білгісі келетін зерделі оқырмандар үшін де аса құнды.

Бабыр – Темірдің ұрпағы, Ферғананың билеушісі Омар Шейхтың үлкен ұлы. Ол Темір ұрпақтарының Темір құрған мемлекеттің жерін бөлісе алмай өзара қырқысып, жауығып жатқан 1483 жылы (нижра бойынша 899 жыл) ақпанның 14 күні дүниеге келген. Әкесі Омар Шейх Самарқанда

дүниеге келді. Омар Шейх мырза аса бойшаң емес, толықша, дөңгелек сақалды, ақ құба адам еді. Киім, тамақ таңдамайтын, шалманы арнаулы қызметшілері орайтын. Омар Шей мырзаның үш ұлы, бес қызы болыпты. 1494 жылы Омар Шейх мырза кенеттен қайтыс болып, буыны қатпаған Бабыр он екі жасында Ферғананың билеушісі атанды. Ол кезде Ферғана – бүгінгі Орта Азияның үш республикасының: Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан жерлерін қамтитын. Бабыр ұзақ жылдары жарғақ құлағы жастыққа тимей, Амудария мен Сырдарияның аралығында бір орталыққа бағынған мемлекет құрмақ болды. Бірақ Темір ұрпақтарының арасындағы бақталастық, бақастық соғыс және Мұхаммед Шайбанидың көшпелі өзбектерді бастап Мауараннахрға енуі оның ойын жүзеге асырмады. Мұхаммед Шайбани көшпелі Дешті Қыпшақ мемлекетінің билеушісі Әбілқайырдың немересі еді. Дешті Қыпшақ билігіне қолы жетпеген ол Жәнібек хан мен Керей ханнан ауыр соққы жеп оңтүстікке жылжыды да, Түркістан әміті Мұхаммед Мазид Тарханға паналап кейіннен одан Түркістанды тартып алды, XV ғасырдың ақырында бар күшін Темір әулетіне қарсы жұмсады.

Бабырдың мұрасы «Бабырнама».

«Бабырнама» үш бөлімнен құралған. *Бірінші бөлімінде* – XV ғасырдың ақырындағы Мауараннахрдағы саяси оқиғалар, ондағы қалалар, қамалдар өзінің шыққан тегі, билік үшін жүргізілген соғыс, нағашы атасы Моғолстанның билеушісі Жүніс хан мен Ташкентті билігінен оның үлкен ұлы Сұлтан Махамұттың билігі баяндалды. *Екінші бөлімі* – Ауғанстан жеріндегі оқиға. Бабыр заманында бұл аймақ – «Кабул иелігі» деп аталған. *Үшінші бөлімінде* – Солтүстік Үндістандағы саяси оқиға, елдің географиялық жағдайы, табиғатының ерекшелігі, бұл елді мекен еткен халықтың тұрмыс – жағдайы жайында өте қызықты деректер келтіріледі.

Мұхаммед Шайбани хан 1501 жылы Самарқан қаласын қоршап, халқын ашықтырып қырғынға ұшыратқандығы, ақырында бірнеше қайтара шабуыл жасап Самарқанды бағындырып, 1504 жылы Әндіжанды, кейін Ферғананы басып алып, Бабырды Бадахшан мен Кабулға қуғаны «Бабырнама» арқылы нақты деректермен жетіп отыр. Бабырдың Темір әулетінің иеліктерін қайтарып алмақ ниетпен жасаған жоспары (1505-1515) сәтсіздікке ұшырап, ақыры туған жерінен күдерін үзіп, жат елге бет бұрды. Ендігі мақсаты Үндістанға бет бұру болды. Осы оқиғаның барлығы, күнімен, айымен, жылымен әңгімеленіп естеліктің үшінші бөлімінде. Сонымен қатар 1525 – 1530 жылдардағы оқиғалар баяндалады. Алғашқы Кабул мен Ферғана туралы бөліміне қарағанда бұл беттер толық егжей – тегжейлі жазылған екен. Бірақ мен оқыған *Байұзақ Қожабековтың – орыс тілінен аударған* Бабырнама басылымында бұл бөлім қысқартылып жазылған екен. Үндістандағы саяси жағдай, Бабырдың алғашқы жорығынан дүниеден қайтқанына (1530) дейінгі оқиғалар, оған дейінгі саяси-экономикалық жағдай, Үндістан халқының мәдени өмірі жайында мол мағлұмат беріледі. Өзбек Бабырнамасында 629 беттен тұратын еңбек... Бабырдың дерегінің нақтылығын сол заманның тарихшылары: Хондемір, Мұхаммед Хайдар Дулати, Мұхаммед Салық, Беннай тағы да басқалардың шығармаларының байқаймыз.

Жазбада Бабырдың тіршілік еткен ортасындағы ақындардың, жыршылардың туындылары мен олардың өлең жазу, ән шығару, көптеген шығармаларына да баға беріледі. Сол замандағы өз құрдастары, ақындар, жазушылар тағы басқа өзіне таныс адамдар ерекше суреттелген.

Бабырдың жазбасында Әлішер Науаи талантты ақын, ғалым, өз заманының озық ойшылы, шешені ретінде баяндалады. Сонымен қатар «Бабырнамада» XV – XVI ғасыр аралығындағы жалпы Хорасан, Мауараннахр, Иран, Ауғанстан, Үндістанның мәдени тіршілігінен мол да нақты дерек берілген. Бұрын – сонды ғалымдардың жазбаларында дәл мұндағыдай нақтылық ұшыраса қоймайды деп айтады.

Сол заманда өмір сүріп, тіршілік еткен дәуірін жазып қалдырған шығыстың біраз тарихшылардың деректерімен салыстырғанда жай ғана естіген жайыттарға сүйенбей, тек нақты жайыттар жазылған. Мен «Бабырнаманы» оқу барысында көп қиындық көрмедім, тілі қарапайым, сөйлемдері нақты болып келді. Қазақ халқы өзі шешендетіп, бұрмалап, астарлап сөйлейді емес пе, бірақ бұл кітапта ешқандай шешендікке салыну деген сияқты мүлдем ұшыраспайды. Тіпті түсініксіз сөз болып қалғанның өзінде кітап артында анықтамасы бар.

Бабырдың деректерін орта ғасырдағы тарихшылардың деректерімен салыстыра отырып, бұл қалалардың кейінгі кезеңдерде қалай өркендегенін немесе құрып кеткендігін байқауға болады. Орта Азия қалаларының ішінде, әсіресе, өзі туып – өскен Ферғана аймағындағы қалаларға ерекше тоқталады.

«...жер бетінің адам мекен ететін аймағында Самарқан сияқты қала некен – саяқ».  
(«Бабырнама» 8 бет).

Бабырдың назарынан Ұлықбектің обсерваториясы да тыс қалмапты, ол мұның ғажайып құбылыс, заманның озық ойлы адамы тұрғызған аса бағалы ғимарат, әрі ғалымның жетістігі екеніне

тоқталады. «Бабырнаманың» бірінші беті Ауғанстанның ірі қалалары Кабул мен Ғазниді сипаттауға арналған. Мұнда автор елдің ішкі жағдайына Кабулдың әрбір әкімшілік – экономикалық мүмкіндігіне тоқталып жатпағанымен, заманында Кабул иелігі он төрт әкімшілік округке бөлінетінін жазған. Бұл деректер Ауғанстан халқының XVI ғасырдағы әлеуметтік өмірінің кейбір мәселелерін анықтайтын маңызды тарихи материал болып табылады. «Бабырнама» дүниежүзілік шығыс зерттеу ғылыми орталығында әлі де зерттелуде. Бес ғасырдан астам мерзімде «Бабырнама» әлденеше рет көшіріліп қолдан – қолға тарап, бірнеше тілге аударылды. Бабырдың немересі Ақбар Шахтың тұсында «Бабырнама» түркі тілінен парсы тіліне аударылды. Сол алғашқы аудармалардың ішіндегі жұртқа ұнап, танымал болғаны, әрі бүгінгі күнге дейін құнын жоймағаны – Әбдірахман ханның аудармасы. Біздің елімізде «Бабырнама» алғашқы қолжазба көшірмесін 1714 жылы Темір Пулатов қолға түсіріп, оны Санкт – Петербургте Георгий Дженкат Кер зерттеген, сол көшірменің негізінде 1857 жылы Н.Ильменский Ресейдегі алғашқы басылымын ұсынды. Сондан кейін орыс тілінде Ташкентте басылды.

Өмірбай БЕКМАҒАМБЕТОВ, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұстазы, тарих ғылымының кандидаты:

– «Бабырнама» – шағатай тілінде 1526 жылдан бастап жазылған тарихи шығарма, Орта Азия халықтарына ортақ құнды мұра. ЮНЕСКО-ның ұйғарымы бойынша тарихи жазбаның дүниеге келуінің 460 жылдығы 1990 жылы қазан айында Ташкентте тойланып. «Бабырнама» алғаш аударылып, халыққа ұсынылған кезде оны «қазақ халқының тарихы жазылған шығарма» деп танығандар көп болды. Қазақтың зиялылары да бұл пікірмен келіседі. Себебі Бабырдың бұл еңбегінде бүгінгі қазақ, өзбек, түрікмен сияқты түркітөктес халықтардың құрамындағы ру-тайпалардың тарихы баяндалған. Сол ғасырдағы бірқатар қазақ хандары, қоғам қайраткерлері, батырлары, ақындары туралы құнды деректер жазылған. Ежелгі қазақ жерінің табиғаты бұл шығармада көзбен көріп, қолмен ұстағандай етіп, анық суреттелген.

Бабырдың өзі былай деп жазады:

*«Ұшу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз баян қалпында қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазудағы алға қойған мақсатым шындықты, қандай да болмасын істі, ақиқатты баяндау. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы – жаман адамдардың кемшіліктерін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жарандар, жамағаттар, меймандар кешірім етер деймін».*

Дегенмен кезінде түркітілдес тайпалардың бәріне түсінікті болған шағатай тілінде жазылған «Бабырнама» – қазіргі қай халықтың мұрасы? Оны еншілеп алуға бола ма? «Бабырнаманың» қазақтың тарихына, әдебиетіне, тіліне, рухани өмірін қамтитын басқа салаларына қандай қатысы бар? Бұл сауалдар тарихшы, әдебиетші ғалымдардың әлі де жете зерттеуін қажет етеді. Мысалы, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде Абай Алаша хан жайлы деректерін осы «Бабырнамадан» алғанын айтады.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Захир ад – дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Орыс тілінен аударған – Байұзақ Қожабеков. 1990.
2. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 14 – томдық. Бабырнама. Б. Қожабеков. С. Қорабай. – Алматы «Таймас». 2011 – 480 бет.
3. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Тұрсын Ғабитов «Бабырнама» және тарих философиясындағы түркілік үрдістер.
4. Нұрмұхаметова, Қ. «Бабырнама» жәдігеріндегі руханиат мәселелері. Қ. Нұрмұхаметов. Қоғам және Дәуір.- 2009.- №4.- Б.111-114.
5. «Қазақ» этнонимі туралы. Алаш.- 2010.- №5.- Б.4-18.
6. Ошақбаева, Ж. Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың қазақ философиясы тарихына алатын орны. Ж. Ошақбаева. 2012.- №9.- Б.41-48.
7. Ошақбаева, Ж. «Бабырнама» -Орта Азия халықтарының біртұтас рухани құндылығы. Ж. Ошақбаева. Адам әлемі.- 2014.- №3.- Б.127-135.

**РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ  
(ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ БОЙЫНША)**

Ертіс бойындағы линиялардың қанат жаюымен, Алтайда үздіксіз кен өндіру ісі жолға қойылды. Бұл жағдай Ресейдің түкпір-түкпірінен жаңа жерлерге қоныстанушылардың келеуіне жол ашты.

Шығыс Қазақстан өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, сонымен бірге оның тұрғындарының құрамына да байланысты болды. Осы жерде XVIII ғасырдың басында Ресей мен Қазақстан арасында, соның ішінде Шығыс Қазақстан өңірінде пайда болған қамалдар қандай әлеуметтік топтардан құрылды? - деген сұрақ туындайды. Семей қамалына, Солтүстік-Шығыс өңірге, жалпы Шығыс Қазақстанға алғаш келіп қоныстанған қоныстанушыларға назар аударатын болсақ, олардың ең алдымен, өз әлеуметтік жағдайларымен, айналысатын кәсіптерімен, діни сенімдерімен, сондай-ақ, ұлттық құрамдарымен ерекшеленеді. Егер, өңірді игеру тұрғысынан қарайтын болсақ, бұнда таңданатын ештеңе жоқ. Қамалдарды салу барысында бұл өңірге әскери адамдар, казактар (оның ішінде таратылған Запарож Сечінің казактары да бар), сондай-ақ айдауға жіберілген поляктар қоныстандырылды.

Шығыс Қазақстан өңірінде казактардан кейін ең көп этникалық топты құраған әрине, орыстар болды. Орыстар, жалпы айтқанда «шығыс славяндар.XVI ғасырдың өзінде-ақ Қазақстан жерінде орал казактарының қоныстары болды. Шығыс Қазақстанға қоныстанаған орыстардың көпшілігі Ресей губернияларының помещиктерінің қаһарынан қашқандар, ескі дінді ұстанушылар (Старообрядцы немесе кержактар.-авт.) және т.б. болды. Бұлар Бұқтырманьың тау бөктеріндегі аңғарларға немесе ну орман ішіне орналасып, баспана тұрғызып және т.б. ауыр жұмыстарды жасады. Алтай тауларына келіп орналасқандықтан бұларды сол кездерде «каменшики» деп атаған [1]. Басында орыс өкіметі олардың бар екендіктерінен бейхабар болды. Тек 1791 жылы ғана бұлар, ресми түрде Ресей өкіметінің бақылауына өтті [2; 34]. Бұлар Шығыс Қазақстан жеріне өз бетімен келіп, орналасушыларға жатады.

Шығыс Қазақстан территориясындағы ең алғашқы орыс мекендерінің пайда болуы XVIII ғ. Қазақ даласындағы әскери отарлаумен тығыз байланысты. Жоғарғы Ертіс қамалдарының бірінші тұрғындары Сібір казак войскосының құрамында болған казактар болды.

1760 жылғы Сібірдегі Өскемен қамалынан Бұқтырма өзені бойымен Телец көліне дейінгі жерлерге Уба, Үлбі, Березовка, Глубокое және т.б. өзен бойларындағы елдімекендер түсті. Сенат жарлығына байланысты бұл жерлерге шаруаларды да орналастыра бастады. Архангельск губерниясының Устюжск және Вятка уездеріндегі мемлекеттік шаруаларға осы жаққа келіп қоныстануға рұқсат берілді [2].

Жоңғар мемлекеті күйрегеннен кейін босап қалған жерлерге қоныстануға шаруалардың ұмтылысы жоғары болды. Олар өздерін Усть-Каменогорск қамалына қоныстандыруға өтініш жасай бастаған. 1743 жылы Кузнецов бөлімшесінің шаруалары Максим Земляных мен Василий Шибаев 29 отбасының атынан Сібір линиясының басшысы, генерал-майор Киндерманға өздерін Усть-Каменогорск қамалына қоныстандыруға рұқсат сұрайды. Алайда ешқандай жауап ала алмайды. 1746 жылы олар өз өтініштерін қайта қайталайды. Бұл жолы олармен бірге, Ишим, Ялуторовск, Тара, Омбы бөлімшелерінен барлығы 200 адам өтініш жасайды. Олар өз өтініштерінде Усть-Каменогорск жерінің құнарлы екенін, егіншілік шаруашылыққа қолайлы екендігін атап көрсетеді [3; 35-37].

1760 жылдың тамыз айындағы және 1765 жылғы жарлықтар бойынша помещиктерге өздерінің басыбайлы шаруаларын айыпты істері үшін (предерзостные поступки) Сібірге қоныстануға және каторгаға жіберуге рұқсат берілді. Осы жарлық бойынша келгендер негізінен Өскемен қамалы карамағындағы (ведомствосында) жерлерге орналасты. Орыс шаруалары егіншілікпен айналысты.

1746 жылы Семипалатинск қамалында – 200, Ямышевта – 171, Усть-Каменогорскіде – 144 егін салатын алаптар болды. Шығыс Қазақстан өңіріндегі егіншіліктің дамуы туралы мәліметті 1789 жылғы статистикалық көрсеткіштерден байқауға болады. Осы жылы: карабидай – 4418 десятина, көктемгі нан – 3129 десятина, бидай – 2284,5 десятина, сұлы – 1809 десятина, бұршақ – 5165 десятина жерге отырғызылды [4; 57].

1762 жылы II Екаторинаның манифесі негізіндегі үкімет сенатының жарғысы шықты, бұл бойынша діни бөлунішілік кезінде әр жылдарда Польшаға қашқандарды қайтару шарасы іске



асырылды. Қайтып келген ескі ғұрыптағылардың жартысы Алтайға қоныстандырылды. Олар Ульба және Уба өзендері бойындағы бұқтырмалық ескі ғұрыптағылардың жанына қоныстанды. Староалейск, Лосиха, Секисовка, Шемонайха, Екатеринка және Бобровка мекендері пайда болды. Ұзақ уақыт бірге тұрғаннан кейін бұқтырмалықтар мен «поляктар» мәдени-шаруашылық қарым-қатынаста жақындасып кетті [5; 58]. Осыған орай Кенді Алтайда «поляктар» елді мекендері пайда болды. Мысалы, Староалейское, Лосиха, Секисовка, Шемонайха, Екатеринка, Бобровка, Малая Уба, Быструха, Черемшанка және т.б. Жоқшылық пен қанауға ұшыраған Алтайды қоныстанушылардың біразы «Беловодье» атты жер жұмағы бар деп естіп, Бұқтырма арқылы Алтай тауларына тереңдеп еніп орналаса бастады. Ал өңірдегі поляктар егіншілікпен қоса, мал шаруашылығымен айналысты.

Ертіс өңірі бойындағы саяси және сауда қатынастарының дамуына байланысты патша бұйрығымен өңірге қауырт қоныстандыру жарлығы жалғаса берді. Бұл жарлықтар нәтижесінде Ертіс өңірі бойындағы қамалдарда халық саны күрт өсті. 1745 жылдың 1 мамырындағы санақ көрсеткіші былай болды:

Қамалдар	Адам саны
Омбы қамалы	196 адам.
Железинск қамалы	54 адам.
Ямышевск қамалы	203 адам.
Семипалатинск	147 адам.
Усть-Каменогорск	53 адам

Ал, 1744 жылғы 25 наурызда Г.Н.Потанин деректемесінде Жоғарғы Ертіс өңірі қамалдарындағы тұрғындар саны былай көрсетілген:

Қамалдар	Адам саны
Ямышевск қамалы	303 адам.
Семипалатинск	204 адам.
Усть-Каменогорск	141 адам

[4, 55 б.]

Жалпы қоныстанушылар арасында ресми құжаттар бойынша «шаруа» қоныстанушылары ерекшеленеді. Бұлар негізінен айдауға жіберілген шаруалар еді. Олардың көпшілігі XVIII соңында Колыван губерниясының Семипалатинск уезіне, оның ішінде Семипалатинск және Усть-Каменогорск қамалдарына жасалған IV ревизияда байқалды. Осындағы қоныстанушылар саны және құрамы туралы ревизияның мәліметі, патша өкіметінің отарлауда қамалдарды пайдалану саясатын байқатады. Семипалатинск уездіндегі орыс ұлты 6783 адамды құрады. Айдауға жіберілген қоныстанушылар Жоғарғы Ертіс өңірі халық тығыздығының жартысын құрады, бұл Шығыс Қазақстан өңірінің халық санының өсуіне үлкен үлес қосты.

Шығыс Қазақстан өңіріне қоныстанған алғашқы ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік жағдайы нашар болды. XVIII ғасырдың соңына қарай жонғарлардан өздері босатқан, ежелгі ата-баба жерлеріне қайта оралған қазақтар да қоныстана бастады. Кейбір Ертіс бойындағы жерлерді казактар иемденгендіктен оларға кең жайылымдық жерлер қажет болды. Қазақтар әртүрлі ұсақ жұмыстарды атқарды. Өкімет ол үшін қазақтарға аздаған төлемақы берді. Өңірдегі қазақтардың жағдайы туралы сол кезіндік құжатында былай деп жазылды: «Өңір тұрғындарының жағдайы нашар болды, олар өте аз мөлшерді төлемақы алды, төлемақы құны жылына 1 руб. 52 копейка» болды [4, 56 б.]. Қазақтардың қиын жағдайы туралы сібір басқармасының басшылары да хабардар болды.

Аймақтың жедел түрде игерілуі Шығыс Қазақстанға қоныстанған ұлттар мен ұлыстардың, өңірдегі көпұлтты құрамының қалыптасуына себепші болды. Сондай-ақ, олардың өмірлеріндегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық факторлар өңірдің дамуына, түрлі ұлт өкілдерінің біріне-біріне жақындасуларына, кәсіп түрлеріне бейімделулеріне септігін тигізді. Ресей патшалағының Орталық Азиямен байланыс жасау мақсатында салынған алғашқы геостратегиялық және әскери бекіністері қазақ жеріне еуропалық және т.б. халықтардың кең аграрлық миграциясына жол ашты.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 бет, суретті, карталы. 163-167, 298-299 б.
- Атантаева Б.Ж., Камалджанова Т.А. Влияние миграции на формирование этнических диаспор

Восточного Казахстана в 1937-2005 гг. (социально-демографический и культурный аспект). – Семей, 2014. – 256 с.

- Тарихи атауларымызды қайтару керек /Айгүл ӘЛІМХАН// Ана тілі. - 2013. - 7 қараша. - 13-14 б. ;
- Алексеенко Н.В. История Восточного Казахстана в документах и материалах. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. – 156 с.
- Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска ( 1718-1917 гг.) –Алматы, 1998. – 276 с.

ӘОЖ: 94 (574) «1879-1917»

**Ешенғазин Д.С.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

## **РАЙЫМЖАН МӘРСЕКОВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІ**

XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы жаңа да сапалы сатыға көтерілді. Отарлық езгіге қарсы күрестің бел ортасында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев сынды көптеген алаштықтар болды. Солардың бірі – Райымжан Мәрсеков еді.

Ол 1879 жылы Семей губерниясының Өскемен уезінің Айыртау болысында дүниеге келеді. Арғы атасы Сасықбай – терістанбалы Найманның ішіндегі Семей, Өскемен өңіріне танымал шешен, ұшқыр ойлы адамдардың бірі екен. Бұл кісінің Тағай, Шоңай, Боғай, Көжекбай, Тұтқыш, Мәрсек деген алты ұлы болады. Сүт кенжесі Мәрсек кезінде Өскеменге атағы шыққан адам көрінеді. Атақты Мұрын руының ішіндегі Жанай Тана мырзаның Омар деген баласынан туған немере қызы Бейілхан осы Мәрсекке ұзатылған. Мәрсек Райымжан, Шеряздан деген екі бала көреді.

Жастайынан алғыр Райымжан ауыл балаларының арасынан бірден көзге түседі. Сол зеректігінің арқасында ол кезінде Ресей империясының астанасы аталған Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Университетте оқып жүріп Райымжан қоғамдық жұмыстарға белсене кірісіп, өзі сияқты оқу іздеп келген қазақ жастарымен қоян-қолтық араласады. Сол кезде Петербургте билеуші үкіметке қарсы небір бой көтерулер болып жатқан еді. 1899 жылы ақпан-наурыз айларында болған студенттік қозғалысқа олда қатысады. Өйткені бұл қозғалыс патша мен оның қызметіндегі шенеуніктердің озбырлығына, отаршыл саясатқа қарсы бағытталған еді. Райымжан патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізіп отырған қанаушылық, билеушілік әрекетіне осылайша қарсы қарсы шығады. Осы студенттік қозғалысқа қатысқаны үшін ол оқудан шығарылып, астанадан қуылады. Оның соңынан жасырын бақылау қойылады. Өскемен уезд басшысына жіберілген №90 құжатта оқудан шығарылған Райымжанның Омбы қаласы арқылы Өскемен уезінің Айыртау болысына жүріп кеткені сөз болады. Соңынан құпия бақылау қою ісі қозғалады және полиция бөліміне үнемі хабар түсіріп тұрындар деп талап етіледі [1, 506].

Университеттен шыққан соң еліне келген Райымжан әкесінен мол қаражат алып, Петербургке тамыз айында қайта оралады да, ізденіп жүріп, әрең дегенде оқуын әрі қарай жалғастыруға рұқсат алады. Кейбір деректерде Райымжан университетті 1902 жылы аяқтаған десе [2, 386], Светлана Смағұлова болса Райымжанның өз қолымен жазылған мұрағаттағы «жеке ісіне» сілтеме жасап 1905 жылы оқуды тәмәмдаған дейді [1, 506].

Райымжан Мәрсеков көкірегі ояу, көзі ашық әрбір ұлтжанды азаматты толғандырған қазақ қоғамының өзекті мәселелеріне студент кезінен-ақ қалам тартқан. Оның алғашқы зерттеу мақалалары 1899-1900 жылдары «Дала уалаяты» газетінде жарияланып тұрған. («Сайлау һәм оның ақырғы залалы» (Дала уалаяты газеті, 1899, №44, 45, 46; «Қазақ билерінің тексерулері» 1900, №1, 2; «Бір ауылдан бір ауылға шықпақ турасында» 1900, №6).

Сонымен қатар, Семей қаласы Абай атындағы кітапхана каталогына Р.Мәрсековтың: «Сайлау (выборы) и его вредн. послѣдств.», «Киргизский народный судъ» және «По поводу статьи въ киргиз. Степ. Газ. «Женщина»» мақалалары енген. Ол 1899 жылғы «Дала уалаяты» газетінің 1 санында В.М. деп қол қойған автордың қазақ әйелінің қоғамдағы, отбасындағы ролі туралы пікіріне: «...Қазақ әйелінің басынан билік мүлде кетпейді. Қайта көбі байының ақылдас, серігі болып кетеді. Ері үй жамағатының бастығы. Жалғыз онан үлкен емес. Шаруа тұрыс-жүрісінің көбін-ақ қатынымен ақылдасып істейді. Қырда қатыны шаруа жүріс-тұрысын билейтін үйлер көп жолығады. Байының атын атамай, қатынының атын атап: «пәленшенің ауылына барамыз» дейді, байы тірі болса да...» деп

«По поводу статьи въ киргиз. Степ. Газ. «Женщина»» мақаласымен жауап жазып, аталған газеттің 2-ші санында жариялаған [3].

Революцияға дейін ол 1908 жылдан Омбы қаласында адвокаттық қызмет атқарады. Ол қызметте қазақ жұртына қатысты істерді өз қолымен қарап, сот қазыларының әділ үкім шығарылуына атсалысады.

1912 жылы Семейге қайта оралып қызметке араласып, білікті заңгер, қаржыгер ретінде елге таныла бастайды. Оның әділдігімен көптеген қандастарымыз жалған жаладан құтылып, көптен шешілмей жүрген даулар дұрыс шешім тапты.

Райымжан Мәрсеков халқының теңдігін, азаттығын аңсап, Алашорда үкіметіне адал қызмет етті. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды Алаш көсемдерімен жақсы қарым-қатынаста болды. 1916-1917 жылдары осы аталған қайраткерлермен бірге алғаш рет Қытайға ауып кеткен тұрмыс-тіршілігін көру мақсатында Шәуешек қаласына барып, сондағы қандастарының хал-жағдайымен танысады. Осы сапар нәтижесінде Қытайдағы қазақтардың біразы атамекенге оралған [4, 36].

Райымжан Мәрсеков патша үкіметінің саясатын әшкерелеп, заңсыздық, әділетсіздікке, халыққа қысым жасаушылыққа қарсы шығады. Ол 1917 жылға дейін патша үкіметінің қазақ еліне жүргізіп отырған саясатына қарсы шыққан қазақтың белді азаматтарымен тығыз байланыста болып, олардың «Қазақ» газеті, «Айқап» журналына жарияланған мақалаларын үзбей оқып, пікірталастарына белсене араласып, өз ойын да ортаға салып отырған.

1917 жылы Райымжан «Сарыарқа» газетін ұйымдастырып, шығарушыларының бірі болады. Ол бастапқы кезде газеттің редакторлық қызметін атқарған. Қазан төңкерісінен кейін Райымжан Мәрсеков 1917 жылы Семейдегі қазақ облыстық комитетінің төрағасы қызметін, ал 1918 жылдың 17-қаңтарынан 1919 жылдың 23-маусымына дейін Семей облыстық жер басқармасының төрағасы қызметін атқарады.

Сонымен қатар, Райымжан Алаш партиясының мүшесі болып, партияның міндеттері мен мақсаттарын айқындауға белсене араласады. Алаш сиезіне ол Семей облысының №5 сайлау округі бойынша сайланған. Бір айта кететіні, Әлихан Бөкейханов пен Жақып Ақбаев та сиезге осы округтан сайланған.

Райымжан Мәрсеков 1917 жылы 27-сәуірден 7-мамыр аралығында өткен Семей облыстық сиезіне қатысады. Бұл сиезге қатысуға облыстың бес уезінен 200-ге тарта делегаттар келген. Сиездің ашылуын, оның құрамын сайлауды сиезге қатысушылар ұйымдастыру комитетінің төрағасы Райымжанға сеніп тапсырады.

Бұл сиездің тікелей төрағасы болып Жақып Ақбаев, ал оған серіктікке Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, М. Боштаев, Б. Сәрсенов, ал хатшылық қызметке Ә. Ермеков, Ы. Оразалин, М. Малдыбаев, Ш. Ақбанов сайланады. Сиезге әйелдер комитетінен Нәзипа Құлжанова қатысады. Осы өткен сиезде 20 мәселеден тұратын жоба қабылданған болатын. Солардың ішіндегі ең маңыздылары автономия құру, комитеттер ашу, дін, жер, сот, әйел мәселелері, жалпы қазақ сиезін шақыру сияқты мәселелер еді. Сиезде жаңа 20 мүше мен 10 мүшеге кандидаттықтан тұратын облыстық қазақ комитеті құрылады. Райымжан Мәрсеков та осы комитеттің мүшесі болып сайланады [1, 536].

Семей облыстық Жер басқармасының төрағасы қызметін атқарған жылдары облыс төңірегінде көптеген маңызды істерді шешуге басшылық жасап, ел қамын ойлаған дарынды басшы, іскер ұйымдастырушы ретінде көзге түседі. Ол облыстың көптеген губернияларын аралап, халықтың жағдайын өз көзімен көріп, оларға көмек көрсетуге бар күшін салады. Азамат соғысы жылдары күйзелген халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге бар күшін салып, Владивосток қаласына сапар шегіп, онда орналасқан Американдық «Андерсен, Майер және К°» фирмасының бөлімшесімен келіссөз жүргізуге қатысып, Семей облыстық земствоның атынан 15 миллион сомның тауарын жергілікті шикізатқа айырбастап әкеліп, бұқара халықты күнделікті тұтынатын ең қажетті деген тауарлармен қамтамасыз етілді.

Қазақстанда Большевиктік режим орнағаннан кейін өзге алаш зиялылары қатарлы ол да кеңестік жүйе мекемелерінде қызмет жасады. 1922 жылдың 5 көкегінен 4 маусымына дейін Семей губерниялық атқару комитетінің ақпараттық нұсқаушылар бөлімінде нұсқаушы тексеруші қызметінде болғанын өзі толтырған жеке қызмет ісінде жазған екен. Бұл Р.Мәрсековтың өз Отанында соңғы істеген қызмет орны.

Сөзімізді қорыта келе айтарымыз, Алаш қозғалысы тарихында Р. Мәрсековтің атқарған қызметі ерекше орынға ие. Өз мақалаларында Р.Мәрсеков мемлекеттің іргетасын құрайтын (жер, сот, білім, ұлт бірлігі, т. б.) өзекті мәселелерге назар аударып, ойларымен бөліседі. Бұл пікірлердің айтылғанына ғасырға жуық уақыт өтсе де, бүгінгі күннің өзінде әлі маңыздылығын жоғалтпаған.

## ӘДЕБИЕТ:

1. Смағұлова С. Заңгер Райымжан Мәрсеков// Қазақ тарихы.- 1997.- №4, 50-54 б.б.
2. Егізбаев Қ. Алаштың арысы – Райымжан Мәрсеков// Қазақ тарихы.- 1999.- №2.- 38-43 б.
3. Райымжан Мәрсеков [Электронды ресурс]. - URL: [http://semeilib.kz/?page\\_id=2888](http://semeilib.kz/?page_id=2888)
4. Бабанова Ә. Алаш арыстарының бірі – Райымжан Мәрсеков// Семей таңы.- 2007.- 30 тамыз, 3 бет.

УДК: 94(574) «1900/1957»

**Серіков Қ.Ж.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

### **АЛАШ АРЫСЫ - АХМЕТЖАН ҚОЗЫБАҒАРОВ**

Кезінде «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің жергілікті жерден ығаюына өздерінің қомақты үлестерін қосқан ұлт зиялыларының көп салалы қоғамдық-саяси қызметтерін зерттеу және оны бүгінгі ұрпақпен таныстыру тарихи тұрғыдан алғанда да қажеттілік болып табылады. XX ғасырдың басында дүниеге келген Алаш қозғалысы саяси жағдайдың күрделілігіне қарамастан 1917 жылға қарай өзінің жаңа кезеңіне шығып, Алаш партиясына трансформацияланғаны белгілі. Осы бір аса күрделі кезеңде, алаш қозғалысының қатарына, ұлтының тәуелсіздігін аңсаған небір күрескерлер қосылып отырды. Сөйтіп, уақыт және қалыптасқан жағдай азаттық жолындағы күрескерлердің бүтін бір буынын тарих сахнасына шығарды. Солардың ішінде Ахметжан Қозыбағаров сынды алаштың көрнекті қайраткері де болды.

Ахметжан Қозыбағаров Алаш партиясының алдыңғы сапындағы қайраткері, ұлтымыздың демократиялық көзқарастағы зиялыларының бірі еді. Ол Семей өңірінен шыққан тұңғыш кәсіпқой медицина қызметкері екендігін де айтуымыз керек.

Ахметжан Қозыбағаров 1879 жылы бұрынғы Семей облысы, Бұғылы болысының жерінде (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы) орташа дәулетті отбасында дүниеге келген. Оның жанұясының мүшелерінің естеліктері бойынша Ахметжанның әкесі Қозыбағар Абаймен замандас, құрдас, сырлас болған адам көрінеді. Абайдың кеңесімен Қозыбағар өзінің екі ұлын Семей қаласына әкеліп оқытқан[1,3].

Ахметжан Семейдегі ауылшаруашылық мектеп-интернатын бітіргеннен кейін, 1901-1906 жылдары Омбыдағы медициналық фельдшерлік мектепте оқыған. Сауатты жас Ахметжан студенттік кезінде-ақ қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласады. Осы Омбыда оқыған жылдары Ахметжан қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымына қатысып, Әбілқайыр Досов, Жанайдар Сәдуақасов, Хамза Жүсіпбеков тәрізді болашақ қайраткерлермен танысады. Ахметжанның сол студенттік шағында Алаштық тұрғыда қалыптасқан саяси көзқарасы одан кейінгі төңкерістер кезеңінде де еш өзгермеді. Ол шын мәнінде, ұлт мүддесіне қызмет еткен Алаштың нағыз азаматы болды. Ахметжан оқуын бітіріп келген соң, 1906-1918 жылдар аралығында Семейдің Затон жақ бөлігіндегі госпитальда фельдшер болып жұмыс істеді, үлкен кәсіби біліктілігін қалыптастырды.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен алғаш «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті құрылғанда, Ахметжан Қозыбағаров оның басшылық құрамына еніп, қоғамдағы саяси жұмыстарға білек сыбана араласады. Ол облыста қазақ съездерін ұйымдастырып, өткізуге қатысып, Облыстық Қазақ комитетіне мүшелікке сайланады. Сол тұстағы қазақ комитеттерінің тарихи ролін, қазіргі таңда алаштанушылар «ұлттық мемлекеттің негізі, бастау көздері еді» деп бағалайды. Шынында да, Семей облыстық қазақ комитетінің ұсынысы бойынша ұлттық автономия құру мәселесі, ең бірінші болып Семейдегі қазақ съезінде көтерілді. Ол туралы академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты зерттеу еңбегінде: «Семей съезінің өзіне тән және басты ерекшелігі, онда мемлекеттік басқару мен қазақ халқының автономиясы туралы мәселелер бойынша қабылданған шешімдер болды» дейді[2].

Ахметжан Қозыбағаровтың тағы бір баса назар аударарлық қоғамдық қызметі Алаш қаласында ұлттық педагог кадрларды даярлау мен қазақ мектептерін ашу мәселелерімен тығыз байланысты болды. Бұл істерде ол Мәннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтармен бірлесіп жұмыс жасады. Сол уақытта Алаш қаласында екі қазақ, бір мұсылман, арнаулы білім беретін қыздар мектептері ашылып, қызметкөрсетті[3].

Ал 1920 жылдары Семей уезіндегі бастауыш мектептер саны жетпіске жетті. Әрине, бұл бастауыш оқу орындарында білім беретін ұстаздар жағы үнемі жетіспеді, сондай-ақ оқу-құралдарының тапшылығы да қатты сезіліп отырды. Міне, осындай өзекті мәселелер жайында

Ахметжан Қозыбағаров 1918 жылдың 16 қыркүйегіндегі «Қазақ» газетінің №265 санында жарияланған «Оқу құралдары» атты мақаласында айтады. Дегенмен, табанды алашордашы Райымжан Мәрсеков басқарған Семей облыстық Земствосы және Ахметжан Қозыбағаровтың басқаруындағы Семей уездік земствосы бұл кедергілерді асқан қажырлылықпен шеше білді.

Ахметжанның жанұясында: әйелі – Тұрар, Алаш, Сәтен, Жошы есімді ұлдары және Сара, Рәш атты қыздары болған. Қозыбағаровтың сүйікті жары Тұрар Қозыбағарованың есімі де Семей жұртшылығына жақсы таныс еді. 1914 жылдың күзінде ұлы Абайдың өмірден өткеніне 10 жыл толуына арналған Семейдегі әдеби кешті ұйымдастырып, өткізуші тамаша педагог-ағартушы Нәзипа Құлжанованың жақын досы, құрбысы ғана емес, сондағы «Біржан-Сара» спектакіліндегі ақын Сараның ролін ойнаған өнерлі жан еді. Ол жайында 1915 жылғы «Қазақ» газетінің 28 наурыздағы 114 санына М.Әуезов «М» – деген бүркеншік есіммен жазған мақаласында: «13 февральда Семейде саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлерінің ыждаһатымен мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларының пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды жазбақшымын...»- дей келіп, кешті Райымжан Мәрсековтың қазақ әдебиеті туралы сөзімен ашқанын, одан соң Н.Құлжанов сөйлеп, Біржан-Сара айтысы қойылып, Сара – қыз Қозыбағаровтың жамағаты Тұрар ханым, Біржан – семинарияда оқитын шәкірт – Жүсіпбек мырза Аймауытов және көріністен соң күй шертіліп, ән айтылып, Абайдың, Ы.Алтынсариннің өлеңдері оқылып кеш көркем де көңілді өтіп, 817 сом жиналғанын айтады[4].

Ал, Ахметжанның 1918 жылы туған тұңғышының есімін Алаш деп қоюы, тағы бір ұлына Жошы деп ат беруінің өзі-ақ, оның ұлтымыздың мүддесіне қаншалықты адал болғандығынан хабардар еткендей. Ұлы Алаш та әкесінің жолын қуып дәрігерлікті таңдайды. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер атағының иегері, Семей облыстық акушер-гинекологтар қоғамының негізін қалаушы болды, көптеген жылдар бойы Семей қаласындағы облыстық және қалалық ауыруханаларда дәрігер, бірнеше жыл қатарынан Семей медицина институтында Акушерлік және гинекология кафедрасында меңгеруші болып қызмет атқарды. Алаш Ахметжанұлы дүниеден озған соң, Семей қаласының бір көшесіне оның аты берілді. А.Қозыбағаровтың үлкен қыздары Сара мен Рәш туралы білетініміз аз. Рәш Алматы қаласындағы Қазақ медицина институтының бірінші түлегі болған, басқадай дерек жоқ.

Ал, 1937 жылдың 9 қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облыстық Халықтық ішкі істер комиссариаты Басқармасының жанындағы «үштіктің» Қаулысымен Ахметжан Қозыбағаров кеңес үкіметіне қарсы күрескен астыртын контрреволюциялық ұйымның басшысы ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді. Алайда, арада жиырма жыл өткен соң, яғни 1957 жылы Қазақ КСР Жоғарғы сотының коллегиясы Ахметжан Қозыбағаровтың ісінде ешқандай қылмыстық әрекет жоқ деп тауып, ақтады [5]. Десекте, Алашорда қайраткерлеріне қатысты тарихтың жабулы беттерінің ашылуы, тәуелсіздік алған кезеңнен басталды.

Шын мәнінде, А. Қозыбағаровтың атқарған қызметі Алашорда тарихында ерекше орынға ие. Кезінде өзінің жазған мақалаларында А.Қозыбағаров оқырманның назарын мемлекеттің іргетасын құрайтын өзекті мәселелерге (жер, сот, білім, ұлт бірлігі және т. б.) аударғаны белгілі. Бұл пікірлердің айтылғанына ғасырға жуық уақыт өтсе де, бүгінгі күннің өзінде олар әлі маңызын жоғалтпаған.

Сондықтан да, Ахметжан Қозбағаров сияқты алаш ісіне берілген, оның идеяларын табандылықпен іске асырған, түгелге жуық қызыл террордың құрбандары болған қайраткерлердің өмірлерін, шығармашылықтарын зерттеу бүгінгі күннің сұранысы болып табылады. Солардың ішінде Ахметжан Қозбағаров сынды қайраткердің әсіресе медицина және қоғамдық-саяси саладағы қызметін тереңдете зерттеуді қолға алу, кезек күттірмейтін міндеттердің қатарына жатады.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Ғ.Әнес, С.Смағұлова. Алаш. Алашорда: Энциклопедия - Алматы: Арыс, 2009.- 228 б.
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж: Т.3. Кіт.1.- Алматы: Ел-шежіре, 2007.- 304 б.
3. Кенемолдин М. Алаштың ардагер азаматы //Абай.- 2011.- №1.- 71 б.
4. Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақов.«Қазақ» газеті:Алаш азаматтарының рухына бағышталады - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. 555 б.
5. Сейсенұлы Д. Алаштың Ахметжаны еді... //Дидар.- 2000.- 3 маусым.- 4 б.

**ТОМАС ГОББС ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ «АТОМДЫ АДАМ» ИДЕЯСЫ**

Берлин орталығындағы Шпрее өзенінде темір адамның алып мүсіні орналасқан. Оның бет бейнесі, жанның айнасы болып табылатын көздері жоқ, өрескел денесі оқтың іздері сияқты ұсақ тесіктері бар жазық металл беттерінен тұрады. Мүсін атауы – «Атомды адам».

Батыс және Шығыс Берлинді қосып тұрған көпірге жақындағанда мүсіндік композиция толықтай көзге көрінеді: темір адам жалғыз емес екен, өзеннің екінші жағасынан оған қарсы басқа дәл сол сияқты адам келе жатыр. Олар ішкі жан дүниесінде өзіншіл атомды индивид ретінде қалып, капиталистік мемлекет «Левиафанда» бір-бірімен тіл табыса алады ма? Ал егер тапса, онда қандай іс-әрекеттер үшін өздерінің алып күштерін біріктіреді? Бұл өзен суы жұлығына да жетпейтін үлкен фигуралар бізді үміттендіруден қарағанда үрейлендіреді.

Бұл атау бізге бұрыннан таныс. Осы бейнеге көптеген философтар мен саясаттанушылар жиі жүгінеді. Сонымен қатар, бұл ұғым Томас Гоббстің «Левиафан» саяси трактатына сілтеме жасай отырып либералды авторлармен қолданылады.

XVII ғасырдың философы мұны қалай талқылаған? Гоббс бойынша адам – демокриттік атом іспеттес – әркім өзімен өзі, жеке тұлға. Ол шарттық одақтарға уақытша кіруі мүмкін, бірақ «достықты емес, дәлірек айтқанда пайданы» іздейді [1]. Одақтардың бұзылуы индивидке ешқандай моральдық азап әкелмейді, өйткені достық, үйір болу, жақын тұту қасиеттері онда туындамайды. Жауапкершілік, борыш, патриоттық сезімдері де қалыптаспайды. Адамдар бір-біріне тіпті немқұрайлылықпен емес, өшпенділікпен қарайды.

Философтың ойынша мемлекет адамдар бытыраңқы өмір сүрген және «барлығының барлығына қарсы соғысы» жағдайында болған «табиғи» күйден қоғамдық келісімге келу негізінде пайда болды. «Мемлекет болмаған кезге дейінгі табиғи күйде «барлығының барлығына қарсы соғысы» тоқтамайды», - деп Гоббс санаған [2]. Ойлансақ, мемлекеттер арасында соғыс туындаған жағдайда жаулар да, одақтас-жерлестер де болады. Индивид-атомның жақтастары болмайды, ол барлығына қарсы шеңберлі қорғанысты ұстап, өзі басқаларға шабуылдайды.

«Адам - адамға қасқыр» (*homo homini lupus est*), - деп Гоббс бекер айтпаған [3]. Адамдар жыртқыштардан бетер жаман. Өйткені, жануарлар өз үйіріндегілерге соқтықпайды, тек адам ғана өзі тәрізділерді аяусыз қырып-жояды. Философтың пікірі бойынша, бұған әркімнің бойына қызғаныш, ашу, ыза, бәсекелестік күрес рухын дарытқан табиғат кінәлі.

Мемлекет адамның хайуандық негізін аздап тежейді, бірақ оны толықтай өзгертуге күші жеткіліксіз. Бала – бөлтірік. Қалай тәрбиелесек те, бәрі бір кейін қасқыр болып өседі. Сыналған әдіс – жазалау қорқынышы. «Дүре соғу ұлдарды ата-аналары мен тәрбиешілері қалағанның барлығына үйретуге көмектеседі», - деп философ көрсеткен [4]. Оның осы ойы замандастары арасында өте танымал болғанын айта кеткеніміз жөн. Англияда дүре соғу басты педагогикалық аргумент ретінде таңдаулы мектептерде бірнеше ғасырлар бойы қолданылып келген, ресми түрде тыйым тек 1987 жылы салынған болатын. Гоббс: «Қасқырды қайта тәрбиелеу мүмкін емес, ар-ожданын ояту - бос әурешілік, жалғыз шешімі – абақтыға қамау», - деген пікірде болған. Мұндай абақты деп қатаң тәртіпті айтамыз.

Ескі ойылған суретте Левиафан готикалық ғимараттарына қарағанда еуропалық қаланың үстінен төніп тұрған бұлт сияқты алып адам ретінде бейнеленген. Қолындағы қылышы – қатал биліктің нышаны. Мемлекеттегі барлық қарым-қатынастар құрылымы зорлық-зомбылық, үреймен құрылады.

Гоббстің құқық және мораль теориясынан мемлекет тұжырымдамасы шығады: «Тек мемлекетте ғана жақсылық пен жамандықты өлшеуге арналған жалпыға ортақ өлшем бар. Және осындай өлшем ретінде әрбір мемлекеттің заңдары ғана бола алады» [1].

Мемлекеттің өзі рақымшыл болып, адамды қорғаса ғана осылай болушы еді. Гоббс жасаған мемлекет моделі не себепті сұранысқа ие болуы оғаш көрінуі мүмкін. Философ демократияны мойындамайды, бостандық туралы уәде бермейді. Құқығы шексіз биліктің құдіреттілігі соншалық, тіпті соғысты да жариялай алады. Қызметшілерден тек қана өз міндеттерін, соның ішінде ең бастысы қандай қателері болмасын заңды орындау, үкіметке бағыну талап етіледі. Гоббс өзінің ырымшыл

адам екендігін жасырмаған: «Үкімет басындағы адамдар тобы басқа адамдар тәрізді, сол себепті кателесуі мүмкін», - деген.

Жаңа заман кейіпкері есікті қағып кірмейді, керісінше Еуропаның готикалық қамалдарына жолындағының барлығын жайпап, баса-көктеп кіреді. Гоббстің ұсынуы бойынша индивидтің міндеттері көп, бірақ жалғыз құқығы – өмір сүру құқығы бар. Тіршілік үшін күресте кез келген әдіс-тәсілдер, тіпті Отаны мен жолдастарын сатып кету де орын алады. Адам өз қарабасын қандай болмасын тәсілмен сақтаудан тайсалмайды. Мысалы, өзінің орнына соғысқа басқа адамды жіберуге жол беріледі. Патриоттық, достық, ар-ождан, батылдық сезімдері индивидке тән болмаса да, адамгершілікке жат мінез-құлыққа Гоббс кешіріммен қарайды.

Ж.Ж.Руссо Гоббсті жақтап: «Адам еркін болып дүниеге келеді, бірақ әрдайым барлық жерде бұғауда», - деп айтқан [5].

Қазіргі заманғы қоғамдағы үдемелі агрессивтілік бізді алаңдатады. Қасқыр – біздің заманның басты кейіпкері. Қасқырды кез келген жерден: жарнама, әуендер, кинофильмдер арқылы көруге болады. Телебағдарламалардың өзі бәсекелестік пен күреске итермелейді. Адамдар қарсыластарын жүлде үшін аяусыз қырып-жояды. Мұнда адамдар өздерін қасқырлар арасында өмір сүретіндей сезінеді.

Қорытындылай келсек, барлығының барлығына қарсы күресінде жеңімпаз болмайды. Адамдар «менің қатысым жоқ» деген принципті ұстанбауы керек, бұл мәселе қоғамдық түрде шешілуі тиіс. Мәселенің шешімі жайлы әлемдік интеллигенция өкілдері: саясаттанушы, әлеуметтанушы, философтар да ойлануда. Неміс философы Хёффе Отфрид «Демократия в эпоху глобализации» еңбегінде «жаһанданған Левиафанды», яғни әлем мәселелерін шешетін бүкіләлемдік республиканы жасап шығаруды ойлайды. Ол оны жағымды жағынан алып қарайды: «Әйгілі өрнекте «Левиафан» адами кейіпте бейбітшілік орнаған жер үстінен билігін жүргізеді».

«Барлығының барлығына қарсы соғысы» мемлекеттік билік әлсізденіп, тәртіп бұзылған сәтте, мысалы, азаматтық соғыс кезінде орын алады. Әркім тек қана өз күшіне сеніп, өзін қорғау керек, себебі, ол билік тарапынан қамқорлықтан айырылады. Гоббстің айтуы бойынша: «Өз мүддесін қорғаудағы қатыгездік күнә болуы мүмкін, бірақ заңды бұзса ғана қылмыс болып саналады».

Сонымен, егер адам атом болса, көптеген атомдар бірігіп молекуланы, яғни мемлекетті құрайды. Молекула бірнеше атомдардан құралады, ал атом өз кезегінде протон, электрон және нейтрон, яғни оң, теріс және бейтарап бөлшектерден тұрады. Сол сияқты адамдар да ниетіне байланысты жақсы, жаман ниетті немесе екеуіне де жатпайтын болып бөлінеді. Қандай адам болу әркімнің өз қолында. Егер де біз мемлекет жасампаз болсын десек, онда әркім өзін түзетуден бастау керек.

«Атомды адам» идеясы: кез келген индивид өмірі үшін қауіптенеді және қандай жағдай болмасын өзін бірінші орынға қояды, яғни өзін-өзі қорғау инстинкті бойынша өмір сүреді. Адамдар басына қауіп төнген кезде жолында тұрған қамалдарды бұзып, өз қауіпсіздігі үшін барлығына дайын. Бұл - өмір заңдылығы. Сол себепті, Томас Гоббстің «Атомды адам» идеясы әрқашан актуалды мәселе болып қала бермек.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Гоббс Т. О гражданине, Гоби Избр. Произв. В 2-х т. Т. 1. - М.: Мысль, 1964. - С. 261, 301
2. Гоббс Т. Левиафан, Сочинения: В 2 т., пер. с англ. А. Гутермана. - М.: Мысль, 1991. - Т. 2. - С. 27
3. Hobbes T. De Cive. - London: Printed by J.C. for R. Royston, at the Angel in Ivie-Lane, 1651.
4. Хёффе О. Демократия в эпоху глобализации. - К.: ППС, 2007. - С. 258
5. Руссо Ж.Ж. Рассуждение о происхождении и основании неравенства между людьми, Политические трактаты. - М.: Мысль, 1966. - С. 85

**Ыбрайхан Н.К.**

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
 Ғылыми жетекші: К.Р. Камиева философия және саясаттану кафедрасының аға оқытушысы

**АБАЙ ДҮНИЕТ АНЫМЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ**

Бүгінгі күн –ертеңгі тарих. Тарихтың дұрыс жазылуын қалар болсақ - бүгін дұрыс өмір сүруіміз керек. Дұрыс өмірдің кепілі – тыныш заман. Тыныш заманның кепілі - дұрыс адам. Адам баласын қозғамаған, зерттемеген, талқыламаған жазушы не ақын кемде – кем. Солардың брі де бірегейі – ұлы тұлға Абай. Бірақ Абайдың адамы өзгелердікінен өзгереді.

Абайға керегі – адам, адамның рухани болмысы мен адамгершілік нысаны.

Кемеңгер Абайдың поэтикасы – адаммен қауышу, Абай халқын оянуға, адам болуға, қалғымайтын намысқа шақыруы.

Абай айтады:

Үш – ақ нәрсе адамның адамдық қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Адам денесінің патшасы, жанның мекені, үлкеннен ұят сақтар, кішіге рақым қылдыратұғын – **жүрек**. Өз мінін өзі көріп түзей алатын қасиет адамның бойында бар. Ол –адамға біткен ақ жүрек. Егер адам өзі істеген ісін, жазған сөзін ақ жүрегіне сыната білсе, ақ жүректің нәзік сезімін ашып бере алады. Ақыл толғауынан өткен қорытындыны жүрек елегінен өткізу керек. *Жүрек ымбалына беріліп, дағдыланған адам - нағыз адам.*

Адамның ең күшті жері де, әміршісі де жүрек дедік. Десе де жүрек кезеңінің кезі келгенде әрі « көзі тигіш» әрі «мұңайғыш» сәл нәрседен жараланып шыға келетін аса нәзік болмыс.Әлгідей залалға салып,бұзып алмау үшін жүректі бәле – жалдан сақтап тұратын сауыт керек көрінеді. Ол сауыт Абайдың айтуынша - ақыл екен. Ақыл абайлатпай іс қылмайды, жанның тамағы секілді, ақылды да баптап, асырамақ ләзім. 32-ші сөздің аяғында ақылдың да кеселі болады: « ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар» деп ащы шындығымен түршіктіре түседі ақын. Ақылды баптау, күту, асырау дегенге иланайық, жә, оған көлеңке түсіріп күнін өлшеулі ететін кеселі не болды екен деп ойланасың. Ойланасың да толғанасың.

Ақыл кеселінің ең зілдісі – « уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар жаным, соған бек сақ бол» деп сөз төркінін әріден қамтиды. Ел арасында әлгі айтқан келеңсіз қылықты бойына жұқтырған кісіне « мұңсыз» дейді.

Ақылға жау екінші кесел - жалығу, ол тағдырға адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі жорыта тапқан емес.Ақылы түгел, ойлы адамның бір баласы байқаса осы адам баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма? Жалғыз қазақта ғана емес, жұмыр басты пенденің басында бар қасіретті хәл, келеңсіз мінез – жалығу. Адам атаны жұмақтың жайлы тұрмысынан безіндірген, жұмақтан қуғызған осы мінез, сүттей ұйып отырған отбасына алауыздық туғызып, ажыратып тынатын ерлі – зайыптылардың бір – бірінен жлығуы, досты қас қылатын, жақынды алыстататын айнығыш мінез. Мүддесі бір, мұңы егіз жаратылған адамдардың өзі достық пейлін өмірінің аяғына дейін жеткізе алмай суысып тынады. Мұндай жәйт сіздің де басыңызда болды ғой , солай емес пе? Отбасыңыздан не жақыныңыздан не жұмысыңыздан жалығу болып пе еді? Әрине, бұл мінезден қашып ешкім де құтыла алмайды. Тек жақынға да, жамағанға да шыдағанша шыдап бағатын төзімділік, түптің түбінде жаратқан иеден баршамызға көңіл түбінде жататын қорғасындай сабыр сұрайық, желеп - жебеп жүретін ықылас күтейік.

Үшінші кесел – мақтан. Ақылды кісілер – « өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады. Екінші, мақтаншақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, пысық десін дейді. Өстіп жүріп ақылдың ауылынан жырақ қонып, бірте – бірте жылысап қашықтай береді, ақымақтар аулына қоңсы кеп қонады.

Ақыл кеселінің төртіншісі - мінезсіздік. Қалыбы жоқ ауа райы секілді құбыла өзгеріп тұратын кісілер болады, олардың ертеңісін айтқан сөзі түске жетпейді, көңіл қаймағы деген болмайды, реніші ме, қайсыған қуанады тағы болжап біліп болмайсың. « Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген Абай сөзінің астары қалың қыртысты қара жердей. Ақылдың төрт түрлі кеселі болатынын білдік. Енді сол ақылдың сауыты бола ма... болса қандай деп көзге елестетеміз?.. 32-ші сөздің аяқ шенінен бұл сауалға да мағыналы, байыпты жауап табамыз. « ... Ақылды сақтайтын мінез деген сауыты бар,-дейді Абай,- сол мінез бұзылмасын. Қорсе қызарлықпен, жеңілдікпен, я өзгенің орынсыз сөзіне шайқалып қала берсең, мінездің мықтылығы бұзылады. Мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты



бар болсын», - дейді Абай. Түбін тексеріп анықтар болсақ, қайрат пен беріктік табылса, адам баласы сол екеуіне табан тіресе - мінездің болғаны. Мінез ақылдың сауыты. Ақыл сақталған тұста пендесіне көп қиянат келе бермейді, өйткені ақыл жүректің сауыты. Дәлдеп келгенде сауытты жүрегі бар адам нағыз адам, себебі оның сауыты ақыл, ал ақылдың сауыты қайратты мінез емес пе?

Адамның адамдығының тағы бір белгісі – адамгершілік. Ақын адамгершілік туралы ойларын қайрат, ақыл, әділет, шапқат секілді адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады. Аталған қасиеттер Абайдың бір өлеңінде ғана емес, барша шығармашылық өнеріне тән сапалық мән-мағынаны белгілейтін айрықша бағалы көркемдік-эстетикалық құбылыстардың қатарына жатады. Мәселен ақынның «Ғылым таппай, мақтанба» (1886) өлеңінде айтылатын талап, еңбек, қанағат, рақым, «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек» (1889) өлеңіндегі ақыл, қайрат, жүрек, сондай-ақ «Әсемпаз болма әрнеге» (1894), «Малға достың мұңы жоқ» (1896), «Жүректе қайрат болмаса» (1898) өлеңдеріндегі жүрек, қайрат, ақыл жайындағы толғаныстардың өзегін де осындай биік адамгершілік тұрғанын көрсетеді.

Адамгершілік негізі, кісінің адамгершілік кемелдігі туралы мұндай философиялық ойлар — ақынның қара сөздерінің де басты желісі.

Сонымен қоса «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адам болам десеңіз бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болу керектігін айтады. Сол әлгі адамды адам қылатын бес асыл іс: олар талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым.

**Адам болудың бір шарты - Ұят деген ұғымды бойға сіндіру.** Ұят дегеніміз - адам бойындағы адамгершілікке жат, жаман қылықты, істі өз мойнына алып, өзінді-өзің сөгу, өзіңе-өзің ұрсу, өзінді-өзің дұрыс, әділ, адал жолға салу. Абай шын ұят деген ұғымды ұсынған. Абай айтуынша: «ұят екі түрлі болады». Біреуі – ондай қылық өзіңнен шықпай - ақ бір бөтен адамнан шыққанын көргенде сен ұялып кетесің. Өзге адам үшін ұяла білу нағыз адамшылық. Демек ұяттың негізінде адамшылық жатыр. Ұят тек нағыз адам баласына тән асыл қасиет. Шын ұяттың екінші түрі туралы: «Ұят, шарифатқа теріс, ... я адамшылыққа кесел қылық, қатеден, яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды өзге білмесе де, өз ақылың өз нысабың өзінді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіне жаза тарттырады.

**Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты.**

Сайып келгенде Абай санасындағы адам болу - кісілікті кісі, шын мәнісінде азамат болу, қара бастың қамы емес, елінің қамын, халқының қамын, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат Адам болу. Осы ойларын поэзия тілімен: «Адал бол - бай тап, Адам бол - мал тап, Қуансаң қуан сол кезде» деп, байды да, кедейді де адамдыққа шақырады.

Ойшыл ақынның талдауынша, толғануынша тек адамгершілікке тән адал қасиеттерді өміріне, ісіне, күнделікті күн көру іс-әрекетіне табиғи сіндірген кісі ғана - нағыз адам.

**Қорыта айтқанда Абай танымындағы адамға айналу үшін талапты рақымды, қанағатшыл, еңбекшіл және терең ойлы бола отырып, қазақтың қанына сінген ар – намыс пен ұятты жоғары ұстау. Осы баяндаманы қорытындылай келе адам боп ту Алладан, адам боп қалу өзіңнен деп те бекер айтылмағанын көреміз.**

Бұл жұмысты жазу барысында көп ойландым, білерім бір тоғыз білмейтінім тоқсан тоғыз екенін ұға түстім. Десе де осы тақырыпты шолу барысында менде мынадай бір ой қалыптасты: Өмірді сүріп жатырмыз, көріп жатырмыз, біліп жатырмыз, басқа тіршілік иелерінен жоғары тұратын саналы «адам» деген атқа ие болып жүрміз ғой ... « Бірақ өмірді қадірлеп жүрміз бе, адам атағына қаншалықты лайықпыз?», - деген сұрақ туды. Жар басында тасымыз сәл ылдилай қалса шаршап баз кешіп жатқандар қаншама. Сәл біреуден, бірнәрседен көңіліміз қалып өкпелей қалсақ адамнан бұрын Аллаға налып шыға келеміз... Өзі соқтықпалы жол болса, одан соқпақсыз өтеміз деп қалай ойлайды екенбіз, қызық. Адамзаттың бұзылғанын заман бұзылды деген сөзбен - ақ жасырып жылы жауып қоя саламыз. Бұл фәниден түк те хабары жоқ, кіршіксіз пәк жаңа туған сәби алғаш рет анасының құшағында емес «қоқыстың түбінде не үшін жатуы керек? Ерлеріміз нәзік жандыларға, нәзік жандыларымыздың ерлерге еліктеуіне кім кінәлі? Ертеңін ойламастан көше қуған қыздардың опық жеп от басуына кім немесе не түрткі болады өзі?» «Қарындасым» деп қойып қарындастарының арын таптап, санасын улап жүрген «ағатайлар да» бар ғой?! Тана көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейтіні тағы бар. Ердің бұзылуы елдің бұзылуы емес пе?

Абай шайтан туралы ойында адам шайтан да емес, періште де емес екенін ашып айтқан. Ол « ел бұзылса солады, шайтан өрнек» -, дейді . Демек ел бұзылмауы керек. Егер ел бұзылса оның еркіне

шайтан ие болып қалады. Елді бұзып отырған адамның шайтандық қылықтары. Сонда жоғарыда келтірілген мысалдардың бәрі де Абай тілімен айтсақ адамдардың шайтандық қылықтары болып тұр – ау әсті. Осыдан кейін қалай заманды кінәлі етесіз? Заман жаман дейміз, негізі адам жаман. Абайдың санасындағы адамдай бола алсақ мұның бірі де болмас еді – ау. Әрине көпке топырақ шашудан аулақпын ғой, десе де адамзаттың адамдықтан алшақтаған, ақшаның құнсызданған, адамның арсызданған заманы болып тұр. Абайдың « өмірге келгеннің бәрі адам, бірақ өлгеннің бәрі адам емес» деген ойының мағынасы осы жерде ашылатын сияқты. Қысқасы адамдар адамгершіліктен алыстамайықшы. Асылы Абай айтқан адамзаттың бәрін сүйейікші бауырым деп. Сөзімнің соңын Жәнібек Кәрменовтың мына бір жалынды сөздерімен аяқтағым келеді:

Адам боп келдім дүниеге,  
Адам боп өту тілегім  
Бәріңе соны тіледім.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Ынталы жүрек: оқулық/ - Алматы:Халық кітапханасы,-Б.2010.- 223
2. Дүкенбай Досжан Абай айнасы: оқулық /.- Алматы:Жазушы,1994.- Б.295-321
3. Абай: оқулық /.- Алматы: Жазушы ,-Б.2005.- 110

УДК:1(075)

#### Нурпеисова А.

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: С.Ю.Бояринов, к.ф.н., доцент кафедры философии и политологии

#### АНАЛИТИКА «ПУТИ ДУХОВНОГО ОБНОВЛЕНИЯ И.А.ИЛЬИНА»

Прочитав книгу Ивана Ильина «Путь духовного обновления»[1] можно понять, что проблемы веры, любви, свободы, совести, семьи, Родины, национализма, правосознания, государства, частной собственности стали центром исследования Ильина И.А., вернее, даже не исследования, а доверительной беседы с читателями.

Совсем неслучайно разговор начинается с веры. Разбирая проблему истины и проблему веры, Ильин с самого начала констатирует: человек и человечество оперируют множеством истин. Мы знаем таблицу умножения, геометрические теоремы, химические формулы, географические данные, установленные исторические факты, законы логики. Мы исходим из того, что они верны, спокойно пользуясь ими, применяем их в жизни. Но одно дело знать истину, а совершенно другое — верить во что-то. Есть истины холодные, они как бы не имеют отношения к нашей душе. Но есть такие истины, которые человек считает самым главным в своей жизни. И вот когда устанавливается такое отношение между знаниями, то мы и говорим, что обладаем верой. Здесь реальный центр твоей жизни, тут твоя любовь, твое служение, тут ты идешь на жертвы. Здесь твое сокровище, а где сокровище твое, там и сердце твое, там и вера твоя. Вера, убежден Ильин, живет в каждом человеке, но иногда она просто дремлет в человеческой душе. «Вера всегда остается *первичной силой человеческой жизни* – совершенно независимо от того, понимают люди это или нет» [2]. Но вот случается жизненная буря, раненая душа пробуждается ото сна. И в кратчайшее время жизнь человека коренным образом изменяется. Он начинает понимать, что надо выбирать, нужно служить какой-то ценности.

Иван Ильин анализирует различные виды веры. Во что может верить человек? Например, только в чувственные наслаждения — и тогда его можно считать всего лишь наслаждающимся животным. Он может верить в деньги, власть — и тогда душа его "высыхает". Ильин предлагает различать, пользуясь возможностями русского языка, два состояния: когда люди верят, сознательно или бессознательно, злобно или добродушно, сильно или слабо — или когда люди веруют. Например, в карты, сны, гадания, астрологические гороскопы верят, а в Бога и во все божественное веруют. Специально разбирается вопрос о том, все ли заслуживает веры. На него Ильин отвечает: нет, далеко не все. Он изучает проблему знания и веры, приводит множество выписок из сочинений ученых различных времен и народов, чтобы показать — все они так или иначе веровали в Бога и надеялись найти Бога, выстраивая картину мира. Согласно Ильину, последняя основа, творческий первоисточник всей духовной культуры есть божественное в нас, даруемое нам в откровении живым и благим Богом, воспринимаемое нами посредством любви и веры и осуществляемое нами в качестве

самого главного и драгоценного в жизни. Целая глава книги "Пути духовного обновления" посвящена проблеме любви, которую Ильин очень тесно связывает с верой, превознося именно духовную любовь, любовь человека, которая возвышает его и делает духовным существом.

Значительную часть своего исследования Ильин посвящает свободе. Он различает внешнюю свободу и свободу внутреннюю. Что значит свобода? — спрашивает Ильин. Какая свобода имеется в виду? Свобода от чего и ради чего? Конечно, свобода важна для человеческого общежития, для жизни людей в обществе. И все-таки человек нуждается в своей жизни в так называемой гетерономии, т.е. идущих извне предписаниях и запрещениях. Причем все они должны быть частично поддержаны угрозой, а иногда и подкреплены силой и принуждением. Он совершенно убежден, что в каких-то отношениях сила и принуждение необходимы, даже полезны для человеческого общества. Но самое главное есть внутренняя связь между свободой и верой. Веровать и молиться можно только тому, что по доброй воле и искренне идет из глубины человеческого существа. Любить можно только самому — искренне, по доброй воле, из глубины свободной души. Положительная свобода — это свобода не от чего-то внешнего, а свобода, которая связана с мобилизацией внутренних сил человека. Свободен, пишет Ильин, не тот человек, который предоставлен сам себе, которому нет ни в чем никаких препятствий, так что он может делать все, что ему придет в голову. Свободен тот, кто приобрел внутреннюю способность созидать свой дух из материала страстей и талантов, а значит, прежде всего владеть собою, способность жить и творить в сфере духовного опыта, добровольно, искренне и целостно присутствовать в своей любви и в своей вере.

Ильин считает, что есть два понимания человека — духовное и недуховное. При духовном понимании человек предстает существом с бессмертной душой. Этот творческий человек образует основу семьи, Родины, нации, государства, он становится естественным источником духовной культуры. Бог, таким образом, возжигает на земле некий творческий очаг. И очаг уникальный, его преступно гасить, ибо нельзя ничем заменить. Именно на творческого человека Бог возлагает все функции сохранения мира и божественности как целого. Заведомо ясно, в каком отношении стоит духовное совершенствование человека к этому божьему смыслу, к этому божьему заданию — быть творческим огнем на земле. А как быть с частной собственностью? Здесь, согласен признать Ильин, возникает трудный вопрос. Подобаает ли творческому духовному центру иметь на земле некое прочное вещественное гнездо, предоставленное ему и обеспеченное за ним, гнездо его жизни, любви, деторождения, труда и свободной инициативы? И на этот вопрос Ильин отвечает положительно. С его точки зрения, существует и должна существовать частная собственность и она есть живой очаг свободы, инициативы.

Может быть и другой подход, когда к человеку — поскольку он работает с вещами, производит вещи, присваивает их себе — подходят лишь как к животному, к зверю, к недуховному существу. Тогда считается, что свобода, независимость совершенно не нужны, а частная собственность вообще подлежит упразднению. Так духовное и недуховное понимания человека приводят к двум противоположным выводам. В одном случае считается, что человек, обладающий частной собственностью, продолжает начинания Бога на земле. В другом — полагают, что человека необходимо освободить от этого индивидуального способа жизни, от его личной отделенности, самостоятельности и самооценности. И нужно придать ему статус лишь частички некоего большого целого, где он теряет свою уникальность, самостоятельность и самооценность. Как раз такой подход и был предложен коммунизмом. Ильин выдвигает целый ряд критических соображений, которые, с его точки зрения, показывают историческую бесперспективность и ущербность коммунизма. Тот, кто отвергает частную собственность, отвергает, говорит Ильин, и начала личного духа, а этим подрывает общество и государство, не говоря уже о хозяйственной жизни своей страны. Поэтому коммунизм ведет людей по ложному и обреченному пути. Есть несколько оснований, в силу которых Ильин отвергает коммунизм и считает его бесперспективным.

Ход исследования философского трактата Ивана Ильина не мог не привести к таким выводам: люди должны:

1) учиться быть людьми, а это значит: надо научиться веровать, не верить вопреки разуму, без основания, от страха и растерянности, а "веровать целно, вместе с разумом, веровать в силу очевидности...".

2) соединить веру с любовью.

3) быть преданными свободе, ибо свобода — не простое удобство жизни, но это "претрудное задание" жизни, с которым нужно справиться. Свобода есть бремя. Надо воспитывать себя к свободе.

4) Участвовать в "совместном акте", и это значит, что мы должны научиться жить вместе.

5) научиться "читать и любить, и строить наш семейный очаг — это первое естественное гнездо любви, веры, свободы и совести, эту необходимую священную ячейку Родины, национальной жизни".

б) посвятить духовному патриотизму, обретению Родины. И это умение мы должны передать всем другим людям, людям своей и другой национальности. Единую Родину мы должны построить силою любви и веры, а не вражды.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Ильин И.А. Путь духовного обновления. – Москва: Институт русской цивилизации, 2011. С. 15-280.
2. Там же. С. 23.

УДК: 372

**Бикужа Г.С.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: А.С. Хибадуллина, преподаватель кафедры журналистики

### САНА САРАБЫНДАҒЫ СОҚЫРЛЫҚ

«Сары басылымдар» деген атаумен әйгілене бастаған үлкенді-кішілі тәуелсіз басылымдардың көбіне оқырмандарға ешқандай рухани нәр бермейтін, тәрбиелік әсері жоқ, жандүниесіне ләззәт беріп, қуанышқа бөлейтін қауқары жоқ, жалған сенсациялар, өтірік-шыны аралас, өсек аяндар, адамдардың сыртынан айтылған ғибадаттарға толы мақалалар жариялайтын үрдіс белең алды. Әрине, бұл рухани санасы төмен қауым үшін оқылуы тез, өтуі тез бір сәттік арзан хабарламалар екені белгілі. Мәселен, әркім нені оқу өз еркінде десек те, бұл тәуелсіз ел болып саналы, рухты ұрпақ тәрбиелеу жолына жасалып жатқан қастандық деуге болады. «Қызық», «Шыжық», «Тамаша» секілді газеттерден әке-шешесі көз алмай, жастығына жастанып оқып жатса, баласы да ертең осындай «өсек» басылымнан өзге ештеңе оқымайтын жарымжан адам болып шығатыны дәлелдеуді қажет етпейді. «Баспасөз еркіндігі» деген ат жамылып келген журналистикадағы жаһандандудың жиіркеншіті үрдістерін, ел болып, үкімет болып ауыздықтау уақыт күттірмейтін кезге жетті. Қазақстан баспасөзі, оның ішінде қазақ баспасөзі сипаты мен мазмұны, пішіні мен түрі жағынан кеңес дәуіріндегіден онша өзгере қоймаған сияқты. Ал уақыт алдымызға күнде жаңа талап қойып жатыр.

«Сары баспасөз» деп көпшілікке арналған бульварлық басылымдарды айтады. бұл басылымдар негізінен қалтасы қалың емес, талғамы төмендеу, орта білімді оқырманға арналған және айқай-шулы сенсацияны, өсек-аянды жазуға құмар, иллюстрациясы мол газеттер. Баспасөз зерттеушісі Л.М. Землянованың пікірінше, сары басылымдарда қызмет ететін журналистер бас пайдасы үшін объективті ақпарат беру принципін бұзады екен. Сары басылымдар тарихына келетін болсақ, мұндай типтегі газеттер ХІХ ғасырдың соңында Америкада алғашқы баспасөз магистралы Жозеф Пулитцер мен Уильям Рендольф Херстің бастамасымен дүниеге келген болатын. 1896 жылы Херст пен Пулитцердің Нью-Йорктағы бульварлық газеттері көңіл көтеру мақсатындағы комикстардың кейіпкері – «сары баспасөз» іс-әрекетін қолға алып, суреттегі тарихын бәсекелеске жариялайды. Осыдан кейін «сары газет», «сары баспасөз» термині дүниеге келді. Мұндай басылымдар уақыт өте келе БАҚ санатынан ысырылатын болады. Өйткені, қараңыз, «Құпия сыр» басылымының 2001 жылғы тиражы 15 мың дана болса, 2002 жылы 10 мың дана, 2003-2004 жылдары 6500 дана ғана болды. Ал, 1999 жылдың 13-шілдесінен бастап шыға бастаған меншік иесі «Замана» серіктестігі болып табылатын «Қызық газетінің» 2002 жылғы таралымы 61 мың дана, 2003-2004 жылы 30 мың дана болған». Осыған қарап таралымның жылдан жылға азаюын көреміз. Ақын Б. Алдиярдың: «Жалпы, облысымызда шығып жатқан мұндай газеттер жөнінде сын мақалалар республикалық басылымдарда жарияланды. Басқарма тарапынан бірқатар шаралар атқарылды. Тәубе деп айтайық сыннан қорытынды шығарғандар көп. Қазір осыдан 3-4 жылдағыдай емес» деп өз пікірін білдірген.

«Сары» басылымдардың пайдаланылатын әдіс-тәсілдері мынадай:

1. Сенсация. Сенсация – газет бизнесінің өсіп-өркендеуінің көзі. Айшықты тақырыптар мән берілген қылмыс, катастрофа, соғыс – мұның бәрі көпшілік қолды басылымдардың таусылмас азығы.
2. Эротика мен порнография. Осы типтегі БАҚ-тың барлық түрі дөрекі, арсыз, ұятсыз істерді бейнелеуден жалықпайды.

3. Өсек-аяң. Жұлдыздардың, ірі шенеуніктердің әс-әрекеттері, жеке өмірі назардан тыс қаламайды.

4. Жалған ақпарат тарату немесе жала жабу.

«Сары басылымдарда» ақпараттық қызығушылықтың теңдігі сақтала бермейді. Ең басты жетіспеушіліктің бірі – ақпараттың жетімсіздігі, екінші жағынан – көптігі. Сенсациялық жарияланымға көпшіліктің назары көбірек аударылғандықтан, шынайы өмірдегі маңызды мәселелер тысқары қала береді. Керісінше ақпараттық шу көтеретін тақырыптарға бар күш-жігер жұмсалғандықтан, ол журналист ойлағаннан да көбейіп кетеді.

«Сары басылымдардың» безендірілуінде стандартты қара және ақ түстерден бөлек, сары, қызғылт, қызыл, көк түстер жиі кездеседі. Көбінесе сарғыш, сары және көгілдір түстердің үйлесімділігі біз қарастырған басылымдарда көп қолданылады. Мұндай түстердің тандалуы жайында психологтар олардың басқа түстерге қарағанда тартымды көрінетінін айтады. «Сары басылымдарда» фотоиллюстрациялар сапалы басылымдарға қарағанда өзгеше. Шындығына келгенде, «сары басылымдар» үшін фотожурналистика маңызды болып табылмайды. Мұндай басылымдарда нақты оқиғаның немесе жазылған жайдың нақты бейнесінің қажеті шамалы. Кейбір жағдайда ғана жекелеген оқиғалар бойынша нақты бейнелермен репортаждық иллюстрациялар беріледі. Бұл ақпаратты сурет «сары басылымдарда» дәлел ретінде пайдаланылады. Диаграмма, кесте, түрлі кескіндердің көмегімен дизайнер берілген материалды безендіріп қана қоймайды, оның маңыздылығын арттырады. «Сары басылымдар» мұндай маңыздылықтан гөрі тұтынушыға қарапайым әрі ыңғайлы ақпараттық кескінді жиі қолданады. Көп жағдайда олар материалды күлкілі етіп беруге тырысады. Бұл – материалдың жаңалығын, қол жетімділігін, көңіл көтеру секілді белгілерін жинақтап көрсетеді. XIX ғасырдың аяғында пайда болған тақырыпты үлкен шрифттерімен беру әдісі «сары басылымдардың» басты ерекшелігі десек болады. Екіншіден, тақырыпты үлкейтіп беру арқылы материалды оқуға шақырады. Тақырыпты ақпаратты және хабарлама, хабарлама көңіл көтеру түрінде беру әдісі кеңінен қолданылады. Мұндай хабарлама тақырыптар сапалы басылымдарда да жиі кездеседі. Олардың арасындағы айырмашылық тақырыптардың безендірілуінде. «Сары басылымдарда» тақырыптар көлемді суреттермен араластырып беріледі. Сонымен бірге «сары басылымдардағы» тақырыптар үнемі жалған мен шындықтың арасында беріледі. Өзін оқытуға қызықтырып тұрған тақырыптар оқырманды ойландыруға мүмкіндік бермейді. Кейде тақырып пен мәтін мазмұны мүлдем сәйкес келмей жататын да кездер болады. Қазіргі қазақ басылымдарында осы әдіс жиі қолданылып жүр.

УДК: 371.13

**Есқалиева Е.Д., Төлеуғазы Ж.С.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: Т.А.Наревская, старший преподаватель кафедры русской филологии

## **ВОЕННАЯ ЖУРНАЛИСТИКА**

**Военный корреспондент** – журналист сопровождающий армию, авиацию и флот во время военных действий и освещающий события войны в прессе.

Военная журналистика берет начало с возникновением коммуникативных технологий. Довольно рано значение военных сообщений осознал Александр Македонский. В походах его сопровождали специально обученные люди, которые фиксировали его военные успехи и увековечивали их в истории.

Первая британская газета «Weekly news» своим появлением обязана **Тридцатилетней войне**.

Хотя война давно вызывала интерес журналистов и писателей, первые профессиональные военные корреспонденты появились во время Крымской войны. Н. Берг отправился в Севастополь, откуда писал для журнала «Москвитянин» М. П. Погодина. С английской стороны осаду Севастополя освещал приобретший большую известность корреспондент В. Х. Рассел.

Военные корреспонденты всегда были востребованы в своей специальности. Однако особенно популярной профессия стала во времена Великой Отечественной. Именно тогда многие корреспонденты, фотографы, дикторы записывались добровольцами и шли на фронт, чтобы рассказать и показать людям, каким трудом достается каждая пядь отвоеванной земли.

**Известные военные журналисты**

### ***Юрий Левитан***

Юрий Борисович Левитан (при рождении его звали Юдка Беркович Левитан) родился в 1914 году во Владимире. Интересно, что с самого детства будущий знаменитый диктор имел зычный и громкий голос. Уже тогда его называли «Грубой», а его голос, похожий по силе звучания на мегафон, мог разноситься на большие расстояния.

Несмотря на природный талант и особый тембр, Юрия Левитана неохотно брали на радио из-за сильного провинциального говора. Никто не знает, как могла бы сложиться его карьера, если бы не звонок Сталина. Именно Верховный Главнокомандующий в 1934 году услышал однажды ночью, как неизвестный ему диктор читает в эфире новости газеты «Правда». Сталин сразу же позвонил в Радиокomitee и сказал, что текст его доклада на XVII съезде партии должен читать только «этот голос».

### ***Бисен Жумагалиев***

Бисен Жумагалиев - человек неординарной судьбы. Выходец из Тайпакского района (Республика Казахстан), он воевал на Ленинградском фронте, где был снайпером, заместителем политрука роты 13-й стрелковой дивизии, стоявшей у Пулковских высот, затем военным корреспондентом фронтовой газеты "На страже Родины", выпускавшейся на казахском языке. В годы войны редакция фронтовой газеты выпускала для казахов и татар, воевавших на Ленинградском фронте, специальные издания на их родном языке - "Отанды Коргауда" и "Ватанны Саклауда". То и другое в переводе на русский язык означает "На страже Родины".

Бисен Жумагалиев - 20-летний заместитель политрука. Тоненький, застенчивый, он совсем не походил на военного человека. До войны работал учителем, но напоминал скорее только что сдавшего экзамены десятиклассника. Впрочем, этот юноша, как о том свидетельствовала его боевая характеристика, был не только отличным заместителем политрука роты в 13-й стрелковой дивизии, стоявшей у Пулковских высот, но и снайпером. На его счету числилось около 30 уничтоженных фашистов. Что особенно привлекало в Жумагалиеве - он хорошо знал историю своей республики, её сегодняшнюю жизнь.

### ***Шинбулат Карамergenов***

Формирование бригады в основном было закончено к концу декабря 1941 г. Вначале в ней насчитывалось 3 804 бойца. Среди них были рабочие, колхозники, служащие. 80 процентов членов бригады составляли казахи. В июле 1941 года Шыныкула Карамergenова тоже призвали в армию. По март 1942 года он проходил службу в должности писаря, замполита, политрука 1-го стрелкового батальона 101-й стрелковой бригады. В самый разгар войны, в 1942-1943 годах, Шыныкула Карамergenова назначают ответ секретарем газеты «Отан үшін!» («За Родину!»). Видно, было учтено его знание газетного дела. В мирное время газета — информатор, в дни войны — организатор и вдохновитель. Люди раскрывали газету раньше, чем читали письма от близких. Многие из того, что тогда торопливо писали газетчики для очередного номера, сохранило колорит тех лет. В этом нет ничего удивительного, ведь военными корреспондентами были опытные журналисты, истинные патриоты. Среди них и наши земляки — Уара Нурсеитов, Жолдас Аймуратов, Сабыр Закиржанов, Смагул Мукашев

### ***Игорь Корнелюк***

17 июня 2014 года съёмочная группа ВГТРК, снимавшая репортаж о беженцах вооружённого конфликта на востоке Украины, попала под миномётный обстрел вблизи посёлка Металлист под Луганском. Звукорежиссёр Антон Волошин погиб на месте, а корреспондент Игорь Корнелюк получил тяжёлое ранение и позже скончался в больнице через 35 минут после того, как его перевели из операционной в стационар<sup>[2]</sup>. По словам очевидца, при обстреле под Луганском мина разорвалась рядом с группой журналистов, один из которых держал микрофон с логотипом телеканала «Россия». Журналисту успели сделать операцию, но через полчаса он скончался в реанимации.

Регулярно списки погибших журналистов стали составляться с 1992 года. С тех пор самым трагичным для СМИ стал 2012 год, когда в мире погибли 119 журналистов.

В Ираке с 1992 года были убиты 166 журналистов, на Филиппинах - 77, в Сирии - 76, в Алжире - 60, в Пакистане - 56, в Сомали - 53, в Колумбии - 45, в Индии - 32, в Мексике - 31, в Бразилии - 29, в Афганистане - 26.

В 2014 году в мире погибли 49 журналистов. Только на Украине были убиты пять репортеров, столько же в Ираке. Самой опасной для сотрудников СМИ стала Сирия, где погибли 14 журналистов.

В конце хотелось бы сказать, что военная журналистика-отдельная структура в которой многие не задерживаются. Журналисты отличаются от военных тем что в руках не держат оружие, но

работают в тех же условиях. Почему я выбрала именно эту тему, потому что мне нравится. Я хочу работать именно в этой сфере. Просто понимаешь, что эта работа важна. Ты показываешь людям то, чего они не видят. Там, на территории, работают журналисты мирового канала, которые не уехали в бронированных машинах после первого обстрела, а делали свою работу, несмотря на опасность. У нас есть цель изучить военную журналистику и принести пользу всему народу.

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. Жирков Г.В.. Журналистика русского зарубежья XIX–XX веков .СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та. - 318 с.. 2004
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/военнаяжурналистика>
3. [https://rosphoto.com/ublogs/pamyati\\_rossijskih\\_zhurnalistov-2273](https://rosphoto.com/ublogs/pamyati_rossijskih_zhurnalistov-2273)

УДК: 476.78

#### **Оспанбаева Р.М.**

Государственный Университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: К.И. Фоминых, магистр, преподаватель

